Осы мәселені мемлекеттік деңгейде шешу үшін жеткілікті дәрежеде теориялық негіз керек. Қазіргі кезде көптеген күрделі ұлттық мәселелерді шешуге тура келеді. Еліміздегі қазіргі саяси жағдай оң, бірақ нарықтық экономика кезеңінде қаражатты ойлана отырып бөлу керек. Еліміздегі қазіргі саяси және экономикалық шарттар ұлттық музыкалық тілдің мемлекеттік деңгейде дамуына жол ашып отыр. Негізгі кедергі ұлттық музыкалық тілдің нақты жағдайын қоғамның да, мемлекеттік құрылымдардың да жете білмеуінде. Қазақтың вербальді тілін көп адамдардың білмейтіндігі еш-

кімге де құпия емес. Қазақтың музыкалық тілін түсінбеуін көпшілік жұрт оны білмейтіндігімен емес, оны бағалаушы критерийлермен байланыстырады, яғни дәстүрлі музыка – ескілікті музыка, ал олар тек заманауи музыканы ғана түсінуге бейім. Бірақ негізгі себеп олардың дәстүрлі музыкалық тілді түсінбеуінде.

Қоғамның осы проблеманы түсінбеуінің себебі, оның дұрыс қалыптастырылмағанында. Осы проблеманы ғылыми деңгейде қалыптастыру күні кешеге дейін мүмкін болмады. Музыкалық тілдің барлығы көптеген таластардан кейін заманауи ғылыми тұрғыдан жақында ғана дәлелденді (мойындалды). «Музыкалық тіл» деген ұғым музыкатану ғылымында тек метафора ретінде ғана қолданылатын. Музыкалық тіл 80-ші жылдардың екінші жартысында ғылыми дәрежеге ие болғанымен, күні бүгінге дейін оған көпшілік халықтың күмәні бар. Осы проблемамен айналысатын көптеген ғалымдар2 мақұлдағанымен, тіпті музыка зерттеушілердің де кейбіреулері музыкалық тілдің барлығына немқұрайлы қарайды [4]. Біз бірінші топты қолдаймыз және оның айғағы ретінде осы қазақтың музыкалық тілінің проблемасымен айналысуымызды келтіруге болады.

Айта кететін жағдай, музыкалық тілдің нақты ғылыми орнын анықтау барысында өткен ғасырдың 70-80-шы жылдарғы белсенді талқылауларға дейін оның кейбір проблемалары, ғылыми тұрғыдан қараластырылып қана қоймай, шешіле де бастады. Қазақтың музыка танымалдығында Б.Қарақұлов қазақтың музыкалық тілінің жергілікті (диалектік-локальды) проблемаларын теориялық тұрғыдан және іс жүзіндеде шешті [11;12].

Халық музыкасының стильдік проблемалары аясында жергілікті музыкалық-тілдік жүйенің кейбір ерекшеліктерін басқа да зерттеушілер қарастырды [7; 13]. Б. Қарақұловтың зерттеулерінде қазақтың музыкалық тілі мен музыкалық ой-өрісінің проблемалары арнайы қойылғандығын айта кету керек. Музыкатанушы оларды халықтың тарихи даму проблемаларымен ұштастырды, музыкалық тілдің жергілікті – рулық ерекшеліктеріне этникалық үрдістердің ықпал еткендігін көреді: «... қазақтың музыкалық тілінің жергілікті ерекшеліктерінің қалыптасу үдерісін біліп тану арқылы жалпы музыкалық мәдениеттің қалыптасу үдерістерін тарихи тұрғыдан ғылыми негізде тұжырымдау мүмкіндігі тууы мүмкін» [6, 204 б.].

Өмірде музыкалық тілдердің болуы эмпирикалық (болжамдық) тұрғыдан күмән тудырмаса да, ұлттық музыкалық тілдер проблемасы жалпы теориялық проблемалардың бір бөлшегі ретінде әлі де ғылымда теориялық жүйелі негізденген орнын тапқан жоқ. Осыған қарамастан советтік музыкатану саласында ұлттың музыкалық мәдениеттерінің ерекшеліктері зерттелген және олардың ұзақ жылдар бойы жинақталған тәжірибесі бар. Оларды зерттегенде осы мәдениеттегі музыкалық тілдердің де проблемалары көтерілді. Музыкалық-тілдік проблемалар кезкелген ұлттық музыкалардың өзіндік ерекшеліктерін зерттеу барысында көтерілді [14]. Жинақталған тәжірибелердің нәтижесі зерттеушілерге жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді: «Әртүрлі ұлттардың музыкалық тілдерін салыстыру барысында зерттеушілер олардың сырттай ұқсастығын кейде тек қана параллель екендігін және олардың басқа музыкалық тілдін құрамына кірген әрбір элементі осы құрылым берген жаңа сапаға ие болатындығын жиі ұмытып кетеді» [6, 206 б.].

Ұлттық музыкалық тілдерді, олардың құрылымын, қызмет етуінің әлеуметтік аспектісін жүйелі түрде зерттеу, олардың өмірге бейімделгендігін және оларды асқақтату тәсілдерін табу сияқты проблемаларын әлі де болса теориялық тұрғыдан және іс жүзінде шешуге тура келді.

Ұлттық музыкалық тіл деген ұғымның өзінің теориялық жағынан толыққанды игерілмеуінің себептері және осыған байланысты олардың өмір сүру проблемалары тереңге тамыр тартқан. Біздің байымдауымызша, осы себептердің ішінен екі себеп шартты айырықша қарауға болады. Біріншісі, музыканың тілдің табиғатын заманауи музыкатанушылар теориялық тұрғыдан енді ғана мойындай бастады. Музыкалық тілдің дамуына совет ғылымы, әрине, үлкен үлес қосты, оның іргетасы 30-40-шы жылдары Б.Асафьевтың жұмыстарында қаланды. Бірақ музыка теориясының жемісін бере бастаған осы бағыты 50-60-шы жылдары тоқырады. А.Ждановтың мәдениеттегі буржуазиялық шірумен және космополитизммен күрес бастау туралы белгілі қаулысы, көптеген салаларға кері әсерін тигізді, оның ішінде Асафьевтің теориясын жалғастырушыларда өз жұмыстарын тоқтата бастады. Соның салдарынан музыкалық ғылымның теориялық және іс жүзіндегі проблемаларын зерттеу жұмыстары дамуын тоқтатты. Музыкалық тілдің проблемалары мен осы құбылысты заманауи ғылыми тұрғыдан түсінуге, 60-шы жылдары сәл де болса шектеулі бостандық берген хрущевтік кезеңде, мүмкін болды. Музыка тілімен байланысты ғылыми проблемаларды жаңғырту, сол кезеңде, тек қана Асафьевтік идеяның жалғасы ретінде болмады.

Батыста семиотиканың, кибернетиканың және информатиканың дамуы жаңа теориялық ізденістерді туындатты, оларды совет ғалымдары өз еңбектерінде пайдаланды. Теориялық базаның осы жемісті даму кезеңі екі онжылдыққа созылды. Шиеленіскен пікірсайыс кезеңін өтіп 80-шы жылдардың аяғында музыканың белгілі өзіндік таңбасы бар қарым-қатынастық табиғатын тануға және ғылыми қолданысқа жаңа категория «музыкалық тіл» деген ұғымды кіргізуге әкеліп соқты. Осы құбылысты зерттеу, оны категорияға (дәрежеге)

жатқызу (еңгізу) классикалық және европалық халықтардың әуендерінің материалдарының негізінде европалық мемлекеттік ғалымдарының үлеске тиді [15].

Ұлттық музыкалық тілдердің аз зерттелуіне әсер еткен екінші себеп шарт ғылымнан тыс жатыр. Оны КСРО халықтарының жетілуінің социалистик дәуірдегі идеологиялық парадигмаларынан іздеу керек. КСРО кезінде ұлттық мәселелер өткір мәселелердің қатарына жататын және ол жарқын коммунистік болашақты құру арманына сәйкестендіріліп көп ұлттық (интернационалдық) сипат табуға тиісті еді. Қазақстанда тіл саласында жүргізілген «лениндік ұлттық саясат» вербалды қазақ тілін жойыла бастаған тілдердің маңайына алып келді. Қазіргі саясаттанушылардың қалыптастыруына сәйкес болашақтағы бірлескен қоғам туралы коммунизмнің теориясының қағидалары бойынша құру, ұлттық бірізді мәдени ерекшеліктерді (нивелирлеуге) теңгестіруге, шын мәнінде олардың мәдениетін де, өздерін де жоюға бағытталған еді. Осындай жалпы саяси ұстамның аясында халықтардың өзіндік ерекшеліктерін, олардың тарихын, мәдениеті мен тілдерін зерттеу, олардың өзара қарым-қатынастарын үйлестіру, бірін-бірі байыту сияқты мәселелер болашақта оларды біріктіре отырып біріңғай интернациональды мәдениет құру және оның көп ұлттық (интернационалдық) мазмұның ішінде ұлттық болмыс тек форма (түр) ретінде ғана көрінуге тиісті еді. Ғылыми зерттеулердің дамуының идеологиялық астары қарапайым санаға сіңген ұлттық өрнектерді зерттеуге ынталандырмады, олардың қатарына музыкалық тілді де жатқызуға болады, яғни ұлттық музыка бар, бірақ музыкалық тіл жоқ.

Түсініктерді дәрежелерге бөлу арқылы көптеген белгілі құбылыстарға жаңаша қарауға болады. Соған сәйкес музыка танымында ең зерделенген мәдениеттер – Батыс Европаның мәдениеттері тілдердің эволюциясы есебінде де көрініс таба алады. Европалық музыкада әрқилы заман кезеңдерінде әртүрлі музыкалық ұйымдастыру жүйелері, қазіргі кезде ғылыми қатпарлар (склад) деп аталынатын болды. Орта ғасырда монодикалық қатпар үстем болды, әрі қарай оның негізінде полифониклық қатпар дамыды. Жаңа заманда гомофонды-гармоникалық қатпар қалыптасты. ХХ-ғасыр музыкалық материалдардың ұйымдастыруының жаңа жүйесінің, додекафония, алеаторика, Ксенакис жүйесі және осылар сияқты тағы да басқа түрлерінің пайда болуына әкелді. Олардың кейбіреулерін тек бір композитор ғана пайдаланады, ал кейбіреулері Ф.Стравинскийдің пікірі бойынша, бір ғана шығарма үшін қолданылады.

Осы музыкалық материалдардың ұйымдастырушылық жүйелері, шын мәнінде, музыкалық тілдер немесе олардың диалектері және олардың арасында тілдерді информациялық теорияға сәйкес жүйелеу кезінде, табиғи және жасанды тілдерді өзара ажыратуға болады. Жасанды музыкалық тілдер – ХХ – шы ғасырдың туындылары, олардың көпшілігі компьютердің көмегімен жасалынған [16].

Құбылысты ғылыми дәрежелерге бөлу (категоризация) ұлттық музыкалық тілдерді түсініп-зерделуге мүмкіндік береді. Музыкалық тілдің нақты мәнін олардың қатарына ұлттық музыкалық тілдерде жаңа теориялық түсіністерге сәйкес жазу үшін 80-ші жылдардың басынынан бері әлі аз ғана уақыт өтті. Дүние жүзіндегі музыкалық тілдердің шексіз әрқилылығын бейнелеп жазудың нақты әдістемесін жасау болашақтың ісі. Бұл мәселенің өте күрделі екендігінде күмән жоқ. Жалпы теориялық жолдары белгілі, бірақ дүние жүзіне таралған музыкалық тілдердің көптігі әрине оларды баяндау үшін әртүрлі әдістемелерді қажет етеді. Ондай әдістемелер нақты музыкалық тілді зерттеу барысында жасалынады.

Ұлттық музыкалық тілдің проблемасы, күні бүгінге дейін жүйелі ғылыми зерттеулерде өз орнын таппаған, өздігінен бұқаралық санада қалыптаса алмады. Дәстүрлі музыканың кең таралмауы, жастардың халық музыкасынан алшақтауды, заманауи қоғамның оны бағаламауы жалпы түрде қана айғақталды [3; 8; 17; 18; 19].

Егеменді мемлекеттің мәдениет және білім саласындағы саясаты қазақ халқының жетістігіне - оның музыкалық тілінің сақтауына, өркендеуіне және әрі қарай дамуына әлі де болса онша көңіл толарлықтай деңгейде болмауының басты себебі, музыкалық тілді қоғамдық және ғылыми тұрғыдан шынайы мәдениет ретінде түсінбеулерінде (қабылдамауында). Қазақтың музыкалық тілінің теориясы оның өткен ғасырдағы құрылымы мен қызметінің өзгеруінің келеңсіз тұстарын ашуға мүмкіндік бере отырып, оның қайта өрлеуі мен дамуы жөніндағы мемлекеттік саясатқа ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар беруге мүмкіндік тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назайкинский Е. О психологии музыкального восприятия. – М., 1972.

2. Перевозский Г. О едином понимании естественного языка и языка музыкальных текстов с позиций вероятностной модели смыслов// Налимов В. Спонтанность сознания: Вероятностная теория смыслов и смысловая архитектоника личности. – М., 1989 (90) г.

3.Мухамбетова А. Быть ли казахским массовому музыкальному воспитанию детей в Казахстане? // Zaman-Казахстан. – Алматы, 08.11.1996

4.Бонфельд М. Музыка как речь и как мышление/ опыт системного исследования искусства/: Дисс.д.иск. – В., 1993.

5.Галицкая С. Теоретические вопросы монодии. – Ташкент, 1983.

6.Каракулов Б. О своеобразии традиционной музыки казахов /Кочевники. Эстетика. – алматы, 1993.

7.Байтенова Г. Песенный фольклор кокчетавской области. - Автореф. дис...канд.иск. Ташкент, 1992.

8.Мұхамбетова Ә. Қағажу көрген қазақ музыкасы //Жұлдыз, 1991, №5.

9.Коуэл Г. Влияние востока на музыку запада // Музыка народов Азии и Африки. – М., 1969, вып.1

10.Айтуарова А. народные традиции в массовой музыке Казахстана. – Дисс.канд.иск. – Алматы, 1992.

11. Каракулов Б. Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса. Автореф. дисс…канд.иск. – Алма-Ата, 1973.

12. Каракулов Б. О некоторых средствах традиционого музыкального языка казахов/ Известия АН КазССР. Серия филолог. – Алма-Ата 1974, №3.

13. Жузбасов Х. Песенный фольклор казахов Горного Алтая. Автореф. дисс… канд.иск. – Алма-Ата, 1980.

14. Шахназарова Н. О национальном в музыке. – М. 1963.

15. Земцовский И.Мелодика календарных песен. – М., 1975.

16. Когоутек Ц. Техника композиции в музыке XX века. – М., 1976.

17. Мухамбетова А. Кызыл-Ординская декада и его Величество принц Чарльз // Zaman-Казахстан. – Алматы, 29.11.1996

18. Мухамбетова А. Казахский кюй – философия на двух струнах // Шахар. – Алматы, 1993 г. №1

19. Асемкулова З. По закону совести// Zaman-Казахстан. – Алматы, 27.09.1996

Нусипжанова Б.Н.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының ректоры, профессор,
педагогика ғылымдарының кандидаты,

Бәбіжан Б.Ж.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының аға оқытушысы,

Даржанова Ш.Ж.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының
«Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының аға оқытушысы, baglan_2004@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ КӘСІБИ ӘНШІЛІК ӨНЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Summary: *The Kazakh professional performing art shaped in 19-th sentuary has reached our days without losing its original shades. In three well-developed traditional Kazakh permorming schools, each singing art has its distinctive features. Though the performers and audience both were well-aware about these certain features, they have not been yet recorded theoretically.*

Key words: *professionalism, song, zhir, tradition, art, performance, voice, singer, school, teacher, syncretism, timbre, articulation, instrument, dombyra, accompany, research.*

Резюме. *Казахская народно-профессиональная песенная традиция, сложившаяся в XIX веке дошла до нашей дней, исконно, в устном виде. Профессиональное песенное исскуство в Казахстане развивалось в трех традиционных школах, каждая из которых имела свои особенности.*

Ключевые слова: *профессионализм, песня, терме, эпос, традиция, исскуство, исполнительство, голос, певец, школа, учитель, синкретизм, тембр, артикуляция, инструмент, домбра, аккомпонирование, исследование.*

Түйін: *Қазақтың кәсіби әншілік өнері XIXғасырда қалыптасып, осы күнге дейін әуелгі қалыбын бұзбай, ауызша түрде жетті. Қазақстанның дәстүрлі үш мектебінде дамыған әншілік өнерінің әрқайсысының ерекшеліктері бар.*

Тірек сөздер: кәсібилік, ән, терме, жыр, дәстүр, өнер, орындаушылық, дауыс, әнші,мектеп, ұстаз, синкреттілік, тембр, артикуляция, аспап, домбыра, сүйемелдеу, қағыс, зерттеу.

Қазақтың кәсіби әншілік өнері Қазақстанда XIX ғасырдың басында қалыптасып, ғасыр ортасында шарықтау шыңына көтерілді. Өзінің қалыптасу кезеңінен бастап кәсіби әншілік өнереліміздің жағрафияляқ орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбековтың пайымдауынша кәсіби әншілік өнер бес мектепке бөлінеді: Арқа, Жетісу, Шығыс-Түркістан, Сыр бойы, Батыс. Бұл мектептердің әрқайсысы өзіндік музыкалық-стильдік, орындаушылық өнерімен ерекшеленеді. Алайда, қазіргі кезде дәстүрлі ән мамандығын оқытатын жоғары оқу орындарында осы мектептердің үшеуі ғана бекітіліп, оқытылады – ол Арқа, Батыс, Жетісу әншілік мектептері, қалған екеуі сол мектептердің репертуарына еніп, бірге оқытылады. Арқа, Жетісу әншілік мектептері ақындық дәстүрдің негізінде, ал Батыс әншілік дәстүрі жыршылықтың негізінде қалыптасты.

Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған Мұхит сал, оның жалғастырушылары Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекеңдер болса, Арқадағы әншілік - Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди, ұзын тізбегі он шақты әнші-композиторлардың есімдерімен байланысты. Ал Жетісудағы әншілік мектептің қалыптасуына себепші болған, діңгегіне ту тіккен - ән дүлділі Кенекең деп айтсақ қателеспейміз. Зерттеуші-ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің „Тоқсан толғау” атты еңбегінде Жетісуда Кененнен де бұрын әншілердің болғандығын жазады.Ғалымның пайымдауынша олар XIX ғасырдың басында өмір сүрген Ақан, Біржандардың замандастары Дәурен сал, Тәкен сал деген сал серілердің жұрнағы, әнші-сазгерлер [1,39]. Жетісуда да әншілік мектеп бірталай әнші-композиторларды тудырған. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан. Жетісу әншілік дәстүрі туралы толық мағлұматты С.Медеубекұлы мен Б.Мүптекеевтың «Жетісу әуендері» атты жинағынан алса болады [2].

Бұл мектептердің қай-қайсысы да сол өңірге жақын кәсіби ақындық немесе жыраулық институттардың қосындысынан пайда болған. Соның нәтижесінде жартылай жырдың мақамдарына, жартылай қара өлеңдерге, халық әндеріне ұқсас әндер туындап „кәсіби ән” деген өз еншісін алып кеткен. Кәсіби әншілік өнердің қалыптасуы жөнінде музыка зерттеуші- ғалым С.Елеманова «Казахское традиционное песенное искусство» атты еңбегінде жазған болатын [3]. Зерттеуші еңбегінде Арқа әншілік мектебі, Біржан сал, Майра, Маңғыстау әншілері - «Жеті қайқы» өнеріне

бөлек-бөлек тарауларда тоқталған. Әдебиет пен өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақтың әншілік өнері ақындық, жыршылық дәстүрдің негізінде қалыптасқан. XV-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген ақындардың ең басты сипаты – ерлік, батырлық жырларды жырлап, тарату болғанын әдебиет саласында Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов сияқты ғалымдар айқын байқап, ол туралы өз еңбектерінде құнды пікірлер қалдырған. Жалпы қазақтың әншілік дәстүрі туралы академик А.Жұбанов: «Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде әннің дамуында жыршылар да үлкен рөл ойнады» [4, 419], – деген. Әндегі, әншіліктегі жыршылық сипат әсіресе Батыс өңірінің ән орындау мәнерінде байқалады. Шынтас пен Шайхы, Сартай мен Молдабай сияқты әнші, жыршылардың дәстүрін жалғастырушы, айтулы әнші, актер Ғ.Құрманғалиевті академик А.Жұбанов: «Ол дауысы шалқып жатқан кең дариядай айта қалғандай әнші. Термелеп, желдірмелетіп кетсе алдына қара салмайтын жыршы» [4, 373], – деп бағалаған. Ғ.Құрманғалиевтың шәкірттері де, барлық Батыс әншілік дәстүрді насихаттап жүрген қазіргі заман әншілерінің барлығының репертуарларында жыр-термелердің міндетті түрде болуы жазылмаған заң сияқты. Термелетін, төгіп-төгіп айту – Батыс өңіріндегі әнші, жыршыларға тән қасиет, терме, жыр генетикалық жадында сақталған мағлұмат.

XIX ғасырда өмір сүрген барлық кәсіби әншілер синкретті өнер иелері. Олар тек ән айтып қана қоймай, сол әннің сөзін шығарған ақын, әуенін шығарған композитор да болған. Зерттеуші Т.К.Джумалиева әнші-ақындардың бұл өнері туралы былай дейді: «Бір адамның басына түскен мұндай ақындық, әншілік, орындаушылық қасиеттер жалпы адамзаттық өнер тарихында өте сирек кездесетін құбылыс» [5, 90] Синктеттік өнер - қазақтың кәсіби әншілерінің бірден-бір ерекшеліктері деп нық айтуға болады.

Кәсіби әндерді шығару және орындау тек қана кәсіби әнші-композиторлардың, ақындардың еншісінде болған. Ән міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалатын. Қазақтың кәсіби әнші-композиторлары әнді домбыра, сырнай, қылқобыздың сүйемелдеуімен айтқан. Аспаптық сүйемел – кәсіби әншілік өнердің ажырамас, маңызды бөлігі. Кәсіби әншілік өнер халық шығармашылығынан, әдет-ұрып, салт-дәстүр әндерінен ең әуелі осы аспаптық сүйемелімен ерекшеленеді. Бұл мәселені Б.Қарақұлов, Д.Амирова сияқты музыка зерттеушілер өз еңбектерінде қозғаған [6], [7].

Кәсіби әндер халық шығармашылығынан, сондай-ақ, орындау мәнерімен және орындау сапасымен ерекшеленеді. Кәсіби әнді орындаушы міндетті түрде жақсы дауыс иесі, ұстаз алдын көрген, және ерекше қабілетті жан болу керек. Кәсіби әншілердің әдемі дауысы – дала мектебінде қалыптасқан ерекше «вокалдың» нәтижесі. Ел ішінде әдемі дауыс иелерін — «демі зор әнші», «алты қырдан дауысын асырған әнші», «күміс-көмей, жезтаңдай», «көмейіне бұлбұл ұя салған» деп атап жатады [8,20].

Дәстүрлі әншілердің кәсіби ән орындау кезінде дыбыстардың бай палитрасы, пианиссимодан екі фортеға дейін баратын динамика, жіңішке нюанстар, әр түрлі дыбыстық тембрлер, артикуляциялық техника қолданады. Бұл туралы нақтырақ музыка зерттеуші Д. Амированың «О казахском народно-профессиональном песенном исполнительстве» атты қолжазба еңбегінде жазылған.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Қазақ даласына көптеген орыс және Европа зерттеушілері келген. Олардың көбісі қазақ әндерін тыңдағандағы көңіл-күйлерін, әндердің ерекшеліктерін, әнді орындаушылар туралы өз естеліктерінде жазып кеткен. Белгілі француз ғалымдары Капю және Бунвало 1881 жылы қазақ даласында Ыдырысқұл деген әншімен кездескен, және алған әсерлерін 1882 жылы «Кавказ» газетінің №17 санында жариялаған: «Оның құлағы өте сезімтал, ол әуенді өзгертіп, оны біртіндеп нәзік дыбыстармен әшекейлеп, түрлендіре бастады. Ыдырысқұл – нағыз артист. Оның орындаушылық шеберлігіне ме, әлде әннің сұлулығына ма – қайсысына таң қаларлығыңды білмейсің» [9,67] – деп, әнші мен оның орындаған әніне тамсанады.

Дәстүрлі кәсіби әндер, қалыптасқан кезеңінен бастап осы заманға дейін, міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалған. Қазақтар әнді әртүрлі аспаптармен сүйемелдеген: домбыра, қобыз, сырнай, соңғы кезде үш ішеті домбыра және жетігеннің де сүйемелімен әндер айтылып жүр. Әнді қай аспаппен орындаса да әншілер әннің басында міндетті түрде кіріспе-әуен ойнайды, ол көбінесе қайырма әуенінде құралады. Ән сөздері басталғанда сүйемел міндетті түрде бәсеңдейді, себебі әнші дауысының өзін кейде пианиссимоға басады, ал фортеға жеткізген кезде сүйемелді де қаттырақ ойнайды.

Қазіргі таңда үлкен сахналарда орындалып жүрген және оқу орындарында оқытылып жүрген негізгі үш әншілік мектеп сүйемелінің өзара айырмашылығы бар. Бұл айырмашылықты әнші де, тыңдаушы да құлағымен естігенімен түсіндіріп бере алмайды. Осы уақытқа дейін де бұл мәселеге көп зерттеушілер бас ұрған жоқ. Арқа әндері – сол өңірдің күйшілік дәстүрі сияқты шертіп сүйемелденеді. Домбыра сүйемелі кейде қос ішекте, кейде бір ішекте, жоғары мен төмен ішекте кезекпен-кезек жүруі мүмкін. Дауыс созатын жерде әнші қанша уақыт созса, сонша уақыт бір ішекте сол биіктіктегі нотаны шертіп тұра береді. Арқа әндерінде әннің соңында тоникаға келу үшін доминанталық дыбыстар пайдалады, мәселен «сольға» келу үшін оның алдында домбыра сүйемелінде де дауыста да «фа

диез» ойналады. Жетісу әндерінің сүйемелі Арқа әндеріне өте ұқсас. Мұнда әндер шертпе қағыспен де біркелкі ырғақтағы қағыспен де сүйемелденеді. Шертпе қағыспен сүйемелденетін әндер көбінесе күрделі әндерге жатады. Жетісу әндерін стереотипты, қос ішекте квартамен жүретін кіріспе-әуендерінен ажыратуға болады. Бұл өңірдің әндері арқа әндеріне қарағанда жүрдек орындалады. Құрылысы жағынан қарапайым болып келеді. Батыс өңірінің әндері – ең әуелі аспап сүйемелімен ерекшеленеді. Өсы өңірдің күйлері сияқты әндері де өте жылдам айтылып, қос ішекте, жылдам, орама, кейде теріс, стокаттолық ырғақтағы қағыстармен сүйемелденеді. Бұл әндердің кіріспе-әуендері домбыра мойнының төменгі жағында, яғни жоғарғы ноталарда ойналып барып төменгі тониқаға келеді. Батыс әндерін тыңдағанда әр жолдың соңындағы «а-о-йа» деген артикуляциялық ереже бірден есте қалады. Бұл өлкенің әндері әншіден үлкен дем, күш-қайрат қажет етеді.Қәсіби әншілік мектептердің өзара айырмашылықтарын, ерекшеліктерін анықтау болашақта жүйеленіп, бір ізге түсері сөзсіз.

Дәстүрлі әншінің жоғары деңгейде ән орындауын бұл күнде ғылыми ортада «концертное исполнение» деп атайды. Шын мәнінде де ол орындаушылық сол атауға өте лайық. Тыңдаушыны ерекше сезімге бөлеу, әнді ұғындыру, жүрегіне жеткізу – үлкен шеберлікті қажет етеді. Ал ондай шеберлер әбден шыңдалған, концерттерге үнемі шығып жүрген сахна майталмандары ғана.

Қазақ даласында қалыптасқан кәсіби әншілік дәстүр барлық түркі халықтардың ауызша өнері сияқты «ұстаз-шәкірт» үрдісі бойынша қалыптасқан. Бұл үрдіс түркі халықтарын дәстүрлі музыка жүйесінде біріктіретін, ортақтастыратын бірден-бір дәстүр. Әр халықтың зерттеушілері бұл тақырыпты зерттеу нысанына алған. Әдетте, әнге құмар жас бала ауылына келген, үлкен әншінің өнеріне тәнті болып, оның соңынан еріп, қасында біраз жүреді. Әнші-ұстаз шәкіртіне өлең шығарудың, ән шығарудың, ән орындаудыңқыр-сырын үйреткен соң, батасын беріп, ол шәкірті өз алдына өнерпаз болып ел аралап кететін. Кейде әнші баланың ата-аналары, өздерінің көңілінен шыққан әншіден бата сұрап баратын. Үлкен әншіден бата алған жас орындаушы халықтың ішінде зор мәртебеге ие болатын. «Бата» сөзінің мағынасы туралы қазақ өнерінің үлкен зерттеушісі С.А.Күзембаева былай дейді: «Бата-соз – один из древнейших видов традиционной культуры многих тюркоязычных и других (славянских, европейских) народов. Магическая сила слова выкристаллизована многовековой жизненной и творческой практикой. Бата создает особую благотворную ауру, положительное психологическое состояние и высоконравственный настрой» [10,7]. Бата алған адамның ерекше күшке ие болатындығын, өзін жоғары сезінетіндігін ғалым осылай жеткізеді.

Шын мәнінде де халықтық ұғымда «бата алған адам» деп дайын өнерпазды, дайын әншіні айтатын болған. Кәсіби әншілік өнерде «Үстаз-шәкірт» үрдісі осы күнге дейін сақталып келеді.

Қазақ жерінде қалыптасқан үш дәстүрлі мектептің ең кең тараған және мықты дамыған - Арқа әншілік мектебі. Сол себепті зерттеуімізде кәсіби әншілік өнердің даму сатысы осы мектептің негізінде жасалды. ХХ ғасырдың басында қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі кәсіби әншілік өнердің екінші толқыны, яғни, өткен ғасырдағы әншілердің шәкірттері осы өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізіп, оны әрі қарай дамыта бастады. Бұл кезеңге Әміре Қашаубаев, Ғаббас Айтбаев, Байғабыл Жылқыбаев, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Жабай Тоғандықов, Мұрат Толыбаев тағы басқа әншілер өнері жатады. Осы кезде дәстүрлі өнер синкретизмі өзгеріске ұшырай бастады. Бұлардың көбі тек жеткізуші болды. Яғни композиторлық өнер бірте-бірте сирей бастады.

ХХ ғасырдың екінші жартысында бұл толқынды тағы бір мықты әншілердің буыны іліп алып кетті, олар – Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Мәдениет Ещекеев, Игілік Омаров тағы басқа әншілер. Бұлардың қатарында тек Манарбек Ержанов қана композиторлық дәстүрді жалғастырды, дегенмен ол әндерінің сөзін басқа ақындарға жаздырды. Осылай кәсіби әншілік өнердің синкреттік үрдісі ыдырай бастады. Осы кезеңде дәстүрлі ән орындау европаландырылған бағытқа да беттеп көрді. Күйсандықтың (фортепиано), сырнайдың сүйемелдеуімен ән айтыла бастады. Бұл өнерді Жамал Омарова, Үрия Тұрдығұлова, Рабиға Есімжанова, Рахима Мұсабекова Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов тағы басқа әншілер дамытты. Мұнда көптеген дәстүрлі әндер өзгеріске ұшырап, біркелкі ырғақпен орындала бастады. Алайда бұл дәстүр кірме дәстүр болған соң, қазақ сахнасында көп тұрақтамай, кейінгі толқын әншілері қайтадан кәсіби әндерді домбырамен орындай бастады.

1970-80 жылдары кәсіби әншілік өнер қайтадан нығая бастады. Бұл кезде Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, Ғалым Мұхамедин, Тұрсынғазы Рахимов тағы басқа да әншілер өнердің дамуына бар күшін салды. Олардың арасында өздері де осы дәстүрде ән шығаратын композиторлар болды. Дәстүрлі әншілік өнердің қайтадан қалпына келуіне Республикамызда арнайы оқу орындарының ашылуы да көп септігін тигізді. 1965 жылы Алматыда эстрада-цирк студиясы ашылып, онда алғашқы дәстүрлі ән класына еліміздің алыс шалғай жерлерінен домбыра ұстаған жастар келіп, арнайы білім алуға мүмкіншілік алды. 80-ші жылдары дәстүрлі әншілер арасында Республикалық байқаулар ұйымдастырылып, ел ішінен тағы бір топ өнерпаздар суырылып алға шықты. Міне бұл дәстүрлі әншілердің төртінші буыны еді. Бұлардың ішінде Бекболат Тілеухан, Дүйсенбек Өміралиев,

батыс әндерін насихаттаушы Сәуле Жанпеисова, Жетісулық Ержан Қосбармақовтарды ерекше атап кетуге болады. 90-шы жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында «Халық әні» кафедрасы ашылып, жоғарыда аты аталған әншілер кейінгі буынды тәрбиелей бастады. Қазіргі кезде үлкен сахналарда дәстүрлі әншілік өнердің бесінші, алтыншы буын толқыны өнер көрсетіп жүр. Әншілердің арасында қосымша, композиторлық, ақындық, зерттеушілік өнерді бірге алып жүрген өнерпаздар да баршылық.

Кәсіби әншіліктің зерттелуі туралы соңғы жылдары Халықаралық және Республикалық конференция, симпозиумдарда көп айтылып келеді. Бұл мәселені жоғары деңгейге көтерген атақты музыка зерттеушілер Ф.Караматов, Л.Шахназарова, С.Елеманованың осы салада сіңірген еңбектері зор. Ауызша өнердің кәсібилігі туралы мәселенің осы күнде де аса маңызы зор екендігі туралы С.А. Кузембаева мен Т.Ж. Егінбаеваның соңғы жылдары шыққан еңбектерінде де жақсы жазылған: «Возрастающий интерес к устно-профессиональному творчеству народов Востока, характерный для современного этномузыкознания, обусловил появление работ, посвященных методологическим принципам изучения профессиональной музыки устной традиции. Обоснование профессионального характера музыкального искусства казахов, определение его типа и соотношения с непрофессиональным творчеством, рассмотрение музыкальной стилистики народно-профессиональной песни находится в центре внимания исследователей» [11, 265]. Шын мәнінде де қазақтың кәсіби әншілік өнері, оның ерекшеліктері жайында соңғы жиырма жыл ішінде айтарлықтай зерттеулер жасалды. Бұл тұрғыда қазақ әндерінің ырғақтық ерекшеліктерін анықтаған А.Е.Байгаскинаның, кәсібилік мәселесімен айналысқан С.А.Елеманованың, Д.Амированың, әндердің симметриясымен шұғылданған Б.И.Қарақұловтың, өлшем ерекшеліктерімен айналысқан И.К.Қожабековтың, әндердің қайырмаларын зерттеген А.Р.Бердібайдың, сондай-ақ, әндердің аймақтық ерекшелерін анықтаған О.Мұсаханның,т К.Төлеутаевтың, Б.Тұрмағанбетованың тағы басқа зерттеушілердің еңбектері ерекше атап кетуге тұрарлық. Соңғы жылдары дәстүрлі ән орындаушылардың ішінде әншілердің ішінен әнші-зерттеушілер шығып, қосымша теориялық білім алып, зерттеушілік жолға түсіп, осы өнерді өздері зерттей бастағаны қуантарлық жағдай. Осы уақытқа дейін атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде жеткен кәсіби әншілік өнер, дамуын тоқтатпай, одан әрі өрісі кеңейіп келеді. Қәсіби әншілік өнердің тарихы, жеке әншілердің шығармашылық портреті, аспап сүйемелі, әншілік мектептердің ерекшеліктері сияқты тақырыптар болашақта ғылыми тұрғыда терең зерттеледі деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жолдасбеков М., Төреқұлов Н., Тоқсан толғау. – Алматы.: Өнер, 1992.

2. Медеубекұлы С., Мүптекеев Б. Жетісу әуендері. – А.: Өнер, 1998.

3. Елеманова С.А., Казахское традиционное песенное искусство. – А.: Дайк-пресс, 2000.

4. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.– 440 б.

5. Джумалиева Т.К. Творчество казахских акынов в контексте единого культурного пространства // Казахская музыка в контексте культур. Алматы, 2002

6. Каракулов Б. Ладовые функции домбрового сопровождения в казахских народных вокально-инструментальных жанрах. В кн. Традиции и новаторство. Тезисы межреспубликанской научно-теоретической конференции. Алма-Ата, Минвуз,1980.

7. Амирова Д. «К вопросу взаимодействия вокального и инструментального начал в казахских народно-профессиональных лирических песнях». В кн.: Национальное и интернациональное в музыкальном искусстве. Материалы межреспубликанской конференции. Алма-Ата, 1983.

8. Ахметова М. Традиции казахской песенной культуры. Алма-Ата, 1984, стр. 20-24.

9. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д.,Ысқақов Б., Қарамендина Ә., Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. – Алматы, 2005.

10. Кузембаева С.А. Драматургическая функция дидактических жанров фольклора в казахской опере (на примере «бата-соз»// Традиционная культура казахов: сб. науч. ст.- Алматы: Зият-Пресс, 2004.- С.4-11.

11. Кузембаева С.А., Егинбаева Т. Лекции по истории казахской музыки. - Алматы: Издательский дом «Таймас», 2005.- 232с.

УДК 792(4/9)

Халықов Қ.З.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры,
филос.ғ.д., профессор, E-mail: kabylkh@gmail.com

Ахманов М.Н.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., E-mail: ahman90@mail.ru

Дәлелхан Б.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2-курс магистранты,
E-mail: musan_bazarkan@mail.ru

ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНДЕГІ ТАРИХИ СПЕКТАКЛЬДЕРДІҢ САХНАЛЫҚ КӨРКЕМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін. *Бұл мақалада қазақ сахна көркемдеу өнері өзінің бастауларын орыс театр өнерінен алғандығына қарамастан, қазақ театр суретшілерінің тәуелсіздік жылдарғы қарқынды шығармашылықтық ізденістері мен тарихи тақырыптарды игеруінің маңыздылығы сөз болады. Театр сценография өнері табиғатының синтезділігі, технологиялар дамуын меңгеру үрдісі мен көрермен-қойылым қатынастарының астары талданады.*

Тірек сөздер: *тәуелсіздік, тарихи-драмалық шығрамалар, тарихи қойылымдар, қазақ театры, сценография.*

В этой статье рассматривается сущность освоения исторических тем и художественные поиски сценографов в годы Независимости казахских театральных художников, несмотря на истоки русского театрального сценического искусства. Анализируется, также соотношения зритель-постановка, синтетическая природа сценографии театра и освоение процесса театральных технологии.

Ключевые слова: *независимость, историческая драма, исторические постановки, казахский театр, сценография.*

Summary. *This article considered the essence of historical development of the art and the search for set designers in the years of independence the Kazakh theater artists, despite the origins of Russian theatrical scenic art. Analyzed, and the ratio of the viewer-production, the synthetic nature of theater set design and development process of theater technology.*

Key words: *independence, historical drama, historical productions, Kazakh theatre, scenography.*

Еліміздің тәуелсіздігі тоқырау жылдары дамуға тосқауыл болған кезеңдерден өтіп, еркіндікке жетудің ғылым мен шығармашылықтағы үлкен серпілістерімен, жаңа бастауларымен есте қалды дейміз. Біз Тәуелсіздік жылдарының басында жүргізілген зерттеулер өткеніміздің құндылықтарын түгендеп, ғылымда жаңа әдіснамалық негіздемелерді тағайындап, эмпирикалық материалдарды толықтырумен, қайта қараумен сипатталса, бүгін өнер, мәдениет, философия, тарих ғылымдары енді 25 жылда Тәуелсіздікпен туған еңбектерді сараптаумен, оларды инновациялық тұрғыда сапалы пайымдаумен шұғылдану үстінде екендігін атап өткіміз келеді.

Елге егемендік әкелген 90 жылдардың басы өнер мен мәдениетке, оның ішінде театрға да жаңа ырғақ, тың идея, қозғалыс қосты, өткен дәстүрімізді, бабалар тарихын қайта жандандыруға мүмкіндік берді. Бұрын-соңды айта алмай келген тарихи тұлғалардың көркемдік бейнесі қалың жұртшылықпен қауышып, сахна төріне шығарылды. Егемендікке кол жеткізуде идеологиялық қысымнан босаған театр ұжымдары шығармашылық, идеялық еркіндікке жетуі қазақ театр өнерінің тарихында мәдени құбылыс болды десек те болады.

Қоғам мәдениеті өзінің мәнін театр арқылы бірегей болмыс түрінде көрсетуге қабілетті. Адам қандай болмасын қоғамның дамуындағы әрбір мәдени кезеңі туралы оның болмыс ерекшеліктері, белгілі бір дәуірдегі адамның өмірлік әлемі туралы танып білуге мүмкіндік береді. Қазіргі біздің ақпараттық қоғамымыз да бұл ерекшелікке ие. Әлеуметтік-мәдени болмыстың қазіргі қоғамдағы бұрын соңды болмаған жылдамдықпен кейбір үдерістерде пайда болуы мен көрінуі ең алдымен адамның санасында шағылысады. Бүгінгі қазақ театр өнеріндегі тарихи спектакльдер сценографиясы адам бейнесін бедерлейтін кеңістік өзіне әлеуметтік және мәдени тетіктерді бір мәнді әсер етуші фактор ретінде қамтиды. Бұл – идеалды мен материалдының қосарлы детерминация аймағында қоғамда басты рольді заңдар мен заңдылықтар, идеалдар, мәндер мен құндылықтар атқарады.

Қазақ дәстүрлі өнерінің өзіндік ерекшеліктерге толы. Оның болмыстық негіздерін зерттеуге көптеген өнертану, мәдениет, философия саласындағы мамандарымыз ғылыми еңбектерін арнаған.

Ә. Марғұлан, А. Сейдімбек, С.А. Қасқабасов, Н. Келімбетов, Қ.Ш. Нұрланова, Ә. Қодар, М. Оразбайұлы, А. Тоқтабева, А. Райымбергенов, С. Қасиманов, Қ. Ахметжанов, Н. Шаханова, Б. Байжігітов және т.б. ғалымдарымыз төл мәдениетіміздің тарихи-мәдени еркешеліктерін зерттеді. Бірақ, уақыт өткен сайын жаңаны жасаудағы адасу мен оны қайта құрастырулар күн санап дәстүрге оралу мен оны байыптауға мұқтаж етіп, оның тарамдары мен мәселелерін ұғынуға итермелейді.

Қазақ дәстүрлі өнерінің философиялық мәселелеріне ден қойып, зерттеу жүргізген Б. Байжігітов: «Біздің назарымыздағы басты мақсат бейнелеу өнерінің қазіргі кездегі көрінісі, оның өткені мен болашақтағы келбетіне болжам боларлықтай даму өзегін айқындау. Осыған байланысты Қазақстан мәдениетінің алдында екі іргелі міндет тұр: қазақы мәдениеттің өзіндік келбетін сақтап қалу және көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағында қалыптасқан тұрақты нақыштардың негізінде оның даму сапасына игі әсер ету. Бейненің түрлі формалары арасындағы мәнді айырмашылықтарды ескере отырып, оған деген философиялық қатынасымызды орнату» деп бірқатар теориялық және практикалық тұрғыда мәселелер көтерген еді [1]. Қазақ бейнелеу өнері бүгінгі күнде дәстүрлі өнерден нәр алып, сапалы өзгерістер жасап отырғаны мәлім. Дәстүрлі өнер мен жаңа мәдениет арасындағы байқалған өзара ішкі қақтығыстарына, орын алған қайшылықтарына қарамастан даму үстінде. «Қазіргі мен болашағы арасындағы тарихи және табиғи эволюцияны, болмай қоймайтын сапалық өзгерістерді мойындай отырып, тамыры терең бойлаған «өмір ағашынан» нәр алатын құнарлы топырақты бұрынғы мен қазіргі арасына тартылған дәнекер жіп деп есептеп, оның рухани бастау ретіндегі әсер-ықпалын айқындау» [1] тәрізді қажеттілігін біз әлі күнге дейін сезінудеміз.

Санада шағылысқан идеалды материалдыға айналады (қоғамдық қажеттіліктер мақсат пен идеал болып табылады) және идеалдар мен құндылықтардың жүзеге асу мүмкіндіктерінің біріне айналады. Бұл мағынада өнер де, кәдімгі сана да әлеуметтік-мәдени феномен болып табылады. Олардың өзара әсерлесу аймағы осы әлеуметтік-мәдени кеңістік. Нақты әлеуметтік мәдени жүйе мен даму фазасына байланысты өнер мен кәдімгі сана сипаты, мазмұны, түріне сәйкес өзара әрекеті де анықталады. Әлеуметтік-мәдени динамика реалийлері нәтижелері шағылысуының бірі жаңа адам бейнесі, болашақ әлеуметтік өзгерулерде әлі толық деңгейде айқындалмаған қағидаларды белгілеуге қабілетті ақпаратты қоғам адамының бейнесінің қалыптасуы.

Адамдар арасында сараланып, дамытылған, көптеген адамдардың ерен еңбегінің арқасында табылып, кәсіби жинақталған тұрақты әрекетінің нәтижесін дәстүр деп түсінеміз. Егер дәстүр қоғам дамыған сайын өзгеріп, жетіліп отырмаса оның қызметі де төмендейді. Сондықтан, дәстүр диалектиканың заңдылығы бойынша тарихи дамудың әрбір жаңа сатысында сақталуымен қатар, өзгеріп отырады. Осыдан жаңашылдық, дәстүрдің өз уақытына жауапкершілігі адамның өмір сүрген уақытымен санаса түлеп, өзгеріп отыруы шығады. Біздің көтерейін деп отырған мәселемізде қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі рухани жүйе, ондағы болмыстың адам болмысымен сабақтастығын ашу, адам болмысын философиялық тұрғыдан қарастыру мәселесі.

«Театр – бұл көрнекті, тірі, адам әрекетінен айқын көрініс беретін өнер түрі» [2, 14 б.]. Театр өнері шаңырағы - өз алдына бірнеше ауқымды өнер түрін біріктірген ұжымдық өнер. Театрдың ажырамас бір бөлігі сценография өнері. Қазіргі таңдағы қойылымдардың көркемдік бейнесіне, тұтастығына ықпал ететін, маңызды орын алатын – сценография. Сценография – архитектоникалық өнер десек, оны драматургия, режиссура және басқа дүниелер өзара бірлесіп, белгілі бір сюжеттің мазмұны аясында айтылар ойды баяндайды. Сахнадағы біртұтастықты ұстап тұратын, спектакьдің мазмұнын аша түсетін сценография - көрермен қауымды сахнадағы құбылыс аясына тартып, белгілі бір ой туғызушы. Өзінің сценографиялық құралдары арқылы, әдістері арқылы драмматургиялық шиеленісті ашу үшін ғана емес, сонымен қатар пьесадағы әрбір кейіпкердің болмысын ашу үшін де маңызды орын атқарады. Жалпылай алып қарағанда әрбір қойылымның құрылымы адам өмірімен байланыстырылатындығы шындық. Яғни, көрермен қауым мен сахнадағы қойылымның ара-жігі болмай, олар біртұтас, бір-біріне кірігіп кетуіне сахнадағы сценографиялық шешім үйлестіруші тәрізді де. Заманауи сахналық дизайн өнерінің бір бөлігі ретінде, жаңа технологиялармен қатарласа дамуы оның болашағының зор екендігін көрсеткендей. Инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы тәуелсіз еліміздің рухани қажеттілігіне, соның ішінде театр ісінде қарқынды орын алуы – ең бірінші суретшілердің шығармашылығында қолдана біліуінде, меңгеруіне тәуелді. Суретшінің қолынан туындаған өмір ортасы, яғни, декорациясы актердің сахнада бейнені жасаудағы көмекші құралы, әрі ойды тасымалдаушысы.

Республикамызда жекеменшік театрлардан бөлек, 56 театр бар болса, яғни, әр театрда бірнеше қоюшы суретшілердің жұмыс жасайтыны белгілі. Сценография өнері елімізде ХХ ғасырдан бастап дами бастады. Бұл - жалпы сценография өнерінде өзіндік мектепті қалыптастырған аға буын, орта және жаңаша ізденістермен ерекшеленетін жас буын өкілдерінің бар екенін білдіреді. Неміс, орыс театрларынан негіз алған еліміздегі сценография өнері қазіргі таңда даму үстінде. Ал соның ішінде мәдениет пен өнердің шоғырланған ортасы - Ал-

маты қаласының өзінде 9 театр бар. Қоюшы суретші әрбір қойылымда, драматург, режиссермен бірлесе отырып, ерекше деңгейде жұмыс жасайды. Қойылымның сахнадағы көрнекілігі, актерлер ойынына ынғайлы орта тудырып, болып жатқан оқиғаны өрбіте түсетін негізгі құралдардың бірі сценография екендігіне тоқталдық. Енді міне, қазақ театрының қара шаңырағы - Қазақтың Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында тәуелсіздік жылдары сахналанған тарихи спектакльдердегі сценографиялық шешімдер, дамуы мен қалыптасуына Д.Сүлеев, М.Мақсұт, М.Байкенов, О.Жаңбыршиев, Е.Тұяқов, С.Пірмаханов, Т.Мұстафинов, Е.Әдісбек, Қ.Халықов, М.Сапаров, Е.Әдісбек, Е.Тұяқов сынды бірқатар қоюшы-суретші мамандардың шығармашылығымен байланысты тарихи тақырыптарда әр ұрпақтың өзіндік ізденістерінен орын алды.

XVIII ғасырда көршілес алпауыт елдерді өзінің саяси ұстамдылығымен ықтырған Абылай ханның тарыдай шашылған қазақтың басын қосқаны өткен тарихымыздан белгілі. Әрине, әрбір елдің өткен тарихы оның дамуында маңызды роль атқарады. Сондықтан да, жақсыларымыз бен жайсаңдарымыздың аты аталып, хандар, батырлар, ақындар, сал-серілер, жыраулар, әз аналар қасиетті сахнадан көрініп халықтың рухын асқақтатқан. Олардың ұмытылмас өр бейнелерін көрермен Ә. Кекілбайдың «Абылай хан», М.Байсеркеұлының «Абылай ханның ақырғы күндері», Шахимарденнің «Томирис», «Қазақтар», І.Жансүгіровтің «Исатай - Махамбет», С.Жүнісовтің «Тұрымтайдай ұл еді», Ғ.Есімнің «Таңсұлу» және т.б. көптеген тарихи драмалардан танып білді. Бұлар жаңаша, еркін көзқараста бейнеленіп, өзінің нағыз табиғи кескінін тапты. Қазақ халқының асыл ұл-қыздарының тәуелсіздікке ұмтылған ізгі тілектері, сол жолда төккен тер мен жасаған ерліктері кейінгі ұрпаққа өнеге, үлгі болды.

Айталық, М.Әуезов атындағы Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театрында Абылайдай ұлы ханның өмірін, жаужүректілігін суреттеп, ел баскару істері жөнінен сыр шертетін қос қойылым көрерменнің ілтипатына бөленді. Ежелден арман болған еркіндік пен азаттыққа жету жолында жанын құрбан еткен тарихи тұлғалардың асыл бейнесінің сахна төрінен көрініс беруі қазақ театр өнерін үлкен белеске көтерді. Сондай тұлғалардың биік тұғырында отырған тарихи кейіпкер - Абай Құнанбайұлы. Абай мен халық жайлы сөз егіз ұғым. Абай ұлылығы, Абай даналығы ешкашан да ескірмейтін мәңгілік өміршең тақырып.

Бұл ретте театрдың тарихи спектакльдердің орны бөлек десек қателеспейміз, ерекше атауға болатын үлкен жобалар - елімізде өткен жылы қыркүйекте Қазақ хандығының 550 жылдығы салтанатына орай, сонымен қатар Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналып театр сахнасынан орын алған бірқатар тарихи спектакльдер көрініс тапты. Қазіргі таңдағы елімізді өткен тарихымен қауыштыру жолында бірқатар спектакльдер сахналанды. Тарихты беруде қоюшы суретші мамандардың оқиға болып отырған уақыт пен кезең, қоршаған орта мазмұнын ашуда үлкен еңбек етті десек болады. Себебі тарихи қойылымды көрермен алдына ұсынуға суреткерлік шешімнің атқаратын қызметі мен маңызы зор. Тарихи оқиға өрбіген орта нақты, дәлдікпен берілсе актер ойынының мазмұнын ашыла түсетіні анық.

Жалпы, қазақ театрлары репертуарында тарихи тақырыптардың маңызы зор. Сондықтан тарихи-драмалық шығармалардың авторлық концепциялары тарихи және қоғамдық концепциялармен үндес болып, жаңа заманның мәселелеріне жауап беруге тырысты. «Қазақ театрының даму белестерінде тарихи пьесалардың алатын орны бөлек. Қазақ халқының әртүрлі тарихи кезеңдегі басынан кешкен өмір болмысы театр сахналарында үзілмей көрініп келеді» [3, 290 б.], – деп тарихи-драмалық шығармалардың қазақ театры үшін аса маңызды роль атқарғандығын талдап берген.

Қорыта айтқанда, декорация спектакльдің көркемдік деңгейін көтеріп, шығарманың атмосферасын тудырып, режиссердің айтар ойын жеткізіп, суретшінің дарыны мен талғамын анықтайтын бірден-бір құрал. Байқап отырғанымыздай декорацияның көтерер жүгі ауыр. Спектакльдің сәні мен мәнін келтіретін – сценография. Кейбір театр қайраткерлері декорацияның керегі жоқ, театрдың сәні мен құралы актер деп жатады. Бірақ актердің шығармашылығына әсер етіп, толықтырып үн қосып отыратын да осы өнер дейміз. Өкінішке орай қазіргі таңда қазақ театрларында сценография өнері дамудың өз деңгейіне жете қоймады, әйтсе де әлі болса қазақ сценографиясы кемелдене түсеріне сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байжігітов Б.К. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері. – Алматы: Ғылым-өлке, 1998. – 192 б.

2. Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера. М.: Просвещение, 1978. – 334 с.

3. Қазақ театрының тарихы. Екі томдық. – Алматы: Өнер, 1978. –Т.1. – 335 б.

Каржаубаева С.К.
док.иск., профессор КазНАИ им. Т. Жургенова, sangul_k@mail.ru

КУЛЬТУРНЫЕ ДОМИНАНТЫ И ЭСТЕТИКА КАЗАХСКОГО ТЕАТРАЛЬНОГО ИСКУССТВА

Түйін. *Мақалада қазақтың сахна өнерінің шығу тегі мен дамуы қоғамдағы бүкіл мәдени ұдеріс мәнмәтініндегі көзқарас тұрғысынан қарастырылаған. Сонымен қатар, сахна өнеріндегі жаһандану процесстеріне байланысты рухани маңызды өзгерістер талқыланады. Театр кеңістігінің эстетикалық ерекшеліктер, өзгерістер мен түрлі коммуникативтік аспектілер өзара әрекеттесу әлеуметтік-мәдени, тарихи, өнертану және мәдениеттанушылық тұрғысынан типологиялық сараптама жасалынған.*

Тірек сөздер: *мәдениет, театр өнері, қойылым, дәстүрлі семантикалық бейне*

Резюме. *Статья посвящена проблемам методологии исследования театрального искусства в пространстве традиционной казахской культуры. Особое внимание уделено классификации, типологии и эстетики казахского театра. Кроме того, широкий спектр исследуемых вопросов обусловил необходимость рассмотрения мировоззренческих и социокультурных аспектов, повлиявших на становление и развитие этого искусства.*

Ключевые слова: *культура, театральное искусство, перфоманс, традиционные семантические образы*

Summary. *A number of the theoretical and methodological problems connected with a substantiation of new approach and searches of a new research paradigm to judgment and the analysis of features of formation and development of the kazakh stage are considered in article. The wide spectrum of the questions connected with genesis of the kazakh stage art has caused necessity of consideration world outlook and social cultural aspects which have affected formation of the given phenomenon in the kazakh culture. The special attention has been paid to classification and the analysis of the basic Phenomenon of the Kazakh culture*

Key words: *Culture, theatrical art, performance, the traditional semantic images*

История каждой национальной культуры - процесс, обладающий собственными специфическими особенностями, проявляющийся в явлениях и феноменах, отражающих мировоззрение, мировосприятие, ментальные качества народа [1]. «Ведь у каждого народа есть собственное представление о своей национальной культуре, своей музыке, своей поэзии, особая ритмика родного языка (т.е. все то, что составляет особую неповторимость и национальное своеобразие культуры). Но как определить форму выражения и эстетику казахского народного театра? Объективный ответ на поставленный вопрос можно найти, если взглянуть на него сквозь призму мировоззренчески-смысловых, социокультурных и духовно-нравственных приоритетов народа. А для этого необходимо глубокое проникновение в драматургию сюжетов, опирающихся на мифы, обряды и эпосы; освоение символики жестов и мимики, иносказательности слова и пр». [1] Следовательно, кроме онтологической экспликации потребуется привлечение и философской герменевтики.

«При онтологическом подходе к анализу феноменов художественной культуры и искусства, синтезирующих в себе различные этнокультурные традиции и культурно-цивилизационные миры, исследовательским полем предстает сфера соприкосновения и неразрывности сознания и предметного мира человеческого бытия, то есть поле восприятия между «сознанием» и «миром» - проникновение в культурные смыслы «себя-в-себе-самих-показывающих» феноменов. По Хайдеггеру, сущность человеческого бытия состоит в том, что оно никогда не есть, но всегда «имеет быть», то есть постоянно предстоит себе как своя собственная возможность. В культурологическом обращении этот постулат выступает как требование историчности в подходе к феноменам культуры и искусства через проведение экзистенциальной аналитики Dasein» [1]. Такое проникновение предполагает воссоздание смысловых структур поля культуры как поля значений, формирующегося между сознанием и предметами, когда осмыслению непосредственно подвергается не содержательное «что» предметов философского исследования, но их «как». «При этом понятно, что их современный статус и роль не могут быть описаны традиционными способами или с помощью классической технологии: требуются новые подходы, определения, методы изучения, позволяющие сопоставлять объекты прошлого в дифференцированном времени и пространстве. Вся казахская культура насыщена идеями, образами и символами, в той или иной мере связанными с обрядами, играми, эпосами. А это: слово, движение, пластика, музыка, импровизация, танец. То есть все то, что составляет театр, причем театр, в его современном понимании, насыщенном знаками и символами» [подробнее см. 2]. В этой связи весьма интересным представляется рассмотрение творчества носителей казахской устно-поэтической и музыкальной традиции сал и сері с позиции театрального искусства.

«Искусство представления, как и актерская игра, у каждого народа, в любой период его истории, соответствует реалиям и традициям общества,

в котором оно существует, связано с эволюцией общественного сознания и располагает определенным набором средств (художественных, технологических и др.), которые присущи той или иной эпохе» [2]. (В целом, о многогранности функций театра можно привести целый ряд соображений, поскольку в социокультурном аспекте они формируются в зависимости от особого культурного смысла в тот или иной исторический период). Если же вспомнить эволюцию мирового театрального искусства с древних времен, то понятно, что при всем своеобразии и самобытности, развитие театра во всех странах происходило, хотя и в разные исторические периоды, но одними и теми же путями. Имело одинаковые направления и жанры: религиозные действа, устно-поэтическая традиция, народный или ярмарочный театры, представления так называемого «театра одного актера». И лишь на последнем этапе выступает – искусство театра, в формах, общепринятых на всех континентах мира. Так, если в Европе - предтеатральные, этнографические элементы, являются лишь предпосылками, то в казахской культуре они составили важную главу, требующую самого серьезного и пристального изучения. А те процессы, которые в европейских странах занимали десятилетия, в казахском мире длились веками (зато момент расцвета наступил быстрее и неожиданней). Казахское театральное искусство возникало так же, как и во всех других странах, и прошло те же стадии развития, только по-своему и в свое время. Ведь критерии и категории действительные «для культуры одних стран, невозможно механически перенести на явления, наблюдаемые в истории и культуре других народов» [3,с.24].

Сценическое искусство казахов рождалось, так как ему и положено, в соответствии с общим историческим процессом развития всей казахской культуры. Совершенство опорной базы казахской традиционной культуры, представленной всеми видами искусств в развитой форме, являясь национальным достоянием, несомненно, отразилось на специфической уникальности казахского сценического искусства. Именно эта уникальность сегодня требует некоторых уточнений. Так например, если в европейском театре такие понятия как театральное здание, сценическая площадка, зрители, устойчивы и не вызывают разночтений, то у нас - своеобразие исторических условий, многовековых казахских традиций, ритм жизни, среда обитания, психология и темперамент народа создали совершенно особую атмосферу бытования театрального искусства. В условиях номадического образа жизни возникновение театра (имеется в виду здание театра - как архитектурного сооружения), с постоянной труппой и обслуживающим персоналом, было не просто невозможно, а скорее необязательно. Идеи О. Шпенглера о глубоко символической взаимосвязи культуры «с материей и пространством, в котором и через которое она стремится реализоваться» [4,с.164], подтверждается выработанной кочевьем особой стратегии и принципа существования. Эта модель была отмечена всеобщей приверженностью к эстетическому и художественному восприятию мира. Интегративный характер казахской культуры позволял сохраняться и истокам, и их последствиям – одновременно. Принцип наслоения одного явления на другое создавал многоярусность, многослойность казахской культуры, ее полисемантику, и обусловил синкретический характер исполнительского искусства степных актеров - сал и сері. Определяя основную черту художественной деятельности сал и сері, напомним, что они были людьми, целиком посвятившими себя искусству, но в отличие, например, от средневековых европейских бродячих актеров для них искусство не было средством существования, а было образом их жизни. Они вели богемный образ жизни, отрицая всякий намек на физический труд, и как истинные художники не делали различий между жизнью и искусством, между своими выступлениями перед публикой и жизнью вообще: следовали своему призванию всегда и везде. По сути, сал и сері выполняли функции проводников универсальных законов бытия, были носителями эстетических, духовных ценностей казахского общества.

Если в европейском театре, можно без какого-либо видимого ущемления отделить словесную ткань, музыкальное сопровождение, хореографию, вокальные номера и т.д. от собственно актерской игры, актерского творчества. Обращаясь же к искусству сал и сері, мы не можем рассматривать эти главные слагаемые театрального действа в отдельности. В выступлениях носителей традиционной культуры с древнейших пор укоренились формы искусства, синтетичные по своей природе: слово звучит в нерасторжимом единстве с музыкой, жестами, мимикой, а живописное великолепие их одеяний, выразительность пения и игра на музыкальных инструментах достигали той высокой черты, до которой доходила выразительность их речи и жестов. Синтез в их творчестве приобрел характер не сочетания различных искусств, а совершенно органичного сплава, на котором, собственно, и держалась вся магия зрелища. Подобно античным актерам, исполнявшим образ трагического героя, к ним, помимо таланта, исполнительского мастерства, красивого и сильного голоса, предъявлялось требование и физической красоты. По всей видимости, здесь имела место не только сакральная, но и социальная магия, ассоциирующая их статус с этическими и социальными критериями общества, обуславливало их особое положение в обществе. Воплощая собой высший профессиональный слой музыкальной культуры в духовной стратификации

казахского общества салы и сері, как демиурги обеспечивали своей деятельностью взаимосвязь в сферах земного и сакрального. Столь высокий статус объясним «истоками, заложенными их предшественниками в лице шаманов (бахсы)». По древним представлениям тюрков бахсы являлись медиаторами, передатчиками между Космическим и Природным. Отголоски магии плодородия прослеживаются в куртуазном поведении и поэзии салов и сері. Этой же социальной функцией объясняется их «выпадение» и «выход» за пределы степного морального кодекса, табуирование многих аспектов поведения проявлявшееся, например, в том, что салы никогда самостоятельно не входили в юрту. Театральность и артистизм, «путешествие в иные миры» (общение с духами и вхождение в их образ), имевшие преемственную связь с ролью шамана-бахсы как играющего субъекта, с одной стороны можно соотнести с игрой одного актера. Но шаманская игра не делает различий между бытием и искусством, она часть самой их жизни. И в глазах зрителей именно это обстоятельство, одновременно возвышало бахсы до божества, с другой стороны, выводило их за границы социума, низвергая до положения отщепенца и изгоя общества. Для салов и сері игра тоже являлась образом жизни, а образ жизни – игрой, определяла их пограничное местоположение не только между жизнью и искусством, но и между «земным» и «неземным», бытием и инобытием. Только с этих позиций становятся понятны ритуальные «повисание на дереве» (смерть-воскрешение), употребление недозволенного жеста с положением «руки в боки» и пр. Такое вольное поведение могли позволить себе только медиаторы-посредники, которые одинаково хорошо ориентировались как в своем, так и в чужом Мирах.

Многие феномены культуры объясняются различными способами существования человеческого общества. Известно, например, что в канонической оседлой культуре феномен коммунитас возникает периодически и локально в ходе ритуалов переворачивания структур в социальной иерархии общества. Такой ритуал возможен в обществе, где социальные роли-маски могут быть сброшены на время. В казахской культуре подобных явлений не могло быть, поскольку место, занимаемое азаматом (полноправным гражданином) в традиционном обществе, в котором каждый взрослый казах, в принципе, равен другому казаху определялось в значительной мере такими естественными характеристиками как: ум, характер, сила, возраст, а такая иерархия, не может быть перевернута на время. Подобные ритуалы в казахской культуре отсутствовали. Вероятно, поэтому коммунитас был введен в повседневную жизнь, обратной стороной которой стала пожизненная лиминальность сал и сері - как социальная роль-маска. Если в других культурах такое положение имеет уникальный характер (придворный шут), то в казахской культуре это стало уделом сал и сері. Элементы внесубъективного характера не исчерпывали всего объема отношений, возникавших между актерами и зрителями, и во многом приобретали свойства, определяемые исключительно театральной эстетикой (особенности поведения, одежда, кураж, азарт и т.д.), при том, что сами критерии эстетизации не отрывались от своих корней, питавших древо универсальных законов казахской культуры. Представляется, что именно выход актера на уровень более значительный, нежели актерское переживание в пределах сюжетных коллизий, способствовал кристаллизации основного принципа сценического искусства сал и сері – эстетики гротеска (отсюда – парадность и яркость театрального костюма, особая манера поведения). Конечно, с точки зрения таких признаков, как движение героя в сценическом пространстве - представления сал и сері были еще только предтечей театра в современном его понимании, но, обладая полным набором театральных признаков, их искусство, несомненно, являлась театром в истинном смысле этого слова.

Культура кочевья, со своей особой организацией и спецификой, синтезировав реальное и воображаемое, выдвинула на первый план - эстетическое. Отсюда вывод - социальная и эстетическая сущность театральных выступлений степных актеров представляла собой художественную форму духовного творчества народа, идеологическое выражение общественной практики, ее мифов, ее морали, эстетических вкусов и идеалов. Располагая мощным потенциалом воздействия на зрителей, салы и сері оказывали влияние на общественные процессы, служили моделью социального поведения людей: их выступления становились важнейшей жизненной акцией, посредством которой происходило единение всего общества. Магия музыкально-поэтического театра сал и сері привораживала к себе людей. Этот театр учил жизни, а яркая игровая природа сценического бытия степных актеров во все времена создавала вокруг них ореол другого, праздничного мира, мира неограниченных возможностей и полета фантазии. Простой зритель воспринимал театральную игру и жизнь как явления, во многом, равновеликие. И в этом смысле музыкально-поэтический театра сал и сері был всегда привлекателен для простого человека.

Высокое искусство и актерское мастерство сал и сері - со своей разработанной системой знаков, хорошо знакомое каждому ее члену, у которых были жесты, мимика, слова, полунамеки на все случаи жизни, возвращали театральной условности ее высший смысл. Носители этих традиций каждым своим выступлением подтверждали высокую эффективность некоторых условностей, хорошо усвоенных и, главное, искусно применяемых. Эти

условные знаки возникали не как самоцель, но как средство передачи Универсальной информации. Поэтому, здесь всегда беспроигрышно воздействовал сам процесс, само объективное действие. И в этом, нам видится вся уникальность творческой деятельности носителей казахской традиционной культуры – сал и сері. Этот чисто народный театр дает нам потрясающее представление об интеллектуальном уровне народа, взявшего за основу своих публичных увеселений идею единения и слитности мира. Структура этих действий была направлена на изначальную способность явлений вмещать в себя противоположные смыслы. Подобная структура, построенная на антагонизме Добра и Зла, на уверенности в конечной победе Добра через принципы мировых соответствий, восстанавливала Гармонию Мира. Воспринимая, повторяющуюся структуру мифа, человек традиционного общества, воспринимал ее не как нечто противостоящее Жизни, но как структуру Космической Реальности. Каждый раз, переосмысливая вновь и вновь основные человеческие ценности, зритель приходил к катарсическому очищению.

Список использованной литературы:

1. Каржаубаева С.К. Феномены казахской культуры // Электронный журнал Российской академии естествознания «Современные проблемы науки и образования» №1, 2012 www.science-education.ru http://vak.ed.gov.ru)

2. Каржаубаева С.К. Комедианты казахской степи // Материалы научно-практической конференции «Научные горизонты», сентябрь 30 - 7 октябрь 2014, Science and education LTD, Sheffield, England. – С.68-72 http://www.rusnauka.com/2014

3. Конрад Н.И.Запад и Восток. М., Наука, 1972, с.- 496

4. Шпенглер О. Закат Европы. Минск: Харвест, Москва: АСТ, 2000, с.-1378

Сақтағанова А.Қ.
Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Актерлік өнер» мамандығының 2-курс магистранты, E-mail: sk_arai@mail.ru

АКТЕР ӨНЕРІ МЕН ПОЭТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Резюме. *В данной статье рассматривается проблема преемственности актерского искусства и поэтических сочинений.*

Анализируются постановки, в которых раскрываются особенности актерского искусства ведущих мастеров сцены.

Рассматриваются пьесы писателей, которые имели важное значение в развитии актерского искусства.

Ключевые слова: *Актёрское искусство, мастерство актера, поэзия, поэтическое произведение.*

Summary. *In this article, the problem of continuity of acting and poetic works is considered.*

The productions in which the features of the acting art of the leading stage masters are revealed are analyzed.

Considered are plays by writers who were important in the development of acting.

Key words: *actor arts, the skill of an actor*

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет - ұлттың генетикалық коды» екендігін атап, «Қазақстан мәдениетінің дамуына жаңа импульстар беру керек екендігін» нақты айқындаған [1]. Мемлекет басшысы бәсекелестікке қабілетті мәдениетті ментальді қазақстандықтарды және заманауи мәдениет кластерін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасындағы мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын бекітті.

Елбасы бекіткен мемлекетіміздің мәдени саясатының ұзақмерзімді тұжырымдамасының стратегиялық доминанты «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болып табылады. Ол Қазақстан халқын өзінің бай мәдени мұрасымен және шығармашылық әлеуетімен Қазақстан Республикасының 30 дамыған елдің қатарына кіру мақсатына ойдағыдай қол жеткізуге шоғырлануға үндейді.

Мәдениет - ең алдымен әлемдегі елдердің ұлттық идеологиялары мен ұстанымдарын қалыптастырудың мықты құралы екені анық. Ендеше мәдениет пен өнердің әлемдік өркениетте алатын орны мен атқаратын рөлі, перспективалық даму платформаларының барлығы да ең алдымен ғылыми тұрғыда сараланып, кейін практика жүзінде іске асады.

Адамзат тарихындағы рухани мәдениеттің маңызды саласы - театр сахнасында орындалатын актерлік өнер.

Ахмет Байтұрсынов театр сахнасында өмір шындығының актер өнері арқылы бейнелеуін былайша атап көрсетеді: «Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны өмір жүзіндегідей көрініп көз алдыңнан өтеді» [2].

Актерлік - ата-бабалық салт-дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан бастау алатын өнер. М.Әуезов: "... театр өнеріне елдің салты, ескі өнері беретін жем өте көп... "[3], - десе, К.С.Станиславский бұл өнер дәстүрінің жалғастық ықпалына мән береді: "Актер творчествосының процестері де өзінің табиғи жаратынды негіздері жағынан қарттар үшін қандай болса, жас ұрпақтар үшін де сол күйінде қалмақ [4]." Демек, актерлік өнердің халық этикасы аясында қалыптаса, дами келе өркениеттің даму кезеңдеріне ұласатыны айқындалады.

Табиғи дарын мен қабілет арқылы әбден танымал болған тұлғалар кәсіби актерлікті қалыптастырды. Мысалы: Қ.Қуанышбаев, Ә.Абдуллин, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Қ.Жандарбеков, И. Байзаков, Ә.Қашаубаев, Р.Иманбаев, С.Байгожин, Л.Әшкейұлы, Ж.Оспанов, Қ.Оңғарбаев есімдерін атаймыз.

Фольклор, этнография мұралары, ақындар шығармалары хақында М.Әуезовтін, Ш.Хұсайыновтың, Ы.Дүйсенбаевтың, Ж.Шаниннның, А.Тоқпановтын, Ә.Тәжібаевтын, Б.Құндақбайұлының, С.Қасқабасовтың, Р.Нұрғалиевтін, Қ. Қуандыковтың, С.Қабдиеваның зерттеулерінде қазақ театрының бастау негіздері, қалыптасу, даму тарихы тарихи-мәдени даму заңдылықтары аясында қарастырылды.

Театр қойылымдары хақында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған А.Қадыровтың, Қ.Уәлиевтің, Р.Сейтметовтің, С.Есенқұловтың, Ә.Бөпежанованың және т.б. авторлардың мақалаларында да актерлік өнерді қойылымның тақырыптық мақсаты мен міндеттері аясында бағалайтын пікірлерді кездестіреміз. Көрнекті театр режиссерлері мен актерлері А.Әшімовтің, М.Байсеркеновтың, Д.Тұранқұлованың, Т.Жаманқұловтың, Ә.Рахимов сынды ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қойылымдардың көркемдік деңгейі, тақырыптық-идеялық мазмұны мен актерлік ойындар жан-жақты талданады.

Актерлік өнердің әуелі пайда болуына негіз болған - поэтикалық шығармалар. М.Әуезов: "... ел тіршілігінің дәл өз топырағынан туған кішкене

театрлар кейінгі заманның ірі жазушыларына бет-бағыт белгілеп бергендей болды",-дейді.

Поэтикалық шығармалар мен актер өнеріндегі сабақтасқан жүйеде дамыған актер шеберлік дәстүрі сөз болады. Актерлар тек ұлттық мәдениет аясындағы шығармаларды ғана ойнап қоймай, сонымен қатар басқа ұлттар өмірінен алынған пьесалардағы рольдерді де сомдауда. Мысалы, Н.В.Гогольдің "Үйлену" (режиссер М.А. Соколов) пьесасындағы Кочкарев (актер Е.Өмірзақов), Подколесин (актер Қ. Бейісов), А.Тихонова (актер М.Шамова), Яичница (актер С.Қожамқұлов) бейнелерін сомдауда режиссерлік түсіндірме мен орыс ұлты мінез-құлқын игеру, драмалық және комедиялық ерекшеліктерін қимылмен, сөзбен, бет-әлпет құбылыстарымен бейнелеудің жаңа шығармашылық, ғылыми-әдістемелік тәсілдері игерілді.

Жазушылардың кейбір поэтикалық шығармаларының поэзиялық пьеса ретінде сахналанған қойылымдарын төмендегі кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік:

1918-1970ж. дейін М.О.Әуезовтың поэзиялық пьеса ретінде сахналанған

«Еңлік-кебек» пьесасының қойылымы

р/с	Авторы	Пьесаның аты	Қойылымның қойылған уақыты	Режиссері
1	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1922 ж. 5 мамыр	М.Әуезов
2	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1925ж.қазан	М.Әуезов
3	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1926ж., 10 қаңтар	С.Қожамқұлов
4	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1933ж. , 30 қаңтар	М.Г.Насонов
5	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1944ж., 11 ақпан	М.Әуезов
6	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1957ж., 16 наурыз	Қ.Қуанышбаев
7	М.Әуезов	«Еңлік-кебек» пьесасы	1970ж. 30 наурыз	Ж.Омаров

1918-1970ж. дейін Ғ.Мүсіреповтың поэзиялық пьеса ретінде сахналанған
«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасының қойылымы

р/с	Авторы	Пьесаның аты	Қойылымның қойылған уақыты	Режиссері
1	Ғ.Мүсірепов	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасы	1922 ж. 5 мамыр	Ә.Ысмайылов
2	Ғ.Мүсірепов	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасы	1925ж.қазан	М.Әуезов
3	Ғ.Мүсірепов	«Қозы Көрпеш-Баян сұлу»	1926ж., пьесасы 10 қаңтар	С.Қожамқұлов

1918-1970ж. дейін М.Әуезовтың аударған пьесасы поэзиялық пьеса ретінде сахналанған
В.Шекспирдің «Отелло» пьесасының қойылымы

р/с	Авторы	Пьесаның аты	Қойылымның қойылған уақыты	Режиссері
1	В.Шекспир	«Отелло» пьесасы	1939 ж.23 сәуір	М.В.Соколовский
2	В.Шекспир	«Отелло» пьесасы	1964ж.30мамыр	А.Л.Мадиевский

1918-1970ж. дейін М.Дәулетбаевтың аударған пьесасы поэзиялық пьеса ретінде сахналанған
В.Шекспирдің «Гамлет» пьесасының қойылымы

р/с	Авторы	Пьесаның аты	Қойылымның қойылған уақыты	Режиссері
1	В.Шекспир	«Гамлет» пьесасы	1927 ж.3наурыз	М.В.Соколовский

Қазақ поэзиясының көркемдік негізін құрайтын мұралар – ежелгі дәуірдегі, орта ғасырлардағы, XV–XVIII ғг. және XIX–XX ғасырдағы жаңа жазба реалистік әдебиет дамуының ықпалы ұлттық әдебиетінің жаңа толқынының шығармашылық бағдарын айқындады. Нақтылып айтқанда, қазақ поэзиясындағы хакім Абай қалыптастырған лирикалық өлеңдер мен эпикалық поэмаларды әлем әдебиетінің классикалық деңгейі тұрғысында жазу үрдісі – ұлттық әдебиетіміздің көркемдік сапасын күшейтті, жанрлар жүйесін байытты.

Қазақ поэзиясының XX ғасырдағы көрнекті тұлғалары Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтің, Бернияз Күлеевтің, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлинның, Ілияс Жансүгіровтің, Қасым Аманжоловтың, Хамит Ерғалиевтің, Ғафу Қайырбековтің, Сырбай Мәуленовтің, Жұбан Молдағалиевтің, Төлеген Айбергеновтің, Мұқағали Мақатаевтің, Жұмекен Нәжімеденовтің және т.б. олардан кейінгі толқын ақындардың шығармалары поэзиясындағы лирикалық және эпикалық шығармалар жазу үрдісін көркемдік-эстетикалық биіктікке көтерді. Қазақ өлеңі – XX ғасырда хакім Абай дәстүрінің кең өрісі жалғасқан поэтикалық қуатын дәлелдеді.

Қазақ поэзиясындағы азаматтық лирика жанрындағы шығармалардың даму жолы халқымыздың көп ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымен сабақтас сипатымен ерекшеленеді. Байырғы түркі өркениеті жазба ескерткіштері, орта ғасырлардағы Қазақ хандығы (XV–XVIII ғг.) кезеңіндегі XIX ғ. және XX ғасырдағы мұралар – бәрі де кейінгі әдеби дамудағы азаматтық-отаншылдық сарындағы шығармалардың көркемдік негізі болды. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының азаматтық сарынмен толыға, толыса жырлануында осындай дәстүрлі көркемдік жалғастық тағылымын көреміз.

XX ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақ поэзиясы әдебиет алыптары қалыптастырған азаматтық-отаншылдық сарын жырларын классикалық деңгейге көтере дамыта түсті.

«Сондықтан өлең, яғни поэзия – көрікті қыздың көгілдір аспандай тұңғиық көзінің сәулесі, мәрмәр иығына төгілген бұйра шашының толқыны, сиқырлы сөзінің музыкасы, сұңғақ сымбатының мінсіз мүшелері, сұлу қозғалысының ғажайып сиқыры. Поэзия – қайратты жігіттің отты көзі, ерен ерлігі, аспан мен жерді жалынды құшағына сыйдырмақ болған өмірге деген талабы. Поэзия ұйығандай, құйылғандай орныққан, өз еркін әбден билеген, өмір үшін жетіккен, тәжірибесімен шыныққан, рухани күші теңескен ер қуаты[5]»,- дейді Д.Тұранқұлова.

Ұлттық актерлік өнердің кәсіби жолға бет бұруына тәжірибелі маман режиссерлердің шақырылып актерлерге жаңа тұрғыда спектакльдер қоюы мен ұстаздық етуінің ықпалы зор болды. Олардың режиссерлік ізденістері мен енгізген тәсілдері К.С.Станиславский жүйесінің негізінде болды. Маман режиссерлер қазақ актерлеріне ұлттық классикаларға қоса орыс және шетел классикаларын да қойды. Қазақ актерлері өзіне ұлт өкілдерінің пластикалық қимыл-қозғалыстарын, мінез-құлықтарын, әдеттерін, бітім-болмыстарын зерттей отырып актерлік шеберлік деңгейлерін кеңейтті.

Сонымен, қазақ театр труппасының алдына қойылған шығармашылық мақсат тек орыс, батыс пьесаларын қоюмен ғана шектелу емес, әсіресе актерлердің кәсіби деңгейін көтеру-көркемдік мәселелерін шешу басты міндет болды.

Тұжырымдай келе айтарымыз қазақтың актерлік өнері басқа ұлттардың актерлік өнері тәрізді көне фольклорларымызды, ғұрыптарымызды, ойын-сауықтарымыз бен әзіл – қалжыңдарымызды орындаушылардың табиғи өнерінен бастау алып дүниеге келді. Алғашқы орындаушы-өнерпаздар өздерінің суырып салмалық табиғи дарындарымен, орындаушылық ерекшеліктерімен тамаша әнші-күйші өнерлерімен қазақтың алғашқы актерлік өнер түрінің дамуына ықпал етті.

Қорыта айтқанда, поэтикалық шығармалар актерлік өнердің шеберлік деңгейіне жетуіне ықпалы зор болды деп айтуға негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, Астана, 2014

2. Байтұрсынов А. Ақжол: - Алматы: Жазушы, 1991. - 463 б.

3. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазмемкөрәдеббас, 1962. - 28-8 б.

4. Станиславский К.С. Менің искусстводағы өмірім. - Алматы: Қазмемкөредеббас, 1954. - 650 б.

5. Тұранқұлова Д. Сахна тілі.Жоғары оқу орындары театр өнері факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: Білім, 1998.-208б.

УДК 792.03(574)

Еркебай Анар Саимжанқызы
өнертану кандидаты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
aerkebaj@bk.ru

ӨСКЕМЕН ТЕАТРЫНЫҢ ОРЫС ТРУППАСЫНЫҢ БҮГІНГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Түйін. *Мақалада Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының орыс труппасының тәуелсіздік жылдарындағы репертуарлық саясаты қарастырылған. А.Цагареллидің «Ханума», А.С.Пушкиннің «Пушкинді ойнаймыз», М.Ладоның «Қарапайым оқиға», А.Н.Островскийдің «Бальзаминовтың үйленуі» қойылымдары талданды. Әр спектакльдің режиссерлік интерпретациясы, актерлік ойыны мен сценографиясы зерттелді. Сондай ақ, Қазақстандағы орыс театрларының жалпы мәселелері қарастырылды.*

Кілт сөздер: *Орыс театры, режиссер, классика, репертуар, актерлік ойын, драматургия, классика.*

Резюме. *В статье рассматривается репертуарная политика русской труппы Восточно Казахстанского областного театра драмы им. Жамбыла в годы независимости. Анализируется спектакли «Ханума» А.Цагарелли, «Играем Пушкина» А.С.Пушкина, «Очень простая история» М.Ладо, «Женитьба Бальзаминова» А.Н.Островского. Исследуется режиссерская интерпретация, актерская игра и сценография каждой постановки. А также общие проблемы русских театров Казахстана.*

Ключевые слова. *Русский театр, режиссер, классика, репертуар, актерская игра, драматургия, сценография.*

Summary. *In this article, the author considers the Russian troupe repertoire policy of the East Kazakhstan regional theater of drama named after Zh.Zhabayev in the years of independence. The author examines the performances «Khanum" by A.Tsagarelli, "Let's play Pushkin" by Alexander Pushkin, "Very simple story" by M.Lado and "Bal'zamin's marriage» by Alexander Ostrovsky. The author analyzes the director's interpretation, acting and scenography of each production. As well as the general problems of Russian theaters of Kazakhstan.*

Keywords. *Russian theater, directing, classic, repertoire, acting, dramaturgy, scenography.*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында орналасқан Жамбыл атындағы драма театры Қазақстанның көне шығармашылық ұжымдардың бірі. Сексен жылдық тарихында театр басынан талай қиындықтарды, жетістіктер мен кемшіліктерді өткізді. 1936 жылдың қаңтарында ашылған күннен бастап бүгінгі таңға дейін театрдың репертуарында қазақ, орыс, шетелдің классикалық драматургиясы мен қатар заманауи пьесалар да өз орнын тапты.

Тәуелсіздік жылдары театр өз репертуарын кеңейтіп, түрлі жанрдағы, түрлі елдердің дүниелерін сахнаға шығаруға бар күшін жұмсады. А.С.Пушкиннің «Кішкентай трагедияларын» (реж. В.Бутаков), Э. Де Филиппоның «Де Приторе Винченцо» (реж. О.Маципуло), Ф.Достоевскийдің «Ағатайдың түсі» (реж. Т.Баева), П.Макаеноктың «Трибунал» (реж.О.Маципуло), Г.Гориннің «Атың шықпаса..» (реж. О.Маципуло), А.Рейно-Фуртонның «Месье Амадей» (реж. А.Воронин), А.Цагареллидің «Ханума» (реж. Т.Баева), Б.Акуниннің «Шағала» (реж. О.Маципуло), А.Сухово-Кобылиннің «Кречинскийдің тойы» (реж. О.Маципуло) т.б. пьесаларды сахналады. «История театра – это история его этапных спектаклей» [1. 67] – дегендей, біз ұжымның соңғы жылдарында қойылған кезеңдік қойылымдарына тоқталуды жөн көрдік.

Өскемен сахнасындағы 2006 жылы қойылған «Пушкинді ойнаймыз» қойылымы елеулі оқиға болды. Спектакль режиссері Татьяна Баева. Ол орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің «Боран» және «Барышня-крестьянка» повестерінің идеясын бүгінгі күн талап-тілегімен тікелей ұштастыра отырып спектакльді өмірдің өзіндей қарапайым да нанымды етіп сәтті сахналады. Режиссер автор жазып кеткен дәуірдің, ортаның атмосферасын дәл анықтаған.

Екі повестің сахналық жүйесін түсіріп, әрі сахнаға қойған Т.Баева мен декорациялық көркемдеуін жасаған талантты театр суретшісі В.Лукьянов шығармашылық ойлары бір жерден тоғысып, спектакльдің көркемдік тұтастығы берік сақталған. Режиссер қойылымның кеңістік шешімін ойдағыдай тапқан, онда кейіпкерлердің үйлесімді қимыл-қозғалысына мүмкіндік туады. А.С.Пушкин суреттеген атмосфера кейіпкерлердің дүниетаным, қимыл-қарекеттерімен қоса спектакльдің жалпы тынысы – танымал композитор Г.Свиридовтың музыкасы аша түседі. Режиссер кейіпкерлердің ешқайсысын көзден таса қылмайды, барлығы өз кезегінде алма кезек ауысып бірінші планға шығып отырады. Сонымен қатар әр актер бірнеше рольді орындап жүр.

Қойылымның бірінші көрінісі «Боран» повесінің инсценировкасымен басталады. Басты кейіпкер Маша (Н.Снегирева) бай помещиктің

жалғыз қызы. Оның сұлулығы мен байлығына қызығып жүрген жігіттер баршылық. Бірақ Маша кедей прапорщик Владимирді (А.Егоров) жақсы көреді. Владимир да өзінің махаббатын айтып, қызды алып қашуға бел байлайды. Ұзақ келіспеген Маша да ақырында қашудан басқа жол жоқ екенін түсінеді. Қашатын түні Владимир көрші деревнядағы пірәдармен келісіп, куәгерлерді іздеп жүргенде дала боранданып жолынан адасып, шіркеуге тек таңатқанда жетсе, ол жабық тұрады.

Ал Маша болса уәделескен шіркеуде оны күтуде. Осы мезетте келді деп киімге оранған жігітті кіргізіп, екеуіне еш ойлануға мұрша бермей, пірәдар некелерін қиып жібереді. Тек содан кейін ғана бір-бірінің бет-әлпетіне үңілгенде Маша Владимир деп тұрғаны мүлдем бейтаныс жігіт екенін көріп талып түседі.

Ертеңінде Маша үйінде ауырып қалады. Оның ауыруының төркінін үйдегілері түсінбейді. Біраз уақыт өткеннен кейін қалаға соғыстан адамдар орала бастайды. Солардың ішінде гусардың полковнигі Бурмин да бар еді. Ол Машаның үйіне жиі келе бастайды. Екеуінің бір-біріне деген ынтықтығы сөзсіз көрініп тұрды. Бірақ екеуін де бір-біріне әлдене бірдеме жібермей тұрған тәрізді көрінеді. Бір күні бақша аралып жүргенде Бурмин шыдамай Машаға өз махаббатын айтады. «Бірақ менің әйелім бар. Және мен оның кім екенін де білмеймін» деп қынжылады. Қыстың боранды күні бір деревнядағы шіркеудің ішіне кіріп кетіп, сонда бейтаныс қызбен некелескенін айтады. «Ах, бұл сізбе едіңіз!» – деп Маша оның құшағына құлай кетеді.

Осы оқиғаның барлық авторлық текстін актерлер алма кезек өздері айтып жүреді. Машаның мінезінің, ішкі жан-дүниесінің өзгеруін Н.Снегтрева дәлме-дәл жеткізе білді. Басында еркетотай, көңілді, алғашқы махаббаттан, бақыттан басы айналған қыз болса, боранды түндегі оқиғадан кейінгі сахналарда үн-түнсіз жүруі, ақырын ғана жимиып сөйлеуі арқылы Машаның өміріндегі өзгерістерді байқатады. Ал, А.Егоровтың орындауындағы Владимир, Машаның өзінен көрі, байлығына деген қызығушылығын көрсетеді. Бұл ашық түрде айтылмағанымен де, Владимирдің Машаға деген махаббатын айтқанда да тездетіп сөйлеп құтылып кеткісі келетіндей қимылдар жасауы, ең бастысы оған тездетіп үйленгісі келетінін актер шапшаң қимылдарымен, жалтақтап қараған көздерімен нанымды жеткізді.

Қойылымның екінші көрінісінде А.С.Пушкинің «Барышня-крестьянка» повесі ойналды. Көрші помещиктің қаладан келген ұлы Алексейді көру үшін Лиза шаруаның қызы болып киініп алып, деревнядағы ұстаның қызы Акулинамын деп танысады. Екеуі бір-бірін ұнатады. Бірақ Лиза көрші помещиктің қызы екенін жасырып жүреді. Әкелері бір-бірін үйлендіреміз дегенде де Алексей қарсы болып, ішінен тек Акулина болып танысқан Лизаны ойлап әуреленеді. Атастырған Лизаның өзіне басқа қызды сүйетіндігін айтуға келген Алексей өзінің Акулинасын кездестіреді.

Лиза – Акулина роліндегі Н.Коровина бойжеткеннің өмірге деген қызығушылығын, құштарлығын, әрдайым бейқам күліп, асыр салып жүгіріп, қасындағы қызметші қыз Настяға өзінің құрбысындай сырласуы арқылы толыққанды жеткізген. Әсіресе, Алексей танып қоймасын деп өзінің ағылшын тілінің ұстазы, кәрі қыз мадам Жаксонның киімін киіп, опасын жағып шығуы балалық қылықтардан арылмағандығын көрсетеді. И.Снегиревтің орындауындағы Алексей де помещиктің баласы бола тұра өзін қарапайым ұстауы, өзі ойлағандай «қарапайым шаруа» қызы Акулинаға деген шынайы махаббаты жүріс-тұрысынан, жанып тұрған көзқарасынан байқатады. Өзінің ақсүйектігіне қарамастан, әкесінің өзінен бас тартатынын біле тұра шаруа қызына үйленбекші болуы да көрерменді немқұрайлы қалтырмайды.

Қойылым театрдың жас режиссері Т.Баеваның спектакль қоюдағы өзіне тән қолтаңбасын аңғартады. «Я не стала идти по пути некоторых режиссеров, которые, стремясь соблюсти историческую достоверность, просто иллюстрируют эти произведения костюмами и декорациями, передающими ту эпоху. Для меня важна история самих пушкинских персонажей. Ведь там есть все, чего не хватает современной драматургии – любовь, вражда, дружба, страсть и темперамент» [2] – деп режиссердің өзі айтқандай, біз оның А.С.Пушкин стилін дұрыс тапқанын, жазушы сипаттаған кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын боямаламай-ақ, өткен дәуірдегі әлеуметтік қайшылықтар мен адамдар бойындағы руханилықты спектакльдің өзегі еткенін көреміз. Сондықтан да көрермендер Пушкин заманының жастарының махаббат машақаттарын көріп қана қоймай, өз өмірлерінің мән-мағынасы туралы кеңінен толғай алды.

Спектакльге қатысушы актерлардың барлығы да Александр Сергеевич Пушкиннің кең ауқымды ойын терең түсініп, лиракасын дөп басып өздерінің актерлік ерекшеліктеріне қарай әрекет жасады. Көріністің екеуі де Пушкин дәуірінің жастары жиналып алып ойын көрсетпекші болғанымен басталады. Сахнаға үлкен сандықты алып шығып, ішінен шығарған бір-екі заттың көмегімен (орамал, көзілдірік, фуражка, т.с.с.) кейіпкерінің бейнесіне еніп ойын бастап кетеді. Режиссер ой-тұжырымының тұтастығы, екі шығарманы өз қолымен пьесаға айналдырып, жан-жақты ізденудің нәтижесінде қойылымда орташа бейнеленген кейіпкер жоқ. Театрдың көрнекті актерлары Н.Снегирева (Маша мен мадам Жаксон), И.Снегирев (Бурмин мен Алексей), А.Егоров (Владимир мен Берестов), Е.Пятов (Гаврила Гаврилович пен Муромский), Д.Тюлебаева (Прасковья Петровна

мен Настя), Н.Коровина (Лиза мен қызметші қыз) ойыны қойылым көркіне көркемдік қуат берді. Бәрі де сахналық кескін-келбеті дәл табылған, актерлердің мол ізденісінен туған бейнелер.Бір-бірімен жымдасқан артистер ансамблі сахналық мәдениеттілікті аңғартып, өрелі өнерпаздық мүмкіндіктерінің мол екенін танытты. «Пушкинді ойнаймыз» қойылымы театрдың күрделі классикалық шығарманы меңгерудегі кезеңдік табысы болып қалды.

Сондай ақ, театр ұжымы Мария Ладоның «Қарапайым оқиға» пьесасының әлеуметтік, философиялық маңызын көрермендерге жеткізе алды. Комедиялық оқиғалар мен үй жануарларын сөйлетуі қойылымның сәтті шығуына да негіз болды.

Бүкіл оқиға мал қорасында өтеді. Сестричка атты кәрі жылқы, сиыр Зорька, шошқа, әтеш, ит Крепыш қожайындарының өміріне өз көзқарасымен қарап, Дашка мен Алешканың махаббатының куәгері. Олар адамдардың арасында өмір сүргенімен де, көп заттар мен сөздерді толық түсінбеушілігі де күлкі тудырады. «Ақша», «түсік» деген сөздердің мәнін түсіну үшін де көп ойланып, бір-бірімен дауласып өмір кешуде. Малдарға түсінікті нәрселерді адамдардың қиындатып, содан проблема жасауы да түсініксіз оларға. Дашка мен Алешка бір-бірін жақсы көрсе бірге болу керек олардың ойынша. Ал, Дашканың аяғы ауыр екенін білгенде мал қорада кәдімгідей той болады. Режиссер С.Астраханцевтің шешімі бойынша малдар өздерімен-өздері қалғанда ғана адамша сөйлеп, ойларын білдіріп отырады. Ал қожайындары қораға кірген кезде үй жануарларының бүкіл іс-қимылдары адамдардың көзіне үйреншікті көрінетіндей бола қалады. Басын анда-санда шайқаған жылқының, күйісін шайнаған сиырдың, қор-қор еткен шошқаның қорадағы тіршілігі жүріп жатады.

Шошқаның ролін ойнаған Н.Коровина кейіпкердің ішкі дүниесін ашатын түрлі әрекеттер тауып, өмірдің философиясының мәнін тереңдетіп, өзіндік бояуларымен өрнектегені спектакльдің сәтті шығуына негіз болды. Оның бар арманы қораның сыртына шығу, өзенді көру. Қожайыны оны сойуға әкетіп бара жатқанда, «Қожайыным мені жақсы көреді! Ол мені қыдыртуға әкетті!» деп мәз болуы, өз қуанышын бәріне жеткізу үшін адамның аяғының астында секіруі арқылы актриса шошқаның мінезін дәл көрсеткен. Сахна сыртынан Шошқаның ащы дауысы шыққанда, азық үшін сойылып жатқанын біле тұрса да көрерменнің жүрегі бір түршігеді.

С.Степанованың орындауындағы Сиыр көп нәрсеге араласпай, болашақ бұзауын ойлап, ішін сипалап жүруі де қызықты. Ал екінші көрініс те бұзаулы болғанда оны кәдімгідей жалап, сипап нағыз аналық мейірімді көрсетеді.

Крепыш атты итті сомдаған А.Латфи кейіпкерінің мінезін ашатын дәлме-дәл детальдарды керемет тапқан. Асыр салып жүгіріп кіруі, сөзін аяқтамай жүгіріп шығып кетуі, ауладағы бүкіл өсек-аянды қорадан шыға алмай отырған малдарға жеткізуі әсерлі. Жүгіріп жеткенше айтар ойын ұмытып қалып, «қазір келем!» деп қайта шауып кетуі, итше қыңсылап, қожайындары қораға тамақ әкелгенде аяқ астыларына оратылып нағыз иттің психологиялық әрекеттерін дәлме дәл жеткізген.

Ал, Әтеш рөліндегі А.Егоров та дұрыс бағыт ұстаған. Актердің сырттай әсем де маңғаздау жүріс-тұрысы, кеудесін көтере сөйлеуі Әтештің өзін-өзі жақсы көретіндігін, бүкіл адамзатты оятатын менмін деп пандануы нанымды. Сол сияқты жалғандық пен шындық туралы ой жарыстырып, өмірдің мәні туралы терең толғаныстарға баратын Жылқыны ойнаған Сатиннің бейнесі де спектакльдің жетістігі саналған. Малдардың бәрі ақыл сұрап, сұрақтарына жауап та іздеп соған барады. Өйткені жылқы көпті көрген, ұзақ жасаған, сонымен қатар, қожайын да оны ерекше жақсы көреді.

Режиссер С.Астраханцев пен суретші В.Лукьянов сахна кеңістігін ұтымды пайдаланып, спектакльдің сахналық үлгісін сәтті тауыпты. Сахна төріндегі үлкен мал қорасы кәдімгі деревняның қарапайым тұрмысын суреттейді. Адамдардың өмірі сол қораның ар жағында өтіп жатады. Малдарға үлкен өмірдің тіршілігі тек дыбыстар арқылы жетеді. Дашка мен Алешканың махаббаты сол қораның төбесінде үйіліп тұрған шөптің үстінде өрбісе, әр жануардың өмірі өзіне лайықты, еңбекқор қожайынның жасаған шарбағының артында суреттеледі.

Режиссердің айтар негізгі ойы – мал қорада қамалып отырған жануарлар, қожайындарының ұрыс-керісіне қарамастан солардың өмірі үшін, бақыты үшін өз өмірлерін беруге дайын жандар.

М.Ладоның әйгілі «Қарапайым оқиға» комедиясы – Өскемен театрының сахнасындағы сәтті қойылымдарының біріне айналды.

Театр репертуарынан белді орын алып тұрған шығарманың бірі XIX ғасырдағы орыс өмірінің шындығын өз пьесаларында асқан шеберлікпен суреттеп берген А.Н.Островскийдің «Бальзаминовтың үйленуі» комедиясы. Театрдың бас режиссері А.Воронин қойылымда байлық соңына түскен пенделердің әрекеттерін бүгінгі күнмен астастыра бейнелеуге талпыныпты. Театр Островский стилистикасын, көркемдік ерекшелігін дұрыс түсініп, пьесаның сахналық тарихын барлаудан көп жайды аңғарған. Режиссер байлық пен жарлылықтан туындайтын адамның пасық сыр-сипаттын ашуға, соның сахналық баламасын суретші Н.Зинченкомен бірге қарастырған. Жеке рөлдерге берілген түсініктеме жалпы спектакльдің ой-тұжырымына бағындырылыпты.

Байыпты ізденістің нәтижесінде «Бальзаминовтың үйленуі» сол дәуірдегі интеллигенцияның бұрынғы мұрат-арманының үзілуінен күйінішке душар болуын, күйреуін суреттейтін спектакль болып шыққан.

Орыс труппасының жас актері В.Ястребов Михайло Дмитрич Бальзаминовтың сахналық бейнесіне терең бойлаған. Орындаушы, ең алдымен рөлдің сахналық суретін дәл тапқан. Сырттай өзін еркін ұстауға ұмтылған Бальзаминов – Ястребов ақылының таяздығын, өзінің түріне қарамастан бай қалындық іздеуін шынайы суреттеген. Актер автор материалын жан-жақты қарастырып, бейне жасауға қажеттілерін қалт жібермей, ізденімпаздылықпен пайдаланған. Өзін қоршаған ортаға паңдықпен қарауы, пасық ойымен өзін кереметпін, әдемімін деп есептеген Бальзаминовтың мінезі актер ойынында терең ашылған. Үсті-басын күтіп, шолжаңдаған Бальзаминовтың сахнадағы әрбір әрекеті күлкі тудырып, оның сырты жылтыр, қуыс кеуде тартымсыздығы айқындала түседі. Актер әдейі әсерлеу әдісін көркемдік өлшеммен қолданады. Бальзаминов бейнесі – жас орындаушының шығармалық сапарындағы мол ізденісі, актер шеберлігінің мүмкіндігін танытқан күрделі жұмысы.

Мұнан басқа спектакльдің көркемдік сапасына өзіндік үлес қосқан Т.Воронина (Бальзаминова), А.Латфи (Красавина), М.Соколова (Ничкина), Н.Коровина (Капочка), т.б. ойындарын атауға болады. Бұлар өз кейіпкерінің комедиялық болмысын өздерін қоршаған орта, әлеуметтік болмыспен тығыз байланысын терең түсінген. «Режиссердің басты міндеті – автор идеясын, көркемдік нысанасын ашу. Бұл – еш уақытта өзгермейтін аксиома» [3. 304] – деп Б.Құндақбайұлы айтқандай, А.Н.Островский стилистикасы мен көркемдік ерекшелігі спектакльдегі орындаушылар өнерімен қатар, көпшілік сахналарда, жекелеген көріністерде де сақталып, тұтастық тауыпты.

Бүгінгі репертуардағы дүниелердің көбісі тап бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп, замандас бейнесін көрсететіндігі қуантады. Көңілге қонымды жәйттердің бірі Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының әрдайым сахнада еш жерде қойылмаған дүниелерді игеріп, әркез тың шығармаларды қоюға құштар. Мәселен, В.Сигаревтің «Детектор лжи» (режиссері А.Воронин), Б.Акуниннің «Инь мен Янь» (режиссері О.Маципуло), А.Кассонның «Жабайы» (режиссері О.Маципуло), Р.Хоудонның «Тамаша той» (режиссері А.Воронин) т.б. спектакльдері соның куәсі.

Тәуелсіздік кезеңдегі театр репертуарында әртүрлі жанрдағы қойылымдар ұсынуға күш салынған. Алайда біздің байқауымызша соңғы 25 жылда ұлттық классикамыздың сахнада қойылуына аса мән берілмесе керек. Қазақ драматургиясының озық үлгілері өзіне лайықты деңгейінде көрініс таба алмай келеді. Олай дейтініміз бар болғаны режиссер Е.Сидоров қойған Д.Исабековтың «Ректордың қабылдау күндері», О.Бөкейдің «Қар қызы», С.Жаңайдаровтың «Мәңгілік қаңғу туралы», М.Әуезовтың «Еңлік – Кебек» көркемдік сапасы төмен болғандықтан сахнадан ерте түскен спектакльдер. Тек сахналық өмірі ұзақтауы болғаны – Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» қойылымы ғана.

Өскемендіктердің осы айтылған спектакльдерінен тың ізденісті, күрделі шығармаларды өзінше барлау бағдарын байқауға болады. Театрдың шығармалық батылдығын, актерлер шеберлігін классикалық дүниелерді меңгеру үстінде ұштау ниетін қолдаймыз. «Сложные связи классического произведения с жизнью, его породившей, должны быть раскрыты театром возможно полнее и глубже. Но это должно служить не целью, а лишь средством выявления связи прошлого с настоящим. Надо заставить прошлое служить сегодняшним задачам» [4. 120] – деп әйгілі режиссер Г.Товстоногов айтқандай классикалық шығармалар актер мен режиссер нағыз көркемдік өлшем, театрдың кәсіби деңгейін анықтайтын құбылыс. Дегенмен де, Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының орыс труппасы көрсеткен спектакльдер әлі көп ізденуді қалайды. Әрине, біздің күткеніміз мол еді. Сексен жылдық тарихы бар театрға қойылар талап та жоғары болатыны даусыз.

2000 жылы театрда қазақ труппасы ашылған күннен бастап екі ұжым бірге отауласып келеді. Қазақ театры бөлек отау құрамыз деп үміттеніп еді, ол іске аспады. 2015 жылы екі труппа да жаңа салынған ғимаратқа көшірілді. 2016 жылы сол ғимаратта үшінші ұжымның – Жастар театрының тұсауы кесілді. Үш ұжымға бір сахна, бір репетициялық зал – бұл да шығармашылыққа өз зардабын тигізіп отыр. Дегенмен де, театр ұжымы, орыс труппасы, не қазақ труппасы болсын жұмыстарын бір минутқа да бәсеңдетпей, қала тұрғындары мен қонақтарын өз өнерімен сүйсіндіруде.

Бүгінде Өскемен театрының орыс труппасы алар асуы биік, шығармашылықтың шыңында тұр. Десек те театрдың осы таңдағы көкейкесті проблемасына айналып, кем соғып тұрғаны – кадр мәселесі, ұжымды жаңа актерлермен толықтыру, театрға жаңа серпін, жаңа леп беруде болып отыр. Бүгінгі таңда елімізде өнер адамдарын дайындайтын жоғарғы оқу орындары бар болғанымен, орысшы бөлімдер жабылғандықтан, облыстық орыс театрлары үшін кадр мәселесі үлкен мәселенің біріне айналды. Сондықтан олар ән мен биге, сахнаға, жалпы өнерге жақындау тұрған жергілікті жастарды труппаға қабылдауға мәжбүр болып отыр. Жоғарғы білімдерін көбінесе Ресейдің оқу орындарында сырттай бітіріп, өз біліктерін жоғарылатып, өңірлеріндегі өз ұлтының театр өнерін

жоғалтып алмау үшін аянбай тер төгіп жүргендері құптарлық іс.

Осы кезеңдегі Өскемен театрының орыс труппасының қойылымдарында түрлі режиссерлік бағдарларға қарамастан бірінші кезекте ойын-сауық пен түрлі стильдегі театрлық эффектілердің басымдырақ болуы айқындалды.

Қойылымдардағы дәстүрді ұнатып, мұраны бағалаушы сахна шеберлеріне өздерінің алдыңғы қайраткерлердің тапқан үлгілерін өңдеп жетілдіру қызықтырады. Эксперимент пен авангардқа жақындау режиссерлер үшін өнердегі жаңа тіл, жаңа көзқарасты іздеу жолдары толғантады.

Ал, қазіргі театрдың басты талабы – қажетті де тікелей әсер беру, өйткені қуатты да таңдаулы әсерлердің көмегімен ғана көрерменді қызықтыруға болады, сонда ғана театр телевизиямен, видеомен, Интернетпен бәсекеге түсе алады. Сондықтан, республикамыздағы ең көне театрларының бірі – Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрын әлі биіктерден көреміз деген үмітіміз зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сценическое искусство народов Казахстана. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 520 б.

2. Мустафин С. «Играем Пушкина» // Рудный Алтай. – 2006 – ноябрь – 16.

3. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғау. – Алматы, 2006. – 320 б.

4. Товстоногов Г. Зеркало сцены. – Кн.1. О профессии режиссера. – Л., Искусство, 1984 – 304 с.

Kazybekova Zhaidargul Almasovna
candidate of art history, lecturer of T.Zhurgenov Kazakh National Art Academy
e mail: jaidafer-80@mail.ru

ANNOTATION (ABSTRACT) OR «REPLICA» OF INTERESTED READER

Summary: *The article is devoted to the review of the monograph "The traditions of the controversial art", where through the analysis of the works of composers of Kazakhstan for the opera house – "Kyz Zhibek" and "Ayman-Sholpan" E.G.Brusilovsky, "Becket" A.A.Zilbera, "Zhambyl and Aykumys L.A.Hamidi "Birjan and Sarah" M.Tulebaeva, "Ablai khan" E.Rahmadieva – revealed implementation process of the national traditions of the controversial art, like folk and national professional.*

Резюме: *статья посвящена обзору монографии «Традиции состязательного искусства», где через анализ произведений композиторов Казахстана для оперного театра – «Кыз Жибек» и «Айман-Шолпан» Е.Г.Брусиловского, «Бекет» А.А.Зильбера, «Жамбыл и Айкумыс» Л.А.Хамиди, «Биржан и Сара» М.Тулебаева, «Абылай хан» Е.Рахмадиева – раскрывается процесс претворения национальных традиций состязательного искусства, как народных, так и народно профессиональных.*

Түйін: *мақала "Жарыс өнерінің дәстүрлері" («Традиции состязательного искусства») атты монографияға шолуға арналған. Мұнда Қазақстан композиторларының опера театрына арналған шығармалары талданады – «Қыз Жібек» және «Айман-Шолпан» Е.Г.Брусиловский, «Бекет» А.А. Зильбер, «Жамбыл мен Айкүміс» Л.А.Хамиди, «Біржан мен Сара» М.Төлебаев, «Абылай хан» Е.Рахмадиев – халық және халық кәсіби жарыс өнерінің ұлттық дәстүрлерінің жүзеге асырылу процесі ашылады.*

Appeal to the tradition of controversial art as a problem in musicology, of course: in general, it has saved the best classical traditions of the Kazakh national song art and music.

The reviewed work is the result of scientific and creative search (saturation of theoretical positions) in identifying new materials (distinguished by the breadth of coverage of evidence), archival documents by the author, organizing text options of different character (attracting a rich source of literature), that are relevant to a problem, which allowed the author to write serious research.

The structure of collection is clear and concise. The introductory (the opening) speech of Rose Dzhamanova attracts by its lyrical intonation. In the preface (or rather «Instead the preface») that is in compressed form reveals the content of the work. Six analytical essays devoted to a highly artistic samples of opera that are carefully selected, but also to those one that has not been studied enough, they are followed by an extensive list of references and application that confer significance to a collection. There is a right focus in the presented «text fragments in the translation of libretto», the significance of which is, of course, to reflect the sense of drama operas that provides an accurate reading of the coverage of the whole as to musicologists, and for the singers. “Tables” of great interest done by the author, shows a detailed analysis of the work Aspects of different analysis allow full picture to present as a whole and identify as an individual, and it can be seen as a quite time-consuming and extremely laborious kind of creativity, demanded from the researcher a wide musical erudition, and given “Musical examples” allow an enviable auditory view.

The summary in Kazakh and English languages complete the research.

Allow to stop on the most important aspects of the study.

Lyric-epic and poetic opera "Kyz Zhibek" of E.G.Brusilovsky.

The author highlights the "undiscovered layers of artistic sense" [p.5], focusing on the discovery of "meaningful horizon" [p.6] of opera, cycling conversational episodes, author remarks, the author's text, "the movement of the story" [p.8].

It is argued that the opera genre in its "skeleton" is a "matchmaking Batyr» [p.8].

There is a bright scene of parallel with the development of the eternal theme – «theme of triangle: she-he-rival». In Figure 1, a clear dynamic of this "triangle" is reflected in the three interactions – "She", "She and the opponent", "Her and him" [p.10]. The number "three" runs the entire outline of the opera that is reflected in the plot of the action, which takes place in three locations – in the village of Zhibek, Tolegen in the camp of Bekezhan; in tests of rival suitors is competition in accuracy, and a verbal dispute, "the fight." This theme continues in the disagreements between tribes (Alta shekty – Argyn – Zhagalbayly) (see Figure 3.). Further, the author also mentioned three main climax of the story [see. p.24].

Aitys (verbal and written competitions)-scene-test is carefully considered in detail, their genre affiliation interspersed with other elements of speech. Where previously observed 3 types aitys associated "with the expression of different feelings," [see. s.10-11]. Aitys in the opera is the main factor in the development of "dramatic and compositional principle" [p.13].

Photo illustrations of this essay contains rare footage – young E.Brusilovsky; not frequent image of G.Musrepov; pages published the play in 1935

(the inscription in Latin); scene from an opera, 1936; footage from the movie and the role N.Usenbaeva Zhibek. This work could serve as a layer of some kind of "story in the documentary footage."

Appendix (s.133-141) where the translation is given for a poetic text of the analyzed scene, at first glance, may seem superfluous, but a momentary acquaintance with them creates a more comfortable environment (available content and semantic load of text Kazakh-Clavier).

Table 1. Composite features of "Kyz Zhibek" opera [see. s.152-153], where the actions are given in details, the author's scene detection, tempo notations, author's remark, actors, text material, dial plan, quoted by the musical material, the proposed breakdown of the scenes, is a truly treasure trove for conductors, and for performers. Musical numbers - № 1-4.

Genre processes, "Ayman - Sholpan" E.G.Brusilovsky

Мақал-мәтелдер – өмірдің өзі сияқты өте күрделі құбылыс, сондықтан мақал-мәтелдерден қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын, сан ғасырлық тәжірибесін көруге болады. Мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы болумен қатар, тәлімгерлік рөл де атқарады. Сонымен қатар, тілдің байлығы, сұлулығы және өткірлігі бір халықтың мәдени мұрасы болып табылатын мақал-мәтелдерде анық көрініс табады. Академик Әбдуәлі Қайдаров мақал-мәтелдер жайында туралы «Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер – тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсальдық құбылыс» -деп тұжырым жасайды [1, 1].

Профессор Өмер Асым Аксой болса, мақал-мәтелдерге төмендегідей сипаттама береді: “Мақал-мәтелдер аталарымыздың тәжірибелерінен, тағылымынан туындаған ой-түйіндері мен даналық ой-пікірлері, қысқа да нұсқа ой үзіктері. Мақал-мәтелдер аз сөзбен көп нәрсе жеткізетіндігімен ерекшеленіп, мазмұн-мағынасымен де, тақырыптарымен де бізді баурап алып кететін айрықша қасиетке ие [2, 36].

«Мақал-мәтелдер – бір ұлттың өмір өзені, ақыл кені, мәдениеті мен тұрмысының мәйегі. Ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдеріміз – кешені бүгінге, бүгінді ертеңге ұштастыратын ата-бабаларымыздың мұрасы» [3, 35].

Халқымыз «Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің дәмін келтіреді», «сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» деп тегін айтпаған. «Мақал-мәтелдер – этноспен бірге дүниеге келіп, сонымен бірге ұзақ жасайтын, соның рухани қажетін өтейтін өміршең құбылыс. Мақал-мәтелдерді дүниеге келтіру, объективті болмыс туралы логикалық, философиялық пайымын, ой-толғаныстарын, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімі сияқты құндылықтарын ментальдық тұрғыдан қабылдап, бейнелі түрде, қысқа да нұсқа етіп айта білу – тек сол ұлт өкілдерінің мүмкіндігіне байланысты ерекше құбылыс» [4, 32].

Мақал-мәтелдер ықшамдылығымен, ой дәлдігімен, мағынасының тереңдігімен және тілінің өткірлігімен ерекшеленеді. Сондықтан, аталарымыз тоқсан ауыз сөзді қысқа да нұсқа етіп түйіндеу үшін әрдайым фольклорымыздың теңдесіз қазынасы мақал-мәтелдерге жүгінген. Осы орайда, академик Өмірзақ Айтбаев мақал-мәтелдердегі ықшамдылықты, мағына тереңдігін «Аталарымыз көбіне білектің күшіне емес, жүректің сөзіне тоқтап отырған. Сөздің сылдырына емес, шындығына бойлаған. Сөздің көптігіне емес, дөптігіне құлаған» тұжырымдайды [5, 4].

Мақал -мәтелдерде халықтардың дүниетанымы, ұлттық ерекше ойлау жүйесі аңғарылады. Түбі бір, ділі бір түркі халықтарының бір-бірінің тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттей бастаған кезеңде қазақ және түрік тілдерінің мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу және олардың құрылымдық ерекшеліктерін айқындау мен

мағыналық табиғатын ашудың маңызы орасан. Зерттеу жұмысымыздың қайнаркөзі ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [6], «Қазақтың мақал-мәтелдері» [7], «Қазақ мақал-мәтелдері» [8], «Мақал- мәтелдер сөздігі» [9], «Түсіндірмелі мақал- мәтелдер сөздігі» [10], «Түсіндірмелі мақалдар сөздігі» [11], «Түрік мақал мәтелдері, жаңылтпаштары» [12] сөздіктері пайдаланылды.

Түркі тілдес халықтардың мақал-мәтелдерінде ұқсастықтар көптеп кездеседі. Мысалы, Махмұт Қашқаридың «Диуани-Луғат-ит түрік» сөздігін түрік дүниесінің ортақ рухани өмір жалғастығының куәсі ретінде атап айтуға болады. Таңданарлық жайт, осы сөздіктегі көптеген мақал-мәтелдер бүгінгі түрік халықтары мақал-мәтелдерімен жартылай немесе толығымен сәйкес келетіндігі.

«Диуани-Луғат-ит түрік» сөздігінде берілген мақал-мәтелдерді қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда басым көпшілігі фонетикалық өзгерістерге түскенімен, мағынасын да, лексика-грамматикалық құрылысын да толық сақтағандығы байқалады [13, 118].

Осы орайда, біздің шағын зерттеу жұмысымызда түрік және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер лексика-грамматикалық және семантикалық тұрғыдан үш топта қарастыруды көздедік. Бірінші топта бірдей мағына білдіре отырып, парапар сөздермен және бірдей грамматикалық категориялар (септік, рай, шақ, етіс және басқа да категориялар) арқылы берілген мақал-мәтелдерді қолға алынды. Ал екінші топта грамматикалық құрылысы бірдей, бірақ лексикалық тұрғыдан өзгеше мақал-мәтелдер қарастырылады. Үшінші топта этностардың өмірлік тәжірибесіне сәйкес түзілетін ғаламның тілдік бейнесін сипаттайтын, атап айтқанда түрік және қазақ этностарының тілдік санасын бейнелейтін мақал-мәтелдерді ұсынып отырмыз.

Түрік тіліндегі көптеген мақал-мәтелдердің ана тілімізде сөзбе-сөз баламасы бар екенін көруге болады. Мысалы, түрік халқының «Kızım sana söylüyorum, gelinim sen işit» мақалын қазақшаға «Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда» деп аударған болар едік. Ал «Bal tutan parmağını yalar» мақалын қазақ тіліне «Бал ұстаған бармағын жалайды» деп аударған болар едік, бірақ аударуға қажеттілік туындап тұрған жоқ. Өйткені бұл мақалдардың қазақ тілінде дәлме-дәл баламасы бар. Төмендегі мақал-мәтелдерге көз жіберіп қарайтын болсақ, олардың түрікше аудармасы мен баламасының толық сәйкестік көрсететіндігін байқаймыз. Түрік және қазақ тілдеріндегі лексикалық тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыдан да бір-бірімен толық сәйкес келетін мақал-мәтелдерді қарастыратын болсақ:

Kılıç kınını kesmez. Қылыш қынын кеспейді.

Birlik olmayınca, dirlik olmaz. Бірлік болмай, тірлік болмайды.

Eğilen başı kılıç kesmez. Иілген басты қылыш кеспейді.

Emanete hiyanet olmaz. Аманатқа қиянат болмайды.

Dost başa, düşman ayağa bakar. Дос – басқа, дұшпан – аяққа қарайды.

Az olsun öz olsun. Аз болсын, саз болсын. (öz – мәнді, саз)

Anasına bak kızını al. Анасын көріп, қызын ал. (bakmak – қарау)

Dil kılıçtan keskindir. Тіл қылыштан өткір. (keskin – өткір)

Akıl yaşta değil, baştadır. Ақыл жаста емес, баста. (değil – емес)

Ne ekersen onu biçersin. Не ексең, оны орасың. (biçmek – ору)

Serçeden korkan darı ekmez. Торғайдан қорыққан тары екпейді. (serçe
торғай)

Atılan ok geri dönmez. Атылған оқ кері қайтпас. (ok – оқ, dönmek–қайту)

Dağ dağa kavuşmaz insan insana kavuşur. Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі. (dağ–тау, kavuşmak – кездесу, қауышу)

İnsanın alacası içinde, hayvanın alacası dışında. Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. (insan – адам, hayvan – жануар, мал)

İt ite buyurur, it de kuyruğuna. Ит итті жұмсайды, ит құйрығын.

Baş yarılır fes içinde, kol kırılır yen içinde. Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде. (kırılmak – сыну)

Beş parmak aynı değildir. Бес саусақ бірдей емес. (parmakсаусақ, aynı бірдей)

Bugünün işini yarına bırakma. Бүгінгі істі ертеңге қалдырма. (iş – жұмыс, yarın– ертең, bırakmak –қалдыру)

Delik boncuk yerde kalmaz. Тесік моншақ жерде қалмайды. (delik – тесік, boncuk – моншақ)

Ağlamayan çocuğa meme vermezler. Жыламаған балаға емшек бермейді. (ağlamak– жылау, çocuk – бала)

Gözden ırak olan, gönülden de ırak olur. Көзден кетсе, көңілден де кетеді. (ırak – жырақ)

Kurt kocayınca, köpeğin maskarası olur. Бөрі қартайғанда, итке күлкі болады. (kurt – бөрі, қасқыр; kocamak – қартаю; köpek – ит; maskara olmak – күлкі болу, масқара болу)

Açın karnı doyar, gözü doymaz. (Аштың қарны тояды, көзі тоймайды).

Адамның қарны тойса да, көзі тоймайды.

Екінші топта грамматикалық тұрғыдан толық сәйкес болғанымен, лексикалық тұрғыдан толық сәйкес емес мақал-мәтелдерді қолға алып отырмыз. Бұл топтағы мақал-мәтелдер қазақ тіліндегідей грамматикалық категориялар арқылы берілгенімен, лексикалық тұрғыдан айырмашылық

көрсетеді. Мысалы, «Armut piş, ağzıma düş» деген түрік мақалын қазақ тіліне «Алмұрт піс, аузыма түс» деп аударған болар едік, бірақ бұл мақалдың тілімізде «Алма піс, аузыма түс» деген баламасы бар. «Gülme komşuna, gelir başına» мақалын мақалын алайық. Бұл мақалды қазақ тіліне «Күлме көршіңе, келер басыңа» деп аударушы едік, алайда бұл мақалдың қазақ тілінде «Күлме досыңа, келер басыңа» деген баламасы бар екені белгілі. Тұлғалық тұрғыдан дәлме-дәл, бірақ мазмұндық тұрғыдан өзгеше мақал-мәтелдер тоқталатын болсақ:

Çok yaşayan bilmez, çok gezen bilir. (сөзбе -сөз аударма: Көп жасаған білмейді, көп қыдырған біледі). Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі.

Karga karganın gözünü oymaz. (сөзбе -сөз аударма: Қарға қарғаның көзін оймайды). Қарға қарғаның көзін шұқымайды.

Bıçak yarası geçer, dil yarası geçmez. (сөзбе -сөз аударма: Пышақ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды). Оқ жарасы жазылады, тіл жарасы жазылмайды.

Rüzgar esmeyince yaprak oynamaz. (Жел тұрмаса, жапырақ қимылдамайды). Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды.

Balık baştan kokar. (Балық бастан сасиды). Балық бастан шіриді.

Ayağını yorganına göre uzat. (Аяғыңды көрпеңе қарай ұзат). Көрпеңе қарай көсіл.

Sütten ağzı yanan yoğurdu üfleyerek içer. (Сүттен аузы күйген айранды үрлеп ішеді). Аузы күйген үрлеп ішеді.

Havlayan köpek ısırmaz. (Үрген ит қаппайды). Көп үрген ит қаппайды.

Bir kazanda iki koçun başı kaynamaz. (Бір қазанда екі қошқардың басы қайнамайды). Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды.

Sabrın sonu selamettir. (Сабырдың соңы – саламат). Сабырдың түбі –сары алтын.

İt ürer, kervan yürür. (Ит үреді, керуен жүреді). Ит үреді, керуен көшеді.

Dost acı söyler. (Дос ащы айтады). Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.

Dokuz ölç, bir biç. (Тоғыз өлшеп, бір кес). Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Doğru söyleyeni dokuz köyden kovarlar. (Тура айтқанды тоғыз ауылдан қуады). Тура айтқан туғанға жақпайды.

Sakınan göze çöp batar. (сөзбе-сөз аударма: Аянған көзге қоқыс түседі). Сақтанғанның көзіне шөгір түседі.

Sora sora Bağdat bulunur. (Сұрай сұрай Бағдат табылады). Сұрай сұрай Меккеге барады.

Осы мысалдардан бұл екі тілдің мақал-мәтелдеріндегі өзгерістердің көпшілігі фонетикалық ерекшеліктерін есепке алмасақ, лексикалық құрамына байланысты екенін байқауға болады. Халық даналығына айналған бұл тұжырымдар өзінің мән-мағынасын сақтап келгенімен, құрамдық жағынан өзгеріп отырғанын көреміз. Олардың бір-бірінен айырмашылығының тек тірек сөздерде екенін байқауға болады. Біз зерттеген 3000-ға жуық мақал-мәтелдердің ішінен мыңдаған мағыналас, басым көпшілігінің көбісінің тұлғасы да сәйкес келетін ортақ мақал-мәтелдерді кездестіруге болады.

Үшінші топтағы мақал-мәтелдерді талдау барысында түбіміз бір болғанымен, әр халықтың тілдік дүние бейнесі оның дүниетанымына, ойлау жүйесіне тікелей әсер ететінін, мәдениеттің тілдегі көрінісін байқауға болады. Мысалы: «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» мақалының негізгі тірек сөздері «жеңге» мен «жігіт» болып тұр. Себебі қазақ мәдениетінде жігіттің жолының болуы жеңгесіне байланысты деп түсіндіріледі. Егер осы мақалды түрік тіліне аударатын болсақ, түрік этносының өкілі: «Неліктен жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығуы керек?»- деп ойлауы әбден мүмкін. Өйткені түрік этносының тілдік санасында «жеңге» сөзінен бөлек ассоциациялық тізбек түзілмейді, бұл тек қана қазақы тілдік санаға тән құбылыс болып табылады.

Енді үшінші топтағы мақал-мәтелдерге тоқталайық:

İyi olacak hastanın doktor ayağına gelir. (сөзбе-сөз аудармасы: Тәуір болатын ауруға дәрігер өзі келеді). Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан.

Ucuz etin yahnisi olmaz. (сөзбе-сөз аудармасы: Арзан еттің яхниси болмайды). Арзанның сорпасы татымас. Яхни – көкөністер мен жіліктен бұқтырылып жасалатын түрік тағамы.

Tencere yuvarlanmış, kapağını bulmuş. (сөзбе-сөз аудармасы: Кастрюль дөңгеленіп, қақпағын тауыпты). Апама жездем сай.

Yarım elma, gönül alma. (сөзбе-сөз аудармасы: Жарты алма- көңіл

табу). Орамал тон болмайды, жол болады

Horozu çok olan köyün sabahı geç olur. (сөзбе-сөз аудармасы: Қоразы көп болған ауылдың таңы кеш атады). Қойшы көп болса, қой арам өледі.

Damlaya damlaya göl olur. (сөзбе-сөз аудармасы: Тама-тама көл болар). Көп түкірсе көл болар.

Bir elin nesi var, iki elin sesi var. (сөзбе-сөз аудармасы: Бір қолдың несі бар, екі қолдың дыбысы бар). Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Büyük lokma ye ama, büyük söz konuşma. (сөзбе-сөз аудармасы: Үлкен тілім (нан) жесең де, үлкен сөз сөйлеме). Ат баспаймын деген жерін үш басады.

İnsan doğduğu yerde değil, doyduğu yerde. (сөзбе-сөз аудармасы: Адам туған жерде емес, тойған жерде).

Bana dokunmayan yılan bin yıl yaşasın. (сөзбе-сөз аудармасы: Маған тимеген жылан мың жыл жыл жасасын).

Kızını dövmeyen dizini döver. (сөзбе-сөз аудармасы: Қызын ұрмаған тізесін ұрады). Қызға қырық үйден тыйым.

Her koyun kendi bacağından asılır. (сөзбе-сөз аудармасы: Әр қой өз аяғынан асылады).

Gülü seven dikenine katlanır. (сөзбе-сөз аудармасы: Раушангүлді сүйген тікеніне қарамайды).

Allah kardeşi kardeş yaratmış, kesesini aygı yaratmış. (сөзбе-сөз аудармасы: Құдай бауырды бауыр етіп жаратқан, әмиянын бөлек жаратқан).

Bir fincan kahvenin kırk yıl hatırı var. (сөзбе-сөз аудармасы: Бір шыны кофенің қырық жыл құрметі бар).

Жоғарыда берілген мысалдар түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ мақал-мәтелдердің көптігіне айғақ бола алады. Қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келуі туыстас екі халықтың ғасырлар бойы бірбірінен жырақта қалуының себебінен деп білеміз. Алайда, екі тілдегі бұл мақал-мәтелдер өз мағыналарын сақтап қалған. Көбінесе қазақ тілінде мақал-мәтелдердің толық нұсқасының, ал түрік тілінде ықшамдалған нұсқасының болуы байқалады, яғни түрік тілінде бір жолдан тұратын бір тағанды мақал-мәтелдер қазақ тілінде екі жолдан тұратынын көруге болады. Мысал ретінде келтірілген мақал-мәтелдерден олардың жалпы мазмұнына, бейнелілігіне, тіпті құрамындағы сөздерге дейін өзгеріске ұшырамағандығы көрініп тұр. Мұның негізгі себебі, түрік халықтарының тамыры терең тарихи сабақтастығында жатса керек. Өйткені, түркі халықтарының көптеген мақал-мәтелдерінің тарихи негізі ортақ түркілік сөздік қордан пайда болған.

Сөзімізді түйіндейтін болсақ, түрік және қазақ халықтарының мақал-мәтел қазынасын күнімізге дейін жалғасып келе жатқан ортақ тіл мен мәдениет қазынамыздың бір бөлігі ретінде қарауға болады. Түрік және қазақ мақал-мәтелдерінен олардың тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығы, қолдану аясының кеңдігін және стильдік сипатын сақтап қалғандығы айқын көрінеді. Аталған тілдердегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігін де байқауға болады. Пайымдап қарайтын болсақ, көптеген мақал-мәтелдердің құрамдық жағынан өзгергенімен, мән-мағынасы толық сақталып қалғандығын байқалады. Мұндай ерекшеліктердің болуын табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Фонетикалық ерекшеліктерін ескермегенде, түрік және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мағына-мәні бойынша ұқсас болуы және толық немесе жартылай сәйкес келуі туыстас екі халықтың тығыз рухани және мәдени қарым-қатынасын көрсетеді. Мұнымен қатар, үшінші топта қарастырылған кейбір айырмашылықтар туыстас қазақ және түрік халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта болуымен қатар, этностардың дүниетанымы мен тілдік санасының ғаламның тілдік бейнесіне сәйкес қалыптасатындығын айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қайдаров Ә., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында // ҒА Хабарлары. Тіл сериясы, №3. –Алматы, 1982.

2 Aksoy Ö. A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Basımevi, 1981.

3 Kavas Y. Açıklamalı Örnekli Deyimler ve Atasözleri Sözlüğü. –İstanbul: Ötüken Yayınları, 1991.

4 Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай: 2004.

5 Айтбаев Ө. Көркем тілдің бір кілті – қазақтың мақал-мәтелдерінде // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Қайнар университеті. – Алматы: 2003.

6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.

7 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. –Алматы, 2004.

8 Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2008.

9 Aksoy Ö. A. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. – İstanbul, 1993.

10 Kavas Y. Açıklamalı Örnekli Deyimler ve Atasözleri Sözlüğü. –İstanbul: Ötüken Yayınları, 1991.

11 Par A.H. Açıklamalı Atasözleri. – İstanbul: Serhat, 1991.

12 Yazgan M. Türk Atasözleri, Deyimleri ve Bilmeceleri. – Almatı, 2008.

13 Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998.

Байтанасова Қарлығаш Медетқызы
филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, beka-talgat@ mail.ru

ӘДЕБИ БЕЙНЕНІҢ ТАНЫМДЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Түйін. *Мақалада әдеби бейненің түрлері, олардың танымдық-эстетикалық функциясы теориялық тұрғыда сараланып, мега-макро-микробейне жіктелімі көркем мәтін арқылы дәйектеледі.*

Резюме. *В статье анализируются виды литературного образа, их познавательно-эстетическая функция с теоретической позиции, классификация мега-макро-микрообразов доказывается через художественной текст.*

Summary. *In the article the types of literary character, their cognitive-aesthetic function are analyzed from theoretical position, classification of mega-macro – micro characters are proved through literary text.*

Образ (бейне)-әдебиеттанудағы эстетикалық және тарихи категориялардың бірі. Көркем шығармада ой бейнелі, көркем түрде беріледі. Қаламгер (публициске қарағанда) қандай да бір ойды, жағдайды айқын, тура баяндамайды. Көркем шығармадан оқырман қорытындыны өзі шығарады. Мұнда бәрі бір-бірімен тығыз байланысты: бастапқы тезис, дәлелдеме, соңғы нәтиже. Осының бәрі бірыңғай суреттемеде, бейнеде беріледі. Көркем бейненің теориясы сонау антикалық дәуірде қалыптасып, еліктеумен (мимиес) байланысты болды. Суреткер өмірді дербес – ешкімге ұқсамайтын, қайталанбайтын түрде береді. Аристотель шығарманы жанды құбылыс деп қарады [1,209]. Оның ұғымынша туынды өзінің ережесіне ғана бағынып, автордан бөлінеді де, эстетикалық қанағаттануды «жасап шығарады». Әдебиет туралы ғылым XIX ғасырда (Гегель) сөз өнерін нақты бір шынайылылықты ашатын бейнелі ойлау деп қабылданған.

Көркем бейне өмірді суреттеудің формасы, әлемнің толыққанды картинасы болып табылады. Өнер өмірді қайта жасап, сұлулық заңы бойынша екінші болмысты символдайды. Ендеше, бұл ақиқат дүние емес, оның бейнесі, оны тек елестету арқылы ғана көре аламыз. Образ адамның рухани қызметін ғана көрсетеді, бұл зат қандай да бір белгі сипатымен беріледі. Бұл тұрғыда зерттеуші З.Қабдолов: «Образ – бұл ойдан шығару арқылы жасалған, эстетикалық мәні бар нақты әрі жинақталған адам өмірінің суреті»,-дейді [2,89]. Ол бейнеленетін затқа автордың берген дербес бағалауы (Н.А. Гуляев). «Образ» категориясы мен көркем образдар жүйесі бір-бірінен идеялық мәні жағынан ерекшеленеді. Адам тұлғасының бейнеленуі образ ретінде – персонаж, зат (зат-бейне), табиғат құбылысы (образ-пейзаж) деп жіктеледі. Жазушы әлеуметтік шындықты бере отырып, ойдан шығару арқылы дербес характерді жасап, жағдайды жалпылай көрсету керек (П.К.Волынский) [3]. Өнер туындысы – адамның айырықша дарын-қуатының нәтижесі. Әдебиет өнер түрлерінің ішінде ерекше орын иеленеді. Бұл өнер түрінің бірегей ерекшелігі - адамның сөйлеу, тілдік ерекшелігінен тұрады. Өнердің тағы бір маңызды қасиеті – сұлулықты түсіну. Сұлулық түсінігі табиғат пен өнерде бірдей емес. Табиғатта негізінен көзге ұратын сырт сұлулық мәнді. Ал, өнердегі сұлулық көбіне, заттың ішкі сапа-қасиетінде болады.

Әдебиетте әрбір сөз, сөз тіркесі, үзінді, фраза, тармақ, кідірістің рөлі үлкен. Әдеби шығармада айтылған сөз де, айтылмай меңзелген, ишараланған сөз-бейне де маңызды. Американдық әдебиет теоретиктері Р.Уэллек пен О.Уоррен образды үш элементтен тұрады деп көрсетеді. Образ бұл: метафора-символ-миф. Мұндағы семантикалық өріс ішінара сәйкеседі, әрекет аясы да ортақ болады. Әдебиет теориясы үшін негізгі мотив ретінде образ (немесе сурет), қоғамдық, шынайылылықтан жоғары (табиғи емес, иррационалды), баяндау (әңгіме), архетип (немесе жалпы), мәңгілік идеалдарды нақты бір оқиғалар арқылы символдық түрде бейнелеу, эсхатологиялық және мистикалық деп жіктеледі. Әдебиет зерттеушілері осы категорияларға жаңа эстетикалық ажар үстеген «эмблема», «символ», «миф» ұғымдарын анықтады.

Эмблемалық бейне. Зерттеуші Г.Н.Поспелов эмблемалық мазмұнға бағалауыштық белгіні қосады [4,108]. Бұл белгі бейнелеу өнер түрлеріне тән. Эмблемалық (грек тілінен аударғанда – «рельефті бүйым») образ статикалық, сөздік тұрғыдағы бейнелеу эмблемасы шығарма идеясының құпиялылығын күшейте түседі. Эмблема-бейне айқын, көзге ерекше шалынады. Әрине, эмблема сөз өнерінде (ту, балға, орақ, қанжар секілді жекелеген ұғымдар болмаса) жиі кездесе бермейді.

Символдық бейне. Символдық бейненің басты ерекшелігі метафоралылығы (ауыспалылығы). Қандай да символ образ болып табылады, ал ол символға ауысқанда неғұрлым терең мәнге ие болады. Сондықтан мағынасын шешу қиындайды. Символдың бастапқы мәніне зат, хайуанаттар, ғарыштық құбылыстар алынады. Символдар қоғамдағы әр түрлі құбылыстарды бейнелейді. Образ – символ динамикалық ағымдар арқылы ерекшеленеді: олар айқын берілмейді, оның ше-

шуін табу қажет. Оларды тек көріп қана қоймай, түсіну де керек.

Мифтік бейне. Бұл категорияның сипаты иррационалдыққа, интуицияға және философияға негізделеді. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп. Анықтамалардың көпшілігі мифтің атқаратын қызметіне, оның дінмен, өнермен, философиямен, әр түрлі ырымдармен арақатынасына байланысты негізделген [5,76]. Мифтік бейне әр халықтың таным-түсінігіне негізделеді. Сондықтан да мифтік бейне әр қилы көркемдік қасиетке ие. Типологиялық жүйе тұрғысынан алғанда көркем бейнені мегабейне, макробейне және микробейне деп жіктеуге болады.

Мегабейне (гр. megas – зор, орасан) тікелей әдеби шығармаға қатысты. Жалпы мәтін мегаобраз түрінде қабылданады. Ол дербес эстетикалық құндылық ретінде ерекшеленіп, әдебиеттанушылар оны жоғары әдеби тек, бөлінбейтін ірі өлшем түрінде көрсетеді. Мегабейне тұтас көркем мәтінді біріктіретіндіктен, олар көркем туындының өне бойында созылып жатады. Мәселен, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы үш кітаптан тұрады: «Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу». Туынды дәуірдің ірі суретін, төңкеріс кезеңіндегі қазақ қоғамындағы аласапыран күрес-тартысты арқау еткен. Бұған трилогияның негізгі атауы да («Қан мен тер»), әр кітаптың аталымдары да куә. Сол сияқты, «Тар жол, тайғақ кешу» (С.Сейфуллин), «Өмір мектебі» (С.Мұқанов), «Оянған өлке» (Ғ.Мүсірепов) тағы басқа туындылар да мегабейнеге мысал бола алады. Макробейне (гр. macros – кең, ұзын) өмірдің көркем көрінісін кең түрде көру немесе үлкен тектік сегмент (бөлік, картина) түрінде берілуі. Макробейненің құрылымы өзара біртекті микробейнелер арқылы ұйымдастырылған. Мәселен, қаламгер Ғ.Мүсіреповтің аналар туралы әңгімесі (13 әңгіме, новелла) аналардың әр қилы мінез-сипатын беру арқылы жалпы Ана бейнесін тұтас ашады. Сөйтіп, әр дәуірдегі ана бейнесінің өзгермейтін сапа-қасиеті, мәңгілік бейнесі ашылады. «Ана кесімі айнымайды», «Өлімді жеңген ана», «Ананың анасы», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима», «Айгүл қойшының бір күні». Осы әңгімелер тұтаса келгенде жазушының «Ұлпан» романында жинақтай беріледі. Яғни, бір-бірінен өрбіте, желілес шығармалар тудыру арқылы нақты бейненің ерекше қасиетін жан-жақты ашады. Микробейне (гр. micros – кіші) неғұрлым оңтайлы мәтіндік өлшеммен айқындалады: бұл бірлік шағын объективті (сыртқы немесе ішкі) кесіктің (бөліктің), бейнелі ойлаудың өлшемі, шындығы.

Микробейне (гр. micros – кіші) бір ғана сөзбен, фразамен немесе бір сөйлеммен, абзацпен, бір фразамен де беріледі. Мәселен, «Қан мен тер» трилогиясында («Ымырт»): «Бұл түн жар басындағы балықшылар ауылында бір жан көз ілмеді. Қатын-бала у-шу. Мұзға ыққан ер-азаматтардың алдын орап кісі шаптырайын десе, көлік жоқ. Жылы киім жоқ. Ақбала әлсіз» [6,43]. Бұл үзіндіде балықшылардың дәрменсіз, қауқарсыз күйлері берілген. Әр сөйлем сайын белгілі бір бейнелер ашылып отыр.

Эпикалық туынды (мегабейне) бірнеше макробейнелерден тұрады. Образ – бұл шындықты игерудің тәсілі мен формасы. Ол сезімнің бірлігін, ой-толғаныстың жалпылық сәтін сипаттайды және тарихи жағынан өзінің әсемдігін әр түрлі әдеби жанрларда көрсете алатын өзгермелі категорияға жатады. Көркем бейне эстетикалық заңдылық тұрғысында зерттеледі. Жалпы, өнердің негізгі нысаны – адам мен оны қоршаған орта. Ұзақ жылдар бойы әдебиеттанушыларда көркем әдебиет пен оның бейнелейтін арнайы заттық әлемі бар ма, әлемді тануда логика-теориялық және көркем-бейнелілік арасында айырма бола ма деген мәселелер төңірегінде көптеген пікірлер орнықты. Көркем бейнелеудің заттық ұғымы қандай да бір әрекеттің мәнді шеңберін айқындайды. Мәселен: «Аппақ мұз үстінде, жел өтінде бір топ кісі бүрсеңдеп тұр. Теңізге шыққасын жұқа мұз быт-шыт болып, балықшылар бет-бетіне ығып кетті. Тоқымдай мұздың бірінен-біріне секіріп жүргенде, Итжемес тайып, теңізге құлады. Онан үш балықшы үсіп өлді. Құлтума да шалажансар, кірпігі ғана қимылдайды. Ішіндегі тыңы Еламан, Кәлен, Мөңке, Дос қана» [6,45]. Бұл жерде басты нысан - теңіздің үсті, мұз беті. Бұл екеуі романдағы кейіпкерлер әрекетіне, тағдырына тікелей қатысты. Осы тектес әрекеттер үнемі созылыңқы түрде жалғасып отырады. Себебі, трилогия балықшылар өміріне арналған. Балықшы қауымының тағдыры, тіршілігі осы теңізбен байланысты. Ендеше теңіз үлкен мәнге ие. «Кешкі ымырт тез тұтасып бара жатты; ауды басқа жерге аударып салуға үлгере алмасын білді. Бұл кезде батып бара жатқан күн алыстағы жалдың біріне иегін сүйеп, еңкейіп қалған еді. Құбыла бет тұтас қызарып, жел жыртып дода-додасын шығарып тастаған бұлттар батар күннің шапағына бауырын бояп алаулап апты. Не қылса да кең әлемді құшағына алып тұтасып келе жатқан мына түн қараңғылығына жол бермей, жанталасып шарпысып жатқан жалғыз тірлік осы-ау! Ендеше, өмір мен өлім сияқты қараңғы мен жарық та кезек жеңіп, тірлік үшін бұлар да тартысып жатады. Әр тірлікке төнер бір-бір зауал бар. Кезегі келгенде күн басына да зауал төніп, қара кебінге оранып, бар әлем тіл тартпай, түн құшағына кіріп бара жатады...» [6,9].

Бұл үзіндіде тек бейнелі суреттеу ғана емес, автор ойының философиялық толғанысы бар: кешкі қараңғылықтың қоюланып келе жатқаны, Еламанның ауды басқа жерге салу үшін жанталаса қимылдағаны, табиғат райының өзгерісі,

қараңғыға ұрынғысы келмеген адам мен кешкі ымырттың арасындағы тайталас суреттелген. Осы үзіндіден алдағы болатын күрес, өмір үшін жанталасқан тіршілік, қауіп-қатері мен мехнаты мол балықшылықты кәсіп еткен Еламанның өмірі көрініс береді. Мұнда Еламан басындағы жағдай (әйелі Ақбаланың аяғы ауыр) мен табиғат суретінің үндестігі (кең әлемді құшағына алып тұтасып келе жатқан мына түн қараңғылығы) байқалады. Бұл үзіндіде кейіпкер жанының мазасыздануы, үрей мен табиғат райының бұзылуы үндесіп, алдағы бір жайсыздықтан хабар бергендей.

«Қадірлі қонағына сойып беретін малы болмаса да, ажарлы балыққа дөп келгеніне қуанып, жар басына қара тер боп алқынып шығып еді, осы арада.. есігінің алдында қаңтарулы тұрған бәйге күреңге көзі түсті. Мейіздей боп жараған. Еті қызып апты. Әшейіндей ұрыншақ мінезі ұстап тұяғы қозып, отты көзі қанталап сулығын шайнап шиыршық атып тұр екен. Еламанның жаны аяғының басына кетіп, жар кемердің жиегінде сілейіп қалды. Сол сәтте әлдеқайдан сары қаншық жүгіріп кеп, балық исі шыққан киімін иіскеді. Онан сары қаншық мұп-мұздай тұмсығымен бұның қолын жалап алды. Еламан бойын жиып ала қойды...» [6,10].

Балықшы ауылының ауға түсетін балыққа қарап қалған жұтаң тіршілігі, Еламанның есік алдына байланған бәйге күреңді көргендегі көңіл-күйінің күрт түсуі, осы жағдайға сары қаншықтың мұздай тұмсығымен қолын жалап алуынан бойы тітіркеніп кеткені сәйкесіп тұр. Алда болатын бір жайсыздықты, күдікті күшейте түседі. Бай ауылдың мырзасы Тәңірбергеннің үйіне қонақ болып келуі, әшейінде тәкаппар, салқын Ақбаланың оны бар ықыласымен зыр жүгіре күткені Еламанға ауыр тиеді.

Қандай да өнер түрінің мүмкіндігін тым шектеу дұрыс бола бермейді. Өзінің болмысты суреттеу жағынан әмбебаптығымен ерекшеленін сөз өнері көптеген өнер түрлерімен тоғыса үндесетіні белгілі. Жалпы, өнердің нысаны – болмысты бейнесі. Бұл тұрғыда әдеби туынды ақиқатты көркем-бейнелі суреттеу жағынан озық тұр. «Теңіз үстінің дауылы тіпті қатты еді. Қара дауыл қу қайықты қаңбақтай ұшырып әкеледі. Теңіз күші бойына сыймай қайнап жатыр; ереуіл торлқындар қыр көрсеткендей үйдей-үйдей боп теңіз бетіне жұлқынып ойнап шығады; онан сайын Жалмұраттың зәресі ұшты. Андрей есіп келеді. Көңілінде қорқыныш бар. Қайық-майығымен суық дүние құшағына кіріп бара жатқанын байқады. Үстінде түнерген аспан; табанының асты түпсіз құрдым; ары басқан сайын айнала төңіректі суық мұнар басып, түнеріп, бар әлемді бір-ақ уыс қып сығып барады, жағадан алыстаған сайын толқындар есіре түсті» [6,42]. Теңіз дауылы, онда жеңіл қайықпен қалған екі адамның (Жалмұрат пен Андрей) қыл үстіндегі өмірі суреттелген. Теңіздің үйдей толқындары қайықтағы адамдарды қақпақылдап, бірінен кейін бірі соғып өтеді. Оның үстіне күн де бұлттанып, айналаны қараңғылық қоршап алған. Сөйтіп, теңіз бен аспан бір түсте тұтасып кеткен. Теңіз үстем, барлығын уысында ұстап, еркінше өзінің ермегіне айналдырған. Екі адамның да бұл теңіз дауылынан құтылмасы (табанының асты түпсіз құрдым; ары басқан сайын айнала төңіректі суық мұнар басып, түнеріп, бар әлемді бір-ақ уыс қып сығып барады) аңғарылып тұр. Бейкүнә екі жан осылайша теңіз тұтқынына айналады. Суреткер қоршаған ортаның құбылыстарын зерттеп, таниды. Өзінің көркем ойының бейнеленуіне айналдырады. Сондықтан да, суреткер нысанына айналған қандай да бір бейне, құбылыс адам болмысын тануға, айқындауға жұмсалады. Ендеше, әдеби бейне – адам ойы мен танымының көрінісі. Мәселен: «Жас мырза есін қайта жиды. Есірік санасы да іле-шала қайтып оралып, үстіндегі осынау ұшы-қиыры жоқ көк аспан мен жарқыраған күннің бәз баяғысынша мөлдіреп тұрғанын көрді. Тек әлсіз буыны қаттырақ қалтырап бойын билей алмай толықсып кете береді. Сол кезде төбедегі көл-көсір аспан мен аяғы астында ақ шаңдағы шығып борап жатқан жер де бұның өзімен бірге теңселіп шайқалып тұрды. Шайқалған аспанның кейде жерге ана шалғайы, кейде мына шалғайы бір соғып қайқаң етіп қайта көтеріліп кететін сияқты. Басы айналды. Көк жүзінде репетсіз ірі құстар әлгіден де гөрі көбейіп қаптап кетіпті. Қанатын үсті-үстіне сілтеп, далп-далп қағады. Қара құстардың арғы жағында тұңғиық көк аспан мөлдірейді. Адам баласының нақақ төгілген қаны мен көз жасына керелеп ап, шөлдеген кісіге бір жұтым су татырмай безеріп жатқан безбүйрек жерге қарағанда, асылы бар-ау, мына аспан, он сегіз мың ғаламның үстіне үй көтергендей мына көк көк зеңгір аспанның рақымы мен әділдігіне шек жоқ. Мырза күрсінді. О, жасаған, жаратушы жалғыз ие, кессе қан тамбай безеріп жататын да қоятын қара жерге қарағанда, ал мына көк зеңгір аспанның әділ болмауы мүмкін емес қой: «Жоқ-қ, аспан әділ, әділ, шексіз әділ!» - деп ол осынау опасыз сұм жалғанға өзінің кеш байқаған пұшайман бір сырын бар дауысымен жар салғысы кеп кетті. Оған бірақ шамасы келмеді» [6,622]. Бұл Тәңірбергеннің басындағы хал. Бір кездері өзі үстемдік еткен, өз дегеніне көндірген жағдай енді Тәңірбергенді шырмап, дәрменсіз жағдайға жеткізген. Өмірдің, тіршіліктің мәнін енді түсінгендей. Ешнәрседен тарықпаған ол енді бір жұтым суға зар. Енді ғана зеңгір көктен, қара жерден рақым тілейді. Жер мен көктің, жалған дүниенің қадірін кеш сезінеді. Тәңірбергенде еш дәрмен, күш қалмаған. Қара жерден рақым болмаса да, көк зеңгірден бір ілтипат күткен Тәңірберген енді ғана жан қиналысы, азап, әділдік деген сөздердің мәнін ұққан-

дай болады. Адам мен табиғаттың ымыраға келмей тайталасқан сәті көрініс береді.

Көркем шығармашылықтың аясы адамға тиесілі. Қаламгер туындысында адам өмірін, тағдырын суреттеген кезде оның дәлелдемесін (мотивировка) жасайды. Адамзат тіршілігінде адамшылық, имандылық сияқты құндылықтар қаншалықты мәнді болса, суреткер де өзінің концепциясын осы ұғымдарға бейімдейді. Автор туындысында суреттейтін қандай да көрініс, бейнеге адамның болмыс-танымын үстейді. Қаламгердің дүниетанымы шығармашылық тұрғыда кеңейіп, тереңдеп отырады. Сол арқылы оның әлеуметтік ұстанымы, шығармашылық және көркемдік әдісі айқындалады. Әдеби бейне – көркем туындыда әр түрлі әрекет үстінде, әр қилы мінез-сипатымен көрінетін тұлға болса, оның танымдық-эстетикалық қызметі тереңдей бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Аристотель. Поэтика. Об искусстве поэзии.-Минск:Литература, 1998.-800 с.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы, 2002.-360 б.

3. Хализев В. Теория литературы.-М.: Высшая школа, 2000.-398 с.

4. Поспелов Г.Н. Искусство и эстетика. –М.: Наука, 1984.-280 с.

5. Қасқабасов С. Шығармалары. Бірінші том. Жаназық. –Астана: Фолиант, 2011.-568 б.

6.Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. –Алматы: Жазушы, 1991.-624 б.

УДК 81’373.47

Балхимбекова Перизат Жанатовна
докторант КазНПУ имени Абая, peri_75_@mail.ru

ВНУТРЕННЯЯ ФОРМА ЛЕКСЕМ СОЗДАВАТЬ/РАЗРУШАТЬ КАК РЕПРЕЗЕНТАТОР КОГНИТИВНОГО СОДЕРЖАНИЯ

Резюме. *Статья посвящена актуальной проблеме использования лингвистического концепта «внутренняя форма» как инструмента в процессе анализа семантических оппозиций. Материалом для исследования послужили семантические характеристики слов, входящих в оппозитивные отношения (пары создавать/разрушать). Автор акцентирует внимание на необходимости использования внутренней формы как отправной точки для семантического анализа, осуществляемого с привлечением данных этимологического и идеографического словаря.*

Summary. *The paper deals with the meaning of lexemes ‘to create/to destruct’ as members of semantic and pragmatic opposition. In the frame of that opposition, the author considers the inner form concept as the main tool for semantic analysis. Also, in the process of research it was necessary to take into account both etymology and ideography; that is why the data from both types of lexicographical sources are represented in the article.*

Key words: *inner form, semantics, pragmatic effect, oppositive relations*

Түйін. *Мақала семантикалық оппозицияны талдау үдерісінде құрал ретінде «ішкі форма» лингвистикалық концептісін қолдану тәрізді өзекті мәселеге арналады. Зерттеу материалы болып құру/бүлдіру оппозициялық қатынасына енетін сөздердің семантикалық сипаты алынады. Автор семантикалық талдау үшін этимологиялық және идеографиялық сөздікте орын алған бастапқы мағынасын беретін ішкі форманы пайдалану қажеттілігіне назар аударады.*

Кілт сөздер: *ішкі форма, семантика, прагматикалық эффект, оппозиция*

Понятие внутренней формы лексемы является одним из наиболее широких в терминологическом аппарате современного языкознания. Как отмечает З.К. Ахметжанова, «подход к языку как к средству познания и обработки информации - результата познания, исследование языка как средства аккумуляции культурной информации (функция, выполняемая внутренней формой слова – П.Б.) позволили по-новому взглянуть на языковые единицы»[1, 19]. В то же время, оно успешно служит инструментом в процессе анализа когнитивного содержания слов. Поэтому, прежде чем использовать его в качестве отправной точки для анализа когнитивного содержания вышеуказанных лексем, следует обратиться к его истолкованию. В нашем случае представляется целесообразным опираться на определения внутренней формы, представленные в трудах В. фон Гумбольдта и А.А. Потебни.

Так, В. фон Гумбольдт, говоря о внутренней форме, связывает ее с переводом понятия как категории логики в категорию мышления или речи; при этом, как отмечается в его трудах, этот перевод имеет национально-специфичный характер: "… к самому акту обозначения понятия добавляется еще особая работа духа, переводящая понятие в определенную категорию мышления или речи, и полный смысл слова определяется одновременно понятийным выражением и упомянутым модифицирующим обозначением. Но оба эти элемента лежат в совершенно различных сферах. Обозначение понятия относится к области все более объективной практики языкового сознания. Перевод понятия в определенную категорию мышления есть новый акт языкового самосознания, посредством которого единичный случай, индивидуальное слово, соотносится со всей совокупностью возможных случаев в языке или речи. Только посредством этой операции, осуществляемой в самых чистых и глубоких сферах и тесно связанной с самой сущностью языка, в последнем реализуется с надлежащей степенью синтеза и упорядочения связь его самостоятельной деятельности, обусловленной мышлением, и деятельности, обусловленной исключительно восприимчивостью и более связанной с внешними впечатлениями. Разные языки, естественно, в различной степени осуществляют такую категоризацию понятий, поскольку ни один язык в своем внутреннем строе не может пройти мимо нее" [2,118-119]. Современные исследователи, в частности, В.З. Демьянков, интерпретируют это следующим образом: «Для того, чтобы единица языка внедрилась (в рамках каждого единичного акта речи) в саму речь и в сознание (в частности, в контекст предложения), необходима еще работа определенных компонентов речевого механизма, "переводящая понятие в определенную категорию мышления или речи". … Все это, а также последующие высказывания Гумбольдта подсказывают мысль о прагматике как о том, что выводит речевую деятельность за пределы языковой системы, дополняя семантику за счет привнесения неконструкционных смыслов, т.е. тех, которые не вытекают из простого соположения единиц» [3, 24]. Исторически изменчивый характер внутренней

формы подчеркивается в работах В.А. Звегинцева: «...используя понятие внутренней формы со всеми ее оговорками всего лишь в метафорическом смысле, мы можем сказать, что изменение языка при переходе из одной "эпохи" в другую прежде всего состоит в изменении внутренней формы. Эта метафорическая внутренняя форма образуется пересечением абсолютно реальных координат, отображающих научные, культурно-исторические и идеологические представления своего времени. Внутренняя форма потому и определяется с таким трудом, что компонуется из такого количества сложных по своей природе координат, но именно их совокупность создает ту общую "точку зрения", с которой каждая "эпоха" смотрит на современные ей события и факты, на прошлое и, конечно, на будущее" [4, 201].

Весьма сложным и многоплановым является истолкование понятия внутренней формы в трудах А.А.Потебни. Так, в работе "Мысль и язык" мы видим целый ряд определений; при этом одним из самых известных является определение внутренней формы как ближайшего этимологического значения: "Не трудно вывести из разбора слов какого бы то ни было языка, что слово, собственно, выражает не всю мысль, принимаемую за его содержание, а только один ее признак (...). Образ стола может иметь много признаков, но слово стол значит только постланное (корень стл, тот же, что в глаголе стлать), и поэтому оно может одинаково обозначать всякие столы, независимо от их формы, величины, материала. … В слове есть, следовательно, два содержания: одно, которое мы выше называли объективным, а теперь можем назвать ближайшим этимологическим значением слова, всегда заключает в себе только один признак; другое – субъективное содержание, в котором признаков может быть множество. Первое есть знак, символ, заменяющий для нас второе" [5, 114]. Помимо этого, в данной работе отражены и иные подходы к понятию внутренней формы; в частности, она определяется как «отношение содержания мысли к сознанию; она показывает, как представляется человеку его собственная мысль. Этим только можно объяснить, почему в одном и том же языке может быть много слов для обозначения одного и того же предмета и, наоборот, одно слово совершенно согласно с требованиями языка может обозначать предметы разнородные» [5, 114]. Понятие внутренней формы используется А.А. Потебней и как инструмент для диахронического анализа, но, так как в нашей работе мы лишь частично опираемся на данные этимологического характера, в данном случае мы не будем рассматривать понятие исторической мотивации в деталях.

Представляется более важным для нашего исследования обращение к образному компоненту понятия «внутренняя форма», также представленному в труде А.А. Потебни: «Внутренняя форма есть тоже центр образа, один из его признаков, преобладающий над всеми остальными» [5,146], «Слово с самого своего рождения есть для говорящего средство понимать себя, апперципировать свои восприятия. Внутренняя форма кроме фактического единства образа дает еще знание этого единства; она есть не образ предмета, а образ образа, то есть представление» [5, 147]. На наш взгляд, такое понимание внутренней формы позволяет связать семантический и прагматический компонент значения слова, а также рассматривать когнитивное содержание в неразрывном единстве с эмотивным потенциалом слова. Когнитивный потенциал внутренней формы становится еще более очевидным при обращении к особенностям использования лексической единицы в акте коммуникации: «внутренняя форма слова, произнесенная говорящим, дает направление мысли слушающего, но она только возбуждает этого последнего, дает только способ развития в ней значений, не назначая пределов его пониманию слова. Слово одинаково принадлежит и говорящему, и слушающему, а потому значение его состоит не в том, что оно имеет определенный смысл для говорящего, а в том, что оно способно иметь смысл вообще. Только в силу того, что содержание слова способно расти, слово может быть средством понимания другого» [5,180]. Таким образом, внутренняя форма действительно может рассматриваться как когнитивный репрезентатор семантики лексем; более того, она служит тем средством, котрое позволяет связать семантику и прагматику, когнитивный и эмотивный аспекты и рассмотреть слово одновременно как феномен языка и речи.

Для того, чтобы применить вышеприведенные принципы к рассмотрению бинарной оппозиции «создавать – разрушать», необходимо привести данные этимологического словаря. Так, в Этимологическом словаре Фасмера [6] (онлайн-версия) встречаем следующие сведения о формировании значений данных лексем:

СОЗДАТЬ создава́ть, итер. созида́ть. От *зьдати, ср. ст.-слав. възьдати, възиждѫ οἰκοδομεῖν (Супр., Остром.). Сблизилось с дать (Брандт, РФВ 25, 223). Далее см. Здать

ЗДАТЬ -здать

созда́ть, созида́ть, сози́жду, стар. зи́жду, заимств. из цслав. Соврем. ф. наст. вр. создаю́ – под влиянием дать, даю́, также русск.-цслав. создаде Адама (Тихонравов, Пам. отр. литер. 2, 442). Сюда же др.-русск. зьдати, зижу, ст.-слав. зьдати, зиждѫ κτίζειν, οἰκοδομεῖν (Супр.), болг. зи́дам "строю", зид "стена", сербохорв. зи́дати, зи́да̑м "сооружать (из камней)", зи̏д, зи́ду "каменная стена", словен. zídati "класть стену", zîd "стена",

чеш. zed', род. п. zdi "каменная стена", польск. zdun "гончар".

*Родственно лит. žiedžiù, žiedžiaũ, žiẽsti "формовать, лепить", лтш. zìest "обмазывать глиной", др.-прусск. seydis "стена"; с др. ступенью вокализма: лит. žaĩdas "печь", židinỹs "очаг", далее гот. deigan "месить, мять", др.-инд. dḗhmi "обмазываю", dēhī́ ж. "вал, дамба, насыпь", др.-перс. didā "укрепление", греч. τεῖχος "каменная стена", τοῖχος "стена", лат. fingō, fictus, "мажу, мешаю, формую", оск. fḗihúss "mūrōs", фрак. -δίζος, -διζα; см. Буга, KS 1, 184; РФВ 67, 249; 75; 155; Траутман, BSW 367; М.–Э. 4, 744; Мейе, MSL 14, 334; Эндзелин, СБЭ 194. Ср. прич. зьданъ : др.-инд. dihānas (Зубатый, LF 28, 29). Балто-слав. *ǵheidh-, более позднее, чем *dheiǵh-. Ср. здо.* Итак, на основании данных этимологического словаря можно заключить, что процесс формирования значения данной лексической единицы изначально шел по линии связи со значениями 'строить', 'возводить' и пр.

РУШИТЬ ру́шу, нару́шить, разру́шить, укр. ру́шити, руша́ти "двигать, шевелить", блр. ру́шыць – то же, др.-русск., ст.-слав. роушити καταλύειν (Супр.), болг. ру́ша "разрушаю", сербохорв. ру̏шити – то же, словен. rúšiti, rûšim "сотрясать, сносить", чеш. rušiti "беспокоить (к.-л.); нарушать (тишину)", слвц. rušit', польск. ruszyć "тронуть; тронуться; двинуться", н.-луж. rušowaś "бушевать, шуметь".

Связано с рух (см.). Ср. лит. raũsti, rausiù, rausiaũ "рыть, копаться", лтш. ràust, -šu, -su "разгребать, мести", лит. rausis "пещера", rūsỹs, rū́sas "погреб", др.-исл. rúst ж. "развалины, разрушенная стена", ryskja "рвать", нов.-в.-н. диал. ruscheln "торопливо работать", лтш. ruzga "непоседа", rušinât "копать, рыть", rusums "крутой берег"... При столь диверсифицированном значении очевидно лишь то, что в различных языках сходные по форме лексемы характеризуются негативной направленностью действия.

Таким образом, при истолковании внутренней формы как ближайшего этимологического значения (по А.А. Потебне) мы видим, насколько велико может быть расхождение между исходным значением и тем, которое возникло в результате семантических преобразований. Как указывал А.И. Смирницкий, «семантическое образование слова (которое также называют внутренней формой слова) может иногда долго сохраняться в языке в данном своем виде – даже и тогда, когда оно существенно расходится с самим смыслом слова, будучи понимаемо как некоторая условность" [6, 155].

Однако семантика этих же лексических единиц на синхронной оси, отраженная, в частности, в Идеографическом словаре русского языка (О.С. Баранов) [8], приобретает следующий характер:

Разрушать - уничтожать посредством повреждения; осуществлять разрушение; разрушитель. разрушить (# семью); разбить. Сокрушить, губить, сгубить (# здоровье), загубить, угробить. Превратить в ничто, камня на камне не оставить от чего. громить.

Налицо негативный характер и самих процессов, отражаемых семантикой слова, и его прагматические характеристики. Следовательно, внутренняя форма слова, вне зависимости от того, истолковываем ли мы ее как ближайшее этимологическое значение, или как центр образа, «образ образа», ориентирует и отправителя речи, и получателя на восприятие действия, последствия которого связаны с негативными результатами; прагматическое воздействие также предопределено особенностями внутренней формы данной лексемы и порождает цепь аналогичных ассоциаций в сознании реципиента. Лишь контекстуальное окружение может задать прагматический эффект возникновения положительных ассоциаций, ср. : *Горы превратили голос мастера в гром, и этот же гром их разрушил (что – в данном случае – хорошо – П.Б.). Проклятые скалистые стены упали. Осталась только площадка с каменным креслом…* (М.А. Булгаков. Мастер и Маргарита). Можно говорить и о том, что внутренняя форма лексемы репрезентирует достаточно однородное когнитивное содержание лексемы, в отличие от когнитивного содержания оппозитивного *создавать: делать (каким)-делать существующим; вызывать существование, возникновение; (# неудобства). Создатель. Положить начало [конец] чему; стоять у колыбели чего; на пустом месте начинать что. Образование (# государства). Образовать. | организовать, -ся. Составить (# список). Каузальность. каузировать. каузальный. Разродиться чем (ирон. прост). Производить, группировать, обеспечивать, заставлять, опись. Осуществиться, вызывать (что), ОПРЕДЕЛЯТЬ, метка, траектория.*

В данном случае налицо достаточно широкое и неоднородное когнитивное содержание лексемы: семантика каузальности, отражающая формирование чего-либо, причину существования чего-либо сочетается со значением порождения (как позитивно, так и негативно истолкованным – создавать/быть причиной нового, позитивного // создавать проблемы, трудности и пр. Эмотивный потенциал лексемы также неоднозначен, что, на наш взгляд, во многом предопределяется ее когнитивной спецификой: именно в силу ее широты, разнопланового характера и связи с процессами как позитивного, так и негативного плана она может соотносится и с позитивной, и с негативной оценкой.

Подводя итоги, акцентируем внимание на том, что именно внутренняя форма лексем создавать/разрушать определила те характеристики данной оппозиции, которые закреплены в светлом поле сознания воспринимающего субъекта. Та-

ким образом, внутренняя форма лексем может рассматриваться как репрезентатор когнитивного содержания; более того, эмотивный потенциал и воздействующая функция лексем, актуализирующаяся при их употреблении в речи, в определенном контексте, также продиктованы особенностями внутренней формы. На наш взгляд, именно понятие внутренней формы позволяет объяснить многомерность исследуемой семантической оппозиции, ее асимметричный характер, что в полной мере подтверждает положение А.И.Смирницкого о том, что «...значение слова может иметь сложный состав и определенное строение, не являющиеся или являющиеся не полностью и не в точности моментами смыслового значения слова, т.е. моментами выражаемого словом теоретического и практического понятия» [6, 115].

Литература

1 Ахметжанова З.К. Нормы поведения в сфере родственных отношений (на материале словаря А.Кайдара «Халық даналығы»). – Вестник ПГУ. - №1. - 2010. С. 19-25.

2 Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. — 400 с.

3 Демьянков В. З. Интерпретация, понимание и лингвистические аспекты их моделирования на ЭВМ. – М. : Изд-во Моск. ун-та, 1989. – 174 с.

4 Звегинцев В. А. Язык и лингвистическая теория. — М.: Изд-во МГУ, 1973. — 248 с.

5 Потебня А.А. Мысль и язык. В кн.: Потебня А.А. Слово и миф. - М., Издательство «Правда», 1989

6. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. - М.: Московский Государственный Университет, 1998. - 260 с.

7. Фасмер. Этимологический словарь русского языка. Электронный ресурс. Режим доступа: http://vasmer.slovaronline.com/%D0%A0/%D0%A0%D0%A3/11405-RUSHIT

8 Баранов О.С.Идеографический словарь русского языка. М.: Издательство ЭТС, 1995.

Abduahit Merei Kudaykulkyzy
Master's degree student of foreign languages (English)
Kazakh-Turkish University named after Yassawi, Turkestan, Noblesse7077@gmail.com

THE STRUCTURE OF THE LINGUOCULTURAL CONCEPT: THE METHODS OF DETECTION AND SEMANTIC MECHANISMS

Түйін. *Концепттің бейнелі құрамдас бөлігі, оның ингерентті когнитивтік белгілерімен концепттің маңызды бөлігінің бірі болып табылады. Дегенмен, концепт құрылымы туралы түздік ыңғайындағы терминдермен түсіндіру қиынды туғызады. Концепттік басқа бір құрамдас бөлігі оның маңызды бөлігімен бекемірек байланысқан деп айтуды қате деген негізсіз болып табылады. Түздік ыңғайдағы терминдер төңірегінде ойлану және сөлеу дәлелді бола алады, өйткені, лексико-семантикалық өкілге эзоморфты болып келеді. Қауымдастық құрамдас бөлік концепттің маңызды құрылымдарының бірі, оның көкейкесті кесіндіде болмысын корсетеді, бірақ, концепттің бүкіл құрамы бұған тіреліп қалмайды.*

Резюме. *В заключение необходимо подчеркнуть, что образная составляющая концепта совместно с ее ингерентными когнитивными признаками является ядром концепта. При этом говорить о структуре концепта в терминах полевого подхода представляется проблематичным. Было бы безосновательно утверждать, что какая-то из составляющих концепта более прочно связана с ядром, чем другие. В терминах полевого подхода целесообразно рассуждать, реконструируя ассоциативную составляющую концепта, так как она эзоморфна репрезентирующему ее лексико-семантическому полю. Ассоциативная составляющая является значимым конструктом концепта, отражающим его бытие в актуальном срезе, однако все содержание концепта только к ней не сводится.*

Summary. *In conclusion, it must be emphasized that the figurative component of the concept, together with its inductive cognitive features, is the core of the concept. However, it is problematic to talk about the structure of the concept in terms of the field approach. It would be groundless to say that some of the components of the concept are more firmly connected with the core than others. In terms of the field approach, it is advisable to reason, reconstructing the associative component of the concept, since it is esomorphic to the lexico-semantic field that represents it. The associative component is an important construct of the concept, reflecting its being in the actual section, but the whole content of the concept only does not reduce to it. This is what allows the concept to «survive» its nominees, not to be dissimilated together with the disintegration of the lexical microparadigms that update it.*

By now, linguoculturology has developed several approaches to identifying the structure of the concept. All of them are based on the proposition that, as a structural unit of the conceptual system, the concept is represented by semantic structures of various levels of complexity and abstractness and has its "representations" in the lexical system of language.

Multilayered linguoconcept is manifested in the presence of several qualitatively different components (layers, dimensions, levels, etc.) in its structure; the opinions of the researchers differ only in relation to the number and nature of the latter.

The most well-known approaches to the identification of the structure of the concept, which underlie a number of modern studies in the field of linguo-conceptology, belong to Y.S. Stepanov, V.I. Karasik, I.A. Sternin, V.V. Kolesov and G.G. Slyshkin. The interpretation of the structure of the concept by Y.S. Stepanov is widely known. Stepanova, who argues that the concept has a multilayer structure highlights:

1. "The main feature," the "topical layer" of the concept, in which "the concept actually exists for all who use this language (the language of this culture) as a means of their mutual understanding and communication";
2. Additional, or several additional, "passive" features, which are already irrelevant, "historical", actualized "when people communicate only some social groups";
3. "Literal meaning" or "inner form, usually not recognized at all, embodied in external, verbal form," or etymological, the most remote in history, a sign of the concept[1].

This approach can be called diachronic, in its framework the structure of the concept is considered in the process of its evolution within the framework of culture. The original concept of the structure of the linguocultural concept belongs to G.G.Slyshkin [2, p.51–67], who offers an associative model of the concept, proceeding from the fact that the latter functions as a process of continuous nomination and renamination of objects, the appearance of new and loss of old associative links between linguistic units and nominated objects.

Nominal density of the concept within the framework of this approach is the main characteristic of the concept's intra-zone (the totality of the associations included in the concept), and the metaphorical diffusion is its extra-zones (sets of outgoing associations) [2, p.60].

According to V. Kolesov, the semantic unity of the concept is ensured by the consistency of its "manifestation in the form of an image, concept and symbol" [3, p.107], where the image represents the psychological basis of the sign, the concept reflects the logical functions of consciousness, and the symbol is the general cultural component of the verbal sign [3, p.42].

I.A. Sternin and Z.D. Popova offer the field model of the concept by analogy with the field organization of the meaning of the word (developing the ideas of E. Roche, E.V. Rakhilina, L.O. Cherneyko, and others). Proceeding from the fact that the meaning of the word has a field structure (arhisem in the nucleus, differential semes on the near periphery, hidden semes on the far periphery), the authors suggest that the concept has a multi-layered organization that can be identified through analysis of the linguistic means of its representation [4]. According to the authors of the approach, the concept can receive a field description - in terms of the core and periphery. The core includes prototypical layers with the greatest sensory-concrete concreteness, primary bright images; more abstract signs make up the periphery of the concept. The basic image can exhaust the content of the concept if the concept reflects specific sensory perceptions or representations, or is isolated in the minds of primitive individuals. In more complex concepts, additional conceptual features are added to the basic image. There can be many signs; they can form relatively autonomous conceptual layers from a more specific layer to a more abstract one. The totality of the basic image, its cognitive features and conceptual layers make up the scope of the concept. The authors emphasize that "there cannot be many conceptual layers in the concept, but there is a base cognitive layer with a sensory-nucleus for each concept, otherwise the concept cannot be fixed in the universal objective code as a discrete unit of thinking (semantic separation), cannot function as “Think” unit [5, p.34]. The periphery consists of poorly structured predicates reflecting the interpretation of individual conceptual features and their combinations in the form of statements, attitudes of consciousness that flow from the mentality of different people in a given culture. This layer of concept content was designated by the term "interpretational field of the concept" [4].

V.I. Karasik, revealing the structure of concepts - spiritual values, distinguishes in it, in addition to figurative, conceptual and value components. The author understands the imaginative component as "the trace of the sense representation in memory in unity with metaphorical transfers". Conceptual component is, according to V.I. Karasik, "a set of essential features of an object or situation and the result of their knowledge". From the linguistic and cultural point of view, the value component is the dominant one, since it is the most culturally significant.

Taking the approach to modeling the structure of the concept V.I. Karasik as a whole, S.G. Vorkachev singles out the linguoconcept in the semantic composition of the linguoconcept, in addition to the figurative, value and conceptual, as well as the significant component "determined by the place that occupies the name of the concept in the language system". The significance component also includes the etymological and associative characteristics of the name of the concept. The term "significant" in the concept of S.G. Vorkachev goes back to F. Saussure, who called the totality of immanent characteristics that determine the place of the language unit in the lexical-grammatical system "valeur". To explore it, Saussure calls not only for the "axis of simultaneity", in synchrony, but also for the "axis of succession," in diachrony [6, p.117]. The last axis in the case of a significant component of the linguocultural concept is revealed, according to S.G. Vorkachev, as the "etymological memory of the word," fixing the evolution of the inner form of a lexical unit, the path of its "etymon". In sync

The significant component of linguoconcept is described, according to S.G.Vorkachev, through the intra-paradigmatic "equivalence" and "diversity" of the LSV of this name: the relationship of synonymy and homonymy within the boundaries of the corresponding dictionary entry. Among the significant characteristics of the concept is, according to the author's assumption, also the ratio of the part-time realizations of his name, his word-forming productivity. Significant are the pragmatics properties of lexico-grammatical units, since they are realized exclusively against the background of the synonymous series. From the foregoing it follows that the content of the significance of the component of the concept is derived by the author from the associations of his linguistic name, his word-formation productivity and nominative density, but the content of the conceptual component of the concept is derived from the associative relations of the names of the concept.

The term "conceptual" probably should imply that this component includes the definition of the content of the concept included in it. In particular, the conceptual component of the moral and ethical concept must include the definition of this moral principle or feeling. For example, "conscience is the sense or consciousness of the moral goodness or badness of one's own conduct, intentions or character together with a sense of obligation to do right or be good". Definition is a logical operation that reveals the content of the concept, in the course of which the functions of semantic features are established and their hierarchy within the concept. Distinctive, tribal signs ensure the identity of the concept to itself when it is used in various theories and fix its scope. Essential signs are associated with the interpretation of the concept's content within a certain concept. Philosophical concepts-terms can be defined and filled with concrete content, only being included

in the theory, which is the boundary of their meaning. Even without adhering to such a rigid approach, that is, in fact, trying to model the conceptual components of concepts at the level of ordinary consciousness, we are forced to identify in their structure generic signs; otherwise the term "conceptual" loses its adequacy.

In a number of existing studies on linguo-conceptology following the approach described above, the "conceptual" component of cultural concepts is in fact derived by revealing the dominant associations (thematic, paradigmatic, syntagmatic) in which the enter concrete implementations of the names of the concept in a variety of discourse conditions. There is no doubt that the signs of the conceptual component of the linguocultural concept can indeed be deduced from the dominant, prototypical associations that are revealed in the individual discursive interpretations of the concept. But it must be taken into account that the basis of any concept is the generic components of meaning, associations are fixed quite rarely.

The etymological component (the "etymological layer" according to Y.S. Stepanov) of the concept is determined by the internal form of the word, which is the key representative of the concept. The etymological component of the concept serves as a means of additional motivation for its value component. For the purpose of illustrating the above, let us consider the etymological component of the British moral and ethical concept of "conscience". Investigating the facts of the linguistic representation of the concept "conscience" in Russian, N.D. Arutyunova notes that he "is part of a group of socio-evaluation concepts that regulate the interaction of a person with the" Other "(other, socium)". Thanks to the "Other" factor, consciousness is formed (from the Greek syneidesis, Latin conscientia). "Consciousness is not only conscious, but conscious, it judges and condemns. In it there is a system of norms with which a person correlates his actions - forthcoming and already accomplished. Acquiring a judicial function, consciousness becomes a conscience". In most European cultures, the connection between conscience and consciousness has been preserved. It was noticed in English only since the XVII century. It began to distinguish between consciousness "consciousness, awareness" and conscience "conscience."

The associative component of the concept is induced by the most frequent (prototypical) associative relations of names having a contextual connection with the concept.

The conceptual component of the concept has intersection zones with the associative, since it can include meanings derived from the dominant associative connections of the concept, but the basic ones in its content are distinctive, generic attributes. The conceptual component, although it may include the meanings derived from the dominant associative connections of the concept, is not informative in the identification of national and cultural meanings, since it contains hyper hyponymic signs of the concept, which in the case of the concepts of spiritual entities can coincide in the formulations of representatives of different cultures. Moreover, without being asked, many representatives of the national-language community never try to formulate the content of the conceptual component of the concept, successfully operating it in the mind. Comparative analysis of definitions of moral and ethical concepts, given in modern explanatory dictionaries of English and Russian, revealed only a very small degree of their ethno specificity.

The imaginative component of the concept may include a visual-sensory representation ("mental picture", a perceptual image), as well as a combination of conceptual metaphors derived by the native speaker from the compatibility of the name objectifying the concept in the language. The metaphorical core of the concept of mental essence lends itself to empirical verification by means of language and in many ways motivates the value component of the concept.

References:

1. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. 3-е. изд., испр. и доп. – М.: Академ. проект, 2004. – 991 с.

2. Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты и метаконцепты: моногр. –Волгоград: Перемена, 2004. – 340 с.

3. Колесов В.В. Философия русского слова. – СПб.: ЮНА, 2002. – 444 с.

4. ҚР БҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы Лингвоелтаным, лингвомәдениеттану, этнолингвистика және олардың ерекшеліктері мен байланыстары жайлы // ҚР БҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 72-77 б.С., 2001. - № 6Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальное сознание. Вопросы теории и методологии. – Воронеж: ВГУ, 2002. – 313 с.

5. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.

Альжанова Айдана Асылбековна
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
және «Ғылым ордасы» кешенін базасындағы ғылыми зерттеу институттарының
бірлескен білім беру бағдарламасы ҚР БҒМ ҒК М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты
6М021402 – әдебиеттану мамандығының 2 курс магистранты, lady.alzhanova@mail.ru
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., **Ақыш Нұрдәулет Бабиханұлы,** babe8812@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ (КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН)

Түйін. *Бұл мақалада тәуелсіздік пен еркіндік идеясының көне түркі әдебиетінен бастап тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына дейінгі әр кезеңдерде жырлануы, бейнеленуі туралы сөз болмақ. Сонымен бірге қазақ әдебиеті сан ғасыр аңсап, XX ғасырдың соңғы жылдарында келіп жеткен егемендікті, тәуелсіздікті қалай қабылдап, қандай баға бергендігі жөнінде талдау жасаймыз.*

Резюме. *В этой статье будем обсуждать идею независимости и свободы нашей страны от времен древней литературы, представленной для нас на разных стадиях. Также, будем проводить анализы и принимать решения по вопросу суверенитета, независимости и живой казахской литературы, которая длится на протяжении многих лет.*

Summary. *In this article we will discuss the idea of independence and freedom of our country from the times of ancient literature, presented for us at different stages. Also, we will conduct analyzes and make decisions on the issue of sovereignty, independence and living Kazakh literature, which lasts for many years.*

Жалпы адам баласының ең ұлы рухани қазынасының – әдебиет. Жер бетінде қаншама ұлттар мен ұлыстар бар. Ұлттың ұлт болуы елдің ешкімге бағынышты болмауымен тікелей қатысты. Ендеше Тәуелсіздік дейтін ұғым – мемлекет болудың, егеменді ел болудың алғышарты. Әдебиетті осы ұлт ұғымымен біте қайнасқан, елдіктің жүйке тамыры деп айтуға әбден болады. Ендеше тәуелсіздікке жетуде әдебиеттің рухани ояту, түрткі болу күші ересен зор деп айту жаңсақ пікір бола қоймас. Әлем әдебиетінде өзіндік орыны бар кез-келген ұлттық әдебиеттің алғашқы үлгілерінен бастап тәуелсіздік идеясының мысалын молынан кезіктіруге болады.

Қазақ халқының әдебиет тарихы ғана емес, соның бастауы, қайнары есептелетін көне түркі әдебиетін ақтарсаңыз да тәуелсіздік, еркіндік, азаттық идеясы менмұндалап тұрады. Бұл әдебиет өзінің қазіргі жеткен жетістігіне, биігіне сан ғасырлар мен белестерді басып өткені даусыз ақиқат. Ал енді осы көне түркі әдебиетін бағызы Сан, Ғұн заманына апарып тіреуге болады. Дегенмен, осы Сақ, Ғұн тайпаларынан жеткен ауыз әдебиеті кейбір тарихи деректер немесе, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ерлік жырлары мен аңыз-ертегілері арқылы ғана бүгінгі күнге жетіп отыр. Осы ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің ерлігі мен батырлығы – қалай да бір бақытқа талпыну, елін-жерін қоғау, соларға пана болу, патшалықтарды бағындыру желісінде болып келеді. Мұның өзі еркіндікке талпыну мен азаттыққа жету жолындағы биік мұрат болып саналмақ. Бұл туралы академик Әлікей Марғұлан «Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра олып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, пәлсафалық қария сөздерін тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екені көрінеді. Бұл жойқын шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі бір – жарқын дүние. Оны ең алғаш келістіре шығарған елдер ерлік дәуірін басынан кешірген, қазақтың байтақ сахарасын қоныстанған Сақтар, Ғұндар, Үйсіндер, Қаңлылар, олардың соңын ала қарыштаған ұрпақтары – Оғыздар, Қыпшақтар, Қарлұқтар, Наймандар, Керейлер, Пешенелер, Хазарлар» деп бағызы мұрамыздың үзілмес сабақтастығын айта кетеді. [1, 5]

Сод дәуірден қалған «Тұмар патшайым» аңызды күні бүгінге дейін қазақ ауыз әдебиетінде ең ескі, ең таңғажайып ерлік жыры болып айтылып келеді. Кейіндеп өткен ғасырда пасы патшасының қабірін ашқан археологтар шынымен де билеушінің басы жоқ екеніне көздері жеткен [2, 15]. Осыған қарап-ақ бүгінге жеткен аңыз-дастандардың шындықтан алшақ кетпегенін білуге болады.

Бүгінге жеткен осы бір аңызда сақ жеріне шабуыл жасаған парсы патшасы массагеттердің ел шетіне қалың қол келіп тұрған кезде де не үшін соғысқа асықпайтынына таң тамаша болып, елші жіберіп сұратады. Сонда ғана ол сақтардың гүлденген қаларлар үшін емес, ел шегарасының белгісі саналатын молалар үшін соғысатынын, моларларды таптап қорлағанда ғана намыстанып, қарсы шығатынын естиді. Аңыздағы осы бір шағын деректің өзі ел егемендігі, шегараның бекемдігі әруаққа айналып кеткен бабалар моласы (топырағы) мен тікелей байланысты екенін аңғару аса қиын емес.

Сақтар мен ғұндардан жалғасқан салтанатты жиын, той немесе астарда ел ақсақалдары мен абыздар, қариялар жас жеткіншектерді жиып алып, бабалар ерлігін, ел бірлігін ту еткен аңыз-ертегілер мен жырларды насихаттап отыру бүгінде аздап ұмытыла бастағанымен, күні кешеге дейін үзылмеген дәстүр еді. Түркі халықтарының осы бір

дәстүрі жайлы Орта Азияның әйгілі тарихшысы Рашид-ад-дин (1247-1318): «Моңғол-түркілердің көнеден жеткен салт-дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айырықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де ауытқыған емес» деп жазады. [3]. Батырлық жырлардың көне дәуірлерден сақталып келе жатуының басты себебі де еркіндік сүйгіш елдің ең басты аңсары – азат өмір болуында. Ел қорғаған ерлер тағылымы тәуелсіздік жолындағы күреске бастайтын мәңгілік рухтандырушы күш ретінде ғасырлар бойы маңызын жоймай, ұлттың рухани сұранысын қанағаттандырып келеді. Дастандарда жырланатын сақ-ғұн ерлерінің шабуылға шығыуы да, қорғануы да – ел тәуелсіздігін сақтау мақсатындағы туған әрекет.

Осындай аңыздың бір желісі «Еділ патша» жайлы ертегілер. Қазақ арасында ұлы қолбасшы жайлы бірді-екілі ертегілер болмаса ол жайлы дастан ұмытылып кеткен. Еуропа халықтарының әдебиетінде жақсы сақталған бұл ұлы патша жайлы дастан жалпы түркі халықтарында да аса көп кездеспейді. Бірақ, ғұн мемлекетінің ұлы қолбасшысы, патшасы болғандығы жайлы дерек қазақ тарихшылары ғана емес, әлемнің ғалымдары дәлелдеп үлгерген. Сондай-ақ, батыс халықтары арасында кеңінен тараған «Нибелунг туралы жыр», «Зигфрид пен Броюнхилда», «Эдда» сынды әлі де өз құнын жоймаған жырлар мен әдеби шығармаларды ғұн патшасы еділді «Аттила», «Атил», «Этцель» деп түрліше жазады. Осы дастандардың бәрінде де ерлік, ел бірлігі, отан тұтастығы жайлы ой-ормандар көптеп кездеседі. Осы жырларда кездесетін ерлік пен махаббат, сатқындық пен жауыздық туралы кейіпкерлер мен сюжеттер отанға деген, ел мен жерге деген шексіз сезімнен туындап отырады. «Сақтарда отанын сату, дінін сату, қаруын тастау аса үлкен қылмысқа саналатын еді. Бұлар тәуелсіздікке нұқсан келтіретін бірден-бір себептерге саналған» [4, 177]. Осы дастандағы жарты Еуропаны жаулаған әміршінің жеңісті жорықтары да туған жерді қорғау, оның бейбіт өмірін, тәуелсіздігін сақтау, жатқа намысын таптатпау жолындағы қарсы шабуылдардан бастау алады.

Түбі бір түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі осы бір ұлттық идея жайлы белгілі әдебиет зерттеушісі Немат Келімбетов «Ежелгі түркі дастандарының ту етіп көтерген негізгі идеясы – елдің тәуелсіздігі үшін жан аямай күреске шығу, өзінің ел-жұртын сыртқы жаудан сақтап қалу, халық үшін қанды айқасқа шыққан батырлардың ерлік істерін мадақтау, бұқара халықы осы үндеу» дейді. Сақтар дәуірінен сақталып келе жатқан «Шу батыр», «Көк бөрі» және Оғыз заманынадғы «Оғыз-нама» дастандары мен оғыз жұртының жауынгерлік ерлік жырлары топтастырылған «Қорқыт ата кітабы» да осы ерлік пен тәуелсіздікті сақтауға деген ыстық махаббат жырланады.

Сан, Ғұн дәуірінен кейін де осы бір азаттық идея, тәуелсіздік аңсар, ел бірлігі қаншама ғасырлар бойы халық дастандары мен жыраулар жырларына арқау болды. Тек қана өлең жырлар емес, аңыз-ертегілер, жалпы болмысы романға бергісіз сан-санақсыз хикаялар да бұл тақырыптың жүгін талай ғасыр көтерді. Күні бүгінге дейін бұл дәстүр үзілген емес. Тәуелсіздікке қол жетсе, енді оны қалай сақтау, қалай баянды ету мәселесі де әдебиеттің мазмұнынан түскен емес. Бұл жалғастық кейінгі ұлы Шыңғысхан құрған мемлекет пен Алтын орда хандықтарына ұласып, қазақ хандығы құрылуының арғы-бергі айналасында тәуелсіздік идеясы әдебиеттегі ең бір шырқау биікке көтерілген тұс болды.

Қазақ хандығының мемлекеттік тұрмысы мен өмірінің өзіндік дамуында қоғамның рухани өмірінде жыраулар әдебиеті мемлекет пен билеушіге қызмет етті және мемлекетке қызмет көрсететін әдебиетті қалыптастырды. Мысалы, Бұқар жырау Абылай ханды көреген, данышпан адам деп «Дүниеден шықпай мініңіз», бүкіл үш жүздің басын қосып біріктіргенін дәріптеген:

...Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың...
сондай-ақ,
...Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділдікпен жүрдіңіз

Әдепті іске кірдіңіз [5, 98], – деп Абылай ханның әділдігін жоғары бағалаған. Абылайдың ел ел бірлігін нығайтып, тәуелсіздікті баянды етуге жасаған зор еңбегін асқазқ жырлаған. Жыраулар поэзиясы жайлы академик С. Қирабаев «Жыраулар заман халін толғап барып, оны елдің тілегін, арман-мұңын айтқан жырлармен жалғастырған. Бұл жырлар негізінен елдің бірлігі, жердің тұтастығы, ұлттық тәуелсіздік идеясымен байланысты толғаулардан тұрады» [4, 174], – дейді. Демек, жыраулар поэзиясы тәуелсіз Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» құру жолында елдің бірлігін, тұтастығын, мәдениеті мен тарихының қалыптасып дамуына өзіндік үлесін қосатын арна. Сондықтан жыраулар поэзиясы бүгінгі таңда Қазақ елінің рухани мәдениетінің өркендеп дамуына, мемлекеттілігінің қалыптасуына, экономикалық өркендеуіне зор ықпал етеді. Жыраулар поэзиясын қайта зерделеу өмір талабынан туындаған дүние.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылуы дәуірінде өмір сүрген көркем сөз шеберлері – қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясының қалыптасуында Доспамбет пен Шалкиіз жыраулардың алатын орны ерекше. Доспамбет жырау поэзиясында атамекенді сүю, ардақтау, отаншылдық-патриоттық рух өте басым.

Бетегелі Сарыарқаның бойында,
Соғысып өлген өкінбес! [5, 31] ...
Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?! ...
Кетбұғадай билерден Кеңес сұрар күн қайда?!
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?! [5, 34] Доспамбет жыраулар поэзиясында өзіндік қолтаңбасы бар, жорықшы, батыр жырау болған. Қазақ хандығы дәуірінде мемлекет мүддесін жоғары ұстанған ақын, елінің бірлігін, тұтастығын жырлаған.

Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының басты тақырыбы – тайпалардың топтасқандығы мен бірлігі, мемлекетті және оның әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Сондай-ақ жыраулар шығармаларында әміршіге тікелей арналған мадақ өлеңдер, елдік туралы философиялық толғаныстар, халық туралы, билеуші туралы да, ізгілік пен зұлымдық туралы, жақсы мен жаман туралы, достық пен дұшпандық туралы дидактикалық толғаулар болды. Жыраулар өз туындыларын, толғауларын кейінгі ұрпақтарына мәңгілік мұра етіп қалдыру жолында көркемдігі жоғары поэзия тілімен, таптырмас теңеулер, жарқын метафоралар, синтаксистік және психологиялық параллельдер арқылы баяндаған. Бұл туындылар

Тәуелсіздік идеясы мен еркіндік аңсары қазақ хандығының соңғы жылдары мен күні кешегі патшалық ресейдің тұсында, одан кейінгі Алашорда әдебиетінде де үлкен маңызға ие болды. Бұл күні бүгінге дейін зерттеліп, жазылып келе жатқан келелі еңбектерге арқау болды. Кешегі Кеңес дәуірінде, жүйеден өткен ғасырдың соңғы жартысында жазылған шығармалардың өзінде тәуелсіздікке деген ынтызарлық астарлы бейнеленіп отырды.

Қазақ елі тәуелсіздігін жариялаған тұста дәл осы ғасырлар бойы армандаған еркіндік жайлы қалам тербемеген қаламгер аз шығар. Жыр шашуын шашып, бөркін аспанға атты. Сол тұста қалам ұшынан сорғалап тұрғаны тек тәуелсіздік тақырыбы немесе соның айналасында болды десек артық айтқан болмаймыз. Езіле, егіле жырлады. Мәңгіліктің тойы деп қалам тербеді. Сенер-сенбесін білмей күмандана жырлағандар да кездесіп жатты. Уақыттық қана қуаныш болар деп күдіктене жырға қосқандар да жоқ емес. Бәрінен де маңыздысы қазақ поэзиясына енді еркіндік, егемендік тақырыбы бір жола ашық айтыла бастады. Бұл тақырып жаңа ғасырға дейін сол қызу, түйінді тақырыптан түскен жоқ. Әуелде аға буын күмән, күдікпен жырлаған тақырыпты жас буын бірден сенімге, бұлқынып тұрған күшке айналдырды. Жыл сайын тәуелсіздік мерекесіне орай өтіп жататын жыр мүшәйралары да осы тақырыпта қалам тербеген жас ақындарды лек-легімен қосып жатты.

Тоқсаныншы жылдың бас кезінде ел тағдыры, елдік мұрат, ел мүддесі дейтін ұғымдарға ерекше екпін түсіріле бастады. Жеке бастың гөй-гөйінен гөрі, егемен елдің бүгіні мен ертеңі қалай болады дейтін алаңдаушылық, жұртшылық жанарындағы үміт пен үрей, жолайырықтағы шарасыз хәлде тұрған жолаушыға бағыт нұсқаған бағдаршамның өшіп жанған жарығындай назар аудартты.

Қадыр Мырзалиев өзінің “Ел” атты бір өлеңін Қазақстан өз тәуелсіздігін алудан екі жыл бұрынақ жазыпты. Жер, Ел, Ана, Батыр, Ақын, Көсем дейтін ұғымдардың бәріне де лирикалық қаһарманның қатыстылығын сездіре келе:

Қайтесің, дос, тамағыңды құр кенеп!
Қиналғанда,
Жолдас емес,
Жыр керек.
Сөздің бәрі құдіретті,
әйтсе де
Ел деген бар,
Оның орыны бір бөлек! [6, 85] - деп екпін түсіре жырласа, бұл да сол ел тағдыры сынға түскен кезеңдегі ел перзентінің серті мен сенімі. Ел егемендігі жарияланғанда еңсесін бір тіктеп алған Қазақ елі енді тәуелсіздік тұғырына шыққанда елп-желп етпей, етең-жеңі далақтап ойға-қырға шапқылап сүйінші сұрамай, тым салқынқанды, тым сабыры қабылдаған деседі. Қанша ғасыр арман болған азаттық алауы лапылдап жанса да, желтоқсанның ызғарлы, жаңбырлы күні Алматыдағы жаңа алаңға жиналғандардың қара-құрасы тым аз көрінген дейді. Ел сенер-сенбес халде есеңгіреп қалғандай күй кешкен шығар. Ал зиялы қауым тәубә дескен. Мысалы, дәл сол күні белгілі ғалым, қоғамтанушы, жазушы Ақселеу Сейдімбек өзінің күнделігіне: “16. 12. 91. Азаттық!!! О, Тәңірім, ұзағынан сүйіндіргей!” [7,23] – деген жазу түсіріпті. Осы бір ауыз сөзде бүкіл қазақтың тілегі жатқанына күмән жоқ.

Еліміз тәуелсіздік алған тарихи күнде дүниеге келген ең алғашқы өлеңдердің бірі мынадай сыр ақтарады:

Өзіңдікі – Елің де,
Өзіңдікі – Жерің де.
Өзіңді өзің еткен Бақ –
Тәуелсіздік – төріңде!
……..
… Қанатыңнан қайрылып,
Қыр-арқаңнан майрылып,
Қонақ –
Тәуелсіздіктен,
Қала көрме, айрылып!.. [8,26]

Ақын Иран-Ғайып “Тауың да, бақша¬¬-бауың да, досың да, қатал жауың да – сенікі”, “ Туың да, От пен Ауа, Суың да - өзіндікі” деп шалқып-тасып оқырманмен сыр бөлісіп отырады да, “Қонақ – Тәуелсіздіктен, // Қала көрме айрылып!..” деп күтпеген түйін жасайды.

Бұл жерде ақынның кінәсі жоқ. Тәуелсіздіктің тұрақтап қалып қоятыны тұрмақ, оның өз аяғымен яки күреспен келетініне сенер¬-сенбес жұрттың көңіл күйін ақын астармен әдемі жеткізе алған. Құдайы қонақтай бұның келгені рас па, кетіп қалмас па деген күпті сауал сананы буып тұрған кезде бұдан басқаша айтса, бізді иландыра алмас та еді. Әрине, басқаша айтып та ақиқатты анық жеткізуге болады. Бірақ, Иран-Ғайып өзінің өлеңін жалаң патетикаға құрудан қашқақтаған, ойлы оқырманның пікір қорытуына түрткі болатын түйін жасаған деп білеміз.

"Біздің егемендік хақында екі ауыз сөз" атты өлеңіндегі ақын Есенғали Раушановтың толғанысы мынадай:

Мен қайрылдым, сен-дағы бұрылшы, інім,
Қалай, не деп ұғамыз мұның сырын:
Аяғыма қараймын – шідерім жоқ,
Неге қақсай береді жіліншігім?... [9,4]

Озбыр отаршылдықтың бұғауы үзілді. Егемен ел болып, жеке түтін түтеттік. әлемдегі көптеген мемлекеттер (ең алдымен Түркия) Қазақстанның тәуелсіздігін танып, дербес өмір сүре бастадық. Бірақ, халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігі бірден жақсарып кеткен жоқ. Тапшылық, жетіспеушілік, кедейлік құрсауынан шыға алмай қиналған қазақтар ауылда да, қалада да сеңдей соғылысты. Бәрінен де құлдық санадан құтылу оңай болмды. Есенғалидың "Неге қақсай береді жіліншігім?!" деп шідері жоқ шерлінің күйін кешуінде әлгіндей гәп жатыр. Өлеңнің өзегінде жатқан ащы шындықты жүрекпен қабылдап ұғыну керек.

Жалпы ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап жаңа ғасырға дейінгі аралықта Қазақстандағы баспасөзде тәуелсіздік жайлы жырлар мыңдап табылатыны белгілі. Бізд жоғарыда тәуелсіздік кезеңіндегі сол заман шындығын дөп басқан ақындардың жырларынан ғана мысалдар келтірдік. Ары қарай үңіліп, зерделесек бұл мақаламыздың ауқымына сыймасы анық. Ең бастысы, сонау түркілер заманынан бастап күні бүгінге дейінгі дастандар мен жырлардағы тәуелсіздік идеясы мен еркіндік тақырыбының әр кезеңде қалай жырлануы жайлы ой айтқымыз келді. Бір тақырып, бір ой. Бірақ, әр кезеңде, әр ғасырда өз көркемдігімен, өзіндік шеберлігімен сан қырлы бейнеленуінде жатыр. Кеше аңсасақ, армандасақ, бүгін жеттік. Бірақ, бұл тақырып ешқашан да өз маңызын жоғалтпасы анық. Себебі, алдағы болашақ күндерде бұл тақырып басқаша түрленіп, тәуелсіздікті қалай сақтау, қалай мәңгілік ету дейтін ұлы міндет тұр. Бұған әдебиетіміздің қосар үлесі де ешқашан тоқталмақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. – Алматы, 1985.

2. Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 1-том. – Алматы: Өнер. 1996.

3. Рашид-ад-дин. Сброник летописей. Т.I. Кн. 2. М. –Л. 1952. стр.29

4. Әлібекұлы А. Сақ, Ғұн заманындағы тәуелсіздік сарында. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет 1-том. – Алматы: Sigent Print. 2010, -332б.

5. Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық./Құрастыр. М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы, Жазушы, 1989, Т. 1. -384 б.

6. Мырза Әли Қ. Алаштың арманы. – Алматы: Санат, 2001. – 256 б.

7. Сейдімбек А. Ойтолғақ. – Алматы: Жалын, 1997. – 272 б.

8. Иран-Ғайып. Жыр әлемі. – Алматы: Жалын, 1996. – 352 б.

9. Раушанов Е. Біздің егемендік… // Қазақ әдебиеті, 1999. 22 қазан.

УДК 821.512.122-3:39

Сатылханова Гүлмира Әлиханқызы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің PhD докторанты,
филология ғылымдарының магистрі, gulmirka_81@mail.ru

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАНБЕТОВТЫҢ «БӨРІБАЙДЫҢ ТЫМАҒЫН ИТ АЛЫП ҚАШҚАН ҚЫС» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ЭТНО-МӘДЕНИ СИПАТТЫ КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬДАР

Түйін. *Қазақ әдебиетінде қазақ мінезін қаз-қалпында бейнелеп бере алған суреткерлердің ішінде Тынымбай Нұрмағанбетовтың орны ерекше. «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» әңгімесінде қазақы қалжыңмен, кісі көңілін жықпас кішіпейілмен, үлкенді сыйлау, құрметтеу сынды қанға сіңді асыл қасиеттермен танылатын ұлттық образдарды көруге болады.*

Кілт сөздер: *көркемдік деталь, этно-мәдени сипат, сюжет, ұлттық мінез, кейіпкер сөзі, образ.*

Резюме. *Тынымбай Нурмаганбетов занимает особенное место среди писателей которые смогли передать точно характер казаха в казахской литературе. В рассказе «Борибайдын тымагын ит алып кашкан кыс» можно увидеть национальные образы с такими особенностями своиственными только казаху, как казахская шутка, добродушность, уважение и почет старшему.*

Ключевые слова: *художественный деталь, этно-культурный характер, сюжет, национальный характер, речь героя, образ.*

Summary. *Tynimbai Nurmaganbetov takes a special place among writers who were able to accurately convey the character of the Kazakh in Kazakh literature.*

In the story "Boribaydyn tymagyn it alip kashkan kys" we can see the national images with such peculiarities only Kazakh, like Kazakh joke, goodnaturedness, respect and honor to the elder.

Key words: *artistic detail, ethno-cultural character, plot, national character, heroэs speech, image.*

Әңгіме сюжеті өз туған жылын анықтау мақсатымен әкесінің құрдастарын қонаққа шақырған Әлмәмбеттің басынан кешірген екі күндік хикаяға құрылған. Сол екі күн ішінде қазақтың бар болмысын танытарлық ескі әңгімешіл қарттар бейнесін, олардың әңгімесі арқылы тұрмыс ахуалын көріп, білуге, танысуға болады.

Автор идеясы – адамның өмірге келген уақытын нақты құжатты көрсете алмаған кезеңнің ауырпалығын таныту; аласапыран уақыттың дәмін татқан ұрпақтың ұлттық болмысты сақтап қалуын «сөзге тоқтау» үрдісі арқылы бейнелеу; оқиға желісін дамытушы бас кейіпкер Бөрібай арқылы ұлттық мінез (характер) жасау; ұлттық мінез психологиясын әртүрлі қырынан ашу. Жазушы осы бағытта әңгіме тақырыбының өзіне юморлық сипат дарытқан.

Жазушының әңгімені баяндау стилінің басты ерекшелігі де осы юморлық сипатқа қатысты. Айта кететін нәрсе әңгіме желісіндегі юмор тудырушы кейіпкерлер әрекеті мен кейіпкер сөзі. Яғни, бас кейіпкер Бөрібай сөзі арқылы ұлттық дүниетанымы терең, сабырлы мінезді азаматтың образын елестете аламыз. Бөрібай сабырлы мінез, ұтымды сөз арқылы-ақ дара характерге айналған. Оқиға желісін өрбітуде Әлмәмбеттің жасын анықтау көркемдік құрылымның басты тірегі, тірек нүктесі ретінде алынған. Жасын, туылған жылын дәл білу үшін Әлмәмбет досы Ережеппен ақылдаса отырып, әке-шешесінің замандастары Алданбек пен Нұрқабылды қонаққа шақырады. Жазушы ауыл тақырыбындағы осы әңгімесі арқылы ауыл қазағының бітім-болмысын түрлі кейіпкерлер табиғатымен толықтырады. Әлмәмбеттің жасын анықтау оқиғаны шарықтау шыңына баяндаудың «кілті» іспетті.

Әкесінің көзін көрген қариялар Әлмәмбеттің туған жылын білеміз деуінің өзінде де өмір шындығы жатыр. Олар тап басып (шындығын) міне деп айта алмағанымен әке-шешесінің тұрмыс құруы мен Әлмәмбеттің дүниеге келуіне дейінгі кезеңде болған жандар. Өткен өмір суреттерін еске алып, баяндаушы екі қария Алданбек пен Нұрқабыл Әлмәмбеттің әкесі Бөрібайдай азаматтың адамшылық, арлылық, батырлық қасиеттерін айту, соған бас ие көңіл марқайту жетіп-ақ жатыр.

Автор суреткердің де басты концепциясы дүниені қабылдаудағы екі қарияның (Алданбек пен Нұрқабыл) Бөрібайдың ойларында құндақтаулы екенін де аңғарған жөн. Мәселен, Бөрібайдың күйеу жігіт болғандағы киетін «Тауасардың алты қатын алатын атақты тымағы». Тымақтың қызыл түсті болуы да белгілі бір дәрежеде автор идеясын толықтырып тұр. Қызыл түс мұнда символдық мәнге ие. Біріншіден, Бөрібайлардың заманы қызыл өкімет бейнелесе, екіншіден, «қызыл тымақ» жалған дүниенің, жылтырақ боқ дүниенің көз арбайтын дәйегі тәрізді. Бөрібайдың қызыл тымағын күйеулердің ойнайтын дәстүр бойынша қайнылары алып қалып, итке кигізіп қояды. Көз маңайын жапқан тымақтан қорыққан ит қаша жөнеледі. Мұнда мына нәрсені ескерген

жөн. Тымақты ит алып қашқан жоқ, көзін жапқан тымақтан зәресі қалмаған иттің жан далбасасы. Автордың айтпағы «қызыл тымаққа» жылтырақ қызыл дүниеге ақыл-есін алдырған адамның да өмірі осылай өтуі мүмкін екендігін оқырман санасына салуы. Жалғанның қызығын, жылтылды қызылын аңдыған адамның есі сол боқтықтың соңынан еріп-ақ адасумен өтетіндігі. Бұған дәлел тымақ бүлінсе де Бөрібайдың не тымақ иесі Тауасардың қыңқ етпеуі. Семіз бәйбішеге берген Бөрібайдың жауабында да, Тауасардың берген қарымтасына есіткен Бөрібайдың сөздерінде астарлы ой мен ұлттық сөзге тоқтау үрдісі жатыр. Қазақ халқы аталы сөзге тоқтаған. Совет үкіметіне дейінгі тарихты қарасақ елді аталы сөз иемдеген билер басқарғаны, ел ішінің неше алуан дауын бір ауыз сөзбен шешкен кемеңгерлер ойынан алынған ұлттық дәстүрді көреміз. Сол дәстүрдің иелері әңгімедегі Бөрібай, Тауасарлар.

Әңгімеде Алданбектің, Керімханның сол кездегі ауыл балаларының асық ойнау үрдісі де жақсы келтірілген. Асық ойнаудың ептілік пен мергендікке баулитыны әңгіме астарында айқын (жақсы келтірілген) танытылған. Ережеп секілді кейінгі ұрпақтың «Одан да карта ойнамайсыңдар ма?» – деген сауалы да бекер қойылып отырған жоқ. Карта ойнау, қазақ ауылына Кеңес өкіметімен жеткенін де кейіпкер ашына тайтады. Бұл детальдың өзінен ұлттық болмысты бұзушы факторлардың бірі осы «карта ойыны» екендігін байқауға болады. Әңгімеде сонымен қатар Бөрібайдың тоқал алуы (әмеңгерлік жолмен) да қызықты баяндалады. Күйеуі марқұм болған Зүбайраға қалаған қайыңдарының бірін айт деп таңдау берудің өзі, Зүбайраның таңдау жасауы, Бөрібайдың жары Өрбикенің келісім беруі кейіпкерлердің ішкі әлемін жан дүниесі тереңінен бір хабар беріп өткендей әсер тудырады. Осы ситуацияның тізгінін ұстаушы Тауасардың анау-мынау Кеңес заманындағы Совет өкілдерінің өзінде он орап алатын ұлттық болмысын да жазушы кескіндеп беруді мақсат еткен. Тауасардың «Шырағым Өрбике, күйеу сенікі болғанымен, азамат ауылдікі ... » [3, 161] – деген бір ауыз сөз төркінінде қаншама ұлттық дүниетаным қатпарлары жатыр. Өрбикенің де «жазмыштың ісі деп» көнуінің өзі ұлттық дәстүр келбетінің аталар тәрбиесінде жатқан өзегін аңғартады. Біздің ойымызша осындай ұлттық тәрбие негіздері қазіргі қазақ қоғамынан да қайта орын алуы қалыпты жағдай.

Қорытындылай келгенде, әңгімеде жазушы Әлмәмбеттің жасын, туған жылын білу емес, тиісінше – Әлмәмбетке басты кейіпкер әкесі Бөрібайдай адамшылықпен өмір сүре білуді өмірлік мұрат деп білу болса керек. Бұл да болса бір ғана туған жылды білудің деталь ретінде қаншалықты көркемдік қызмет атқарып, бір елдің тарихында өзінің өшпестей орнын тапқанын көрсетсе керек. Келесі бір мәселе – Әлмәмбеттің жасын, туылған жылын нақты білмеуіне сол кездегі Совет үкіметінің ықпал-әсері болуы. Алайда өз болмысын, мінезін, әңгімешілдігін ұмытпаған ақсақалдардың болуы елдің ел болып, негізін ұмытпай уақыт өткенмен қалыбын сақтап қалуында маңызды орны болғаны әңгімеден көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Нұрмағанбетов Т. Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс. – Алматы: Атамұра, 2006. – 216 б. – (141-170 беттер)

2. Добин Е. Герой. Сюжет. Деталь. – Москва: Советский писатель, 1962.

3. Добин Е. Сюжет и действительность. Искусство детали. – Л.: Советский писатель, 1981.

Абдулханова Мадина
Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ магистр-оқытушысы, kalya2402@mail.ru

Бектас Айнур
Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ аға оқытушысы, Aynur_0281@mail.ru

ТӘЖІКСТАННАН ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕГІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Резюме. *Статья посвящена исследованию некоторых языковых особеннностей в языке казахов-оралманов из Таджикистана.*

Summary. *The article is devoted to the study of some linguistic peculiarities in the language of the Kazakh oralmans from Tajikistan.*

Кілт сөздер: *Әдеби тіл, жергілікті тіл ерекшеліктері, оңтүстік сөйленіс, аймақ, диалект, говор.*

Ключевые слова: *литературный язык, местные особенности языка, южная речь и говорят на диалекте региона.*

Keywords: *Liberary language, local features of the language, southern speech and speak the dialect of the region.*

Әдеби тіліміздің жаңа дәуір талабына сай биік белестерге де көтерілуіне қозғау салған халық тілі болып табылады. Жергілікті халық тілінің байлығы – әдеби тіліміз нәр алатын таусылмас бұлақтың бірі. Қазіргі кезде жергілікгі тіл ерекшеліктгері жөнінде ұлттық әдеби тілді байытудың қайнар көзі деп қарайтын оң пікір қалыптасқан кезде, диалектологиялық материалдарды жинап-теріп жүйелеу, оларға лингвистикалық талдау жасау аса қажетті істердің бірі болып саналады. Халықтың байырғы кездегі дүниетанымынан, рухани мәдениетінен, шаруашылық жүргізу тәсілдері мен кәсібінен мол дерек беретін жалпыхалықтық тілдің аса маңызды дерек көздері болып саналатын жергілікті тіл ерекшеліктгерін жинау бүгінгі күннің басты талабына айналған десек те болады. Зерттеу нысаны болып отырған қайсыбір диалектологиялық аймақты алсақ та, реликт ретінде сақталып қалған тілдік құбылыстар сол өңірді мекен еткен тұрғындардың басынан өткізген тарихи оқиғалардың көрінісі және басқа халықтармен болған қарым-қатынасы жайында мол дерек береді. Әрі халық тіліндегі жергілікті ерекшеліктгерге талдау жасауға тіліміздегі әр сөйленістерге тән өзгешеліктердің қыр-сырын ашуына септігін тигізеді. Қоршаған ортаның дамып өркендеуімен қатар, сол ортаның басты факторы болып табылатын адамның сөйлеу тілі де өзгеріске ұшырайды. Адамзат тілінің өзгеріске ұшырауына ішкі-сыртқы факторлар уақытпен таласып әсер етіп жатады. Соның бірі ретінде жергілікті аймаққа ғана тән тілдік ерекшеліктер сөздік қорды байытып отырады. Қай тілде болмасын диалектілік, сөйленістік ерекшеліктердің бар болуы заңды құбылыс. Жекелеген аймаққа ғана тән тілдік ерекшеліктердің (дыбыстық, лексикалық, грамматикалық) жиынтығын диалект деп атайды. Ал сөйленіс – жалпы қазақ тілінің жергілікті түрлері. Оларға тән дыбыстық, грамматикалық, лексика-семантикалық ерекшеліктер неғұрлым шағын аймақты (бірнеше аудан, я облыс) қамтиды. Бұл – сөйленістің неғұрлым көлемді аймаққа (үш-төрт облыс) тараған диалектілерден ең басты айырмасы. Тілдік ерекшеліктері бір-біріне жақын тектес бірнеше сөйленістер тобын (оңтүстік сөйленістер тобы, батыс сөйленістер тобы және т.б.), яғни диалектілерді жасайды. Қазақ тіліндегі сөйленістер 1950 жылдың екінші жартысынан бері зерттеле бастады. Жергілікті халықтық сөйленістер басқа тілдердің әсерінен тыс жергілікті аудандардың өзінде пайда болған. Ауыспалы сөйленістер тілдегі диалектілердің аралығында қалыптасқан ішкі ауыспалы сөйленіс (мыс., батыс және оңтүстік диалектілерінің әсері тиген Арал, Қызылорда сөйленістері) және қазақ тілімен басқа тілдер шектескен аудандарда пайда болған сыртқы ауыспалы сөйленіс (мыс, қазақ, қырғыз жергілікті тұрғындарының өзара қарым-қатынасынан туған Шу сөйленісі; қазақ, өзбек жергілікті тұрғындарының қарым-қатынасынан туған Шымкент сөйленісі) болып бөлінеді. Бұлардан басқа сөйленістердің басқа тілдік ортада қалыптасқан аралас түрі бар. Бұған Түркіменстан, Монғолия, Тәжікстанда тұратын қазақтардың сөйленістері жатады, олардың қос тілділік сипаты бар. Қазақ диалектілерінің өз ішінде сөйленістерге бөлінетіні туралы алғаш рет А. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ж. Досқараев еңбектерінде айтылған. Ал қазақ тілі сөйленістерін нақты зерттеп, ғылыми еңбектер жариялаған ғалымдар: Ж. Болатов, Ә. Нұрмағанбетов, О. Нақысбекұлы, С. Омарбекұлы, Т. Айдаров, Ш. Сарыбаев, Ғ. Қалиұлы, Ә. Жүнісбекұлы, Ә. Байжолов, Ә. Бөрібаев, Ю. Абдуалиев, Б. Бекетов, А. Тасымов [1].

Қазақ тіліндегі осы сөйленістердің ішінде біздің арнайы қарастыратынымыз – оңтүстік сөйленістер тобына жататын Тәжік сөйленісі. Әлемнің 40 шақты елінде тарыдай шашыраған қазақтардың 20 мыңы Тәжікстан жерінде қоныстанған. Олар Тәжікстанның Қорғантөбе облысының Вахш, Колхозабад аудандарындағы Теректі тау-

ларының Дарбазабұлақ, Найманбұлақ, Үшбұлақ, Өлеңбұлақ, Қарабұлақ деген жерлеріне келіп қоныстанғанына алды бір ғасырдан артық уақыт болды. Этникалық жағынан мұнда көбінесе Кіші жүз құрамына кіретін Адай, Әлім және Алаша руларының ұрпақтары. Қазір олардың он мыңнан артығы өз отанына, ата жұртына қайтып көшіп келіп, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал, Сарыағаш, Түркістан, Қазығұрт, Бәйдібек, Ордабасы, Төлеби аудандарына келіп орналасты.XIX ғасырдың 70-жылдарындағы Маңғыстау қазақтарының патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін көтерілген кіші жүз руларының біразы Хиуа, Бұхар хандығының иелігіндегі жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Ауған елдің бірқатары Амударияның төменгі ағысын мекендейтін кіші жүз арасына сіңді де, бірқатары дарияның бойын қуалай қазіргі Тәжікстан жеріне дейін жетті. Бұлардың осы өңірге келіп ат басын тіреген жерлерінің бірі – қазіргі Қорғантөбе қаласының маңы. Профессор Б.И.Искандаровтың «Восточная Бухара и Памир во второй половине XIX века» деген еңбегінде: «XIX ғасырда қазақтар мен түрікмендердің бірнеше мың отбасы қазақ және түрікмен жерінен қоныс аударып келіп, Вахш жазығы мен Куляб облысының жеріне мекен тепті», – деп көрсетеді. Оның кітабында қазақтар «қырғыздар» деп көрсетілген. Қазақтар негізінен мал өсірумен айналысыпты. Бұхар эмираты билігі тұсынан бастап, Шығыс Бұхарында (бүгінгі Тәжікстан) біріккен үкімет құрылғанға дейін қазақтар түйемен кіре (керуен) тасу кәсібімен айналысқан. Ол кезде түйе күші мемлекеттік тасымалдаудың негізгі көзі болған [2, 13 б.].Қала төңірегінде ауыл-ауыл болып отырған қазақтар мұнда 1960 жылдардың бас тұсына дейін аса көп болған. Кейін олардың Қазақстанның оңтүстік облыстарының жеріне қарай бірте-бірте ойыстап, азая бастағаны белгілі. Мұнда ауыл-ауыл болып шоғырланып отырған қазақтар әлі де бар.Қазақ ру-тайпаларының бұл төңірекке қоныс аударған зор толқыны жоғарыда айтқанымыздай, 30-жылдардың бас тұсына тура келеді. Асыра сілтеу зардабынан аштыққа ұшыраған қазақ ауылдарының көрші республикалардың жеріне бас сауғалап паналағаны қазір баспасөз бетінде жиі айтыла бастады. Кейінгі дүркін бұл алқапқа келіп орныққан қазақтар ру-тайпа жағынан әркелкі.[3, 101 бб.].

Өйткені, ол кезде Тәжікстан өңіріне қоныс тебушілер қазақ жерінің батыс өңірінен ғана емес, басқа да аймақтарынан да келе бастады. Бұл өңірдегі тұрғындардың сөйлеу тілін зерттеу 70-жылдардан бастап, Ұлттық Ғылым академиясы ұйымдастырған диалектологиялық экспедициялардың негізінде басталды. 1974 жылы проф. С.Омарбеков Қорғантөбеге, ал оның келесі жылында проф. О.Нақысбеков пен кіші ғылыми қызметкер Ф.Сағындықовалар аталған облыстың Вахш, Колхозабад аудандарына барып, сол өңірдегі қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен деректер жинайды. Ал 1976 жылы ғылыми қызметкерлер Ә.Османова, Ф.Сағындықова және Ж.Бисембаевалар барып, зертеу жұмысын жүргізеді. Сол диалектологиялық экспедициялардың негізінде Ж.Бисембаева, Ф. Сағындықовалардың авторлығымен бірнеше мақала жарық көрді [4].

Тәжікстан қазақтарының тілдік ерекшелігі мүмкін болғанша казақ тілінің басқа сөйленістерімен салыстыра зерттелді. Олар жеке зерттеу нысаны болып монография ретінде жазылған Арал, Маңғыстау, Шу, Түркіменстан, Қарақалпақстан, Орда, Өзбекстан, Ташкент, Сырдария, Оңтүстік Қарақалпақ, Еділ, Батыс Сібір, Ауған-Иран, Жетісу және Қостанай сөйленістерінің тілі мен Оңтүстік, Батыс, Шығыс сөйленістер тобына қатысты еңбектер арқылы жүзеге асты.Қазақстаннан шеткері мемлекетте тұратын қазақтар тілінде сол тұрғылықты халық тілінің, дүниетанымының, әдет-ғұрпының (және т.б. ішкі-сыртқы факторының) әсері болмай қалмайды. Сол себептен әрбір тілдің, не сөйленістің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері өзге тілмен, не сөйленіспен салыстырғанда ғана байқалады.Тәжікстаннан келген қазақтардың тілдік ерекшеліктерін тану үшін зерттеу барысында жинақталған деректерді қазақ тілінің екінші бір сөйленісімен салыстырғанда ғана ашылмақ. Сондықтан Тәжікстан қазақтары тілдерінің лексикалық өзгешіліктерін анықтау үшін алдымен оңтүстік сөйленістер тобымен салыстырылды. Зерттеліп отырған Тәжікстан қазақтарының сөйленісі өзінің территориялық орналасуы жағынан қазақ тілінің оңтүстік говорлар тіліне жататынын жоғарыда айтып өттік. Сондықтан бұл жерде оңтүстік өңірге тән сыпыра, зуала, ауқат, пәтір, жап, мойынтұрық, тонуыр т.б. сөздерді көптеп келтіруге болады.Оңтүстік сөйленістер тобында ортақ ерекшеліктермен қатар ішінара жеке сөйленістерде ғана айтылып, басқа жерде кездеспейтін өзгешеліктер де жоқ емес. Тәжікстан қазақтарының сөйленісі мен оңтүстік сөйленістер тобының, яғни оның құрамындағы жеке Шымкент, Жетісу,Шу, сөйленістерінің лексикалық ерекшелігін кесте арқылы салыстырамыз. Алдымен Шымкент сөйленісімен салыстыру барысында сол аймақтағы Түркістан өңірінің тілін арнайы қарастырамыз. Өйткені, еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары шалғайдағы қандастарымыз өзінің атамекеніне қайта оралып жатқан кезде, Тәжікстандағы қазақтардың көпшілігі еліміздің оңтүстік аймағына, оның ішінде Түркістан өңіріне көбірек қоныс тепті. Сол себептен Түркістандағы тәжікстандық оралмандар мен сол өңірдегі қазақтар сөйленісінің ерекшелігін қарастырамыз (1-кесте). [5].

Кесте 1 – Тәжікстан қазақтары сөйленісінің Түркістан тұрғындар тілінен айырмашылығы

Тәжікстан қазақтарының сөйленісінде	Түркістан тұрғындар тілінде	Түсініктемесі
қар үй	қара үй	киіз үй
қара там	қара там	ауыз үйден шыққан екі жаққа есік 3 бөлмелі үй
бастырма	Бастырма	төбесі жабық, жан-жағы ашық жай
тапшан	тапша	отырып шай ішуге, жатып демалуға арнап үйдің алдына құрылған орын
кандөу	Көрпеше	жерге төселетін көрпе
шөптары	Итарқа	екі керегенің басын қосып жасалған күрке
шартақ	Бастырма	бастырма жақ қабырғасы ашық, төбесі жабық 8 бөлме
қотан	Шамқора	қой қамайтын қора
жалаңаш түшпара	Түшпара	шегілген етті қамырға салып түйіп сорпада (суда) пісіретін тағам
қамыр жазу	қамыр жаю	қамырдың оқтаумен жайылуы
памир шәй	пәміл шәй	үнді шәйі
шаттауық	Әтешкір	отқысқыш
жауырын ағаш	Иінағаш	су таситын ағаш
дұхаба	сапал кесе	орта кесе

Қазақ диалектологиясында оңтүстік сөйленістер тобына жататын Жетісу сөйленісі ,Шу сөйленісі туралы зерттеулер жүргізілген. [6].

Кесте 2 – Тәжікстан қазақтары сөйленісінің Шу, Жетісу сөйленістерінен айырмашылығы

Тәжікстан қазақтарының сөйленісінде	Жетісу сөйленісінде	Шу сөйленісінде	Түсініктемесі
қар үй	қазақ үй	боз үй, киіз үй	киіз үй
бастырма	лапас	бастырма	төбесі жабық, жан-жағы ашық жай
ным кесе // дым кесе	ақпар чыны	жинан // жәнен	үлкен кесе
шарық	чоқай	чарық	теріден жасалған аяқ киім
қол үздік	азат омыртқа	аян омыртқа	мал сойылған кісіге берілетін ет
таба нан // тапа нан	көмбе қазан // көмбе // тапа нан	көмбеш // көмбеш қазан	отқа көміп пісірілген нан
орыс орақ	сырт орақ	алқа орақ	имегі тұтас соғылған орақ
шаттауық	біраузыз атауыз	сап сит шаттауық	темір ұста дүкеніндегі құрал
ашық-машық	топчы // топса	ашық-машық // үзбе	топса
бапкер	бапкер	саяткер	ат баптаушы
пошақ	шөпек	шопақ	қауын-қарбыздың ұрығы
шолпы	кепсер	май қалақ // нан сүзгі	тесік ожау
ләгөн жам	дөс // елеген // кір-лен // кірші	шіліәужін // қалбыр // кірлен	кір жуатын ыдыс
ләм леген	жайпақ табақ	жайпақ табақ	жайпақ табақ

Әдеби тіліміздің икемділігін арттырып, сөздік қорымызды молайтудағы қайнар көздің бірі болып саналатын халық тілін Тәжік қазақтары тілінің негізінде зерттеп, оның басқа сөйленістерден, әдеби тілден айырмашылықтарын анықтап, әдеби тілді байытуға лайық көкөніс, өсімдік, ирригация, үй құрылысына, тағам атауларына байланысты сөздерден Тәжік сөйленісінін, қостілділік сипатты екенін анық аңғарылады.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы, 1997.

2. Байманов К. Тәжікстандық босқын қазақтар. – Сарыағаш, 1997.

3. Сағындықова Ф., Бисембаева Ж. Тәжікстан қазақтарының тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. Мақалалар жинағы. – Алматы, 1990.

4. Сағындықова Ф. Тәжікстанда тұратын қазақтардың тілі жөнінде // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1979, №2

5. Жүсіпова Б. Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 26 б

6. Нақысбеков О. «Қазақ тілінің ауыспалы говоры (Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған материалдар бойынша)».

Ермекбаева Айсулу Шериевна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университеті, 3 курс PhD докторанты
Түркістан қ., e-mail: ayermekbayeva@mail.ru

ДӘСТҮРЛІ НЕМЕСЕ ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ СӨЗ ӘДЕБІ ҮЛГІЛЕРІН БІР-БІРІМЕН САБАҚТАСТЫҚТА ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА ҮЙРЕТУ

Түйін: *Мақалада ана тіліне деген қатынас арқылы адамның сөйлеуге мүдделілігі оянумен қатар оның ойлау, тыңдау, қатысымдық қабілеттері де қатар жетілдіріле отырып, түпкі нәтижесінде мектеп түлегінің дара тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатындығы айтылған. Сөз әдебіне, сөз шеберлігіне баулу негізінде жүзеге асырылатын ана тілін сүюге, құрметтеуге үйрету парадигмасы теориялық білім қалпында емес, жүйелі түрде ұйымдастырылатын дара тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісіндегі білім мен біліктің бірлігінен туындайды. Теориялық білімнің мәні адамның өмір қажетін өтеуге қызмет ете алуында. Сондықтан бүгінгі жастарға танымдық-ақпараттық білімнен гөрі, шешендік қасиеттің, сөз шеберлігі мен әдебіне үйренудің сыры неде, оның жолын қалай меңгеруге болады, тұлғаға қойылар талап қандай деген сауалдар төңірегінде нақты бағдар беріліп, сөйлеу актілеріне сай сынақ-тапсырмаларды орындап, практикалық жағынан жаттығу әлдеқайда пайдалы.*

Кілт сөздер: *қоғам, қатынас, қатысымдық қабілеттер, мәдениет, тұлға, танымдық белсенділік, жағдаят, бейінділік, құзыреттілік, мотив.*

Резюме: *В статье говорится о пробуждении интереса говорить, думать человеку, развиваясь и совершенствуясь в коммуникативных навыках, посредством отношения к родному языку, что в итоге позволяет выпускнику школы сформироваться как личность. Парадигма обучения, который учить любить родной язык, уважать его, осуществляющийся на основе приучения этики составления предложения, мастерству речи, не осуществляется в теоретическом виде, а зарождается от единства образования и квалификации в процессе обучения, направленного на личность. Значение теоретических знаний оказывает огромную службу в удовлетворении жизненных потребностей человека. Таким образом, для современной молодежи знания ораторского мастерства, секреты обучения мастерству слова и этике речи и методы их изучения, выполнение контрольных заданий направленных на речевые акты и практические упражнения полезнее, чем информационно-познавательные знания.*

Ключевые слова: *общество, отношения, коммуникативные навыки, культура, личность, познавательная деятельность, обстоятельство, профиль компетенции, мотив.*

Summary: *It is said in the article that the relation to the native language awakens interest in a performance, also develops ability to think, listen, and opens a possibility of the school leaver as the personality. The training paradigm which teaches to love the native language, to respect it which is carried out on the basis of schooling of ethics of making offers, speaking skills are not carried out in a theoretical look, and arises from unity of education and qualification in the course of the training directed to the personality. Value of theoretical knowledge is intended for providing services of the satisfying vital needs of the person. Thus, knowledge of oratorical skill, secrets of training word skills and speech ethics and methods of their studying, performing the control tasks directed to speech acts and practice exercises for modern youth is more useful, than informative knowledge.*

Key words: *society, relations, communicative skills, culture, personality, cognitive activity, circumstance, competence profile, motive.*

Қазіргі заманда қоғамның барлық саласында психология ғылымындағы жетістіктердің ерекше мән алуы кездейсоқ емес. Себебі кез келген әрекетте адамның нақыт бір жетістіктерге жетуінде олардың табиғи қабілет-қарымы қаншалықты маңызды болғанмен, сол қабілеттердің дамуы тек қана оған түрткі дасап, дамытылуына мүмкіндік беретін мотивтермен байланысты екені дәледеніп отыр. Психологиялық зерттеулерде өмірде сәттілікке қол жеткізген белгілі тұлғалардың қалыптасуында әрекет мотивтерінің рөлі өте жоғары бағаланып отыр.

Ана тіліне деген қатынас арқылы адамның сөйлеуге мүдделілігі оянумен қатар оның ойлау, тыңдау, қатысымдық қабілеттері де қатар жетілдіріле отырып, түпкі нәтижесінде мектеп түлегінің дара тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады. Олай болса, жоғары сатыда ұсынылуы тиіс білім мен ғылымды тоғыстыра отырып тілді меңгертудің негіздері тұтастай оқушының танымдық қабілеттерін шыңдауға, қатысымдық қабілеті мен мәдениетін өзара бірлікте қалыптастыруға бағытталуы маңызды.

Зерттеу қағидалары бойынша мәдениет оқу, білім беру үдерісінде үш түрлі аспектіде қарастырылады. «Мәдениеттің гнесеологиялық аспектісінде білім алушының дүниені тануға, меңгеруге және өзгертуге бағытталған белсенді әрекетіне түрткі болатын сол әлемнің оның сезімдеріне, идеяларына ықпалы мен ой-санасындағы көрінісі танылады. Аксиологиялық аспектіде мәдениет дүниені меңгерудегі адамзаттың қол жеткізген

деңгейін танытатын материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі ретінде қарастырылса, ал гуманистік аспектісінде мәдениет адамның рухани әлемін дамытудың, оның шығармашылық қабілеттерін ашудың аса маңызды факторы болып саналады» [1, 344 б.]. Осыдан келіп, білім алушы тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін ашу үдерісіндегі оның кісілік мәдениетін қалыптастыру мәселесі туады, тұлғаны тәрбиелеудің дәстүрлі мәселелерімен бірге тосын да жаңа міндеттері алға шығарылады. Дәстүр мен жаңашылдық тоғысқан жаңа білім жүйесі бойынша түлектің тілдік-қатысымдық біліктерін, іскерлік және шығармашылық қасиеттерімен бірге оның адамгершілік бейнесін қалыптастыру секілді мәселелер тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі бағыттарына айналады.

Педагогикалық қатынас теориясы бойынша, оқушының танымдық белсенділігін дамыту мен коммуникация өзара бірлікте ұсынылады. Коммуникативтік бағыт аясында оқу мотивациясы, қатысымдық бағыт, даралап оқыту, жағдаяттық сипат, функционалдылық, саналы білім беру ұстанымдары басшылыққа алынады. Олар білімді ізгілендіру жүйесін ұстанады.

Пәнге деген сүйіспеншілік тудырудың бірнеше жолдары мен жүйелері бар. Мысалы, ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар танымдық мотивтер ұғымының іштей өзара мәндес бірнеше ұғымдармен шектесіп жататынын көрсетті. Олар:

1)танымдық қызығушылық (белгіленген нақты бір міндетті орындауға ерекше ынтамен кірісу);

2) креативтілік (шығармашылық) – өзіндік бір идеяны ажйратып, барлық әрекеттерін соған жұмылдыра алуы;

3) әрбір жаңа нәтижеден кейін келесі бір нәтижеге табиғи ұмтылыс (жаңа бір нәрсені білуге, игеруге тырысу).

Бұл ұғымдар мазмұны жағынан ортақ бір негізден бастау алады: олардың қай-қайсысында да адамның өз әрекеті арқылы үнемі жаңаны білуге, игеруге құмарлығы мен бағыттылығы көрінеді, сол үрдістен қанағаттана отырып келесі одан да жоғары деңгейдегі қызығушылықтардың тууын талап етеді. Дәл осы ойлау, қызығушылық күші – мотив деп аталады. Адамның өз қалауымен өзіне керегін таба алуы бақыт деп аталады.

Мотивацияның көрсеткіштері мен өлшемдері: танымдық; әрекеттік, бейімділік, ізденімдік, шығармашылық, креативтілік болып саналады. Бұл ұғымдар мазмұн жағынан өте тығыз байланыста болады және бір сатыдан келесі сатыған дамып, жалғасып отырады. Бұл орайда мотив – адам өмірінің өн бойында дамитын, өмірлік тәжірибесі арқылы байи түсетін, ол орындайтын кез келген әрекеттің міндетті компоненті. Ал мотивация үдерісі – күрделі психологиялық феномен, бірақ дәл сол ғана адамды белсенді әрекетке итермелейтін стимул болып саналады. Егер соңғы жылдары мектеп оқушыларының білім сапасы төмендеп кетті десек, оның басты себебі – осы оқу мотивациясының қатты төмендеуінің салдары.

Отандық білім тарихында 1998 жылдан бастап қазақ тілі 10-11-сыныптарда оқытыла бастағаны белгілі. Осы мүмкіндікті пайдаланып, алғаш рет ТМД елдері ішінде Қазақстанның білім жүйесінде бағдарлы мектептегі қазақ тілі пәнінің мазмұнында сөз мәдениеті мен шешендік өнерді оқыту қолға алынды. Ғалым Ж.Дәулетбекованың авторлығымен «Бағдарлы мектепте сөз мәдениетін оқыту тұжырымдамасы» жарық көрді [2, 3 б.].

Бұл құжаттарда жалпы білім беретін мектептердің бейіндік мектеп сатысында оқушыларды болашақ мамандығына бағдарлай оқыту міндеті қойылды. Мектеп оқушылары өзінің қалауына қарай қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математика бағытының бірін таңдайды. Ал оның әлеуметтік тиімділігі неде болуы тиіс деген сұрақтың жауабын табу әрбір пән әдістемесінің негізгі мәселесіне айналды. Бұл кезеңде оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны екі бағдарда да “Сөз мәдениеті және шешендік өнер” бойынша құрылған. Дәл осы кезеңде негізгі мектеп сатысында қазақ тілінің ғылыми салаларымен жанжақты таныс болып келген жеткіншектің игерген білімдерін құзіреттілік тұрғысында кеңейтуге басымдық берілді. Бұл оқушының білімді саналы меңгеруге деген ішкі қуат көздерін бағыттауға, оқу мотивациясын қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді деп жоспарланды.

Диссертацияның зерттеу нысанына алынып отырған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бейіндік мектепте ұсынылған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінде игертілетін тілдік білімнің және қатысымдық-этикалық біліктердің оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор. Өйткені болашақ мамандығын филологиямен, журналистикамен, заңгерлікпен, тарихпен байланыстыратын оқушыға сөз әдебі мен өзгелермен тіл табыса алу талаптарын меңгерту әрі тілдің әлеуметтік мәнін арттырады, әрі оқушының қазақ тілін меңгеруге деген оқу мотивтерін қалыптастыруға толық мүмкіндік береді. Сол себепті оқушының танымдық және әлеуметтік оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, пән мазмұнын меңгертудің, қажетті білім, білік дағдыларды игерту жолдарын жетілдірудің өзектілігі арта түсуде. Бейіндік мектепте ұсынылатын пән мазмұнын оқу мотивтері негізінде меңгертудің алғышарттары мен оның әдістемелік жүйесін құру тетіктерін анықтау өзектене түсуде.

Бейіндік мектеп оқушысының пәнге қызығуы сыртқы факторларға емес, оның өзінің ішкі қажеттігінен бастау алғанда оң нәтиже бермек. Болашақ гуманитарлық сала мамандарына тілдің оның болашақ кәсіби саласындағы мәнін түсіндіруден бастап, жалпы адамзат тіршілігіндегі тілді орынды қолданудың маңызы күнделікті сабақтарда тәжіри-

бе жүзінде дәлелденіп отыруы тиімді. Ол үшін оқушыны әр түрлі тілдік жағдаятта сынай отырып, дұрыс шешім табуға ұмтылыс үстінде толқу, толғану сезімдерін бастан кешіруге, нақты тапсырмалар арқылы сынға түсуге мүдделі ету бағытындағы оқу тапсырмалары ұсынылады. Жоғары сынып оқушысы үшін бірыңғай теорияларды оқудан гөрі түрлі өмір жағдаяттарына сәйкес сөз орамдарын қолданып, жол тауып шығу, өздігінен ой түйіндерін жасау, өзіндік тұжырымдары мен ойларын жеткізе білу маңыздырақ. Өйткені жеткіншек жасындағы оқушылар барлық жағдаяттан өз беттерімен жол табуға ұмтылып тұрады. Мұның себебі: бүгінгі мектеп оқушысы, яғни XXI ғасырдың адамы үшін білімнің тереңдігі ғана емес, өзінің оқу еңбегінің қандай нәтиже беретінін білу әлдеқайда өтімді. Жаңа заман оқушысына нені білетіндігі емес, не істей алатындығы мәнді. Сондықтан да сөз әдебіне, сөз шеберлігіне баулу негізінде жүзеге асырылатын ана тілін сүюге, құрметтеуге үйрету парадигмасы теориялық білім қалпында емес, жүйелі түрде ұйымдастырылатын дара тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісіндегі білім мен біліктің бірлігінен туындайды. Теориялық білімнің мәні адамның өмір қажетін өтеуге қызмет ете алуында. Сондықтан бүгінгі жастарға танымдық- ақпараттық білімнен гөрі, шешендік қасиеттің, сөз шеберлігі мен әдебіне үйренудің сыры неде, оның жолын қалай меңгеруге болады, тұлғаға қойылар талап қандай деген сауалдар төңірегінде нақты бағдар беріліп, сөйлеу актілеріне сай сынақ-тапсырмаларды орындап, практикалық жағынан жаттығу әлдеқайда пайдалы. Себебі ғалымдардың пайымдауынша, «білім берудің мәдени және рухани бағыттарын жүзеге асыру арқылы тұлғаның бойындағы интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық, коммуникативтік қабілеттері бірге дамытылады. Өйткені мәдениет білім алушының өткенмен, бүгінмен, ертеңмен арасындағы байланысты көрсетеді» [3, 46 б.].

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінде дәстүрлі немесе жаңа дәуірдегі сөз әдебі үлгілерін бірбірімен сабақтастықта дұрыс пайдалануға үйрету түрлі сөз орамдары мен тілдік құралдарды өзінің тілдік білігін жетілдірудің тиімді жолы етіп қолдана алуға төселдіруге байланысты болмақ. Сөйлеу актілерінің маңызы мен ерекшеліктерін түсіну оқушының логикасын дамытумен қатар оған қалай сөйлеудің нақты жолын табуға да жол ашатын болса, бірде таныс, бірде бейтаныс жағдаяттарда оқушының өздігінен шешім жасауына мүмкіндік беру оның өмірлік дағдыларының тұрақты қалыптасуына жол ашады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Т.Ғабитов., Ж.Мүтәліпов, А.Құлсариева. Мәдениеттану. Алматы: Раритет, 2001, -344б.

2. Дәулетбекова Ж. Бағдарлы мектепте сөз мәдениетін оқытудың тұжырымдамасы //Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999,- №2. 3-9 бб.

3. Федосеева И. А., ТУРКИН Е.В. Культурологический подход - важнейший фактор в обеспечении нравственного здоровья нации //Медицина и образование в Сибири. - Выпуск № 2 / 2015. – 46-51 стр.

Културсынова Фарида Балабековна
старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана
abylay.kultursynov@mail.ru

Космуратова Айткуль Нурбаевна
старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, kari_na98@list.ru

ФУНКЦИОНАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ОСВОЕНИЮ НАУЧНОГО СТИЛЯ

Резюме. *Статья посвящена описанию содержательного компонента работы по освоению научного стиля речи в практике вузовского преподавания языковых дисциплин. Автором рассмотрены специфические черты научного стиля, выявлены его основные лексико-грамматические характеристики. Обращается также внимание на учебно-методическое обеспечение работы над научным стилем на занятиях по русскому языку в вузе.*

Ключевые слова: *стилистика, функциональность, научный стиль, культура речи, лексико-грамматические характеристики, дидактический аспект*

Түйін. *Мақала жоғары оқу орындарында тілді үйрету пәндерінде ғылыми стильді меңгерудегі мазмұнды компонентерің сипаттауға арналған. Авторменғылыми стильдің спецификалық мәні мен лексико-грамматикалық сипатамасы берілген.Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында орыс тілі пәнінен ғылыми стиль бойынша оқу-әдістемелік оқулықпен қамталынғанына көңіл бөлінген.*

Кілт сөздер: *стилистика, функционалдық, ғылыми стиль, сөз мәдениеті, лексико-грамматикалық сипаттама, дидактикалық аспект*

Summary. *The article dedicated to describing of substantial component of the work to develop the scientific style of speech in the practice of University teaching linguistic disciplines. The author considered specific features of the scientific style, revealed its basic lexico-grammatical characteristics. Also there is a focus on academic and methodological support of work on a scientific style at the lessons of Russian language in university.*

Keywords: *stylistics, functionality, scientific style, culture of speech, lexico-grammatical characteristics, didactic aspect*

Языковые занятия в современном вузе имеют, в соответствии с требованиями ГОСО, ярко выраженный ориентир на профессионализацию. Тематика занятий, формулировка их целей, отбор теоретического и практического материала – весь арсенал учебно-методического обеспечения познавательного процесса призван служить имитацией той сферы, в которой предстоит трудиться выпускнику. Практика свидетельствует, что грамотное структурирование диалогических и монологических высказываний на профессиональную тему служит ярким доказательством наличия у специалиста коммуникативной компетентности, формирование которой – одна из основных задач языковых кафедр высших учебных заведений.

Характеристика условий общения влияет на целевые установки, определяющие выбор средств языка. В одних ситуациях язык используют для того, чтобы просто обменяться мыслями, впечатлениями, наблюдениями. Вспомним, например, наши беседы с друзьями, родными, членами семьи, нашу переписку с ними. В этих и подобных им ситуациях функция языка – общение. В других ситуациях язык выполняет функции сообщения и воздействия. Стили (книжные и разговорные), которые выделяются в соответствии с основными функциями языка, связанными с той или иной сферой деятельности человека, называют функциональными. Функциональный стиль производит «собственное перераспределение» языковых средств: из общелитературного языка он отбирает то, что соответствует его внутренним потребностям и задачам общения.

Таким образом, единство стиля создается не только и даже не столько стилистически маркированными единицами, сколько соотношением общих для всех стилей языковых средств, характером их отбора и сочетания, закономерностями функционирования языковых единиц в данной сфере общения. Для каждого функционального стиля характерны определенные средства языка: слова, их формы, фразеологизмы, словосочетания, типы и виды предложений. Причём принадлежность этих средств к тому или другому стилю осознаётся при сопоставлении их с нейтральными языковыми средствами, т.е. с общеупотребительными языковыми единицами. Именно эти средства, являющиеся межстилевыми, создают единство литературного языка [1, с.41].

Следуя дидактическим принципам преемственности, перспективности, рациональности, связи изучаемого с жизнью, теории с практикой, укажем на тот факт, что для качественной подготовки специалиста необходима работа, направленная на систематизацию и углубление сведений об официально-деловом, научном и публицистическом стилях речи. Практика убеждает, что общение на профессиональном уровне опирается на интертек-

стуальный текст, в котором проявляются элементы всех названных стилей. Ведущая идея проводимого нами изыскания: коммуникативная компетентность может быть сформирована на базе языковой компетенции, включающей овладение сведениями о функциональных стилях, и в первую очередь – о научном.

Возникновение научного стиля связано с развитием разных областей научного знания, разных сфер деятельности человека. Примечательно, что на первых порах стиль научного изложения был близок к стилю художественного повествования. Отделение научного стиля от художественного произошло в александрийский период, когда в греческом языке, распространившем свое влияние, в то время, на весь культурный мир, стала создаваться научная терминология. Впоследствии она была пополнена из ресурсов латыни, ставшей интернациональным научным языком европейского средневековья. В эпоху Возрождения учёные стремились к сжатости и точности научного описания, свободного от эмоционально-художественных элементов изложения как противоречащих абстрактно-логическому отображению природы. Однако освобождение научного стиля от этих элементов шло постепенно. Известно, что слишком «художественный» характер изложения Галилея раздражал Кеплера, Декарт также находил, что стиль научных доказательств Галилея чрезмерно «беллетризован». В дальнейшем образцом научного языка стало логическое изложение Ньютона.

В русском языке научный стиль начал складываться в первые десятилетия XVIII века, когда авторы научных книг и переводчики стали создавать русскую научную терминологию. Во второй половине этого века благодаря работам М.В. Ломоносова и его учеников формирование научного стиля сделало шаг вперед, но окончательно он сложился во второй половине XIX века вместе с научной деятельностью крупнейших учёных этого времени. Каждый стиль появляется в свое время – тогда, когда в обществе созрели условия для его формирования, когда язык достигает высокой степени развития. Ранние научные произведения создавались в жанрах трактатов, диалогов, рассуждений и даже поэтических произведений (оды и поэмы).

Научно-техническая революция середины XX века вызвала «информационный взрыв», который характеризуется потоком научных публикаций. Это обусловило необходимость до минимума сокращать объем статей, сообщений, докладов, публикуемых в периодических изданиях. Уменьшение объема научного текста потребовало выработки особых приемов устранения в нем избыточности – приемов компрессии. Современными формами научных текстов являются монографии, диссертации, статьи, доклады, сообщения, рецензии, рефераты, авторефераты, тезисы докладов и сообщений, отчеты о научно-исследовательской работе. Как отмечают исследователи-языковеды, типологическая характеристика жанров научного стиля и сегодня находится на этапе становления [2, с.5].

Усвоение общественных функций языка должно опираться на лингвистические знания о его разновидностях, характеризующихся наличием особых языковых средств. Материалом для отбора, систематизации и усвоения этих средств и их дальнейшего представления в студенческой аудитории послужило тщательное изучение трудов современных лингвистов, чьи научные интересы связаны с исследованием стилистического аспекта русского языка: К.Т. Аубакировой, Л.Г. Барлас, В.В. Одинцова, И.Б. Голуб, М.Н. Кожиной, Д.Э. Розенталя, Ю.А. Бельчикова, В.Д. Бондалетова и др.

Назначение научного стиля состоит в том, чтобы дать точное и ясное представление о конкретной области знаний, для чего говорящий и пишущий обращается к особым средствам разных языковых уровней. Реализуясь в различных жанрах и формах изложения, научный стиль характеризуется рядом общих экстра- и интралингвистических особенностей, позволяющих говорить о едином функциональном стиле, имеющем внутристилевую дифференциацию. Главным коммуникативным заданием общения в научной сфере является выражение научных понятий и умозаключений. Этим обусловлены такие специфические черты научного стиля, как отвлеченность, обобщенность, подчеркнутая логичность изложения [3, с. 14].

Содержательная сторона предъявляет свои требования к форме существования научной речи. Традиционная форма оформления научной речи письменная, и это не случайно. Во-первых, письменная форма долговременно фиксирует информацию (а именно этого требует наука, отражающая стабильные связи мира). Во-вторых, она более удобна и надежна для обнаружения малейших информативных неточностей и логических нарушений (незаметные в бытовом общении, в научном они могут привести к самым серьезным искажениям истины). В-третьих, письменная форма экономична, так как дает адресату возможность устанавливать свой личный темп восприятия. Так, например, научный доклад, который в устном выражении занимает 40 минут, хорошо подготовленным в данной области адресатом, может быть воспринят в письменной форме за 5 минут (чтение «по диагонали»). Наконец, в-четвертых, письменная форма позволяет обращаться к информации многократно и в любое время, что также очень важно в научной работе.

Конечно, и устная форма тоже часто используется в научном общении, но эта форма в научном общении вторична: научное произведение чаще сначала пишут, отрабатывая адекватную форму передачи научной информации, а потом уже в тех или

иных вариантах (в докладе, лекции, выступлении) воспроизводят в устной речи. Первичность письменной формы накладывает заметный отпечаток на строй научной речи [4, с.8].

Особую важность приобретает практическое овладение научным стилем речи и такими его жанрами, как реферат, статья, обзор. Должное внимание на всех формах вузовских занятий уделяется познавательной деятельности, направленной на восприятие и переработку текста вузовских учебников и учебных пособий по разным предметам. Изучение научного стиля речи строится так, что студенты постоянно обращаются к общелингвистическим понятиям: лексическим, словообразовательным и синтаксическим. Процесс вхождения в научный стиль речи на языковых занятиях дает возможность повторить лексику и грамматику. Это способствует более глубокому овладению стилями речи, развивает лингвистическое мышление студентов, их способность видеть за частными проявлениями общие закономерности языка и осваивать специфику его функционирования.

В связи с тем, что научные тексты насыщены теоретической информацией и сложны с лингвистической точки зрения, возникает необходимость обратиться к характеристике лексического уровня данного стиля. Общеизвестно, что при обмене научной информацией очень важно передать один и только один смысл: Биоэтика – часть этики, изучающая нравственную сторону деятельности человека в медицине, биологии. С точки зрения лексики лучше всего подойдут для научного текста однозначные слова. Этим же фактором объясняется тенденция ученых всего мира к созданию терминов – новых слов, имеющих только один определенный смысл, одинаковый для всех. Имеющиеся слова языка в таких случаях не всегда оказываются подходящими, так как они за время своего существования обрастают дополнительными прямыми и переносными смыслами, в случае с научным текстом затрудняющими точное понимание. Такие особенности лексического состава научной речи обусловили тщательный подход к отбору терминологической лексики и учет будущей специальности студентов.

Должное внимание уделяется также характеристике грамматического состава научной речи, что вполне объяснимо. Морфологические средства призваны подчеркивать эмоциональную нейтральность стиля, способствовать смещению фокуса внимания от личности исследователя в сторону предмета исследования. Научная мысль зачастую длинна, подробна и не может быть выражена простыми предложениями. Перед составителем текста стоит задача вместить довольно большой объем информации в ограниченный объем текста. Поэтому в научных текстах используется большое число синтаксических средств, способствующих компрессии, и они тоже должны стать предметом пристально внимания на языковых занятиях.

Исходя из задач полилингвальной подготовки специалистов, отбираются и вводятся в практику обучения методические приемы структурирования текстов научного стиля речи. Среди отобранных и систематизированных нами:

- теоретические (они направлены на усвоение лингвистической информации о видах научных текстов, их структурировании и оформлении на письме);

- практические (их цель – усвоение студентами способов решения коммуникативных задач, направленных на изменение и улучшение того предметного мира, в котором предстоит трудиться будущему специалисту).

В наше время культура речи приобретает все большее значение. Поэтому целесообразным следует считать расширение лингводидактического поля предмета «культура речи и стилистика», чтобы шире использовать возможности интеграции названных научных областей. Это позволит расширить лингвистический горизонт студентов, поможет им глубже понять систему языка, правила его применения. Виды такой работы уже заложены в содержательный компонент общеобязательной дисциплины «Русский язык»: выразительное чтение текстов; толкование слов и оценка контекста, в который они вводятся; сочинения-миниатюры, выполненные в разных стилях и т.д. В современной вузовской лингводидактике утвердился коммуникативный подход к обучению языку. В процессе обучения студенты усваивают правила построения речи, т.е. овладевают коммуникативными способностями.

Научный стиль речи обеспечивает работу над созданием текстов четкими требованиями, которые необходимо усвоить студентам, – как для совершенствования приемов своей учебно-познавательной деятельности, так и для участия в научно-исследовательской работе.

1. Требования к структуре научного текста. Для научных текстов не характерен принцип «перевернутой пирамиды», предпочтение отдается четкой последовательной структуре. Информация текста может развиваться в одном или нескольких направлениях. Это зависит от того, как сформулирована коммуникативная задача, какое в ней данное текста: однонаправленное или разнонаправленное. Вполне обусловлены рекомендации программы, ориентирующие на введение сведений о прогрессии текста.

2. Особенности манеры изложения. Научные тексты пишутся в безличной форме и не предполагают открытого диалога с читателем. В плане манеры изложения научный текст не имеет ничего общего с записью в блоге, для него неприемлем

разговорный стиль. Большое значение имеют удачно подобранные убедительные примеры.

3. Лексика научного текста характеризуется высоким уровнем терминологизации. Термин – это слово или словосочетание, обозначающее понятие специальной области знания или деятельности и являющееся элементом определенной системы. Внутри данной системы термин стремится к однозначности, не выражает экспрессии и стилистически нейтрален.

4. Сложность научного текста зависит от адресата, а тот, в свою очередь, определяется, исходя из разнообразия научных текстов: научный, научно-учебный, научно-популярный. Самый строгий вид текста – собственно научный, он используется специалистами и для специалистов. Научно-учебный текст обладает средней сложностью, применим в создании учебных и методических пособий, учебников и т.д. Наконец, научно-популярный текст связывает науку с широкими массами. Он обеспечивается менее строгими требованиями.

5. Ссылки и сноски. Как правило, все новые научные знания базируются на открытиях, совершенных ранее. При использовании чужих публикаций и работ в научном тексте автор обязательно должен сделать ссылку и грамотно оформить сноску. Специальными ссылками вводятся приложения, рисунки и таблицы. В конце научного текста принято указывать список литературы.

6. Полнота научного текста. В тексте тема должна раскрываться настолько полно, чтобы не оставлять никаких лишних вопросов.

Есть и другие, не менее значимые требования и указания к созданию студентами научных текстов. В предлагаемой статье мы стремились сделать доказательными теоретические положения о научном стиле речи и формулировали свои рекомендации с опорой на результаты наблюдений, проводимых на базе вуза.

Литература

1 Васильева А.Н. Курс лекций по стилистике: Общие понятия стилистики. Разговорно-обиходный стиль речи. – М.: Русский язык, 1976. – 198 с.

2 Богатырева И.В. и др. Пособие по научному стилю. – М., 1995. – 196 с.

3 Демидова А.К. Пособие по русскому языку. Научный стиль речи. – М., 1991. –201 с.

4 Бельчиков Ю.А. Стилистика и культура речи. – М.: УРАО, 2000. – 186 с.

Макенова Гаухар Тәңірбергенқызы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ оқытушысы, gmakenova@inbox.ru 87056901112

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНІҢ КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Резюме: *В этой статье рассматривается некоторые особенности грамматики английского и казахского языка*

Summary: *This article deals with some grammatical peculiarities of English and Kazakh*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» аттыбес басымдықтан тұратынбиылғы жолдауындағы төртінші басымдықбойынша еліміздегі мектептер мен мұғалімдердің деңгейі, педагогтардың жетіспеушілігі және ағылшын тілін кезең-кезеңімен енгізу мәселесін егжей-тегжейлі қарастыруды тапсырды.Ғылым мен техника дамыған және елдердің өзара бәсекелестігі күн сайын күшейе түскен XXI ғасырда ағылшын тілін меңгеру аса қажет. Ағылшын тілі ана тілімен қоса меңгеру үйренушінің сөйлеу қабілетін және жалпы дамуын ғана жетілдіріп қоймайды, олардың жан дүниесін байытады, ой - өрісін, көркемдік талғамын кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді [1].

Соңғы уақытта қазақ тіл білімінде қазақ тілін туыс және туыс емес тілдермен зерттеуде бірталай еңбектер жарық көрді. Олардың негізге мақсаттары мен міндеттері – ұлт тілі арқылы ұлтты тану, ойлау жүйесінің ерекшеліктерін айқындау, тілдердің фонетикалық, грамматикалық құрылысындағы өзгешеліктер мен ұқсастықтарын зерттеу.

Бұл мақалада ағылшын тілі мен қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде зерттеліп, қарастырылады.

К.Д.Ушинский: «Басқа тілдің грамматикасын үйреткенде, ана тілінің грамматикасынан алған білімі басшылық ететін болсын», - деген. Сондықтан ағылшын тілінен сабақ беретін мамандар міндетті түрде екі тілді, яғни, қазақ, ағылшын тілдерін, оның ерекшеліктерін білуі керек және екі тілдің ерекшеліктерін салыстыру әдісі арқылы үйретуі керек.

Ағылшын тілі мен қазақ тілі генетикалық жағынан да бөлек топтарға жататын тілдер. Генетикалық тұрғыдан ағылшын тілі үнді еуропа тілдері отбасына, қазақ тілі алтай тілдері отбасына жатады. Типологиялық жағынан, яғни туыстық жақындығына қарап емес, грамматикалық құрылысына қарап топтастыру нәтижесінде ағылшын тілі аналитикалық тілдерге, қазақ тілі жалғамалы (агглюнативтік) тілдерге жатады. Аналитикалық тіл негізінен көмекші сөздерге сүйенеді, немесе сөз түрлендірушілерді қабылдауға бейім болмайды (ағылшын тілінде көмекші сөздер өте көп және екі септік бар). Агглютинативті тілдерде жұрнақтар мен жалғаулар кең таралған және олар түбірдің үстіне бірінен соң бірі үстемеленіп жалғана береді де сөз ұзара түседі. Түбір өз тәуелсіздігін сақтайды, өзгермейді (көше-көшелер-көшелерге- көшелерімізге). Сондықтан, бұл екі тіл арасында ұқсастықтарынан гөрі ерекшеліктері көп. Алайда, екі тіл арасында мүлде ұқсастық жоқ емес. Ағылшын тілінің грамматикасын меңгеруге ана тілінің тиімді ықпалын анықтау үшін екі тілдің фонетика, грамматикалық жүйелерін салыстыра отырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау керек.

Қазақ тілінде түбір сөзге түрлі қосымшалар жалғану арқылы жаңа сөз туындайтын болса, ағылшын тілінде де мұндай сөзжасам жолы бар. Мысалы: -ing жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөз туындайды. Ағылшын тілінде бұл Gerund (герундий).Reading is my hobby. The most boring thing for her was cooking.

Ағылшын тілінде өнімді жұрнақтар (суффикстер) қатарына -er, -or жұрнақтары жатады. Бұл жұрнақтар ағылшын тілінде белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты зат есімдер туғызады. Инфинитивке – er немесе - or суффиксі жалғану арқылы жасалады: to teach – teacher (оқыту - оқытушы), to play - player (ойнау - ойыншы), to build - builder (үй салу, құру - құрылысшы), to sail - sailor (жүзу -матрос). Қазақ тілінде де сөзден сөз тудырып, сөзге жаңа лексикалық мағына беретін ол – жұрнақ: –шы,-ші жұрнағы қазақ тілінде аса өнімді сөз тудырушы тұлға ретінде танылады да адамның кәсібі мен қызметіне сәйкес иелік мән туғызады, яғни осы өнімді жұрнақтар көмегімен көптеген грамматикалық сөз нұсқалары жасалады. Мысалға: барлау-барлаушы, мерген-мергенші, оқу - оқушы, ойын - ойыншы, сату - сатушы, т.с.с.

Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру, әсіресе, ағылшын тілінде кең қанат жайған. Конверсиялық тәсіл - ағылшын тілінің сөз жасам жүйесіндегі ең өнімді, актив тәсілдердің біріне жатады. Л.А.Уфимцеваның деректеріне қарағанда, қазіргі ағылшын тілінің лексикалық құрамындағы конверсияланған сөздердің саны (яғни бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысқан) 7-мыңнан асып жығылады. [6, 87б.].

Қазақ тілінде конверсияланған сөздердің, негізінен, бастапқы мағынасы көрсетіледі де, конверсиялану процесінде пайда болған соңғы жаңа мағынасы ескерілмей, «ұмыт қала береді». Ал, ағылшын тілінде жағдай мүлдем басқаша. Онда конверсия-

ланған сөздің әрбір мағынасы сараланып, сөздіктерде жеке сөз ретінде беріледі.Сонымен бірге қазақ тілінде тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, Қорған, айтыс, бірге, біреу, басқа, өзге. [5, 225б.].

Ал ағылшын тілінде

Мыс: a hand – to hand (қол-қолынаұстату)

a water – to water (су-сукую, суару)

a master – to master (қожайын-басқару)

a house – to house (үй-орналасу)

Сөз тіркестері арқылы (composition) – екі сөзден жасалған күрделі жаңа бір сөзді білдіреді. Мыс: airfield - әуежай (air-ауа, field-дала), birthplace-туған жер (birth-туу, place-орын), airman - авиатор (air-ауа, man-адам), schoolday - мектепкүні (school-мектеп, day-күн), airbase - авиабаза (air-ауа, base-база), blackboard - тақта (black- қара, board - тақта), locksmith - темірұстасы (lock-құлып, smith-ұста), bookshop - кітапдүкені (book-кітап, shopдүкен).Қазіргі ағылшын тіліндегі сөзжасам жүйесінде қысқартулардың құрылымдық үш түрі берілген. Олар:

1) қиып алу. Мыс: phone-telephone

2) әріптік немесе бірінші әріптерін беру арқылы қысқарту. Мыс: the USA- the United states of America.

3) телескоптық немесе телескопизм. Мыс: telecast - television+broadcast.

Бұл қысқартулар қазіргі ағылшын тілінде кеңінен қолданылуда және өнімді тәсіл болып табылады.

Аффиксация тәсілі (affixation) – сөздің алдында қолданылатын префикс, сөзден кейін суффикс арқылы жасалу жолы.

Ағылшын тілінде -re, -de, -dis, -mis, -over, -un, -under сияқты префикистер қолданылады. Мыс: -re, to do – to redo, to read – to reread, to fill - to refill; -de, deformation, defaulter, decode; -dis, discover, disconnect, disarrange; -mis, mistake, misunderstand, misapply; -over, overcharge, overload, overcrowded; -un, unbend, unroll, unpack; -under, underwritten, undersized, underground [7,145б.].

Дегенмен де бұл екі тілдің арасында біршама айырмашылықтар бар. Мысал үшін қазақ тілінде зат есімдерді жеті септікте септей алатын болсақ, ағылшын тілінде негізгі екі септік бар.Оның себебі екі тілдің екі түрлі тілдер тобына тиесіліліг. Септік жалғау зат есімге жалғанып, әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, сөйлемде оны басқа сөздермен байланысқа түсіреді. Қазақ тіліндегі 7 септік түрі: атау септік, ілік септік, барыс септік, табыс септік, жатыс септік, шығыс септік, көмектес септік. Ағылшын тілінде септіктің екі түрі бар: the common case(жалпы септік),the Possessive Case (тәуелдік септік). Мысалы: student(жалпы . 1.The Common Case (жалпы септік) who?(кім?), what?(-не?)деген сұрақтарға жауап береді. Жалпы септік өзге септікке негіз болады. Мысалы: boy (бала). Brother (аға,іні).т.б.

1. The common case - жалпы септеуде зат есімге ешқандай жалғау жалғанбайды. Жалпы септеуде зат есімнің қызметі оның сөйлемдегі орнымен анықталады. Мысалы: After exams (мезгіл пысықтауыш) students (бастауыш) of the history faculty (анықтауыш) left for an archaeological expedition.

Емтиханнан кейін тарих фаультетінің студенттері археологиялық экспедицияға кетті.

2. The Possessive Case (тәуелдік септік) whose? (кімнің? Ненің?) деген сұрақтарға жауап береді. Тәуелдік септік зат есімдер сөйлемде өздерінен кейінгі зат есімдердің анықтауыш болады және бір нәрсеге иелік етуін білдіреді. Зат есімнің тәуелдік септігі әдетте жанды заттарға байланысты қолданады. Мысалы: boy's (ұл баланың), room's (бөлменің) т.б. Ағылшын тәуелдік жалғауы клитика және аффикстермен көрсетіледі. Ілеспелі түрде екеуі бір емес, екі жақты. Қосарлы clitic / affix үлгісін жасап шығару мүмкін. Грамматиканың лексикалық функционалдық құрылымында құрылымның толық спектрі пайда болады. [2,43б]

Тәуелдік қатынасты ағылшын тілінде білдірудің тағы бір жолы of қосымшасын анықтауыш зат есімнің алдында қолдану: The photo of my friend = My friend's photo. - менің жолдасымның суреті.

а) 's (апостроф+ s (дәйекше және – s жалғауы арқылы жасалады;-жекеше түрінде зат есімдер мен көпше түрінде – s жалғау жоқ зат есімдер үшін: My frind's family. - Менің досымның отбасы. The children's mother. -балалардың анасы.

ә) (апостроф)-(е) s жалғау арқылы жасалатын көпше түрдегі зат есімдер үшін: The students' notebocks. –Студенттердің дәптерлері.

Ағылшын тіліндегі септіктердің айырмашылықтары - предлогтардың қолданылуында: ілік септік жалғауы орнына – ағылшынша of (ов) предлогы, барыс септігінде to (ту) предлогы, жатыс септігінде by(бай) предлогы, көмектес септігінде about (әбаут) предлогы тіркеседі (of the father, to the father, by the father, about the father). Бірақ бұл мысалға қарап, ағылшынның төрт предлогы қазақ тілінің төрт түрлі септігіне сай келеді екен деген қорытынды шығаруға болмайды.

Ағылшын тіліндегі сөйлемдерде негізгі сөз табы етістік болатын болса (яғни етістіксіз көп сөйлемдердің құралмауы), қазақ тіліне келетін болсақ ағылшын тіліндегі етістік қызметін жұрнақ немесе жалғаулар арқылы айтуға болады. Мысалға: this is my book - мынау менің кітабым, I am a student - мен студентпін, бұл сөйлемдердегі to be (am, is) етістігінің қызметін қазақ тіліндегі (-ым, -пін) жұрнақтары атқарып тұр. Ал басқа септіктердің қызметі ағылшын тіліндегі арнайы сұрақтар арқылы беріледі. Мысал үшін whose book is it? - мынау кімнің кітабы? Бірақ қазақ тілінде де ағылшын тілінде де етістіктің алатын орны ерекше,

сөйлемнің негізгі мағынасын жеткізуде етістіктің ролі өте ерекше [3, 105б.].

Қорыта келе, ұқсамайтын екі топқа жататын тілдердің - герман тобына жататын ағылшын тілін және түркі тілдері тобына жататын қазақ тілінің фонетика – грамматикалық өзгешеліктері өте көп. Мақалада ағылшын және қазақ тілдерінің грамматикалық тұрғыдан етістіктік шақтары, сөз жасам жүйесінің кейбір түрлері, сөздердің орын тәртібі және септік жалғауын салыстыра отырып талдау нәтижесінде біршама айырмашылықтар мен ұқсастықтыр туындады.Мұндай ұқсастықтар мен айырмашылықтар мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестердің қолданылуында, метафоралаларда, салыстыру мен теңестірулерде де көптеп кездеседі. Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыра оқыту шетел тілі және ана тілінің арасындағы лексика – грамматикалық айырмашылықтарды ажырата білуге, шетел тілінде дұрыс сөйлеуге мүмкіндік тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»,2017ж

2. www.shpringerLink.com Lowe J.J. English possessive's clitic and affix. 158б. Ақпан, 2016

3. Даулетьярова Д.Б. «Ағылшын тіліндегі етістіктің шақ формалары және олардың қазақ тіліне аударылу жолдары» // Мектептегі шет тілі. №3, 2010ж., 10-12бет.

4. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. Алматы,1953. 39-114-б.

5. Жанпейісов Е. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. // Астана, 2001 – 515-520 бет.

6. Каращук П.М. Словообразование английского языка . – Москва, 1977.- 17-171бб.

7. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. // М.: Просвещение, 1991 -74-75 бет.

Машинбаева Гулназ Абеновна
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к., gulnaznuki@mail.ru

Раимбекова Алия Ануархановна
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к., araim78@mail.ru

ҚАЗІРГІ ТЕЛЕДИДАР ТІЛІ ЖӘНЕ ТІЛДІК НОРМА

Түйін. *БАҚ-тағы қарым-қатынас сипаты соңғы 10-15 жылда қатты өзгерді. БАҚ-та бұрынғы дайындалған, стильдік тұрғыдан жетілген жинақы мәтіндердің орнына дайындалмаған, стильдік жағынан жұтаң мәтіндер де орын ала бастады. Аталған мәселеге тілші ғалымдар назар аударып, түрлі мақалалар жазып келеді.*

Мақалада авторлар ақпарат құралдарының ішіндегі ең пәрмендісі болып табылатын (аудиовизуалды ақпарат құралы) теледидардың тіліндегі тілдік норманың сақталуы туралы сөз етеді. Мұнда авторлар теледидар бағдарламаларынан алынған тілдік норма бұзуға қатысты мысалдардың әрқайсысын талдап көрсете отырып, аталған кемшіліктердің теледидар тілінде болуының себептерін анықтап береді. Эфирде тілдік норманың сақталмауы жергілікті тіл ерекшеліктерін қосып сөйлеу, кейбір сөздердің қазақ тіліндегі баламасы бола тұра, орыс тіліндегі нұсқаларын қолдану, орпоэпиялық норманы бұзып сөйлеу, қарапайым лексика мен жаргон сөздерді қолдану екенін айтады.

Кілт сөздер: *тілдік норма, қарапайым лексика, жергілікті тіл ерекшеліктері, тілдік норманың сақталуы, жаргондар, ауызекі сөйлеу тілі.*

Резюме. *Язык СМИ сильно изменился за последние 10-15 лет. Вместо проверенных, соответствующих стилевым нормам работ, стали выходить в эфир не подготовленные тексты. Ученые-языковеды обращают внимание на указанную проблему в различных научных работах.*

В данной статье авторы рассматривают проблему сохранения языковых норм в средствах массовой информации, а именно (в аудио- визуальных средствах массовой информации) в телевизионной журналистике. Проведя лингвистический анализ, авторы приводят примеры нарушения языковых норм из конкретных телевизионных программ. В эфирах были выявлены следующие нарушения языковых норм: использование просторечия, диалектов и жаргонизмов; использование слов на русском языке, вместо существующих обозначений на казахском; нарушение орфоэпических норм

Ключевые слова: *языковая норма, просторечие, региональные особенности языка, сохранение языковой нормы, жаргонизмы, разговорный язык.*

Summary. *The language of the media has changed dramatically over the past 10-15 years. Instead of tested, corresponding to style standards of work, began to broadcast not prepared texts. Scientists-linguists pay attention to this problem in various scientific articles.*

In this article, the authors consider the problem of preserving linguistic norms in the mass media, namely (in audio-visual media) in television journalism. After carrying out the linguistic analysis, the authors give examples of violations of linguistic norms from specific television programs. The following violations of linguistic norms were revealed in ethers: the use of regional features of the language, dialects and jargon; Use of words in Russian, instead of existing notation in Kazakh; Infringement norm of pronunciation.

Key words: *language norm, vernacular, regional features of the language, preservation of the language norm, jargon (slang word), colloquial.*

Ақпараттар легі көбейген заманға сай қазіргі кезде газет сандарының көптігі мен олардың атқарып отырған функциясы көңіл толтырарлық жағдай. Өзге елдің баспасөзіне еш кем емес, басылымдарымыз да көп. Еліміздегі идеологиялық бірінші газет «Егеменді Қазақстаннан» бастап «Жас Алаш», «Түркістан», «Қазақ», «Қазақ үні», «Жас қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Алматы ақшамы», «Айқын», «Алаш айнасы»газеттері мен олардың әр түрлі салмақтары қоғам жүгін өздерінше көтеріп жүргені осының куәсі. Бұған қоса тәулік бойы елімізге қызмет атқаратын «Қазақстан», «Хабар», «Еларна», «Алматы»т.б. арналары халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысып, оның тіршілігімен бңте қайнасып жатады.

Тіл жеке адамның қоғамдық өмірі мен ішкі психикалық байланысын қамтамасыз ететін ментальды механизм болып табылады. Сондықтан аталған мақалада жеке адамның әлеуеттік сөйлеу мәдениетіне оның танымдық құрылымдары тәуелді екендігін БАҚ мәтіндерінен алынған тілдік қателіктерді мысалдар келтіре отырып қарастырамыз. Ақпарат құралдары қазіргі кезде адам өмірінің барлық саласына әсер етіп отырғаны белгілі. БАҚ салаларындағы барлық әлеуметтік мәндегі мәтіндер басқа мәтіндерге қарағанда басымдылық танытып отыр. Бұл жеке адам үшін табиғи және әлеуметтік шындық туралы ақпарат көзі болып ол арқылы адамдардың түрлі маңызды шешімдер қабылдауына жағдай туғызады.

БАҚ-тағы қарым-қатынас сипаты соңғы 10-15 жылда қатты өзгерді. БАҚ-та бұрынғы дайындалған, стильдік тұрғыдан жетілген жинақы мәтіндермен қоса кейде дайындалмаған, стильдік жағынан жұтаң мәтіндер орын ала бастады. Публи-

цистикада (теледидар, радио, газетте) ресми және ресми емес сөздің арасындағы бірден көзге анық көрініп тұратын ерекшеліктердің өздері байқалмай қалатын мәтіндер де кездесіп, ол мәтіндер тілінде жаргондар, сөйлеу тілінің элементтері, басқа да қарапайым сөздердің қолданысы көбейіп кеткендігін байқаймыз.

Мәдениеттің әр түрлі көріністері мен қызметін мәдениеттану зерттейтіндігі белгілі, өйткені лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының түйісу нүктесінен XX ғасырдың 90-шы жылдарында өз алдына жеке, жаңа бағыт пайда болды, бұл бағыт В.Н.Шаклейн, В.А. Маслова және т.б. ғалымдардың еңбектеріне байланысты «лингвомәдениеттану» деген атауды иеленеді .В.А.Маслова тіл мәдениетпен тығыз байланысты деп санайды: «... мәдениет тіл ішіне енеді, онда дамиды және сол тілдің мәдениетін білдіреді, халық мәдениетін танытушы ғылым саласы» [4, 9].

А.А. Белецкий шығыс славян антороп онимдерінің этимологиясын талдап славян және скандинов тілдерінен шыққан Владимир, Всеволод, Глеб, Ярослав т.б. кісі есімдерін есептемегенде, тарихи византия дәуіріндегі грек антропонимдерінен шыққан, – деген тұжырым жасайды. Зерттеулер антропонимдер мен жалпы лексикадағы мұндай алшақтық негізінен мәдени араластық нәтижесі және күрделі мәдени эволюцияның көрсеткіші болып саналады, – деген пікірге тоқталады. Біздің ойымызша ұлттық-мәдени ерекшелік туралы сөз қозғау үшін нақты негіз болу қажет. Ұлттық-мәдени белгісі бар жалқы есімдер жаңадан жасалмайды, олар тілдегі, тұрмыс-тіршіліктегі бар, пайдаланып отырған лексикалық қорлар арқылы пайда болады.

Осы тұрғыдан келгенде ұлттық-мәдени ерекшеліктері бар жалқы есімдерді анықтау үшін ең алдымен жалқы есім жасауға қатысатын мәдени ақпараттарды, сөзжасам модельдерін т.б. бөліп алу керек. Мәселен, тұрмыс заттарына байланысты қазан, шүмек, сандық кереге, кебеже, қоржын, есік т.б. атаулар этнос атауларына байланысты керей, қоңырат, сіргелі, дулат, адай, матай, уақ, байыс т.б., табиғи объектілерге байланысты батпақ, ми топырақ, саз, томар, өртең, қозыкөш, ащы, тұщы, сортаң, Жетісу, Түркістан, Сарыжайлау, Жетіқоңыр, Атырау, Алтай, Байқоңыр т.б., әр түрлі анатомиялық терминологияға байланысты, бұғаз, құлақ, жота, арқа, жал, көз, аяқ, қол, табан т.б., тарихи оқиғаларға байланысты Ордабасы, Қалмаққырылған, Шаянөлген, Тақиякеткен, Сіргелітөбе т.б., діни-мифологиялық кейіпкерлерге байланысты баба, әулие, шайтан, Көз әулие Жылаған баба, Шақшақ баба, Түркібасы әулие, Хан тәңір, Қарашаш ана, Бәйдібек баб, домалақ Ана, Айша бибі т.б. атаулар ұзақ уақыт бойы қазақ халқының көшпелі өмірінің бет-бейнесін көрсететін ұлттық географиялық атауларды, объектілерді атау үшін қолданылған лексикалық бірліктер болып табылады.

Жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдары бұл белгілер қазақ ономастикасында белгіленіп қойылған, дей тұрғанмен этнолингвистика мен лингвомәдени бағыттарда ұлттық-мәдени болмысы бар осындай атауларға мән беріп қараған жөн. Ұлттық-мәдени болмысы бар жалқы есімдер көне тілдік материалдар негізінде жасалады, сонымен қатар белгілі бір этностың өміріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсететін жалқы есімдер болып табылады. Дегенмен мәдени құндылықтардың қалыптасуын және олардың жалқы есім жасауына ықпалын анықтау үшін белгілі бір синхронды кезеңдегі мәдениет пен жалқы есімдердің өзара

байланысты тұрғысынан қарастырған дұрыс деп білеміз.

Осы тұрғыдан келгенде 1949 жылдан 2010 жылдар арасында Қазақстанда 80-ге жуық ономастикада кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды (Т. Жанұзақ, А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, В.Н.Попова, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә. Керімбаев, В.У.Махпиров, Б.Бектасов, М.Қожанов, Г.Б. Мәдиев, Қ.Рысберген, А.Жартыбаев, Ғ.Сағидолда, Б.М. Тілеубердиев, К.М.Головина, М.А. Диарова, С.Иманбердиева, С.Е. Керімбаева, М.Е. Какимова т.б.)

Т. Жанұзақ пен Қ.Рысбергеннің еңбектеріне сүйене отырып Г.Б. Мәдиева қазақ ономастикасының қалыптасуы мен дамуының үш кезеңін шартты түрде былай сипаттайды:

- бірінші кезең 1949-1970-ші жылдар аралығы. Бұл кезеңде Қазақстандық ономостикалық мектеп қалыптасты, қазақ топонимдері мен антропонимдері зерттелді, олардың этимологиясы, құрылымдық және лексика-семантикалық топтары анықталды, топонимиялық жүйенің стратиграфиясы айқындалды; географиялық терминдердің топонимдер жасаудағы орны мен рөлі анықталып, зерттелді;

- екінші кезең 1970-1995 жылдар арасы. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер дами түсті; ономастикалық теорияларға назар аударылады; топонимдер мен антропонимдер этнолингвистикалық бағытта зерттеле бастады; ономастикалық зерттеулердің ауқымы кеңейді – космонимдер,зоонимдер, Қазақстан территориясындағы орыс топонимдері зерттелді; топонимиялық және антропонимиялық атаушылық уәждер анықталды, түркі-моңғол топонимиялық сәйкестер зерттелді; ономастикалық қолданбалы аспектілер қарастырыла басталды, транскрипция мен транслитерация негіздері жетіле түсті, жалқы есімдерді стандарттау мәселелері қарастырылды, ономастикалық сөздіктер жасалды;

- үшінші кезең – 1995 жылдан күні бүгінге дейін. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер өз жалғасын тапты, ономастикалық (топонимиялық, антропонимиялық) сөздіктер жасалды; топонимдер мен антропонимдердің салғастырмалы зерттеулері даму үстінде; ономастикалық зерттеулердің нысандары эргоним, идеоним, мифонимдер болуда, жалқы есімдерді зерттеуде жаңа әдістер мен бағыттар қолданыла бастады [5,6-7].

2000 жылдардан бері қарай жалқы есімдер когнитивтік тұрғыдан қарастырылып келеді, ономастикалық концептілерге когнитивтік категория ретінде сипаттама беріліп, қазақ жалқы есімдерін зертеудегі когнитивтік, лингвомәдени, семиотикалық аспектілер сөз болуда. Жалқы есімдердің бойындағы рухани және материалдық мәдениетті ұлттық-танымдық тәжірибемен сабақтастыра отырып, ментальді-когнитивтік түрдегі таңбалау ерекшеліктері зерттеліп қарастырылуда.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Эстетика и поэтика. – М: Исскуство, 1967.-614 с.

2. Воробьев В.В. Лингвркультурология (теория и методы). М.: РУДН, 1997.-331 с.

3. Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. – М., 1985.-249 с.

4. Маслова В.А. Лингвокультурология. Учебние пособие. М.: Искусство., 2001.-208 с.

5. Мадиева Г.М. Имя собственное в контексте познания. – Алматы.: Қазақ университеті., 2004. – 190 с.

Пірәлі Гүлзия Жайлауқызы
«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталылығының бас ғылыми қызметкері, piralieva58@mail.ru,

М.ӘУЕЗОВКЕ ЖОЛДАНҒАН ХАТТАР ЖӘНЕ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Түйін. *Мақалада жазушы Мұхтар Әуезовтің архив материалдарынан алынған және ішінара баспа бетін көрген эпистолярлық мұралары бүгінгі әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің мақсаты жазушының туыстарына, достарына, әріптестеріне, әдебиет және мәдениет қайраткерлеріне жазған хаттары арқылы XX ғасыр басындағы эпистолярлық мәдениетте алатын тарихи орнын анықтау болып табылады.*

Резюме. *В статье рассматриваются эпистолярное наследие писателя Мухтар Ауэзова находящихся в архивах, а так же частично напечатанные в газетах с точки зрения современного литературоведения. Целью исследования было определить историческую роль писем писателя друзьям, родственникам и коллегам в эпистолярной культуре в начале двадцатого века.*

Summary. *The article examines epistolary heritage of writer Mukhtar Auezov which located in the archives, as well as partially printed in newspapers from the point of view of modern literary criticism. The purpose of the study was to determine the historical role of writer's letters to friends, relatives and colleagues in epistolary culture in the early twentieth century.*

Көрнекті суреткер М.Әуезовтің эпистолярлық жанрдағы мұрасы өзіндік өрнек ерекшелігімен, аз да болса саздылығымен, қысқа мәтінді болса да құнарлығымен есте қалады. Өзге жазушылар секілді емін-еркін көсілуге, артық-ауыс ақпа сезімге сараң суреткер алтын уақытын да қимағандай қай хатын да лакондық стильде қысқа қайырады. Жазушының алғашқы XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларына жазған хаттарынан бастап өз замандастарына жолдаған хаттар арасында қаншама уақыт пен кеңістік бар. Алғашқы хаттардан тек жазумен шұғылданып шеберлігін шыңдауға шындап берілген, бойындағы таланттың қуатымен жастық жігерін тек қазақтың көркем прозасын көркейтуге күш жұмсаған суреткерді көрсек, кейінгі хаттарында шығармашылықтың шыңына шығып, шар тарапқа танылған тұлғаны, өз ғасырының күрделі мәселелері мен адамзаттық құндылықтардың құнын анықтаудағы ағыл-тегіл төгілген тердің, қуаныш пен қайғының, қасіреттер мен бақыттың неше түрлі қиын қыстау кезеңдерінен өткен, талантты тарихи тұлғаның тар жол тайғақ кешкен тағдырын бастан өткерген дана да дара дарынды танимыз. Осы жылдар аралығында өмірге келген философиялық, эстетикалық трактаттар, күнделікті өмірдің көкейкесті мәселелерін көтерген ойы қуатты, сөздері салиқалы, айтары асқар публицистикалық мақалалары, қазақ халқының энциклопедиясы атанған «Абай жолы» атты атақты роман эпопеясы, ұстаздық, ғалымдық, жазушылық, қайраткерлік істеріндегі қыруар жазған жазбалары, есептері, келген хаттарға жазған жауап хаттары Мұхтар Әуезовтің руханияттағы рухы түспеген тұлға екендігін танытса керек. Осындай қыруар қауырт жұмыстарына қарамай көрнекті қаламгер республика ғана емес, 15 одақтас елдерден, әлемдік оқырмандардан, әріптестерінен ,қоғам және қалам қайраткерлерінен келген хаттардың бәріне дер кезінде жауабын беріп, әдебиеттің әр түрлі толғақты мәселелері төңірегінде ой бөлісіп отырғаны да белгілі. Осы ретте ұлы суреткерге келген бірнеше хаттарға тоқтала кетейік. Шығармаларының елу томдық толық жинағында тек М.Әуезовтің өзі жазған хаттардың мәтіндері жарияланса, бұл хаттар ол академиялық томға енбеген, бірлі – жарымы мерзімді баспасөздерде жарияланған, кейбір баспа бетін көрмеген жалпы оқырманға белгісіз хаттар. Мәселен, 1958 жылы 19/VII Мәскеуден жолданған сол кезеңдегі көрнекті жазушы, СССР Жазушылар одағының төрағасы болған белді қаламгер Константин Фединнің хаты ұлы суреткерді бей жай қалдырмаған деп ойлаймыз. Хат мәтініндегі әріптестер арасында сирек кездесетін ризашылық, талантты тану мен табыну кім-кімді де толқытса керек: «Қымбатты Мұхтар Омарханұлы!

Сіздің поэзияға толы, сом соғылған «Абай» кітаптарыңызды сыйлағаныңызға рахмет айтуыма рұхсат етіңіз!

Өзіңіздің қолтаңбаңыз жазылған бұл эпопеяның қолда бары қандай қуаныш. Мұның өзі біздің сан рет кездесулеріміздің, тағдырларын тарихтың өзі қосқан қос халықтың мәдениетіне деген Сіздің тамаша дарыныңыздың белгісі ғой. Сау, hәм бақытты болыңыз. Сізді құрметтеуші Конс. Федин» (1). Ал, бірі былайша толғайды: «Сіз қаламдас бауырлардың ішінде әрқашан да ақылы мен жүрек түкпіріне жүгінетін адал, әрқашан да терең әдебиетшілердің бірісіз деп білемін. Степан Злобин. 27.VI.59 ж.» (2), Б.Полевой ұлы суреткердің оқырманы ғана емес, насихаттаушысы да екендігін былайша білдіреді: «Мен Сіздің тамаша романыңызды әлдеқашан оқып, ұнатқан едім. Менің-ше, ол – қазақ өмірінің тамаша энциклопедиясы. Биыл көктемде Ғабит Мүсірепов екеуміз Италияда болған сапарда мен Сіздің романыңызды жаңа, советтік классиканың үлгісі ретінде атап жүрдім. Қуатты да құдіретті кітап» (15.X.60 ж.Москва қаласы» (3). Ендігі бір хат мәтіні: «Сіздің көп жылғы еңбегіңіздің қалтқысыз, қапысыз танылғанына мен

өте қуаныштымын. Мен Сізді ерлік жасады деп білемін. Оның маңызын ақыл мен ізгілік шуағына шомылған роман күмбезін қалаудың қаншалықты қиын екендігін білетін адам ғана толық түсіне алады», – деп мәлімдейді (Вениамин Каверин. Москва.1958 ж) (4). Айтар ойды нақты әрі нақышты, қысқа әрі құнды, өте сауатты түрде жеткізудің үздік үлгісі саналған көрнекті суреткердің шын пейілден жазған хаты шынында да шымыр шуақты ойлардан тұрады.

Айталық, антикалық кезеңдегі ірі оқымыстылардың, ойшылдардың хаттарында ерекше пафосты риторика, философиялық толғаныстарға назар аударылса, кеңестік кезеңде оның ұшқыны байқалғанымен хат жанрына тән лаконизм басымдылығын байқатады.

Мұндағы мәтін авторының мәртебесі биік мемлекеттік міндетті атқарушы екендігі хаттағы анықтықтан, нақтылықтан аңғарылады. Осы мазмұндас хаттар мәтіндерінен авторының характерін танып, оның тілдік мәнерін, сөйлеу ерекшелігін түсінуге мүмкіндік болады.

Жазушының роман эпопеясы орыс тілінде және өзге де одақтас республикалар тіліне аударылған жылдары хаттардың ағыны көп болғаны да ақиқат. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік. Соның бірі Вильнюс қаласынан жолданыпты: «... Алғашқы кітапты мен осыдан бірнеше жыл бұрын оқыған едім, расын айтайын, ол маған қатты әсер етті. Әлемдік әдебиет сыны Сіздің кітабыңызды «Бундерброктармен», «Форсайттер туралы аңызбен», «Тибо семьясымен» қатар қоятын уақыттың алыс емес екеніне мен кәміл сенемін. Өйткені, Сіз өз халқыңыздың (бәлкім, дәл сол үшін де болар) бұрын мұншалықты шеберлікпен, мұншалықты терең білгірлікпен ешкім айтып бере алмаған, мүлде басқаша жағдайдағы өмірінің тамаша картинасын жасадыңыз.

Екі кітапты қатарынан оқып, барынша бір рахаттансам-ау деген ойдамын» Анатас Венцлова, 25.VII.58 ж.» (5). ал, Киевтен келген мына хат мәтіні де оқушысын ойландырмай қоймайды. Кітап оқу, оның ішінде көркем прозаны, әсіресе М.Әуезовтің классикалық көркем дүниелеріне назарды сирек салған соңғы жылдардың оқырмандары үшін ойланарлық-ақ хат.

Бұл хатта суреткердің шығармашылығына деген сүйіспеншілік, ризашылық риторикалы рең алып, саналы түрде поэтиканы күшейтілгені байқалып отыр.

«...Мен-Сіздің байырғы оқырманыңыз һәм талантыңызға табынушы адаммын. Толыққанды, қайнап жатқан образдар арқылы адамдық шынайы мінез-құлықтардың қақтығысын берудегі теңдесі жоқ шеберлігіңізден үйренудемін...», – дейді Натан Рыбак. 28/VII.58 ж» (6). Адресаттың атына айтылған алғыс автордың салтанатты сөз қолданысынан аңғарылып, көркем композициялық түзіліс құрған. Хат мәтініндегі ойлар қазақ қаламгерінің суреткерлік шеберлігі талай халықтың әдебиетінің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосып, талай таланттарды тәрбиелеуге түрткі болғандығынан да хабар береді.

Жазушының жақын досы Мұстай Кәрім Уфа қаласынан 7.IX.58 жылы жолдаған хатында былай дейді: «Мен Сіздің «Абайыңызды» оқып таң қалдым...Ол қазақ халқын ақындықпен ашып берді. Кез келген ұлы кітаптың ролі халық характерінің тамаша қасиеттерін бейнелеумен ғана шектелмейді, ол сонымен бірге дәл осы халыққа ғана хас жаңа қасиеттерді де белгілейді. Осындай кітаптар арқылы халық әлгі жаңа қасиеттерді үйреніп, игеретін болады. Менің ойымша, Сіздің «Абай» осындай кітап. Мен үшін «Абайдың» тағы бір құндылығы: «әрқашан ілгері жетелеп, шақырып тұрғандай болады. Әлемге өз халқым туралы тереңірек, кеңірек һәм батыл айтып беруге шақырады» (7).

Міне, осындай ойлы да жүрек жарды тілектер жазушыға шабыттың шуағын сыйлап, қолына қалам алдырмай қоймасы белгілі.

Шағын мәтіндегі шешендік, салтанаттылық, өте сауатты сөйлеу тілі хат жанрының поэтикасын күшейтіп отыр. Публицистикалық пафос басым болғанымен образды ойлап, көркем тілмен сөз өнерінің кестесін тігіп жүрген көрнекті жазушының хаты XX ғасырдағы эпистолярлық мәдениеттің мәйегін тануға мүмкіндік береді.

Ең өкініштісі, автор мен адресаттардың хаттарының көшірмелері дер кезінде жасалмай, мұқият сақталмай, жазушының эпистолярлық мұраларының түгелдей тізімі түзілмей, оларды тұтас жүйелеуге мүмкіндік болмауы. Егер қаржы мен талап болып жатса әлемдік кеңістікте тарыдай шашылып жатқан эпистолярлық мұраларды жинар болса қазақ әдебиеті мен оның тарихы үшін үлкен олжа болары сөзсіз. Бұрындары жарияланбаған хаттар мәтіндерін аударып,1967 жылдың 8-ші желтоқсанындағы «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялатқан Ләйла Мұхтарқызы « Хаттар, хаттар...(М.Әуезов архивіндегі бұл хаттар тұңғыш рет жарияланып отыр)» деген топтамаға жазған алғы сөзінде: «... Мұхтар Омарханұлы Әуезов аты әлемге әйгілі жазушы ғана емес, сонымен бірге СССР халықтары әдебиетінің білгірі әрі оны насихаттаушы ретінде де мәшһүр еді. Оның көптеген еңбектері ұлттар әдебиетінің бір-бірімен байланысын, игі әсерлерін зерттеуге арналғанын білеміз,

Қазір жазушының музей-үйінде сақтаулы тұрған кітаптардағы авторлық қолтаңба жазулар, естеліктер мен хаттар, фотосуреттер, жазушыға айтылған алғыс ықыластар Мұхтар Омарханұлының еліміздің туысқан халықтар әдебиетіне деген көзқарасын, оларға өзінің туған әдебиетіндей қарағандығын айқындайды», – деп, ұлы жазушыға келген хаттардың мазмұнын ашып берген еді (8).

Әлемдік және кеңестік кезеңдегі одақтық кеңістікте кеңінен танымал болған көрнекті шығармашылық тұлға Мұхтар Әуезовтің әрбір қолтаңбасы, әр жанрда жазылған жазбалары мен хаттары әрине, біздің ұлттық руханиятымыздағы орны ерекше көркемдік құбылыс екендігі айқын.

Академик М.П.Алексеев айтқандай, шынында да «Письма писателей-важный источник, представляющий большое и разностороннее значение для изучения личности и творчества их авторов, времени, в которое они жили, людей, которое их окружали и входили сними в непосредственное общение. Но писательское письмо – не только историческое свидетельство; оно имеет свои отличия от любого другого бытового письменного памятника, архивной записи или даже прочих эпистолярных документов; письмо находится в непосредственной близости к художественной литературе...», – деген сөзі әр дәуірдің тарихи деректерін, уақыт пен кеңістік тынысын нақты беретін хат жанрының теориясы мен поэтикасының ерекшелігін, автор мен адресаттардың бұл бағыттағы еңбектерін тануға мүмкіндік берері де сөзсіз (9).

М.Әуезовтің эпистолярлық мұраларының көпшілігін құрайтын қаламгер қауымымен жазысқан достық хаттары. Кеңестік кезеңде Одақ астанасы атанған Мәскеудегі түрлі мәжілістерде, пленум, сьезд, жиналыстарда танысып, табысқан өзге түрлі кездесулерде жүздесіп, өмірінің соңына дейін сыралғы адал дос болған замандастарымен (А.Федин, Л.Соболев, Вс.Иванов, Н.Тихонов, Л.Леонов, Сәмед Вургун, Б.Кербабаев, М.Турсын-заде, Н.Зарьян, т.б) хат алысып, хабарласып тұруы табиғи заңды құбылыс. Ол кезде бүгінгідей түрлі ақпараттық озық байланыстар болмағандықтан тек ақ қағазға айтарларын асықпай ағыл-тегіл сезімге де сөзге тосқауыл қоймай жазатын кез емес пе? Жоғарыда келтіргеніміздей ыстық ықыласты, таза тілекті хаттар ағыны аз болмағаны да ақиқат. Әрине, олардағы ортақ тақырып – әдебиет мәселелері болғаны да күдік тудырмаса керек-ті. Бұл хаттардың да өзіне тән стилдік ерекшеліктері болған. Әсіресе М.Әуезов осы қаламдастарының ішінде орыс жазушысы, аудармашы Леонид Соболевпен ұзақ жылдар бойы хат алысып тұрғаны белгілі. Жазушы мұрағатында оның бірнеше хаты сақталған және М.Әуезовтің оған жазған жауап хаттарының да мәтіндері бар. Жоғарыда келтірілген мәтіндерден мәлім болғандай өзіне келген хаттарға М.Әуезов те жауапты әрі шығармашылықпен қараған сыңайлы. Әрбір сөзінің әрлі әрі мазмұнды, қысқа әрі нұсқа болуын қадағалайтын қаламгер өзіне үлкен сенім мен жауапкершілік жүктеген хаттарға да білгірлікпен байыпты жауаптар жазған деп ойлаймыз. Оған жазушы мұрағатында сақталған көптеген жазбалардың, хаттардың үстінен түзетілген шығармашылық жұмыстары айғақ болса керек. Тіпті қатты толғаныста отырып, оларды қайта жазуы да мүмкін. Ұлы таланттардың әрбір қолтаңбасы мен әрбір шағын, тіпті бір жолдық болса да мәтіні ұлт руханияты үшін, мұхтартану саласы үшін ұланғайыр байлық екендігін ескерсек, жазушы өміріндегі әрбір жол, оқиға, эпизодтар, кездесулер, осы хаттар мен әртүрлі жазбаларға түскен көңіл күнделіктері, асыл ойлары мен сезімдері өзге ешжерде тіркеліп, түспейтіндіктен де хат жанрының құндылығы арта түседі. Әлемнің әр түкпірінде өзі араласқан шығармашылық тұлғалар мен оқырмандарының жеке мұрағаттарында, тіпті олардың бағасын білмейтін ұрпақтарының ұқыпсыздығының арқасында әлдеқашан жойылып кеткендігі де бүгінде таңсық болмаса керек. Осынау мол эпистолярлық мұралардағы сыртқы дүниеге беймәлім ішкі сырлардың астарларына , қалтарысы мол құпия қатпарларға бүгінгі көзқараспен қайта қарап, зерделер болсақ, көрнекті сөз зергерінің кемел ойына, оның күрделі де саяси құрсаудағы қиын тағдырының әр түрлі түкпірдегі тылсымдарға, жан дүниесіндегі аласапыран сезімдерге куә болар едік. Өйткені, хаттар әлемі жазушының зертханасына, сыртқы жан баласы біле бермейтін құпия қоймаларына енуге мүмкіндік беретін мәтіндер мекені емес пе? Суреткердің өзімен өзінің, өз отбасы мүшелерімен, туған туыстарымен, бауырларымен, қатарлас қаламгерлермен, өзін ұлы тұтқан туысқан елдердегі замандастарымен, орыстың ірі зиялы қауымымен, үлкен-кішімен, өзге де толып жатқан табынушы оқырмандарымен, қоршаған қауым әріптестерімен қандай қарым-қатынаста болғандығын, қиямет қайым қасірет шеккен кездегі жан азабы мен бір сәттік бақытты кездеріндегі көңілді күйлері де, түрлі драмалық, психологиялық жағдайлардағы эмоциялық сезімдерінің сырын да ашатын осы хат мәтіндері екендігі де мәлім. Сондықтан суреткердің зертханалық шеберлік мәселелерін, эпистолярлық мұраларын жинау, жазу, зерттеу, оларды тақырыбына сай интерпретациялау да келешектегі міндеттер болып табылмақ.

Осы орайда еске алар жәйт егерде ұлы суреткердің өзі жазған хаттар мен жауаптарды жинап, жүйелеп, не көшірмелерін алып қалып отырғанда мүмкін Л.Н.Толстойдың А. Фетке жазған – 171, философ, әдеби сыншы Н.Н.Страховқа жазған 235 (Ескерту: бұл сақталғандары ғана екен Г.П), сыншы –демократ В.В.Стасовқа 99, ал өзінің досы, кейін хатшысы болған В.Г.Чертковке жазғандары 5 томды құрайтын 931 хат мәтінінен тұратын орыс әдебиетінің рухани байлығы секілді біздің де ұлттық құндылықтардың қазынасын толықтырып, мәртебемізді көтерері сөзсіз еді . Мұндай тарихи фактілер сол кезеңдегі әдеби үрдіс, әдебиет тарихы мен ондағы ірі өкілдерінің шығармашылықтары турасындағы көзқарастарды айқындауға, көптеген тарихи филологиялық ақпараттарды анықтауға айтарлықтай түрткі болуы да заңды нәрсе.

Л.Н.Толстой дәуірінің толық айнасы іспетті хат жанрындағы жазбалар орыс әдебиетінің тарихын тұтас танытады. Міне осындай ұлан ғайыр байлық Мұхтар Әуезовтің де мұражайында және жазушының өзі араласқан, хат алысқан замандастары мен әріптестерінің, шығармашылық достарының архивтерінде сақталуы әбден мүмкін . Бұл хаттар М.Әуезовтің өмірі мен творчестволық жолын танып білуде таптырмас мұра және оның әдеби ортасы мен айналасындағы адамдардың, онымен қарым-қатынаста болған сан қилы тағдыр иелерінің байланысын анықтауға да көп көмегі тиері сөзсіз. Алайда, жазушы өмірінің соңына дейін саяси қуғында болуы, үйінің жиі-жиі үш әріп тарапынан тінтіліп, тәркіленіп отыруы себеп болды ма, жеке жазбаларға, хаттарға, жалпы жеке тұлғалық тағдыры телулі түрлі түсініктегі қолжазбаларды сақтауға құлықты болмаған да сыңайлы. Олардың бәрі келешекте ұлт руханиятына, қазақ әдебиеті тарихы мен мұхтартану саласына осы зәру жазбалар екендігін біле тұра саналы түрде жойып отырған сияқты. Бұған дәлелді деректің бір ғана фактісі- Бауыржан Момышұлының хаттарын жойып жіберуі, т.б десек те болады. Мұндай деректер көп болуы да ғажап емес. Өкінішке орай, оларды орынға қайта қою мүмкін емес. Хаттар ашатын ақиқаттар бүгінгі мұхтартану саласы үшін әлі қозғала қоймаған тақырып. Ал қолда бар, жазушының елу томдық академиялық шығармалар жинағының 50-ші томында жарияланған және әлі де жазушы мұражайында жатқан жалпы оқырманға беймәлім эпистолярлық мұралары А.И.Герценнің: «...Письма – больше, чем воспоминанья, на них запеклась кров событий, это – само прошедшее, как оно было, задержанное и нетленное», – деген сөзінің шындығын растайды (А.И.Герцен.Собр.соч.,т.VIII, с.290) (10).

Тегінде эпистолярлық мұра жазушы автобиографиясының көркемдік қызметі мен міндетін айқындаумен бірге, мәтін мазмұндарынан шығармашылықтың өсу, қалыптасу кезеңдері, жоспарларының құрылуы, творчестволық лабораториясының тарихы көрінеді.

Қалай болғанда да қаламгердің эпистолярлық мұрасы оқушы қызығушылығын тудырмай қоймайды. Атақты адамдардың аңызға айналған тағдыры мен өмірі көбінде осы эпистолярлық мұраларында өз ақиқатын ашып, нақтыланып жататыны да өтірік емес.

Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың тарихы мен теориясы, поэтикасы және Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұралары кешенді түрде қарастырылып, хаттардың түрлері (ресми, интимдік), адресаттардың типтерін (достарға, өкіметке, туыстарға,әдебиетшілерге, әйелдерге, перзенттерге, жұбайына) және әр жанрдың стилистикасы, түрлері, тәсілдері, мазмұны тереңдетіле зерттеліп, талданса, әр қырынан интерпретацияланса қазақ әдебиеттануы үлкен олжаға кенелер еді .

Қорыта айтар болсақ, Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық мұралары тек туыстарына, достарына, әріптестеріне, әдебиет және мәдениет қайраткерлеріне, жазған хаттары ғана емес, ол ХХ ғасыр басындағы эпистолярлық мәдениетте алатын тарихи орны бар, қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін біздің ұлттық құндылығымыз, мәдени мұрамыз, рухани жәдігеріміз.

Әдебиеттер:

1. Л.М.Әуезова.« Хаттар, хаттар...(М.Әуезов архивіндегі бұл хаттар тұңғыш рет жарияланып отыр)»

2. «Қазақ әдебиеті» газеті, 8 желтоқсан 1967 жыл.1-8-дейінгі хаттар осы мақаладан алынған.

Рустамбекова Мухаббат Ерубайқызы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
пед.ғыл.канд., доцент, sarseke2013@mail.ru

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРІКШІЛДІК МҰРАТТАР

Түйін. *Мақалада қазақ елінің тарихында ұлт-азаттық идея, ағартушылық мұратқа арқау болған поэзиясымен ғана емес, өзінің ұлтшылдығымен, қайраткерлігімен есте қалған суреткер, қоғам қайраткері С.Сейфуллин шығармашылығы талданды.*

Ұлтжанды С.Сейфуллиннің тағдыр-талайы, ұзақ жылдар бойы теріс ұғындырылып келген тарихи еңбегі туралы тоқтамдар айтылды.

Ақын шығармашылығындағы түрікшілдік мұраттар жайы сараланып, ұлт мәселесін көтеру бағыттары пайымдалды.

Түйін сөздер: *ұлтшылдық, құнды мұра, ақиқат, тарихи дерек, сәкентану, әдеби мұра.*

Резюме. *В статье приводится анализ произведений общественного деятеля и художника - Сакена Сейфуллина, известного не только поэзией, ставшей опорой просветительской цели и национально-освободительной идеями в истории казахского народа, но и своими националистическими идеями и деятельностью.*

Говорится в статье и о судьбе и историческом произведении патриота С.Сейфуллина, которое в течении долгих лет было отрицательно осознано.

В статье приведен анализ целей пантюркизма в творчестве поэта и рассуждения о поднятии национального вопроса

Ключевые слова: *национализм, ценное наследие, истина, исторические данные, сакеноведение, литературное наследие*

Summary. *The analysis of works of the public figure and artist - Saken Seyfullin famous not only by the poetry which became a support of the educational purpose and national liberation ideas in the history of the Kazakh people, but also the nationalist ideas and activity is provided in article.*

Destiny and the historical work of the patriot S. Seyfullin which within long years was negatively realized.

The analysis of the purposes of a pantyurkizm in works of the poet and reasoning on a raising of an ethnic question is provided in article

Keywords: *nationalism, valuable heritage, truth, historical data, Saken studies, literary heritage*

XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы тарихи-қоғамдық жағдайы жайлы сөз болғанда Сәкен Сейфуллинге соқпай кету қиянат дер едік. Әрине, кейде уақыт ырқынан шыға алмай, замана ығына жығыла жазған еңбектерде ақынның шығармашылығы (қайраткерлігі, ұлты үшін жасаған істері жайы тіпті ауызға да алынбайды-М.Р.) хақында артық, кейде үстірт айтылған жерлер де ара-кідік болса да кезігіп жатады. Алайда тарихтың дерегі толыққан сайын Сәкеннің Алаштан алшақ кететін бағытынан гөрі үндестік жайы, ұлт мүддесін ойлаудың ортақ арқаулары алдан шығып отыратындығына бүгінгі таңда көзіміз жетуде.

С.Сейфуллин шығармаларын зер салып оқыған әрбір оқырман оның тұла бойы ұлтжандылыққа тұнғанын бірден-ақ аңғарары сөзсіз.

Сәкен қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу еңбектерінде де ұлтына орасан зор олжа қосты. Оның еңбектерін саралай қарасақ ақын мұрасынан ұлт мұрасына, ұлт тарихына, ұлт болашағына деген ұстанымның, перзенттік борыш пен маман есебіндегі біліктіліктің барлығын аңғарамыз.

С.Сейфуллин туған елін, халқын, жалпы адамзатты биік ізгілік мұраттар ауқымында бағалап, таниды, қабылдайды. Сонымен бірге кәрі тарихтың ақиқатын айтпай тұра алмаған. «Азия» атты толғамында адамзат тарихының айқын деректерін арқау етіп, ашына ой төгеді.

С.Сейфуллиннің кеңестік жүйе кемшіліктерін жүйеге қарсылық емес, қателікті түзетуге бағыттау барысындағы сыншылдық ой, батыл әрекеттері, түрлі жиындарда сөйлеген сөздері ақыры, тұтас, жаппай қуғын басталғанда, өзіне жабылған жала болып жабысты.

«1937 жылы 7 қыркүйекте Алматы қаласындағы ақын-жазушылардың «ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы» жиналысы болды. Оған Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ғабит қатыспады, Ілияс тұтқындалған болатын» [1, 328-б.].

Ақынның зерттеушісі Тұрсынбек Кәкішұлы қанды науқанның алғышарттары, ақырын жайылған ауыр зардаптары туралы құжаттық деректер негізінде, Жазушылар одағында өткен түрлі жиындар қаулысы, баспасөздегі у-шу белсенділік туралы баяндай келіп Сәкен басына қасірет қонақтаған сәттердің сұмдығы мен шындығын тұтас ел жағдайында, тұралатып бас көтертпеген сүргін саясат жайында егжей-тегжейлі былайша баяндайды: «Ал Сәкен жайына ойысқанда «Всего лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать, «исторический» роман «Трудный путь, тяжелый переход», где не постыдился изобразить себя героем и привести целую серию контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия» (16.09) деп кезеңдік шығарманы даттап, Сәкенді жар басына әкеп қойды. 24 қыркүйекте Сәкен тұтқындалды» [1, 329-б.].

«Тар жол, тайғақ кешуді» былайғы көпшілік дақпыртпен алаш азаматтарының атын атап, түсін түстеп берген деп айыптайтыны бар. Шындығында бұл шығарманың құны зор. Сәкеннің Алашорда туралы ақиқатты ұғына түсуге бастайтын дерек-дәйегіне үңіле түскенде екіойлы да болатын тұстар жоқ емес.

Әрине, сәкентануда ХХ ғасыр көгінде аса жарқын ұлттық тұлға Сәкен Сейфуллиннің бұл бағыттағы еңбегі де әрқашан назарда болып келеді. Кезеңдік талғам, талап көлеңкесі түскен дегеннің өзінде С.Сейфуллин өмірінің елеулі фактілері түзілді. Белгілі бір мәнде маңызы бағаланып, байыпталды.

С.Сейфуллиннің Алаш «жағымен» ұлттың түпкілікті мәселелерде негізінен үндес шығып отырғанын қазіргі кезеңде тұлға мұрасына, тұлға тағдырына үңіле түскен сайын анық ұғына түскендейміз.

«Шолпан» журналында 1922, 1923 жылдары Мұхтар Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласын жазды. Әдебиеттің ұлы миссиясына Алаш ардагерлерінің барлығы бірдей ден қойды, үлкен күрес жолындағы үкілі үміттерін жалғады. «Талап» ұйымы, «Алқа», «Табалдырық» – барлығында да әдебиет мәселесі ұдайы назарда болған, елеулі қам жасауға бағыттап, бастап отырған мәселе болды.

С.Сейфуллин және кеңеске «кіргендер» де осы әдебиет жайын мықтап қаузап, тарихи мән беріп өткендігі – заман ақиқаты.

Белгілі сәкентанушы Серік Қирабаев Сәкеннің әдеби сын, әдебиет зерттеу еңбектері бағытында баяндаған жайлар Сәкеннің әдеби көркем шығармашылығының сан-сала, сан-тарап бағыттарына қоса, ұлтының рухани игілігін қорғау, қолдау жолындағы жұмыстарды да мақсаткерлікпен жүргізгендігін айқындай түседі.

«Сәкеннің көптеген мақалалары оның көркем әдебиетті жаңа дәуірдің міндеттеріне сәйкес қайта құру ісі үшін күрескенін танытады. 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының № 13 санында жариялаған «Әдебиет һәм оның бағыттары» атты мақаласының өзінде ол көркем әдебиеттің қоғамдық қызметіне айрықша мән береді. Автор әдебиет халық өмірінің өзгерісін танытатынын, соған орай оның қаһармандары да өзгеріп, жаңарып отыратынын әңгімелейді. Мақаланың оқушыларды көркем әдебиет туралы ғылымның басты қағидаларымен таныстыруда (әдеби жанрлар, дүние жүзі әдебиетінің көрнекті мұралары, т.б.) да ерекше маңызы бар» [2, 398-б.].

Әрине, таза көркемдік принциптер тұрғысынан әдебиет туралы кең таным қалыптастыруға қатысуды зор парыз тұтқан Сәкен замана талабына сай тап әдебиеті туралы да айтты. Айтып қана қойған жоқ, сол бағыттың басында да болды. Соған қарап, кеңес дәуірінде кеңес әдебиетін қалыптастырып жасаған Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов қана болғандай «дүрлігудің» еш негізі жоқ. Өйткені,

Біріншіден, қалай аталса да ол әдебиет – үркетіндей, үрейлі әдебиет емес. Толып жатқан кемшіліктері болғанның өзінде де ұлтымыздың рухани мұрасының елеулі бір фактісі.

Екіншіден, ол әдеби мұра – екі адамның ғана еншісі емес, тұтас бір дәуір, лек-лек болып қосылып, толықтырып отырған тарихи тұлғалардың барлығы дерлік қалыптастырған әдебиет.

Негізінде, кім «ақ», кім «қара» деп екі жаққа шапқылаудың күні өтті. Барды барынша байыптап, тарих берген бағасына барлай қарауымыз қажет. Бөлініп, бөліп, бөлектеп, бөлшектеп зерделеуден арылып келе жатқандығымыз – дұрыс бағыт.

Белгілі сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлы С.Сейфуллин өмірінің ақырғы сәттеріне қатысты мұрағат ақтарып жүріп жасаған еңбектерінде қанықтыра түсетін жайлар да, «қалай болды екен?» деп қайта бір ойларға бастайтын жайлар да бар.

Сәкеннің тергеудегі жауабында әдебиет тарихына қатысты да толып жатқан мәселелер қозғалады. Осында қолдан құралған жауап дегеннің өзінде, «құрастырушылар» қисынын қолдан жасаса да, қиюын тауып айтуы қиын мәселелердің түбегейлі маңызымен астасып жатқан құбылыстар да байқалады.

Тұрсынбек Кәкішұлы НКВД қызметкерлерінің жалған, жалалы ісінің сырына қатыстырып тоқталған жайдың біріне зер салғанда осындай да ой келеді.

«Тергеушілер Сәкенге енді Ғабит Мүсірепов туралы «сыр» шерткізеді. Осыған айрықша назар аударыңыздар, өйткені «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» дегенді анық көреміз де, онан арғы баяндауларға күдік-шүбәң өсе түседі» [1, 351-б.].

Бұл жерде Ғабит Мүсіреповті С.Сейфуллинге әмір бере сөйлеуінің қисыны жоқ деген автор ойын құптаймыз. Ал Сәкеннің әдебиет мәселесіне қатысты жұмысына қатысты айтқандарында негізді мәселелер болғанын да байқаймыз.

Мәселе ұғынықтырақ болуы үшін көлемді үзінді келтіруге тура келді.

«...Сәкенді өзінің жұмыс орнына Ғабит шақырып алып, тапсырма береді. Онысы – әдебиетте ұлтшылдық сарынды күшейту. Ал оны қалай жүзеге асырамын дегенде «Көкшетау» поэмасының дәстүрінен айырылмау, яғни қазақтың өткенін мөлдірете суреттеп, бүгінгісін ана «Болашақтағы Көкшетау» сияқты сұрықсыз көрсеткен абзал дейді. Әйтеуір, Қазақстан еңбекшілерінің басын қатырып, ескі күннің артықшылығын жарқырата берген жөн дейді.

Сонсын, ¬¬– дейді Сәкенге нұсқау беріп отырған Ғабит, – ескі әдебиетті зерттеген болып отырып өткен ақындардың ащы сөздерін, орысқа қарсыларын жинап, жариялау жағын да ұмыт-

паған жөн деп ақыл қосады. Сөйтіп Сәкен 1930-35 жылдары «Ескі әдебиет нұсқалары», «Батырлар жыры», «Қазақ әдебиеті. 1-бөлім. Билер дәуірінің әдебиеті», Ақмолла, Ақансері, Ыбырай жинақтары, Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүнін» Ғабит нұсқауымен шығарып, әдебиеттің бетін өткенге, кешегі феодалдық тірлікке бұрып, кеңес әдебиетінің аяғына тұсау салуға, елді ұлтшылдық рухта тәрбиелеуге тырысыпты. Ұжымшар тақырыбына арналған дүниеде қандай көркемдік болмақ, анайы қалпында көрсете берудің өзі-ақ біздің діттеген жерімізге тиіп жатады деп Сәкенге жол-жоба көрсетеді. Мен әсірелеп отырған жоқпын. Сәкен «монологының» негізгі айтары да, айыптары да осылар» [1, 352-б.].

Осында тергеушілер Сәкеннің әдебиетке қатысты зерттеу, басылым дайындау бағытындағы жұмыстарынан іздеп тапқан «пәле» құбылыстар Ғабит Мүсірепов бағыттап отырды дегенді ысырып тастасақ, шын мәнінде де ұлт рухын шыңдайтын еңбектер болғандығын, бұл тұрғыда НКВД тергеушілері, жүйе алдында Сәкен Сейфуллиннің шынымен-ақ «айыпты» екендігін жеткізіп жатқан сырлар бар. Тарих – өзінің уақытына қызмет етіп отырып, келешекке де қарастыратын құбылыстар қалдырып отыруымен тарих.

Күні кеше ғана бір құбылысты бір қырынан көріп, соны тұтас мазмұн деп бағаласақ, аз уақыттан кейін әлгі құбылыс тағы бір сырды, тағы бір қырды ашатынына кейінгі кезеңде, әсіресе, көз жеткізе түсіп отырмыз. Яғни шын тарихты айтқызбай ауыздан қаққан уақыттардың ақиқаты түбінде айтылады екен. Ол ақиқатты дер кезінде айтпады деп ешкімді де кінәлауға болмайды. Тұтас жүйе болып көрмеген, көргісі келмеген ақиқат үшін жеке тұлға қалай жауап бермек?

«Сұлтанмахмұттың творчестволық мұрасын бағалауда да Сәкен қате көзқараста болды. Тіпті ол бұл ақынды өзінің соңғы еңбектерінде де ұлтшыл, алашордашыл жазушыларға тіркестіре қарады. Мұндай көзқарас аталған оқулықтарда және жазушылардың бірінші съезінде сөйлеген сөзінде айқын көрінді. Бірде ол Кенесары қоныстан ауғанда зар төккен Досқожа ақынның кертартпа өлеңдерін жинаққа кіргізіп, талғамсыздық танытса («Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары»), кейде Ақмолла, Омар Қарашев, Мәшһүр Жүсіп тәрізді қайшылығы мол ескішіл ақындарды да қазақ әдебиетінің классиктерінің қатарына қосып, Абаймен тең атады. («Көркем әдебиет»). Мұның барлығы Сәкеннің зерттеушілік көзқарасында әртүрлі кемшіліктер, тұрақсыздықтар орын алғанын көрсетеді. Бұл олқылықтар тек Сәкен басының міні емес еді. Мұндай кемшіліктер 20-30 жылдардағы әдебиет зерттеу еңбектерінің көбінде-ақ ұшырасты. Мұның өзі әдебиет зерттеу ғылымының жастығынан, жалпы теориялық сынның жеткен өрісінің тарлығынан болған, орын алған кемшіліктер еді» [2, 409-б.].

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Дихан Қамзабекұлы өзінің «Алаш және әдебиет» атты зерделі зерттеуінде С.Сейфуллиннің шығармашылығының жалпы азатшылдық бағыттағы, ұлтшылдық бағыттағы мәнін айқындаған. «Миллиондаған қазақтың тағдырына әсер еткен осы аумалы-төкпелі оқиғалар әдебиетке де өз ізін салды. Бұрын ғылыми әдебиеттерде «1917 жылғы қазан төңкерісінен бастап дүр етіп жаңа (советтік) әдебиет көтерілді» делінетін. Шындығына келгенде, кеңестік әдебиеттің нышаны көрінді. Бірақ халықтық, ағартушылық бағыттағы бұрынғы әдебиет (ол кез үшін «Айқап» – «Қазақстан» басталатын жаңа әдебиет) – әлеуетті әдебиет – өмір сүре берді. Өйткені шын әдебиет қаулы-қарармен дамымайтыны мәлім. Ол – ел рухының айнасы. Қазақ танып-білмеген, оның топырағында тумаған төңкеріс бұл халықтың ойына, сезіміне кері ықпал (ашу-ыза) етпесе, игі ықпал етуі неғайбыл еді. Осы тұста мына проблеманы де ескерген абзал: 1. Пролетариат платформасын бірден қабылдаған кейбір қайраткерлер ұлтты большевизм жолымен бақытқа жеткізуді ойлады. Тіпті олардың «большевизмі» – қазақ топырағына сай туған большевизм еді. Мұны С.Сейфоллаұлы, А.Асылбекұлы, т.б. қайраткерлігі мен шығармашылығына қатысты айтуға болады. Мысалы, Сәкеннің «Жас қазақ марсельезасындағы»: «Күн туды – біз теңдік алайық! ...Ақ ниет азамат ерлерді, Бір тудың астына жияйық!» деген жолдардан ұлттың бір бөлігіне емес, бұрын қиналған бар адамына теңдік, бірлік іздегені аңғарылады. 20-жылдары Күншығыс халықтарының тағдыры туралы жазған «Азия» өлеңі, ашаршылық шындығын айтқан шығармалары, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге арналған еңбектері Сәкен құбылысының айрықшалығын көрсетеді» [3, 274-б.].

С.Сейфуллиннің «Азия» (Европаға) өлеңі әлемге теңдік әкелуді күрес бағыты еткен семит балаларының құтқарушылық мәнде дәріптеу көрінеді, Л.Троцкийге өлең арнауларында да осы «Азиядағы» семит тарапынан орналатын азатыққа сенім бар.

С.Сейфуллин поэзиясында түрікшілдік мұраттардың жалпыадамзаттық мұраттармен астасып бой көтеруі ақынның көп қырлы құнды мұрасының бір құбылысы екендігіне тағы да бір көз жеткізгендей болдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Рауан. – 1997. – 384 б.

2. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. – 2007. – 6-т. – 424 б.

3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант. – 2002. – 474 б.

Рустамбекова Мухаббат Ерубайқызы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
пед.ғыл.канд., доцент, sarseke2013@mail.ru

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ШЫН ҰЛТШЫЛ

Түйін. *Мақалада ақын-жазушы Сәкен Сейфуллиннің тек проза, поэзия жанрында ғана емес, сондай-ақ көсемсөз саласында да елеулі із қалдырғаны айтылады. Сәкен Сейфуллиннің азаматтық тұлғасының даралануында оның ұлт болашағы үшін жазған мақалаларының үлесінің молдығы зерделенген. Бүгінгі таңға дейін тарих қойнауында жатқан еңбектері: қазақ тіліне мемлекеттік статус беру жайлы декретті қабылдатудағы қайраткерлігі, сондай-ақ ұлт көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойын өткізудегі жанашырлығы нақтылы дәлелдермен талданады.*

Кілт сөздер: *тарихи тұлға, қазақ тілі, ұлт жандылық, азаматтық ұстаным, публицистика, ізгілік мұраттар*

Резюме. *В статье говорится о поэте и писателе С.Сейфуллин, оставившем неизгладимый след не только в жанре прозы и поэзии, а также в области публицистики. Выделение гражданской индивидуальности Сакена Сейфуллина изучены в статьях написанных ради будущего своей нации. Труды С.Сейфуллина, имеющиеся в недрах истории до настоящего времени: деятельность для принятия декрета о присвоении казахскому языку государственного статуса, также точными доводами проанализированы старания в проведении 50 летнего юбилея лидера нации Ахмета Байтурсынова.*

Ключевые слова: *историческая личность, казахский язык, патриотизм, гражданская позиция, публицистика, гуманитарные цели.*

Summary. *In article it is told about the poet and writer S. Seyfullin who left an indelible mark not only in a genre of prose and poetry and also in the field of journalism. Allocation of civil identity of Saken Seyfullin are studied in articles written for the sake of the future of the nation. S. Seyfullin's works which are available in a history subsoil so far: activity for adoption of the decree about assignment to Kazakh of the state status, also exact arguments analysed efforts in holding the 50th anniversary of the leader of the nation Ahmet Baytursynov.*

Keywords: *historic figure, Kazakh language, patriotism, civic stand, journalism, humanitarian purpose*

XX ғасырдың басындағы алаш арыстарының әдеби шығармашылығын әдеби-ғылыми айналымға енгізу жолында әдебиетші ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбегі орасан зор. Зерттеуші С.Сейфуллиннің азаматтық, шығармашылық ғұмырбаянын тарихи мәнде бағалаудың ұзақ жолында мейлінше нақты, өнімді еңбек етті. Кейінгі ширек ғасырдан астам уақытта коммунист С.Сейфуллиннің ұлтшылдық бағыттағы ұстанымдары, оның қоғамдық қызметтегі көрініс табуы, шығармашылық арқауындағы сырлары туралы тарихи дерек, құжаттар негізінде маңызды пайымдаулар жасаған.

Тұрсынбек Кәкішұлы «Сәкен һәм Троцкий» атты мақаласында атағынан ат үріккен Троцкий мен С.Сейфуллинді нендей құбылыстар кездестіріп еді деген іргелі саяси тарихи-әлеуметтік мәселелерге ой бұрып, күрделі құбылыстардың күрмеуін шешетін негіздерді іздеген.

С.Сейфуллиннің шығармашылығын зерттей жүріп, оның «Азия Европаға» атты туындысының саяси ортада резонанс тудырғанын, осы өлеңнің айтпағы мен айта алғанын сол тұстағы жұртшылықтың бағасымен ұштастыра саралайды. Өлеңнің қашан жазылғаны, қай уақытта жарық көргені, сол тұстағы саяси ахуал – барлығы да зерттеуші үшін мәнді болғаны анық.

«Орынборға келгенге дейін бе, келгеннен соң ба, әйтеуір Мұхтар Саматов аударған өлең ВКП(б) Орталық Комитетінің өкілі Е.Ярославскийдің қолына тиіп, негізгі баяндамасында ұлт республикаларындағы, әсіресе, Киргизиядағы (1925 жылға дейін осылай аталған - М.Р.) коммунистерді ұлтшылдықпен айыптауға негіз болар керекті материал деп тапты.

«Ұлтшылдық, паназиаттық «уклонның» не екенін анық байқату үшін жергілікті жолдас жазған «Азия-Европа» деген өлеңді мысалға келтірейін. Мұнда белгілі бір идеологияның салқыны бар. Бұл таптық күрес емес, ұлттар күресі. Бұл – мәселені марксистік тұрғыдан түсіну емес», - деді Е.Ярославский» [1, 396-б.].

Т.Кәкішұлы Е.Ярославский бұл ойлардың негізі қазақтардың өз пікірі деп нығыздай түскенін, ақыры сол айыптаулардың 1937 жылға Сәкен тағдырына үлкен ықпалы болғанын баяндайды.

Сәкен «Азияның» сыналуына ширыға жауап қайтарып, өзінің азаматтық ұстаным, түпмақсат бағыты қайда жатқанын нақтылы қайраткерлік шешімді әрекет, қоғамдық ой қозғайтын өткір публицистикамен айқындай түскен.

«Сәкеннің қиындық көрсе шыңдала түсетін, сынға ұшыраса шамырқана түсетін мінезі осындай саяси мәселеден де айқын көрінеді. Конференциядан кейін 29 наурызда «Ұлтшылдық пен отаршылдық шовинизм» деген ащы мақала жазып, 1923 жылдың 14 қантарында «Еңбекші қазақ» газетінде жариялады, 15 ақпанда «Қазақты қазақ дейік,

қатені түзетейік» деп республика атын өзгертуді ұсынды. Көкек айынан бастап Халық Комиссарлары Кеңесінде кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайын ептеп барлап көрді де, 25 маусымда «Кеңселерде істі қазақ тілінде жүргізуге кірісу» туралы айбынды мақала жазды. Үлкен мәжіліс-жиындарда, сессияларда үзбей сөйлеп, газет-журналдарда 8 мақала жариялады. Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейтқали Меңдешев пен хатшы Жанайдар Садуақасовтардың былқылдатуына, жан-жаққа секемдене қарауына жол қалдырмай, 1923 жылы 22 қарашада қазақ тіліне мемлекеттік статус беретін декретті қабылдатты. 1924 жылдың 1 қаңтарынан бастап КАССР-інің барлық қазақ болыстары, 1924 жылдың 1 шілдесінен былай қарай барлық уездер мен губерниялар қазақ тілінде іс жүргізуге көшіріледі деген шешім Сәкен үшін оңайлыққа түспегенін қазірдің өзінде анық сезінуге болғандай» [1, 396-б.].

Қазірде, өткен күндердің ақиқаты қырық түрлі қисын талқысына түсіп отырғандығын ескере отырып, тарихи тұлғалардың кеңес үкіметі алдында қылаудай жазығы болған жоқ еді деп «ақтаудың» да дәуірі өткендігін терең ұғынып отырып байыптайтын құбылыстарға тоқтайтын уақыт туды.

Сан қырлы талант, жалған жәреукелікке жаны қас, әсіре ұлтжанды С.Сейфуллиннің қысқа ғұмырдағы қайраткерлік тағдырында толып-жатқан «айыптаулар» айтылды, Сәкенге тиіспесе көңіл көншімейтін кезеңдер де болды. Сол мәнде ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Сәкенге «шүйлігулердің» бүгінде С.Сейфуллиннің азаматтық бітімін, қайраткерлік болмысын тұлғаландыра түсетін құжаттың мәнін де байыптаймыз.

С.Сейфуллиннің ұлтшылдығын, не шын мәніндегі ұлтшылдығын? тергеп-тексеру тенденциясы болды. Ол негізсіз емес еді. Қилы тағдыр кешкен С.Сейфуллин кеңестік саясат ауқымындағы құбылыстың барлығына құлдық ұрған жоқ. Биік мұраттар құштарландырған ақын бір сәт те елін, елінің арман-мүддесін естен шығармаған.

Мұстафа Қайыпназаров Сәкен шығармашылығын тергеп-тексерген баяндамасында былай дейді:

«Сәкен күні кешеге дейін ұлтшылдықты, ақсүйектікті жырлап келді. «Асау тұлпар», «Домбыра» жинақтарындағы көп өлеңдерінің қателері табылып, жұртшылық бірнеше рет талқылады. Көбінде троцкийшілдікті жырлайды. Әсіресе «Домбырада», «Экспресс», «Айт», «Азияларында» түрік бірлігін көксейді. Расында Сәкен пролетариат ақыны болып көрген емес» [1, 398-б.].

С.Сейфуллинді Кеңес өкіметі ұлтшылдықпен айыптауында, Троцкийшілдік деген тіркеменің қоса жүріп отырғаны белгілі. Оның ұлтшылдық көзқарасы «Троцкизмге іш тартатын саяси қателермен» де айқындалды.

С.Сейфуллин тағдырының тағылымы таусылмайтын ұзақ құбылыс. Кейінгі кезеңде ақын өмірі, қоғамдық қызметі сан қырынан зерттеліп, зерделеніп отыр. Осы тұрғыда белгілі сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы «Сәкентануға сүбелі үлес» атты мақалада бұрынғы ҰҚК қызметкері Амантай Кәкеннің «Қазақтың Сәкені» эссе кітабындағы келтірілген тың дерек, тосын құбылыстардың сәкентанудағы мән-маңызына тебірене тоқталып, С.Сейфуллин ұлтшылдығын тағы да талқыға тартады.

Ғылым мүддесін жоғары қоя отырып, ғалым өзінің зерттеулеріндегі қайсыбір жаңылыс кеткен тұстарын Амантай Кәкен еңбегі арқылы ашқанын айту арқылы да Сәкеннің сәулелі ғұмырының нұры таймаған беймәлім қырларының ақиқатына қарай жетелей түсетін әңгіме бастайды. Сол арқылы Сәкеннің Сәкендігін онан әрі еселей түсетін фактілерге мән береді.

«Сәкенді елу жылдай зерттеп жүрген өзім көрмеген соң Сәкен ешкімнің ұлықсатынсыз Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдық мерекесін ашып, кіріспе сөз сөйледі, оны 1923 жылы 30 қаңтарда «Еңбекші қазақ» газетінде жариялады деп жазып келіп ем. Барлық іс-әрекетті көріп-біліп, сезіп отыратын партия 1923 жылы 23 қаңтарда № 51 хаттамамен бұл мәселені «қатырып» қойғанын Амантай кітабынан алғаш рет оқып отырмын. Онда мен айтып жүргеннен де әрі кетіпті. Оқу-ағарту комиссариатының коллегиясы Ахаңның мерекесін өткізу жөнінде алғаш қаулысын Казкрайком теріске шығарып:

«а) считать недопустимым организацию советскими органами празднования данного юбилея;

в) возложить персональную ответственность за содержание речей выступающих на празднестве товарищей от имени советских органов на товарища Сейфуллина» деп тұжырыпты.

Ахаңның тойы Орынбордағы ең үлкен ғимарат Я.Свердлов атындағы клубта өтті. Оны ашып, кіріспе сөз сөйлеген С.Сейфуллин өзіне осындай айрықша жауапты міндет жүктелгеніне қарамай, қазақ халқы тұңғыш көріп отырған мерекенің онан әрі мәндене түсуі үшін А.Байтұрсыновтың қазақ тарихындағы орнын айқындай келіп, «өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деп Ахаңды адал мадақтаған еді» [1, 492-б.].

Осыған іле-шала Сәкенді алаш жақтаушысы, ұлтшыл дегенді ұстанған мақалалар ұйымдасты-

рылған. Сәкеннің бұл құбылысқа ширыға түскенін Тұрсынбек Кәкішұлы былайша баяндайды:

«Партия тарапынан осындай теріс те қасақы ыңғайды байқаған Сәкен 9 ақпанда, яғни он бір күннен кейін ашылығы удай, тіпті қазіргі егемен оқушыны шошытатындай қуаты бар, ұлтшылдықты, өз ұлтының намысын жыртуда азаматтықтың үлгісі болатын сол кездегі кейбір басшылардың самарқаулығы салдарынан екі жарым жылдан кейін ғана жүзеге асқан «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік», екі айдан кейін кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы мақаласын жазды. Күні бүгінге шейін маңдайынан соры кетпей жүрген қазақ тілін сол кездің өзінде мекемеге кіргізіп, мемлекеттік дәрежеге жеткізу үшін III партконференцияда ресми түрде ұлтшыл атанған Сәкен 9 мақала жазып, бірнеше жерде өткір сұхбаттарды орыс, қазақ тілдерінде берді. Соның нәтижесінде 1923 жылы 22 қарашада Орталық Атқару Комитеті басшыларының еркінен тыс Декрет қабылдатты. Басқа қайраткерлігін, ақындығын, сазгерлігін былай қойғанда Ахаңдардың ойындағыны қолма-қол жүзеге асырған, тілімізге мемлекеттік статус алып берген Сәкен екенін қалай ұмытпақпыз?» [1, 493-б.].

С.Сейфуллин туған елін, халқын, жалпы адамзатты биік ізгілік мұраттар ауқымында бағалап, таниды, қабылдайды. Сонымен бірге кәрі тарихтың ақиқатын айтпай тұра алмаған. «Азия» атты толғамында адамзат тарихының айқын деректерін арқау етіп, ашына ой төгеді.

С.Сейфуллиннің кеңестік жүйе кемшіліктерін жүйеге қарсылық емес, қателікті түзетуге бағыттау барысындағы сыншылдық ой, батыл әрекеттері, түрлі жиындарда сөйлеген сөздері ақыры, тұтас, жаппай қуғын басталғанда, өзіне жабылған жала болып жабысты.

«1937 жылы 7 қыркүйекте Алматы қаласындағы ақын-жазушылардың «ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен күресу және жас кадрларды өсіру туралы» жиналысы болды. Оған Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ғабит қатыспады, Ілияс тұтқындалған болатын» [2, 328-б.].

Тұрсынбек Кәкішұлы қанды науқанның алғышарттары, ақырын жайылған ауыр зардаптары туралы құжаттық деректер негізінде, Жазушылар одағында өткен түрлі жиындар қаулысы, баспасөздегі у-шу белсенділік туралы баяндай келіп Сәкен басына қасірет қонақтаған сәттердің сұмдығы мен шындығын тұтас ел жағдайында, тұралатып бас көтертпеген сүргін саясат жайында егжей-тегжейлі былай баяндайды: «Ал Сәкен жайына ойысқанда «Всего лишь несколько месяцев тому назад он переиздает свой, с позволения сказать, «исторический» роман «Трудный путь, тяжелый переход», где не постыдился изобразить себя героем и привести целую серию контрреволюционных алашординских документов и портретов врагов народа. Это своеобразная вражеская энциклопедия» (16.09) деп кезеңдік шығарманы даттап, Сәкенді жар басына әкеп қойды. 24 қыркүйекте Сәкен тұтқындалды» [2, 329-б.].

«Тар жол, тайғақ кешуді» былайғы көпшілік дақпыртпен алаш азаматтарының атын атап, түсін түстеп берген деп айыптайтыны бар. Шындығында бұл шығарма аса құнды дүние десек те болады. Сәкеннің Алашорда туралы ақиқатты ұғына түсуге бастайтын дерек-дәйегіне үңіле түскенде екіойлы да болатын тұстар да жеткілікті. Алайда кезінде өзінің А.Байтұрсыновқа берген «ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» деген бағасын бүгінгі тәуелсіздіктің көк туының астындағы өмір сүріп жатқан біздер ақиық ақын, қоғам қайраткері, тіл жанашыры Сәкен Сейфуллиннің өзіне айтсақ артық болмас деген ойдамыз.

Бүгінгі таңда ұлттық тіл туралы Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деген ақиқатты айтты. «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылайша, тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз - туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Тілге деген көзқарас шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан оған бейжай қарай алмаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде елімізді «Қазақ мемлекеті» деп атайтын боламыз. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол қазақ тілі Мәңгілік Елдің - мәңгілік тіліне айналды. Тіл мәселесін біз даудың емес, ұлттың ұйытқысы үшін пайдалануымыз керек» [2], - деді Мемлекет басшысы Н.Назарбаев. Демек, Тіл мерейін өсіруге әрбір қазақ өз үлесін қосуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кәкішұлы Т. Толғам. – Алматы: Қазақ университеті. – 2004. – 527 б.

2. http://kaz.caravan.kz/news/elbasy-nursultan-nazarbaevtyng-qazaqstan-khalqyna-zholdauy-newsID142503.html

3. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Рауан. – 1997. – 384 б.

4. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы. – 2007. – 6-т. – 424 б.

5. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант. – 2002. – 474 б.

Көшенова Тоты Иманқызы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
филол.ғыл.канд., доцент, timankyzy@mail.ru

С.ӘШІМБАЕВ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ ХАҚЫНДА

Түйін. *Мақалада сыншы Сағат Әшімбаевтың абайтануға қосқан үлесі хақында айтылған. Сыншы С.Әшімбаевтың туындысында ұлы классик ақынның поэзиясының құдірет-тылсым сипатын өзінше қорытып тануға арналғаны жайлы сөз етіледі. С. Әшімбаев тек Абайды ғана емес, қазақ поэзиясының көрнекті тұлғалары М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ө.Нұрғалиев поэзиясынан Абай шығармашылығымен рухани байланысты іздегендігі, сондай-ақ қазақ өлеңінің даму биігін, тіл шеберлігінің классикалық үлгісін ұлы ақын туындыларымен сабақтастырғаны талданған.*

Түйін сөздер: *абайтану, сыншы, қазақ өлеңі, дәстүр жалғастығы, адамшершілік мұраттар.*

Резюме. *В статье рассматривается вклад критика С.Ашимбаева в абаеведение. В своей работе С.Ашимбаев описывает могущество и таинство поэзии великого классика. С.Ашимбаев исследовал не только Абая, но искал духовную связь произведений Абая в поэзии видных деятелей казахской поэзии таких как М.Макатаев, К.Мырзалиев, О.Нургалиев. Наряду с тем он исследовал развитие казахской поэзии, проанализировал классический тип языкового мастерства посредством произведений великого поэта.*

Ключевые слова: *абаеведение, критик, казахская поэзия, преемственность традиций, нравственные цели.*

Summary. *The contribution of the critic S. Ashimbayev to Abay studies is considered in the article. S. Ashimbayev describes the power and sacrament of great classic's poetry in his work. S. Ashimbayev investigated not only Abay, but looked for a spiritual bond of works of Abay in poetry of eminent persons of the Kazakh poetry such as M. Makatayev, K. Myrzaliyev, O. Nurgaliyev. Along with that he investigated development of the Kazakh poetry, analysed classical type of language skill by means of works of the great poet.*

Keywords: *Abay studies, critic, Kazakh poetry, continuity of traditions, moral purposes*

Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтитыны анық. Өйткені Абайдың шығармашылық мұрасы - қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы, халқымыздың рухани-мәдени өмірінің шарайнасы, сан буын ұрпағымызға таптырмас, таусылмас қазына. Осы мұраны игеру, оның шығармашылығын зерттеу - өткендегі рухани байлық көзін пайдаланудағы ең негізгі мәселелердің бірі екендігі даусыз.

Белгілі сыншы С.Әшімбаев та қазақтың классик ақыны Абай поэзиясы хақында «Ақын жанын жабырқатқан жайлар» атты мақала жазып, абайтануға өз үлесін қосқан зерттеуші десек болады.

С.Әшімбаевтың сыншылдық ерекшелігі - көркем ой мен қоғамдық-әлеуметтік, дүниелік құбылысты салыстыра-сабақтастыра алуы және сол арқылы маңызды философиялық ой түюге ұмтылысы дер едік. Ортаға, сол орта қалыптастырған әр алуан мінезге, жаратылыстың мәні мен адамшершілік мұраттарға сыншылдық тұрғыдан үңіліп, ой сабақтау ұлы Абай туындыларының жаңашылдық сипаты болса, С. Әшімбаев та әдеби сын мақаласында ұлы ақынның адамгершілік тақырыбына жазылған туындыларын талдай отырып, адами қасиеттерге айрықша ден қояды. Өз ортасындағы қоғам тудырған әр алуан жағымсыз құбылыстар арқылы адамның бойында қалыптаса бастаған мінездер сыншыны бейтарап қалдырмаған. Осы бейтарап қарай алмаудың өзі С.Әшімбаевтың азаматтық-қайраткерлік тұлғасының іштегі шиыршық атқан күш-қуаты болды дейміз.Осы арқылы сыншының сыншылдық-эстетикалық, философиялық-этикалық дүниетанымы көрінеді.

Сыншының сондай кең толғап жазған аталмыш мақаласы ұлы классик ақынның поэзиясының құдірет-тылсым сипатын өзінше қорытып тануға арналады. Сағат Әшімбаев «Азаматтық формуласы», «Ақын жанын жабырқатқан жайлар», «Өлең сөздің өрнегі» деген мақалаларында ұлы Абайдың өлеңдері жайлы, өлең сөз туралы көсіліп, құлашын еркін сермеп, шешен де көркем тілмен жазған. Мақала еркін ойлы, Абай рухымен сырласу, заман, қоғам жайлы ой жарыстыру бағытында қалам тербеп, сезім-сырға толы эссе сипатында берілген. «Өлең - ой мен сезімнің образға айналған көркемдік жарасымы» [1, 344 б.],- деп ой түйетін сыншы: «Өлеңде ой мен сезім болғанымен, олар лайықты формада (түр) көрініс таппаған болса - үстінде лыпа жоқ, киімсіз адамдай рабайсыз көрінеді. Керісінше, түрі (форма) келісіп, бірақ ой мен сезім парасаттылығы жетпей жатса - өлең өлең емес, құр айғай болып шықпақ» [1, 395 б.], - дейді поэзияның табиғатын байыптап. Сыншының бұл эстетикалық көзқарасы, жалпы әлемдік поэзия заңдылығымен,

ұлы Абайдың өлеңге қоятын талап-шартымен ұштасып жатқанын аңғарамыз. Түр мен мазмұн бірлігін С.Әшімбаев қарапайым, дәл де ұғынықты түсінікпен осылайша таратады. Екі өлшемнің бірі кем түсіп жатса, нағыз өнер туындысына нұқсан келмек. Түр мен мазмұн бірлігі хақында сыншының осындай орнықты ойы академик М. Қаратаев пікірінде тереңдетіле түскен.

«Поэзия деген сөзде, бұған берілетін ұғымда қандай тамаша көрік, әсемдік, қанша сүйкімділік бар десеңізші! Таза әсемдіктің, көріктіліктің өзін поэзиямен теңеу де тегін емес. Тамаша сұлу табиғат көркін - раундап келе жатқан әсем таңды, күн батардағы шұғылалы шапақты, айнадай жарқыраған шалқар көл мен мөлдір өзенді немесе теңіздің ақ бас айдынын, асқан сұлу, көрікті, сүйкімді әйелді, немесе гүл-шешек атқан бау-бақшаны көргенде біз көбінесе «неткен поэзия еді мынау!» деп сүйсіне, қайран қала айқайлап жіберетінімізді өзіміз де аңғармай қаламыз ғой. Азат еңбектің құлдық еңбектен артықшылығын бадырайта көрсетіп, баса айту үшін біз әдетте «еңбек поэзиясы» деген сөз тіркесін қолданамыз. Ол тұрсын, кейде тіпті бүкіл бір халық туралы ақын халық екен деп теңеу айтамыз, сөйтіп бұл халықтың ақындық келбетін айтып қана қоймай, оның рухани әсемдігін, табиғатқа, өнерге деген сүйіспеншілігін атап көрсетеміз» [2, 75 б.], - дейді ғалым М. Қаратаев. Поэзияның анықтамасын әр ақын, әдебиеттанушы ғалым өзінше түйсініп, тарата айтып, жалғастыра беруі мүмкін. Шындығында, поэзия - кең ұғым. Оны тар өлшеммен танып, қасаң қағидаға салып, шектеуге көнбейді. Екі пікірде де ортақ үндестік бар. Бірі ой мен сезімнің образға айналған көркемдік жарасымы десе, екіншісі әсемділік, көріктілікке балайды.

С. Әшімбаев тек Абаймен шектелмейді. Өзі кейіннен мақала арқауына айналдыратын қазақ поэзиясының көрнекті тұлғалары М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ө.Нұрғалиев поэзиясынан Абай шығармашылығымен рухани байланысты іздейді. Қазақ өлеңінің даму биігін, тіл шеберлігінің классикалық үлгісін ұлы ақын туындыларымен сабақтастырады. Сыншының «Балладалар шерткен сыр», «Сырлы толқын», «Өмірін өлеңмен өрген», «Өлең сөздің -өнегесі», «Тағылымды дәстүр», «Олжас Сүлейменовтің «Жұмыр жұлдыз» атты аударма өлеңдер жинағының қолжазбасы туралы», «Ақын Сейфолла Оспановтың «Жанардағы жазулар» атты қолжазба өлеңдері туралы» т.б. атты мақалаларынан осы ұстаным байқалады. Қазіргі қазақ поэзиясына Абайдың «сөз патшалығын» түп қазық етіп алады. Поэзияның адам өміріндегі, оның рухани дүниесін қалыптастырудағы орнын айқындайды. Мақалада сыншы ақын өлеңінін, басты желісі, философиялық түйіні - адамгершілік мәселесін бірінші кезекке шығарады. Бұл - жай сөз емес, салмағы айқын, парасатты сөз, адамның ең асыл қасиетін таразылайтын қастерлі ұғым. Сыншының саралауынша жай ғана ұғым емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сәнін төрттағандап ұстап тұрған ең басты өмірлік принцип. Шындығында, жеке принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да құдіреттілігін танытатын ұлы күш болып табылады. Өйткені, адамгершілікке негізделген іске, танымға құдіреттілік дариды. Сыншы өз толғамын былай өрбітеді: «Осы ұлы күш - адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы. Ал оның белгілі бір адамның бойындағы аздығынан айналасындағы адамдарға ғана емес, қоғамға да тиетін кесірі көл-көсір. Олай дейтін себебіміз, бір кесірлі адамның көп адамға тиетін зиянының шексіз болатындығын еске алсақ, адамдық қасиеті тапшы бір адамнан көп адам зор зардап шегуі мүмкін. Мәселен, тарихта ойы олақ, сезімі шолақ оспадар бір адам соғыс бастап отырған да, ал қарапайым халық бостан-босқа қырылып, шығынға ұшырап келген ғой. Халық еш уақытта соғыс бастамаған, тек кесапатқа душар болып отырған. Ондайлар көктен түспеген, олар да анадан туылған, тек қанында адамға деген сүйіспеншіліктің орнына, керісінше, жамандыққа бағытталған қара ниеттілік сезім басым болып келеді екен» [3, 184-185 бб.]. Адамгершілік қасиет туралы осылай толғап, оның жамандық, жауыздық атаулыға қарсы күресінің өлең сөзде қандай мән-мағынаға, кеңістікке ие екенін Абай шығармалары негізінде дәлелдейді. Сыншының «Ақын жанын жабырқатқан жайлар» мақаласы соны көзқарастарымен, ұлы ақын тағылымын жаңаша пайымдауымен, ондағы өткір мәселелерді бүгінгі уақыттың өзекті жайларымен байланыстыруымен ерекшеленеді. С.Әшімбаевтың бұл еңбегін әдеби-бағдарламалық туындысы деуге болады. Мақалада поэзияның өнердегі, өмірдегі орны, көркемдік дамуы негізгі тақырып болғанмен, Абай шығармашылығындағы азаматтық мәселе кеңінен сөз болады. Оның поэзиясы азаматтық, адамгершілік қасиеттерімен бүгін де қастерлі екендігіне тоқталады.

Адам табиғатындағы Абай көрсеткен кеселді кемшіліктер, жағымсыз мінездер, жат қылықтар қазіргі таңда да кездеседі. Абайды қайталап оқып, көңілге тоқу, ой қорыту сол Абай айтқан жамандықтарға есе жібермеу деп біледі. С.Әшімбаев ұлы ақын поэзиясын жамандықтан сақтандыра отырып, жақсылықтың үстемдік алуына рухани көмектесе алатын ұлы поэзия деп санайды. Ақын поэзиясының бүгінгі күнге тікелей қатыстылығының өзі осы зор моральдік мәнділігінде екенін анықтайды. Сондықтан да осындай этикалық, эстетикалық ерекше қасиеті үшін оның поэзиясына сыйынбайтын, сыйламайтын

адам жоқ. Сыншы пайымдауындағы Абай шығармашылығындағы адамгершілік концепция негізі - өмірдегі жақсылық пен жамандықты айыра білуге адамдықтың алғы шарты ретінде айрықша мән берілуі - ақынның ұғымында жақсыны тану - жақсылықты қолдау, ал жақсылықты қолдай білмеу - жамандықтың отына май құюмен бірдей.

Абай өлеңдері - С.Әшімбаевтың талдап көрсетуінде қазіргі ұрпақты, келер буынды өзінің этикалық-эстетикалық пайым-таразысымен сақтандыратын тағылым мектебі. Сыншының «ауру жоқ жерде денсаулық туралы сөз де аз, керісінше, денсаулық сыр берген тұста ауру жайлы сөздер көбейеді, демек, әдеттегі денсаулықты сақтау туралы сөз екінші жағынан аурудан алдын-ала сақтану туралы сөзге келіп тіреледі» деген пікірі тегін айтылмаған. Азаматтық-адамгершіліктің нағыз жауы тоғышарлық көріністері: моральдық азғындық, алармандық, немқұрайлылық, имансыздық туралы ойланғанда Абай бейнеленген типтердің арамызда кездесетінін мойындаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әшімбаев С. Азаматтыққа адалдық. - Алматы: Раритет, 2007. - 336 б.

2. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. -Алматы: Жазушы, 1970. -349 б.

3. Нақыл сөздер// Ақыл-ой антологиясы: Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін/ құрас. Е. Шаймерденұлы. -Алматы: Өлке, 2004. - 396 б.

Сарбасова Қарлығаш Базарбековна
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
профессоры, филол.ғ.к., bazarbekovna54@mail.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАРСЫ МӘНДІ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйін. *Мақалада Абай шығармаларындағы қарсы мәнді сөздердің қолданысы, стильдік қызметі қарастырылады. Антонимдердің контрасты берудегі қызметі, Абай тарапынан жасалған контекстуалды түрі сипатталады.*

Кілт сөздер: *антоним, семантика, контекст, стиль, оппозиция.*

Резюме. *В статье рассматриваются использование и стилистическая функция антонимов в произведениях Абая. Применение и функции контрастных антонимов характеризуется как контекстуальный аспект, введенный Абаем в лингвистику.*

Ключевые слова: *антоним, семантика, контекст, стиль, оппозиция.*

Summary. *The article deals with the use and stylistic function of antonyms in the works of Abai. The application and function of contrasting antonyms is characterized as the contextual aspect introduced by Abay in linguistics.*

Key words: *Antonym, semantics, context, style, opposition.*

Абай поэзиясының тілі, сөз кестесі мен өлең өрнегі кіршіктей қоспасы жоқ саф таза халықтығымен, келісті қарапайымдылығымен, тартымды сонылығымен құнды [1,3]. «Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіренткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір бетінен, әрбір сөзінен соншама ыстық, соншама жақын леп естіледі, ол леп өткен заманның, кешегі тәркі дүниенің соққан тынысы болса да, бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің үнімізге қосылып, жаңғырып жаңа өріс алып тұрғандығын» кезінде М.Әуезов атап өтсе, уақыт Абай тағылымының келер ұрпақпен де үндесетінін айқындап отыр [2,5]. Уақыт өткен сайын Абайды жаңа қырынан танып, соның сырларын сезінеміз. Әдеби мұраларына бойлап, қажетімізді әркім әлінше алып келеміз... Ұлы ақынның жалынды жырларынан талай ұрпақ сусындар, нәр алар, шешілмеген талай түйінді шешіп, кейінгіге үлгі етер. Бүгін біз ілім – білім жөнінде, еңбек, теңдік жөнінде, достық пен махаббат жөнінде білгіміз келсе, Абайға жүгінеміз – Абай айтқан аталы сөзге жүгінеміз. Абай айналасындағы жағымсыз қылық пен іс - әрекетке қарсы сөз қаруын жұмсайды. Жақсылық атаулыны сөз арқылы дәріптеді. Абай аты, Абай даңқын бізге жеткізген де – оның сөзі. Сөзінің мазмұнын біліп, мән – мағынасын ұғынып, қолдану - амал– тәсілі мен ерекшілігін саралау – ұрпақтар міндеті. Абай шығармаларының терең мазмұнды болуы ақынның озық ойы мен үздік идеясына байланысты десек, ана тілін үлкен әдеби тілге жеткізу жолындағы зор еңбегін қолданудың жаңа нұсқаларын тудыруынан, оны жетілдіруінен байқаймыз. Абай тілінің өзінен бұрынғы ақындар шығырмаларының тілінен үздік шығып, шоқтығы биік – оқшау тұруының себебі ерекше дарындылығы мен өзгеше қабілеттілінде болса, екіншіден, «қиыннан қиыстырар» талғампаздығы мен ұлттық тіл табиғатын терең түсінуде деп білеміз. Әрбір бейнелі сөзді айтайын деген ойына лайықтап, қажетіне қарай үнеммен, дәл де өткір, әсем де әсерлі жұмсау – Абай шығармашылығына, Абай поэзиясына тән белгілер. Әсіресе, қызыл «жылтырақ» сөздерді алдын ала іріктеп, оны өлең жолына телитін эстеттік тәсілдің поэзияға жат құбылыс екендігін түсінген де, басқаға түсіндіре білген де, өз шығармашылығында дәлдеген де ақын – Абай.

Абай поэзиясы, өзі айтқандай, кең байтақ өмір базары... «Әркімнің өз іздеген нәрсесі бар – сомалап, ақшасына сонан алар, - дегендей, «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнін оқыту барысында біз де өз іздегенімізді Абай поэзиясынан тапқандаймыз. Атап айтқанда, «Антоним сөздің стильдік ерекшеліктері» тақырыбы бойынша өтілген практикалық сабақта Абай қолданысындағы антоним сөздер арқылы қарама – қарсы мәндегі сөздердің қыр – сырын аша түскендейміз. Бір ғана автор творчествосы негізінде қарастыруымыздың бірінші себебі – ақынның сөз қолданыс шеберлігін таныту, екіншіден, антонимдердің әртүрлі стильдік қызметте жұмсалатындығын көрсету керек еді. Сондықтан сабақтағы жұмыс түрлері, оның орындау тәртібі мен жүргізу жолдарына тоқталу мақсат емес, мақсат – Абай қандай қарама – қарсы мәндегі сөздерді қолданған, қандай стильдік мақсатта пайдаланғанын студенттерге саралату. Сонымен, Абай қолданысындағы антонимдер... Олар қандай ерекшелігімен көзге ұрады? Абай антоним сөздерді бірыңғай мүше ретінде іргелістіре қолдану арқылы ойын өтімді жеткізеді: ...

Мұны тастап ойланып, ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп,
Жақсылық пен жамандық – болды сегіз, –

деп келетін жұмбақ шешуіндегі антонимдер, сонымен қатар, «Өзімдікі дей алмай өз малынды,

Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың» жолдарындағы антонимдер мезгіл мағынасында, яғни тура мағынада жұмсалса, сөйлем орайына қарай басқа реңке ие болғандығына төмендегі өлең жолдары дәлел:

Күні – түні ойымда бір – ақ тәңірі

Өзіңе құмар қылған оның әмірі, - деген өлең жолдарында қарсы мәндес сөздердің үнемі, ылғи мағынасында жұмсалғандығы байқалады.

Сап – сап көңілім, сап көңілім!

Саяламай, сай таппай,

Не күн туды басыңа,

Күні – түні жәй таппай?

«Күні – түні» антонимдері – бір уақыт, қас қағым сәт ұғымын білдіріп тұр.

Немесе:

Келіп – кетіп көп жүріп

Мен досыңмын деп жүріп,

Дұшпандығын оздырар, -тура мағынада жұмсалса, ал

... Ойлау да жоқ, білу жоқ

Келер менен кетерді, -

жолдарында кіріс – шығыс, пайда – зиян абстракты ұғымдарды білдіру үшін қарсы мәндес сөздерді ауыс мағынада қолданған. Антонимдердің ойды ықшамдап, жинақтай берудегі қызметін «Қалың елім қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты», «Көжекбайға» т.б. өлеңдерінен байқаймыз.

Кеңшілікте дос та дос, қасың да дос,

Таршылықта қайырылған дос та өзгеше...

Таршылықта қайрандап,

Кеңшілікте ойрандап,

Көп батырға қалдыңыз.

...Алыс – жақын қазақтың бәрін көрдім,

Жалғыз- жарым болмаса анда – санда.

... Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі – қан, бірі май боп, енді екі ұртың.

Ойды әсірелеп, әсерелей беруде антонимдрді экспрессивті бояуда жұмсап, оймен сезімге бірдей дөп тиюді көздейтінге ұқсайды:

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,

Боламын көрсем мәз ...

(«Көзімнің қарасы»)

немесе:

Егер қисық көрінсе,

Мейлің таста, мейлің күл.

Егер түзу көрінсе,

Ойлап – ойлап құлаққа іл

(«Ғылым таппай, мақтанба»)

Соңғы шумақтағы қисық, түзу сөздері бұрыс, дұрыс түрінде келсе, әсері азайып, ой, мағына солғын тартары сөзсіз. Енді көңіл аударалық жайт мынадай: салыстыру, салғастыру арқылы қарама – қайшылықты көрсетуде Абай антонимдік қатар құрайтын екінші сыңарды мәндес – мағыналас сөздерден яғни синонимдерден табады. Бұл сөз қайталаудан құтқарады және қарсы мәнді сөздердің мағыналық реңкін аша түседі:

Ұялма дегені көңіл үшін,

Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін.

Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,

...Жігері жоқ маңызы жеңіл үшін.

...Туысқаның, достарың – бәрі екі үшті

Сол себепті досыңнан дұшпан күшті

немесе:

Бүгінгі дос – ертең жау

Мен не қылдым япырм – ау?! -

жолдарындағы бір «дос» сөзіне дос – қас, дос – жау, дос – дұшпан мәнді сөздерді қарама – қарсылықты ғана емес, әр жұптағы мағыналық реңктің ойға сай құбылғандығын аңғарамыз.

Ақын шығармаларын оқи отырып, антонимдік қолданыстың өзі бір төбе екендігіне көз жеткіздік. «Патша құдай, сиындымның» жолдарындағы алтын – жез, қамқа – бөз лексикалық антонимдер емес, бірақ қарама – қайшылықты – арзан мен қымбатты – шендестіріп тұр:

...Самородный сары алтын

Саудасыз берсең алмайды.

Саудыраған жезіне.

Саудырасыз сары қамқаны,

Садаға кеткір сұрайды

Самарқаның бөзіне...

Антонимдік қатынастар – көркем шығарма тілінде қарама-қарсылық мағыналық жүк көтеріп, үлкен стилистикалық қызмет атқарады. Кез-келген көркем туынды – қандай да бір тілдік құралдар арқылы жүзеге асып, оқырман сезіміне әсер ететіні белгілі жағдай. Осы тұста қарама-қайшылықты білдіру мақсатында сөз табиғатында қарсы мән болмаса да, оларды қарсы мәнде жұмсау ауыз екі тілде, көркем шығарма тілінде де кездесетінін жоққа шығармаймыз. Мұндай қарама-қайшылық, шендестіру үшін стильдік мақсатта жұмсалған антонимдерді контекстік немесе контекстуалды антонимдер деп атаймыз. «Антонимдерді тілдік және контекстуалды деп бөлудің басты себептері олардың негізінде жатқан қарама-қарсылық бірінші қатарға шығады. Үлкен – кішкентай, ауыр – жеңіл жұптары қисынды түрде ұғымдармен тез байланысып, әртүрлі контексте бірге болуының арқасында дәлме-дәл орнына келтіру дәрежесінің жоқтығын иемденеді. Ал сөйлесуде кездесетін антонимдерге келер болсақ, мұндай тілдік және ассоциативті қарама-қарсылық іске асады, ал қисындылық жағы келесі кезекте қалады. Осы сияқты оппозициялар белгілі бір контекске тән. Контекстуалды антонимиялық оппозиция дегеніміз – екі және одан да көп лексемаларды қарама-қарсы қою және ассоциативті, тілдік қарама-қарсылықтарды іске асыру. Контекстуалды антонимдер – тіл жүйесінде бір-біріне қарама-қарсы семантиканы білдірмейді, әр алуан тілдік және тілден тыс себептерге байланысты контексте бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Бұнда оппозициялар сөйлеу барысында бір рет ғана қолданылады, оларға қарама-қарсы

құрылымдардың және қарама-қарсылықтың формалды құралдарының міндетті түрде болуы қажет» [4, 26]. « Біреуі – көк балдырған, бірі қурай. Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз», «Досына дәл – жаз, жауға – аяз, Алысқанды демепті», т.б. мұндай контекстуалды антонимдік қолданыс арқылы Абайдың туған тіліміздің мүмкіндіктерін толық пайдалануға әрекет еткендігін, «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бейшарасы» деп, сөз саптау, қолданыс ерекшелігіне зор мән бергендігін байқаймыз. Сонымен қатар, ақында контекске сай өзгеріп отыратын оң – теріс, кәрі – жас, көп – аз, кең – тар, өл- тіріл, кел – кет, күштілер - әлсіздер, бар – жоқ, түзу – қисық, таршылық – кеңшілік, бүгін – ертең, жоғары – төмен, ақ – қара, ауру – сау, күн – түн т.б. антонимдер кездесіп отырады. «Сүтпен кіріп, сүйекке сіңген тілді әркім біліміне, өмір тәжірибесіне қарай әр алуан түрде ұштайды. Әркімнің сөз саптау, сөйлем құрастыру, сөзіне өзінше мән беру, ана тілі негізіне сүйене отырып, жаңа бір тыныс жасау, сөйлемдегі сөз тіркестерінің дағдыдағы қалпын өзгерту, кейде архаизм, кейде неологизм, кейде шет сөз ауыстыру, кейде инверсия, эллипсистер арқылы мүлде күтпеген жерден әдебиетте бұрын кездеспейтін бір жаңалықтарға жазушылардың қолы жетеді. Осындай жәйттердің негізінде әр жазушының өзіне тән ерекшелік стилі келіп туады» дегендей, Абай стилін құрайтын «тілдің» бір ғана қырының бір ғана жағын қарастырып, өз мақсатымызға пайдаландық [4,35]. Антонммдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын – сапасын, артық – кем қасиетін, мөлшер – көлемін салыстырып, бір – біріне қарама – қарсы қоюдан шығады. Абайдың антонимдерді жиі қолдануының басты себебі де осында ма деген ойға қаласың.

Қорыта айтқанда, Абай шығармаларындағы антонимдік құбылыстың көрінісі төмендегідей: 1) антонимдер қарама-қарсылыққа негізделгендіктен, контрасты айқын байқатады. 2) екі құбылысты салыстырып, қарсы қою арқылы біреуіне ерекше мән беріледі. 3) қарама-қайшылықты көрсетуде бір сөзге бірнеше қарсы мәндес сыңарлар қолданады. 4) антонимдерді бірыңғай мүше ретінде іргелестіре пайдаланады. 5) лексикалық антонимдермен қатар контекстуалды антонимдер де жиі кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы, 2008 ж.

2. Әуезов М. Абай // Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1976 ж.

3. Жұмабекова А. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: дис.... докт. филол. наук. Алматы, 1995 ж.

4. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966 ж.

Сарышова К.С.
ф.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың қауымдастыр. профессоры

Қамзаева К.С.
ф.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті,
K_Sarysheva@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭКСПРЕССИВТІЛІГІ МЕН ЭМОЦИОНАЛДЫҒЫ

Түйін. *Мақалада тіл білімінде экспрессивтілік пен эмоционалдық бір-біріне ұқсас тілдік категориялар болғанымен, фразеологизмдер семантикасында олардың екі түрлі құбылыс екені мысалдармен дәлелденеді.*

Резюме. *В языкознаний экспрессивность и эмоциональность относятся к одной языковой категорий, но в семантике фразеологизмов есть примеры, которые доказывают что они два разных явления.*

Summary. *Expressiveness and emotionality belong to the same language category in linguistics but in the semantics of praseologisms examples are given that prove they are two different phenomena.*

Тіл білімінде, әсіресе, фразеологизмдердің экспрессивтілігі мен эмоционалдығы жөнінде ғылыми тұжырым айтылмағанмен, бұларға жалпы единица тұрғысынан толық ғылыми анықтама берілгені мәлім. “Тіл-тілдегі лексика арқылы адамзат өмірінің мән-мағынасы, ішкі болмысы, сыртқы жай-күйі толық қамтылса, фразеологизмдер арқылы тек кейбір сезімдік жақтары мен эмоциялық қырлары немесе “айнадағы көрінісі” ғана сипатталады, яғни екінші “келбеті”, екінші номинациясы шығады. Фразеологизмдер – эмоционалды-экспрессивтік тіркестермен адамның бүкіл психологиялық сәттерін, көңіл-күйін, сезім жағдайын ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал”, – дейді профессор Г.Н. Смағұлова [1, 67 б.].

Көптеген авторлар ғылыми терминологияда сөздің эмоционалдық және экспрессивтік мағыналарын шектемейді, тіпті “экспрессивті-эмоционалды” деп те атау кездеседі. Ал біздің ойымызша, эмоционалды сөздер мен экспрессивті сөздердің арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды.

Е.И. Галкина-Федорук өзінің еңбектерінде экспрессивтілік пен эмоционалдыққа былай деп анықтама береді. “Тілдегі эмоционалды элементтер адам сезімін білдіру үшін қызмет етеді… Ал тілдегі экспрессивтік амалдар эмоционалды ерікті білдіруде де, ойды білдіруде де мәнерлілік пен суреттілікті күшейтуге қызмет етеді” – десе [2, 108 б.], Ш. Балли “Экспрессия алдымен сөздің өзіне тән, өйткені сөз бен мағына бір-бірінен ажырамайды”, – деп жазған болатын [3, 23 б.]. Әдетте, эмоционалдық пен экспрессивтілік бір уақытта бірдей жүреді. Алайда экспрессия эмоционалдық пен бағалауыштыққа қарағанда кең көлемді, ол түрлі амал-тәсілдермен, көбіне, сөздің ауыспалы мағынасынан қалыптасады. Метафоралық образдылық туғызады, сөйтіп сөйлем мәнерлілігіне жетеді. Тілдік экспрессияның жасалуына эмоционалдық сезім күйлерінің әсері қашанда жоғары. “Тілдегі экспрессивтілік пен эмоционалдық элементтерді айыра білу қажеттілігі, олардың ара байланысы мен ара әсеріне қарамастан, функциялық міндеттерінің әр түрлілігінен туады… Тілдегі эмоционалдықты экспрессивтілікпен бір деп қарамау керек. Бұлар – әр түрлі құбылыстар” [4, 98 б.]. Шын мәнінде де солай, экспрессивтілік пен эмоционалдық бір-біріне ұқсас тілдік категориялар болғанымен қызметтері әр түрлі. Эмоционалды сөздер – сезім, көңіл-күй, әсерге байланысты сөздер де, экспрессивті сөздер – бейнелі, әрлі, көркемдеуіш сөздер. Сонымен бірге экспрессивті сөздер мағынасы жағынан әрі эмоционалды да, дегенмен экспрессия сөзге үнемі эмоционалдық мәнді үстей бермейді.

Экспрессивті лексикалық бірліктердің типтері мен семантикасын жан-жақты зерттеген Н.А. Лукьянова экспрессивтердің классификациясын бере отырып, экспрессивтілік, эмоционалдылық және бағалауыштық коннотативті семаларының өзара қарым-қатынасын төмендегіше ұсынады:

1) ДК + $Кк_{эк}$ = экспрессивті лексикалық мағына.

2) ДК + $КК_{эк}$ + $КК_{эм}$ = экспрессивті-эмоционалды лексикалық мағына.

3) ДК + $КК_{эк}$ + $КК_{эм}$ + $КК_{баг.}$ =экспрессивті эмоционалды бағалауышты лексикалық мағына.

4) ДК + $Кк_{эм}$ = эмоционалды лексикалық мағына.

5) ДК + $КК_{эм}$ + $КК_{баг.}$ = эмоционалды бағалауышты лексикалық мағына.

6) ДК + $КК_{баг.}$ = бағалауышты лексикалық мағына.

7) ДК + $КК_{эк}$ + $КК_{баг.}$ = экспрессивті бағалауышты лексикалық мағына.

Мұндағы: ДК – сөз семантикасының денотативті компоненті; $КК_{эк}$ – экспрессивтіліктің коннотативті компоненті; $КК_{эм}$ – эмоционалдықтың коннотативті компоненті; $КК_{баг.}$ – бағалауыштықтың коннотативті компоненті [5, 12- 41 бб.].

Аталмыш категориялар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, біз де осы классификацияға сүйене отырып, ЭБФ-тің типтік комбинацияларын төмендегідей топтастырдық:

1) “экспрессивтілік” семасының “бағалауыштық” және “эмоционалдық” семаларына тәуелді болмай, өз алдына келуі.

2) “эмоционалдық” семасы “экспрессивтілік”

семасына жартылай тәуелді болып, эмоционалды-экспрессивті формада келуі.

3) "бағалауыштық" семасының "эмоционалдық" коннотациясымен байланысты болып келіп, "эмоционалды баға" деген ортақ семада қолданылуы.

4) "экспрессивтілік", "эмоционалдық" және "бағалауыштық" семаларының қабат келуі.

Қысқаша:

1) экспрессивті мағынадағы ФТ

2) эмоционалды-экспрессивті мағынадағы ФТ

3) эмоционалды бағалауыштық мағынадағы ФТ

4) экспрессивті-эмоционалды бағалауыштық мағынадағы ФТ.

Біз осы топтамаларға мысал жинау барысында "экспрессивтілік" семасының "бағалауыштық" семасымен байланысты болып келген комбинациясын кездестірмедік, ол заңды да. Себебі, көп жағдайда, экспрессивтілік не коннотативті семантиканың жалғыз өкілі ретінде (бейнелілікті былай қойғанда), не эмоционалды бағамен аралас келіп отырады. Ал эмоционалдық көбіне "бағалауыштық" және "экспрессивтілік" семаларымен бір комбинация құрайды. Фразеологизмдердегі бағалауыштық экспрессивтер жүйесінде семантикалық белгі ретінде "эмоционалдық" семасымен тығыз байланысты болады да, тек "эмоционалды баға" түрінде жүреді, одан бөлек өз алдына кездесе қоймайды. "Сөйлеу барысында субъективті баға айтушының эмоциясы арқылы, сол эмоцияны бойына сіңіре отырып, беріледі. Тіпті эмоция мен бағалау өлшемдерінің "жағымды" ↔ "жақсы" / "жағымсыз" ↔ "жаман" болып кездесуінің өзі кездейсоқ емес" – дейді Н.А. Лукьянова [5]. Сол себепті де бағалауыштық эмоционалдықпен байланыссыз "экспрессивтілік" коннотациялық компонентімен фразеологизмдер семантикасында ұшыраспайды. Енді жоғарыда аталған комбинациялардың әрқайсысына мысал келтіру арқылы ойымызды дәлелдейік: 1. "Діні не еткен қатты еді мына пәлекеттің! Бет-жүзінде бір өзгеріс болсайшы! Тіпті қылмыскер бұл емес, мен сияқтымын ғой, түге!" – деп ойлаған Мыңсары бар қаны басына теуіп, өрт сөндіргендей түтігіп кетті (С. Досанов). 2. Шіркін-ай, шағын да болса өзіңе тән бір қуысың болсашы, – деп көкірегі қарс айрыла күрсініп жіберді (Б. Мұқай). 3. Мектеп адамға аузы-мұрнынан лық толы екен, есік терезелерден бала-шаға ақтарылып төгіледі. 4. Қыз орнынан тұрып жүре түсті де, қараңғы түнге сіңіп кетті (Ә. Тарази).

Алғашқы екі сөйлемнің өнбойынан түгелімен эмоционалды-экспрессивті мағына байқалады, ал бар қаны басына теуіп, көкірегі қарс айрыла деген ФТ эмоционалдылықты шегелей түскендей. Үшінші, төртінші сөйлемдерде мұндай эмоционалдылық та, адам эмоциясын білдіріп тұрған ФТ да жоқ, тек "мектеп аузы-мұрнынан лық толы", "терезелерден бала-шаға ақтарылып төгіледі", "қараңғы түнге сіңіп кетті" деген метафоралық қолданыстар ғана бар. Олай болса, фразеологизм мағынасы үнемі эмоционалды-экспрессивті түрде аралас келе бермейді, экспрессивтіліктің өз алдына келетін тұстары да болады. Бұдан шығатын қорытынды: тіліміздегі экспрессия құбылысының бар уақытта эмоционалды болуы шарт емес. Әрі қарай ФТ-ның эмоционалды бағалауыштық мағынада, экспрессивті-эмоционалды бағалауыштық мағынадағы қолданысына мысал келтірейік: 1. Бұл жолы оңай құтылмасын демдеріне нан піскен мына екі баланың түрін көргеннен-ақ түсінді (Б. Нұржекеұлы). 2. Төрдегі қонақтардың ортасында бес биенің сабасындай болып отырған Күләйхан әңгіменің қызығына әбден берілген сияқты. 3. Әй, бірақ танауымен көк тіреп, үзеңгі бауы алты қабат мықтыдай шіреніп жүрген Мақсұт секілділер дүниенің бір-ақ сәтте өзгеріп кетерін түсінбейді-ау (Б. Мұқай). Алғашқы екі сөйлемдегі демдеріне нан піскен, бес биенің сабасындай ФТ эмоционалды бағалауыштық мағынаны беріп тұрса, танауымен көк тіреп, үзеңгі бауы алты қабат мықтыдай фразеологизмдері экспрессивті-эмоционалды бағалауыштық мағынада қолданылып тұр.

Сонымен қатар эмоционалды, экспрессивті, бағалауыштық мағына бір ФТ бойынан табылып қана қоймай, сөйлем ішінде мұндай сөз тіркестері өз алдына жеке-жеке мағынада келіп, бір комбинация құрайтын тұстары да кездеседі. Мысалы: 1. Бұл кезде ақ арғымақ мінген аққу қыз мына топтан әбден күдер үзіп, салы суға кете ат басын кейін бұра берген еді (С. Досанов). 2. Өзегін жарып шыққан өлеңі сыйлаған, көкірекке сыймаған қуаныш толқыны жанын тербейді (С. Досанов). Нұрбаланың жанарына мәңгі кетпестей болып орнаған терең мұңға, оның сұлу жүзіне мезгілсіз түскен балапан әжімдерге, ерте ағарған шашқа қадала қараған Сақыпжамалдың жүрегі сыздап сала берді (С. Досанов). 3. Көңілдің көк жиегіндегі арманына қолы жеткендей маужырап жатқан шақта көзіне көк шыбын үймелетіп, таң атар атпастан қой соңына салып қоятын байды алдына алып келгенде Сәлімнің бар қаны басына шапшып, зығырданы қайнап-ақ кетті (Б. Тілегенов).

Бірінші, екінші сөйлемдердегі ақ арғымақ мінген аққу қыз, өзегін жарып шыққан өлең, көкірекке сыймаған қуаныш сияқты экспрессивті мағынада қолданылып тұрған сөз тіркестері салы суға кету, жанын тербеу, жүрегі сыздап сала беру сияқты эмоционалды фразеологиялық тұлғалармен аралас келіп, экспрессивті-эмоционалды мағынаны беріп тұр. Ал үшінші сөйлемде экспрессивтік мағынадағы көңілдің көк жиегіндегі арман, бағалауыштық мағынадағы көзіне көк шыбын үймелетіп, эмоционалдық мағынадағы қаны басына шапшып, зығырданы қайнап-ақ кетті тұлғалары бір сөйлем ішінде бірінен кейін бірі келіп, экспрессивті – бағалауышты – эмоционалды мағынада бір

комбинация құрап тұр. Біз осындай экспрессивті, эмоционалды, бағалауыштық мағынадағы фразеологиялық тұлғалардың өзара қатынасын кестеге былай түсірдік:

Фразеологизм мағыналарының өзара қатынас кестесі

Экспрес-сивтілік	Эмоционалдылық	Бағалауыштық	топ №	Топ атаулары
+	+	+	1	Экспрессивті-эмоционалды бағалауышты ФТ
	+	-	2	Экспрессивті –эмоционалды ФТ
	-	-	3	Экспрессивті ФТ
+	+	+	4	Эмоционалды –бағалауышты ФТ
	–	+	5	Бағалаушы сөздер (рационалды баға)
	– (+)	_	6	Номинативті ФТ

Бұл типология бойынша біз алты топты ұсынып отырмыз. Алтыншы топтағы номинативті ФТ тұсына қойылған "-" белгісі ФТ-ның номинативті мағынада не экспрессивтік, не бағалауыштық категорияға жатпайтынын, ал эмоционалдық тұсына қойылған "-", "+" қос белгі, кей кездері, номинативті ФТ-ның эмоционалды да болып келетінін көрсетеді. Мысал келтірейік: асқар тау, шалқар көл; жеті дуан ел; жеті ата; жат жер; жеті қараңғы түн; ит жеккен жер; шаңқай түс; теке тірес; сүмбіл шаш; өлі ара; қоңыр күз; қара шаңырақ; кіндік кесіп, кір жуған жер; дүниенің төрт бұрышы; төбе би; бармақ нан...сияқты ФТ эмоциясыз, тек номинативті мағынада тұрса, ғаріп көңіл, жабыңқы (жабырқау) көңіл, жаны жара, жылы қабақ (рай), жылы көңіл, жылау күндер, бұлау күндер, зар күй, ит жүрек, көңіл кірі, қаяу көңіл, көңілі сынық, қабағы қалың (ызалы), қам көңіл, қара бет (жүз), коңыр салқын қабақ, сары уайым, соқпа дерт (кездейсоқ қайғы мағынасында), суық (салқын) ажар (жүз, қабақ, түс), сынық (жүзді) жан (қайғылы адам мағынасында), шадыман жұрт, шер көкірек... сияқты ФТ эмоционалды номинативті мағынада қолданылған.

Бесінші топтағы сөздерді "бағалаушы ФТ" деп емес "бағалаушы сөздер" деп атауды жөн көрдік, өйткені жай сөздер ғана көзқарастың рационалды (эмоциясыз, нақты берілген баға) бағасын бере алады. Ал ФТ рационалды бағамен қоса сөйлеушінің айтып тұрған оқиғасына деген сезімін қоса білдіреді.

Демек, бұл мысалдардан тілдегі экспрессивтілік пен эмоционалдықтың екі түрлі құбылыс екенін байқаймыз. Енді эмоция туралы айтылған: "Эмоция – сезімді білдірудің бір формасы" (А.Г. Ковалев); "Эмоция – адамдардың инстинкті және рефлексті қызметімен байланысты психикалық күй" (И.П. Павлов); "Эмоция – толғандыратын фактілерді қабылдаудың нәтижесінде болатын адам ағзасындағы өзгерістер" (У. Джемс); "Эмоция – денедегі нервтік процестердің қызметінің ауыр, жеңілдігін бейнелейтін субъективтік қалып" (А. Темірбеков, С. Балаубаев) сияқты психологтардың пайымдауларын еске түсіре отырып, бойымызда осындай сезімдерді тудыра алатын эмоционалды сөздер мен фразеологизмдердің әсерін сөзсіз мойындаймыз. Себебі ол сөздер мен сөз тіркестері әсерсіз болса, эмоция туғыза алмаған болар еді. Ендеше, бұдан эмоционалды сөздерде әрі экспрессивті сипат бар деген қорытынды шығады. Осы арада Е.И. Галкина-Федоруктың: "Тілдегі эмоция көрінісі әрқашан экспрессивті, ал тілдегі экспрессия эмоционалды бола бермейді" [2] деген пікіріне толық қосылуға болады. Демек, фразеологизмдердің прагматикалық аспектілеріндегі экспрессия тілдік механизммен байланысты, ал тілдік экспрессияның жасалуына эмоционалдық сезім күйлерінің әсері қашанда жоғары екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 194 б.

2. Галкина-Федорук Е.М. Об экспрессивности и эмоциональности в языке // Сборник статей по языкознанию. – М.: Изд-во МГУ, 1958. – С.103-124.

3. Балли Ш. Французская стилистика. – М.: Иностр. лит., 1961. – 394 с.

4. Галкина-Федорук Е.И., Горшкова К.В., Шанский Н.М. Современный русский язык. – М.: Учпедгиз, 1958. – 411 с.

5. Лукьянова Н.А. О семантике и типах экспрессивных лексических единиц // В кн.: Экспрессивность лексики и фразеологии. – Новосибирск, 1983. – С. 12- 41.

ӘОЖ 82.0:001.12/.18; 82.02; 808.1; 82.08

Сәулембек Гүлмира Рзаханқызы
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, gulmira.saulembek@gmail.com,

ДІНИ МӘТІНДЕР МЕН ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ЕҢБЕКТЕРГЕ ЖАСАЛҒАН ИНТЕРТЕКСТ

Түйін. *Мақалада Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» (2003) постмодернизм ағымында жазылған романындағы діни мәтіндер мен оларды зерттеуге арналған еңбектерге жасалған интертекст қарастырылады. Интертекстуалдылық поэтикасына сәйкес, романдағы сілтемелер көздері, сілтемелердің мәтінде қандай әдістермен жүзеге асқаны, мәтіндегі мағынатүзуші ролін анықталып, сондай-ақ олардың мәтіндегі қызметі мен интерпретациялануына талдау жасалады.*

Резюме. *В статье рассматриваются интертекстуальные связи романа "Цветы и книги» (2003) Д.Амантая написанное в постмодернистком течении с религиозными текстами и трудами посвященных изучению религиозных текстов. Согласно поэтике интертекстуальности были определены ссылки на источники и какими методами они были внесены в текст, а также была проанализирована функции интертекстуальности в тексте.*

Summary. *The article examines intertextual connections D.Amantay novel "Flowers and books" (2003) written in postmodern with religious texts and to works devoted to the study of religious texts. According to the poetics of intertextuality were determined by reference to the sources and methods by which they have been made to the text, as well as It analyzed their function of intertextuality in the text.*

Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы оның кейіпкері жазушы-Әлішердің ұсынуындағы «әлемдегі барлық кітаптың жиынтығы тәрізді жаңа туынды» оқырманның интеллектісіне орай шытырман мәтіндер дүниесіне тартып әкете беретін шексіз лабиринт. Постмодернистік мәтін табиғатына сәйкес роман тұтастай интертекстерден тұрады. Бұл мәселені толықтай ашу көлемді еңбекті талап ететіндіктен, бір-бірінен тәуелсіз «Мұса, аләйһис сәләм, Ғайса, аләйһис сәләм, Мұхаммед, салла(А)ллаһу аләйһи уә сәлләм» «Заратуштра» «Сағыныш» тараулары мен діни мәтіндер арасындағы интертекстуалдық байланыстарды қарастырып отырмыз.

Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романындағы интертекстуалдық байланыстарды төмендегі әдістермен талдау жасаймыз:

1) мәтін ішіндегі мәтінді (интертекстуалдық сілтемелер көздерін) анықтадық;

2) интертекстуалдық сілтемелер көздерін жүйеледік;

3) сілтемелердің мәтінде қандай әдістермен жүзеге асқанын анықтадық;

4) интертекстуалдық мәтіндердің қызметіне және олардың интерпретациялануына талдау жасадық.

А) Романның «Мұса, аләйһис сәләм, Ғайса, аләйһис сәләм, Мұхаммед, салла(А)ллаһу аләйһи уә сәлләм» атты тарауына назар салсаңыз тырнақшаға кейде алынып, кейде алынбай берілген қасиетті Құран аяттары, пайғамбар хадистері, Інжіл, Таураттан алынған цитаталар кездесіп отырады.

Мұндағы интертекстің мағына түзушілік қызметі алынған цитаталардың тәңір дініне табынып келген ежелгі түркілердің уақыт өте келе буддизм, манихеизм, христиан, ислам діндерінің ықпалында болғаны туралы деректерді әдеби шығармада беруіне бағытталған. Сонымен қатар бұл тарауда түркілердің діни наным-сенімдері туралы зерттеулерге (Л.Гумилев «Древние тюрки» [1; 422, 467, 472], Ю.А. Зуевтің «Рание тюрки: очерки истории и идеологии») [2; 179-262] аллюзия жасалады. Бұл еңбектерден нақты цитаталар алмаса да, ондағы мәліметтерді шығармашылықпен пайдаланған.

«Бейнет пен азапты да көтере алатын, Өзім жаратқан пендемнің ғана мойнына ғана артамын», – депті Аллаһ Тағала [3; 17]. Мұндағы түркі даласын кезіп ислам дінін таратқан дәруіш өзі келтірген аяттарды Алла тағала айтты деп үшінші жақтан баяндайды. Авторының Аллаһ Тағала екендігі айтылған мәтін, тырнақшаға алынып берілген. Аллаһ Тағаланың кітабы болып табылатын Қасиетті Құран мәтінінде мағыналық жағынан дәл осыған ұқсас мәтін үзінділері Бақара сүресінің 233-аятында [4; 37], 286-аятында [4; 49], Әнғам сүресінің 152-аятында [4; 149], Ағраф сүресінің 42-аятында [4; 155], Муминун сүресінің 62-аятында [4; 346] кездеседі. Алайда романдағы цитата аяттардағы үзінділерге сәйкес келгенмен, контексі ешбір аяттың контексіне сәйкес келмегендіктен, цитата Құрандағы ешқандай оқиғаға телінбей айтылып, реминисценциялық сипатта алынған деген тұжырымға келдік. Яғни жоғарыда Құран аяттарында түрлі оқиғаларға байланысты адам баласына жүктелетін міндеттер туралы айтылған мәтіндерді қорытындылай келе, романда пайғамбарлардың мойнына жүктелетін міндет туралы айтылған диалогқа аталмыш цитата сәтті ендірілген.

Жоғарыдағы әдіспен Інжілден, Таураттан алынған цитаталар да дін таратушы кейіпкерлердің сөзімен өзгеріссіз беріліп отырады. Алайда цитаталар тырнақшаға алынып, Мысалы, романда келтірілген төмендегі мына цитата:

«1-4, 1-5 (Аян) Шындықтың хабарын адал жеткізген Иса Мәсіх – өлімнен соң қайта тірілгендердің Алғашқысы әрі жер бетіндегі құрылған

бүткіл патшалықтардың Әміршісі - сендерге рақымын жаудырып, ұдайы тыныштық сыйлай көрсін! Мәсіх бізді шексіз сүйіп, өзін айқышта құрбан етіп, пәк қанын төкті, сөйтіп, – (пендешілік тірлікте жасаған қылмыстарымызды Өз мойнына алып) – бойымызды күнәдан тазартты» [3; 18] деген цитата – Інжілдің «Аян» [5; 1158], тарауынан алынған болса, «1-1 (Таурат, Жаратылыстың басталуы) Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты. 1-1 (Таурат, Жаратылыстың басталуы)Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты, суға толы тұңғиықтың үстін қара түнек жауып тұрды. Ал Құдай рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді» [3; 21] делінген цитата Таураттағы «Жаратылыстың басталуы» [5; 9] тарауынан алынған.

Сонымен қатар осы діндерге қатысты жекелеген ұғымдар мен атаулар діни кітаптарда қалай аталса сол күйінде берілген. Мысалы,

– Қайда барасыз?

– Кидуш га-Шем.

– Кеудеңіздегі ненің белгісі?

– Магендовид [3;21].

Бұлардан басқа кедошим, Кидуш га-Шем, Магендовид, Минхаг, Тора, Мидраш Раба, Мишна, Могель, Олам-га-Ба, Парев, сойфер, трефа, Тшува, Шива, Шлошим, Шма, Эмуна, Эрец-Исраэл, Сэфер Тора сияқты діни терминдер кейіпкерлерінің диалогтарында кездеседі. Интертекстің нақты алынған цитаталардан басқа, мәтінде автор есімін, шығарманы немесе танымал ұғымдарды, танымал есімдерді пайдалана отырып келесі бір мәтіндерге сілтеме жасайтын түрлері бар екендігі белгілі. Зерттеуші Ю.Н. Караулов: «Назовем мы – тексты, (1) значимые для той или иной личности в познавательном и эмоциональном отношениях, (2) имеющие сверхличностный характер, т. е. хорошо известные и окружению данной личности, включая и предшественников и современников, и, наконец, такие, (3) обращение к которым возобновляется неоднократно в дискурсе данной языковой личности» [6; 216], - деп танымал мәтіннің негізгі бірнеше қасиеттерін атап өтеді. Белгілі мәтіндерге көркем әдебиеттен алынған дәйексөздерден басқа аңыз, әпсаналар, ертегілер, ауыз әдебиеті шығармалары, т.б. жатады. Мұнда автор мәтінде діни терминдерді пайдалана отырып діни энциклопедияларға сілтеме жасайды. Мұндағы әдіс Тед Нельсон [7] ұсынған гипертекст әдісіне жақын. Ежелгі діни кітаптардағы мәтінді түсіну үшін ондаған тәпсірлер кітабына жүгінетініміз секілді, мұндағы мәтіндер де энциклопедиялар жасалған шолулар арқылы ғана толыға түспек. Ондағы мақсат, біріншіден бұл әдіс автордың оқырманмен ойын принципін ұстану үшін жасалған, яғни шығарманы толықтай түсіну үшін оқырманды өзі жүріп өткен жолдармен жүруге шақырады. Мәселен, автордың өзі де мұны әдіс ретінде қолдану үшін өзінде жинақталған білім қорын, діни кітаптарды және арнайы энциклопедияларды пайдаланғаны анық. Екіншіден, бұл әдіс ойдың нығыздығына қызмет етіп тұр. Мәтінге діни терминдерді енгізгенде әрқайсысының анықтамасын дәстүрлі әдебиеттегідей түсіндіріп жатпай-ақ шешуін оқырманның өзіне қалдырып отырады.

Б) «Заратуштра» тарауында ежелгі зороастризм дінінің негізін қалаушы Заратуштраның дүниеге келуі туралы аңыздарға сілтеме жасалады. Мұнда да интертекстуалдылықтың танымал ұғымдарға, атауларға, есімдерге сүйене отырып жасалатын түрі орын алған.

Автор мұнда тарау тақырыбы ретінде белгілі есім Заратуштраны пайдаланған. Алайда мәтін ішінде бұл сөз бірде бір рет кездеспейді. Яғни мұндағы тараудың «Заратуштра» аталып, осыдан бастап мәтіннің туындауына дейінгі автор қолданған әдістің реминисценциялық сипаты басым. Өйткені, Заратуштраның дүниеге келуі туралы аңыздар роман тарауындағы сюжеттен өзгеше. Анахита есімді әйел қинала толғатып жатыр, оның жанында Ардвисур кемпір мен Абан қыз бар. Біршама уақыттан соң Йима келеді. Терезеден алғаш енген күн сәулесімен бірге жарық дүниеге нәресте де ұмтылып шығып келе жатады. Бұл тараудағы кейіпкерлер Заратуштра, Анахита, Ардвисур, Йима, Абан есімдері бізді ежелегі иран-парсылық киелі кітап «Авеста» жырына жетелейді. «Авеста» мәтініне қаныға отырып, ондағы Заратуштраның дүниеге келуі туралы аңыз жазушының қиялы арқылы жаңа мазмұнға ие болғанына көз жеткізесіз.

Жалпы тарау тақырыбының «Заратуштра» аталуы мен кейіпкерлерінің Анахита, Ардвисур, Йима, Абан деп өзге тілде аталуы зерделі, аңғарымпаз оқырманды ойға қалдырары анық. Бұл жазушының өзіндік стратегиясы, яғни осы арқылы өзге шығармаға сілтеме беріп тұр. Автор бір қарағанда біртұтас мәтін секілді көрінгенімен, белгілі есімдерді қолдану арқылы мәтіннен тыс мәтіндерге жол сілтеп, мәтіндер лабиринтіне шақырып тұр. В.Рудневтің «Словарь культуры XX века» атты сөздігінде: «Гипертекст - текст, устроенный таким образом, что он превращается в систему, иерархию текстов, одновременно составляя единство и множество текстов»[8], -дейді. . Яғни оқырманның мәтінді біртұтас әңгіме ретінде оқып шығуына да, әрбір есімге қатысты сілтемелер тізбегін қуалай оқуына да немесе мәтінді сілтемесімен қосып толықтай оқып көруіне болады.

Енді жоғарыда атап өткен тұжырымымызды дәлелдей түсу үшін, «Заратуштра» тарауындағы мәтіндер лабиринтіне саяхат жасап көрейік.

Заратуштраның дүниеге келуі туралы аңыздар бойынша оның нұрдан жаратылып, дүниеге келгені туралы айтылады [9; 152]. «Авеста» бойынша дүние есігін ашарда жан-жағын нұрландырып, жарық дүниеге күліп келген сәбиге диюлар қастандық жасарда оны қорғап қалған жебеуші Аредви-

сур болатын. Анахита «Авестаның» 5-мадағында (яшт) [9; 173] сипатталатын су және құнарлылық құдайы, кейбір аңыздарда босануды жеңілдетуші қасиеті қоса аталады.

Пәк мағынасын беретін Анахитаны атағанда Аредви Сура есімі қоса айтылатын болған. Сондай-ақ ол туралы ежелгі аңыздарда оны ұлы рух арқылы дүниеге ұрпақ әкелген құдайлар анасы, әрі пәк қыз деп біледі.

Кейіпкер Абан қыз да Анахита Аредвисураның екінші атауы ретінде беріліп отырады. Авестадағы Аредвисураға мадақ жырының екінші атауы «Абан-яшт» [9; 173], яғни «Суларға мадақ» деп аталады.

Йима есімі де ежелгі зороастрийлік қасиетті кітап «Авестаның» басқы тарауларында кең байтақ арий даласын билеген парасатты патша ретінде кездеседі [9; 75-85].

Мұнда аңыз кейіпкерлерінің есіміне және сипатына сілтеме берілгенімен жазылған әңгіме жазушының өз қиялының жемісі. Олай деуімізге себеп, аңыздарға сүйенсек, Аредви Сура Анахитамен қатар айтылатын, оның ерекше сипатын білдіретін атау, бөлек кейіпкер емес. Алайда интертекстің оқырманын ойға салатын ерекшелігіне орай, әңгімеде аталған кейіпкерлер арқылы аңызды іздей бастайсыз. Аңыз мәтінімен әңгімені салыстырып, әуре болып отырып, мәтінмен қалай диалогқа түскеніңізді байқамай да қаласыз.

Бұдан кейін ізденімпаз оқырман небәрі бір жарым беттік шығармадан үлкен мазмұн туындап жатқанын ұғынады. Қиналып босанған Анахита деген кейіпкер рухтан жүкті болып, пәк күйінше зороастрийлік Құдайды дүниеге әкелген зороастрий діниндегі Құдай-ана екені әңгіменің астарында әлем жаратылысындағы бір діннің туындауы туралы сырлар жатқанын аңғартады. Аңызда Анахитаның сипаты ретінде бірге жүретін Аредви Сура әңгімеде жеке кейіпкерге айналып, оның босануды жеңілдетуші қасиетін көрсетуге қызмет атқарып тұр. Мысалы, Авестаның Аредви Сураға мадақ бөлімінде осыны мегзейтін мынадай жолдар бар:

Благая, освящает
Она мужское семя
И матерей утробу,
Чтоб легки были роды,
Обильно молоко [9; 174].

Әңгімеде кездесетін Йима Авестаның басқы тарауларында егжей-тегжейлі сипатталатын солтүстіктегі Ариана Вэйжа елінің ақылман билеушісі. Авестаның Хом-яшт тарауында (К.А. Коссовичтің аудармасы): «...Йима многославный, безукоризненный вождь племён, знаменитейший изо всех рождённых людей, какие ни зрели когда-либо Солнце, ибо он сделал, что в царствование его не было смертности ни людям, ни скоту, не было засухи ни воде, ни деревьям, и что нигде не переводилась пища» [9; 151], - деп сипатталады.

Йима билігі мың жылға созылыпты, жері ірілі-ұсақты малға толып, адамдары мамыражай тіршілік кешіпті. Бір кезде (Анахитаның әкесі) Ахура Мазда атты арийлер құдайы Йимаға артынан түрлі жұтқа ұшырататын ұзақ қыстың келіп, артынан топан су қаптайтынын ескертіп, халқын суықтан, жұттан қорғайтын үлкен қала тұрғызуға бұйырады.

Қамал тұрғызу туралы аңыз тек «Авестада» ғана емес «Видевдатада» (II 20-43) көрініс тапқан. «Ахура-Мазда и Йима устроили собрание «на славном Арианам-Вайджа у Вахви-Датии», причём Ахура-Мазду сопровождали небесные божества, а Йиму – лучшие смертные. Ахура-Мазда сообщает Йиме, что миру грозит гибель, ибо сперва наступит страшная зима и холод, который погубит две трети скота, а затем таяние снегов повлечет наводнение. Бог советует построить вару, где будут спрятаны запасы: «семя мелкого и крупного скота, людей, собак, птиц и красных горящих огней», а также растений (всё это «по паре»), провести туда воду, построить дома и помещения для животных» [9; 215]. Аңыз бойынша мұздықтар еріп, жерді топан су қаптайды делінеді, бұл жерде оқырман Нұh пайғамбар туралы мифті еске түсіреді.

Жазушы осылайша оқырманын еріксіз шексіз мәтіндер әлеміне жетелеп отырады. Постмодернизмнің негізгі қағидасы бойынша оқырман автормен бірге мәтіндер лабиринтін аралауына да, мәтіндерден құрастырылған мозайкаға тұтас сурет ретінде қарауына да толық құқылы.

Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы батыс пен шығыс әдебиетін бойына сіңірген, сондай-ақ ежелгі және заманауи шығармалардың түрлі жанрларымен интертекстуалдық байланыс орнатқан шығарма. Өз шығармасын автор постмодернизмнің басты концептісі болып табылатын «әлем – мәтін» теориясын ұстана отырып, оның өзгеше заңына бағынатын және түрлі дәуірлер мен түрлі стильдердің қатпарларынан тұратын өзгеше әлем жасады. Д.Амантайға көркем мәтін тудыру үдерісі бөгде мәтіндер бөліктерін жинап өзінің авторлық әлеміне орналастыру ісіне айналып кеткендей.

В) Романның «Сағыныш» атты тарауы адамзат тарихындағы мифтерді зерттеуге айрықша үлес қосқан Мирча Элиаденің «Священные тексты народов мира» [10; 11-21] атты еңбегіндегі «Божества первобытных народов» тарауынан алынған Австралияның (1), Африканың (6), Солтүстік Америка үндістерінің (3), Полинезияның (1), барлығы 11 мифті (11-21 бб.) пайдаланған. Миф мәтіндері толықтай алынбай, тек үзінділерін қазақшаға аударып тізбектей берген. Мәтін ешбір өзгеріссіз және түпнұсқаға сілтемесіз тізбектелген. Мұндағы түпнұсқаға ишара өзге тілдегі кісі есімдері, тәңірі атаулары, жер-су атаулары ғана. Мәселен, «Сағыныш» тарауындағы «Бала Беракты бір күні нағашы ағасы

Кангун қамыс күркеден сыртқа алып шығып, қолындағы шашақты найзасымен түнгі аспанда алабөтен жарқырап жанып тұрған Әлтайыр жұлдызын нұсқап: – Қараңыз! Бұл – Бунджиль. Сіз оны көріп тұрсыз, ол да сізді байқап отыр» [3; 123] деп келетін цитата Мирча Элиаде еңбегіндегі Оңтүстік-шығыс австралиялық тайпалардың нанымына негізделген «...когда Берак был еще ребенком (у него еще не было бороды), кангун (дядя по матери) вывел его ночью из стана и, указав копьем на звезду Альтаир, сказал: Смотри! Это – Бунджиль. Ты видишь его, а он видит тебя» [10; 11] деген аңыз мәтінінен алын болса, оған тізбектеле берілген «Пауни үндісі Курахустың бабасы қадім асқабы заман кезінде Небраскадағы Платт өзені бойында өмір сүрген болатын...» [3; 123] деп басталатын мәтін солтүстік американдық үндістердің «Тирава, веховный бог Пауни» [10; 21] тарауынан аударылып ендірілген.

Мұндағы дәйексөздер (мәтіндер) ешқандай тырнақшасыз, еңбек авторы көрсетілмей меншіктеліп алынған. Түпнұсқа мәтіннің қазақ тіліндегі аудармасы берілген. Плагиат дерсіз, алайда, өзі романына арқау еткен Р.Барттың теориясын ұстана отырып: «Асқақ мәтін өз бетінше дербес өмір сүреді. Тіпті кітап авторы жоғалып кетсе де, кітап ешқашан жетім қалмайтыны рас. Өйткені, мәтін оны үнемі өбектеп отыратын қожайынға бәрібір зәрулік танытпайды» [3; 59], – деп Д.Амантай авторлықтан бас тартады.

Қысқа-қысқа миф үзінділерінің тізбегінен тұратын тараудың «Сағыныш» деп аталуы ғана, тарауға мән-мағына дарытып тұр. Өйткені романның бұл тарауы да автордың «Языческое начало исскусства» атты эссесіне аллюзиялардан тұрады. «Единая вера в единого Бога исключает многообразие национальных культур. Имена становятся библейскими, корпоративное ритуальное поведение усиливает общность, языческое прошлое уходит в небытие. Самые высокие нравственные понятия теряют собственные первоначально выстраданные названия и будут определяться в своей сущности дефинициями, заимствованными из единых священных книг» [3; 370], - деп, автор адамзат баласының санасына билік жүргізген бір ғана діннің абсолютті билігін қолдамайды. Бірақ автор романда «әкелік мінез» танытпайды. Мұндағы контекст те жасырулы. Мәтіннің бар сырын тек осы сілтемелермен жүріп отырып қана аңғаруға болады. Бір діннің әлемде үстемдік алуы сан ғасырлар бойы қалыптасқан нанымдарын, сонымен бірге қалыптасқан мәдениеті мен өнерін, өмір сүру салты мен болмысын жойып жібереді деген өз пікіріне сілтемелерді аңғарамыз бұл тұста. Тағы бір айта кетерлік тұжырымымыз автор қолданған әрбір тәсіліне романның өзінде теориялық түсініктеме беріп отырады. «Қазір тілдің өзі ойлайды. Алғашқы екпін, әрине, көкейдегі ойдың ықпалы» [3; 122] деген теориясының межесінен қарайтын болсақ, түрлі халықтардың ежелгі нанымдарынан үзінді келтірілген бұл тарауға «Сағыныш» деп атау берудегі мақсат түркілердің ежелгі дінінің бастауы болып табылатын тәңіршілдікке деген сағыныштан туындаса керек.

Жалпы қорытынды жасайтын болсақ, «Гүлдер мен кітаптар» романы өз бойындағы мәтіндер диалогымен қызығушылығымызды оятты. Романның интертекстуалдық байланыстарға негізделіп, постмодернизм бағытында роман жазылуы қазақ әдеби процесіндегі жаңалықтардың бірі болды. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде «Мұса, аләйһис сәләм, Ғайса, аләйһис сәләм, Мұхаммед, салла(А) ллаһу аләйһи уә сәлләм» тарауының Інжіл, Құран, Таурат, Забур, «Заратуштра» тарауының «Авеста» сынды діни кітаптарға, «Сағыныш» тарауының діни мәтіндерді зерттеуге арналған М.Элиаденің «Священные тексты народов мира» еңбегіне, діни энциклопедияларға жасалған сілтемелерден, алюзиялардан немесе алынған дәйексөздерден тұратындығын анықтап, мәтіндегі қызметі мен интерпретациялануына талдау жасадық. Романнан тек қазақ халқына ғана тән мәдени кодтар мен әлемдік мәдени кодтарды, сондай-ақ латентті білім қорынан бейсаналы түрде романға енген мәтіндерден басқа, автордың жеке дайындап ендірген діни және фольклорлық мәтіндерді, сондай-ақ түрлі зерттеу еңбектерін анықтадық. Сонымен қатар ендірілген мәтіндердің интертекстуалдылықтың аллюзия, реминисценция, референция, плагиат, гипертекст түрлеріне жататындығын және олардың романдағы қызметін контекстік талдау арқылы анықтадық. Алайда, романдағы интертекстуалдылық мәселесі бір мақаланың көлемінде толықтай ашылуы мүмкін емес. Сондықтан біз ары қарай да осы тақырыпты тереңірек зерттейтін боламыз.

Әдебиеттер:

1. Гумилев Л.Н. (2002) Древние тюрки –М. «Кристал»,. -576с

2. Зуев Ю.А. (2002) «Рание тюрки: очерки истории и идеологии»Алматы:- «Дайк Пресс», 2002, 338 б.

3. Амантай Д. (2010) Қарқаралы басында. 1-том. Алматы, 396 б.

4. Құран «Құран Шариф» Медине 1991 604 б

5. Киелі кітап. Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбаларының таңдамалы жиынтығы және Інжіл шариф. (2000) Стамбул «Жаңа өмір», 1225 б.

6. Караулов Ю. Н. (1987) Русский язык и языковая личность. – М.: Наука,

7. Nelson T. (1993) Literary machines. Sausalito, CA: Mindful Press,

8. http://slovar.lib.ru/dictionary/gipertext.htm

9. Авеста врусских переводах (1861-1996). (1997) / Сост.б общ. ред., примеч., справ. разд. И.В. Рака. – СПб.: Журнал «Нева» - РХГИ, 1997. – 480 с.

10. Элиаде М. (1998) Священные тексты народов мира / Пер. с англ. В. Федорина. - М.: КРОН-ПРЕСС,. - 624 с..

ӘОЖ 81:37. 373; 001.4

Шыныбекова А.К.
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ. к.,
aygul_69@mail.ru

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. *Бұл мақалада қазақ терминологиясының өзекті мәселесінің бірі – терминжасам, оны біріздендіру және латын тілі элементтерінің әлемдік терминологиядағы ролі туралы айтылады. Салалық терминологиялық сөздіктер жасауда кездесетін олқылықтар туралы айта келе, ғалымдар көзқарасы мен оқырманның сөз қолдану ерекшеліктеріндегі алшақтықтар жайында сөз болады. Ғылыми теориялық тұрғыдан сәтсіз термин жасаудың себептері мен оларды болдырмау жолдары көрсетіледі. Жаратылыстану ғылымдары терминдерінің аударылмауын «халықаралық терминдер» деген сөзге сүйеніп, дұрыс жүйеленбеуден деп түсіндіреді. Қазақ лексикасының да терминдену мүмкіндігі зор екенін талдау арқылы қарастырады.Терминологияның өзекті мәселелерінің бірі- терминжасам ісі болса, оны жасауда тілге тән әдіс-тәсілдер қолданылады.Салалық терминдер жасауда қолданылатын әдістер теориялық тұрғыдан талданылады.Ресейлік және отандық терминжасам ісіндегі ғалымдар зерттеулерінен мысалдар мен сілтемелер келтіріледі.*

Түйін сөздер: *терминжасам, терминологиялық өріс, терминологиялық лексика, терминтанушы, терминдену, кірме терминдер, транстерминологизация, терминологиялық интеграция.*

Summary. *The global theme of the Kazakh terminology - the role of the Latin elements in the world of terminology and term formation in the Kazakh language, unification of terms in an official language - has been considered in the article. Errors in creating special terminology in the Kazakh language are taken into account, references to the ideas of scientists and opinions of Kazakh-speaking audience are given. The reasons for the appearance of inappropriate terms and the ways of creating terms qualitative from the point of view of scientific theories are considered. The authors of the article explain why the terms of natural sciences do not have their translation and with reference to the phrase "international terms". The Kazakh vocabulary has been analyzed and considered, it also has a chance for term formation. The same methods are used in term-formation and in word-formation, because the main problem of terminology is term-formation. From the theoretical point of view the methods of branch term-formation are analyzed. The examples and references from the studies of our scientists and Russian scientists are given.*

Key words: term formation, term field, term vocabulary, terminologist, borrowed terms, transterminology, terminological integration.

Резюме. *В данной статье исследуется глобальная тема казахской терминологии – роль латинских элементов в мировой терминологии и терминообразовании в казахском языке, унификация терминов на государственном языке. Учитываются ошибки при создании отраслевой терминологии в казахском языке, делается ссылка на мысли ученых и приводятся мнения читателей казахоязычной аудитории. Указываются причины появления неудачных терминов и пути создания качественных терминов с точки зрения научной теории. Автором статьи обьясняется, почему термины естественных наук не имеют переводы и со ссылкой на словосочетание «международные термины». Казахская лексика имеет шансы на терминообразование, в процессе которого употребляются те же методы, что и при словообразовании, так как основной проблемой терминологии является терминообразование.С теоретической точки зрения анализируется способы отраслевого терминообразования. Приводятся примеры и сноски из исследовании отечественных и российских ученых.*

Ключевые слова: *терминобразование, терминологическое поле, терминологическая лексика, терминолог, заимствованные термины, транстерминологизация, терминологическая интеграция.*

Латын графикасына көшу мәселесінің тікелей талаптарының бірі – терминдерді біріздендіру болып табылады. Жүйелі жазуы, тілі бар мемлекеттің ғылыми тілінің негізі болып табылатын терминдердің алуан түрлі қорының әртүрлі атаумен жарыса қолданылуы бұл мәселенің күрделі екенін көрсетеді.

Латын жазбасына көшіру кезеңінің басы-қасында тілші ғалымдармен қатар әлеуметтанушылар, психологтар, социолингвистер көптеп жүруі тиіс, оларды бұл іске терминтанушы ғалымдармен қатар тарту керек. Терминдердің қалыптасуында ала-құлалық болуы сияқты латын жазбасында да әп дегенде келіспеушіліктер туындауы әбден мүмкін, ол дыбыстарды таңбалау кезінде кеткен біріздiлікке түспеуден шығады. Латын әліпбиіне көшу барысында халықаралық тәжірибеге, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия елдеріндегі болған жайттарға мән беруіміз керек. Заман ағымы өз арнасында болып жатқан өзгерістерсіз дами алмайтыны сияқты ла-

тын жазбасына көшу кезеңінде көптеген басқа да мәселелер шешуін табуы тиіс. Қазақ әліпбиінің өзгеруімен бірге терминологияның да бірқатар өзекті мәселелері, ұғымдар жүйесінің тілдік прагматикасы да өз шешімін табуы тиіс. Ғылым тілі де, терминдері мен атаулары да халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпыхалықтық тілді ешқашан естен шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек.

Қазақ лексикасының терминденуі туралы Ш.Құрманбайұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі – ұлттық әдеби тілінің құрамындағы жалпы қолданыстағы сөздер негізінде жасалған. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады, – дейді [1, 95]. Мәселен, ғылымның және өнеркәсіптің түрлі салаларындағы сияқты қазақ тіліндегі мұнай терминдері де мағыналық табиғаты жағынан: байырғы сөздер негізінде жасалған терминдер және кірме терминдер болып екіге бөлінеді. Байырғы сөздер негізінде қалыптасқан терминдер өнеркәсіптегі басты-басты ұғымдық категорияларды бейнелейді. Сондай-ақ кірме терминдерсіз бұл саланың сан алуан қызметтері мен әрекеттерін, категорияларын түсіну мүмкін емес. Байырғы сөздер өзінің бастапқы білдіретін лексикалық мағынасынан ажырап, жаңа ұғымды білдіретін сөздерге айналды. Мысалы: желі – жила, сұйық отын – жидкое топливо, қақпақ – клапан, қашау – долото сияқты мұнай терминдерінің о бастағы лексикалық мағыналары басқа екендігі белгілі [2, 11].

Мұнай терминдерінің табиғи жолмен жасалған қабатының қатарында өзге ғылымдарға ортақ терминдер де кездеседі. Бұл терминологияда екінші терминдену, (В.Иванов, В.Даниленко), транстерминологизация (А.В. Суперанская, Н.В. Васильева, Н.В.Подольская) деп аталады. Ш.Құрманбайұлы мұндай терминдерге «екінші терминденуден» гөрі «транстерминологизация» терминінің қолданысы дұрыс деп санайды. Себебі, терминнің бір терминолониялық өрістен басқа терминологиялық өріске өту құбылысын «транс» терминдік элементі нақты меңзейді. «Ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық жүйенің өз ішіндегі белгілі бір терминологиялық өрістен алынады» [1, 33], – дей келе, бұл терминдерді «ішкі терминдену» деп атауды ұсынады. Мәселен, дифференциал: мұнай термині, математика термині. Динамика: мұнай термині, философия термині. Фаза: мұнай термині, электротехника термині, философия термині, экономика термині. Изоляция: мұнай термині, заң термині, медицина термині.

Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге құпия емес.

Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошке Кемеңгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрелік: пленка – үлдірік, экономия – үнем, экономный – үнемшіл, экономность – үнемшілдік, экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизатор – отаршыл, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, патриотизм – отаншылдық, федерация – құрама, экспертиза – сарап, эксперт – сарапшы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей, урок, лекция – дәріс, поэма – дастан, творчество – шығарғыштық, антитеза – шендестіру, чиновник – төре, чиновничество – төрешілдік, музыка - әуез өнері, администратор, правитель - әкім, административность, власть - әкімдік, методика - әдістеме [3, 45].

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А. Байтұрсынов кезеңінде баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кезеңде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына, сөздіктерге еніп, тілде орнығa бастаған болатын. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың 30-жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация) жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін

тіларалық біріздендіру (межязыковая унификация) ісіне мемлекет тарапынан айырықша мән берілді.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты екі немесе одан да көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А.В. Крыжановская «терминологиялық интеграция» деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты тіларалық біріздендіруі, екі немесе бірнеше тілге қатысты әңгіме қозғалғанда халықаралық біріздендіру термині қолданып келді [4, 19].

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында Г.В. Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себеп болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи қағидаттарға негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын графикасын пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп, толықтырып алғандықтан, біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз.

Г.В. Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізділерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках» [5, 106].

«Термин унификация употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР» – деп көрсетеді Ю.Д. Дешериев өз мақаласында [6, 3].

М. Әуезовтің де қазақ терминологиясының мәселелерімен тікелей айналысқанын көрсететін бірден бір еңбектер – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Мұнда М.Әуезов терминологиядағы ішкі терминжасам туралы айта келіп, ғылым тілін қазақша жасау мәселесін көтереді. «Орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен көріп жатқан сөздер көп. Сонда джайлау, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?», – деп нақты мысалдар келтіре отырып, тіл заңдылығына сәйкес қабылдауды атап өтеді /7, 264/.

Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған. Съезд материалдары 1925 жылы жеке кітап болып жарияланды. Бұдан басқа 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен таныстыру мақсатымен жазған А. Байтұрсыновтың «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласы жарияланды. А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын қалыптастыруда, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдерін сөз етеді. Қазақ терминологиясын байытып, дамытуға маңызды үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі Х. Досмұхамедов кірме сөздерді, әсіресе, орыс тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап айтылуын дұрыс құбылыс деп есептеген. Кірме сөздердің тілімізге тән сингармонизм заңына лайықтап алынсын деген қағиданы сол кездегі зиялы қауым кеңінен қолдаған. Н. Төреқұлов «Жат сөздер» деген еңбегінде «қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін», – дейді [8, 19]. Бұдан сол кезең зиялыларының пән атауларын қолдануда ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына көп көңіл бөлгендігін аңғаруға болады.

Тақырыптық салалар туралы мәлімет беру мақсатымен терминдер түрлі ғылыми және басқа да салалар бойынша лексика-семантикалық тұрғыдан топталып берілді: Оқу ағарту, педагогика саласына байланысты: әдіс бірлігі – методическое объединение, оқу құралы – учебное пособие, руханишы – мыслитель, күн белгі – календарь, оқуқана – читальный зал т.б.; Экономика саласына байланысты: үнемші – экономист, жоспаршы – плановик, әлеуметшілік жәрдем–социальная помощь, үнем шаруашылығы– экономическое хозяйство, өнеркәсіпші–производственнник т.б.; Саясатқа байланысты: әлеуметтік жағдай – социальное положение, үгіт-насихат – агитация, өзгерісшілдер – реформаторы, ілгерішіл – прогрессивный т.б.; тіл ғылымына байланысты: дауысты дыбыс – гласные звуки, ұлы тыныс – точка, кірешек сөздер – заимствованные слова, бұралқы жұрнақ – заимствованный суффикс т.б.; Заң ғылымына байланысты: құқық – право, талапкер – истец, заң кісісі – юридическое лицо, сот алымы – судебная пошлина т.б.; Психологиялық атаулар: мінез ілімі – психология, зейін – внимание, көзқарас – мировозрение т.б.

Жалпы сөз қолданысында терминдердің қоғам құрылымы мен өзгерісіне тәуелді екендігі белгілі. «Белгілі бір дәуірде эволюциялық дамудан революциялық сапаға ауысып, ал кейде керісінше қалыпты күйге көшіп отырады. Тілде пәлендей

революциялық өзгерістер бола қоймағанмен, ол қоғамдық құбылыстардың бәрін қамтып, соған лайықты ұғым, түсініктерді сөз түрінде таңбалап береді. Барлық өзгеріс, өрістер тілде көрініс бермей тұрмайды», – дейді терминолог-ғалым Ө. Айтбаев /9, 80/.

Қазақ тіліндегі ғылым салалары бойынша қолданыстағы сөздердің 90%-ы терминдердің үлесіне түседі. Ғылымдағы жаңа ұғымдар мен қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістер термин сөздердің күнделікті қолданыс аясының өсіп отырғанын көрсетеді: «Дәл осы жерде біз әдеби тілдің көркемдік сипатынан гөрі стандарттық және ресмилік белгісінің арта бастағанын айқын аңғарамыз», – дейді академик Ә. Қайдар /10, 182/.

Жоғарыда айтылған мысалдар терминология ғылымының 20-жылдарында-ақ салалық терминдер мәселесін көтергенін көрсетеді. Рас, 1920-1930 жылдары шет тілінен енген сөздерге балама табуға ұмтылушылық көрініс тапса, 50-70 жылдары орыс тіліндегі терминдер аударылмай, баламасыз қолданылады.

Терминологиялық лексиканы дербес лексикалық қабат ретінде қарап, салалық терминдерді әдеби тіл құрамына қатыссыз деуші ғалымдар пікіріне қарсылық білдіру ниетінде көптеген ғалымдар жүйелілік мәселесін көтеру қажет дейді. «Терминологияның күрделі теориялық мәселелерін айтпағанда салалық терминдерді жүйелеу, реттеу, қалыптау сияқты үнемі жүргізіп отыруға тиісті практикалық маңызы зор жұмыстармен тікелей айналысып отырған өкілетті орган да, бұл істің жайын жетік білетін мамандар да жоқтың қасы» /1, 23/.

Мемлекеттік тіл – егеменді елдің, тәуелсіз мемлекеттің ең басты шарттарының бірі. Сондықтан тіліміздің жан-жақты дамып, күнделікті тұрмыста және ресми мемлекетаралық дәрежеде қолданылуы – өмір талабы. Академик Ә. Қайдардың «Қазақ тілі терминологиясының 50 жылдан астам тарихы бола тұрса да, оның жан-жақты даму дәрежесі бүгінгі заманның талабына сәйкес деп айтуға болмайды», – деген пікірінен кейін көптеген тіл жанашырлары ғылыми әдебиеттегі сан алуан терминдерді аударуға атсалысқанын білеміз. Академик Ә. Қайдар «термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді /1, 3/.

Жаратылыстану ғылымдары бойынша халыққа түсінікті, көңілге қонымды, тілге жеңіл, тұрмыс-салтымызға, таным-түсінігімізге сәйкес терминдер жасауда атақты шығыс ғұламасы әл-Фарабидің «Аспанды жерге, ғылымды халыққа жақындатсам» деген пікірін басшылыққа алсақ ұтымды болар еді. XX ғасырдың басында қазақ тілінде ғылым тілін қалыптастыруда А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, С. Асфендияров т.б. зиялылар өсімдіктану (ботаника), тәнтану (анотомия), тәнтірлігінтану (физиология), бәсекесауда (аукцион), жандандыру (реанимация), жансыздандыру (анестезия), жалпытазалық (санитария), жекетазалық (гигиена) т.б. бірсыпыра сөздерді төл тілімізде жаңғыртып қолданды. Осы сөздерден реанимация сөзі бертінде жансақтау бөлімі болып аударылып, сәтті қолданысқа түсті. «Жандандырудан» гөрі «жан сақтау» қолайлы тіркес, өйткені мұнда шынымен де жанын алып қалуға көп күш салынады. Фонтан сөзі де су бұрқағы деп аударылып, халыққа толық түсінікті сөз қолданысы болуда. Белок сөзі ақуыз деп аударылып, өзінің төл мағынасын тура көрсете отырып, қолданысқа енді.

Табиғаттағы бар шикізат атаулары жалпы қолданыстағы сөзбен қатар терминге ұласады. Мұнай, қарамай, жермай, жанармай, жанар-жағар май т.б. сөздер мұнай саласы терминдеріне айналса, әрлеу, өңдеу, жапсырмалау, қаптау сөздері құрылыс; уқалау, булау, сауықтыру, сылау – медицина; бәсекелестік, бағатізбесі, есепшот, кепілзат, делдал – экономика; бетперде, лаңкес, ұйымдасқан топ – заң т.б. ғылым салалары бойынша терминдер қалыптасты. Жаратылыстану саласының терминдері өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақшаға бір аударылып, кейіннен қайтадан сол түпнұсқада қолданылып, 90-жылдарда оңтайландыру кезеңінде тағы қазақшаланып, қазір жарыспалы немесе дублеттік сипатта қолданыста жүргендері де біршама. Динамика – қозғалыс – динамика, мұнай – химия рыногы – мұнай – қимие базары (нарқы) – мұнай – химия рыногы, инвестиция мөлшері – инвестиция сомасы, теңіз терминалы – теңіз кедергісі – теңіз терминалы, мұнай фонтаны – мұнай атпасы, мұнай бұрқағы (нефтяной фонтан) т.б. терминдер дублеттік сипатта қолданысқа ие. Жаратылыстану саласының терминдері деңгейлік қолданыстан өтпей қалыптаспайтынын байқауға болады.

Ұғымдар арасындағы жүйелі байланыстан терминологиялық өріс пайда болатындығы жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлы еңбектерінен көрінеді [1, 181]. Терминология саласында еңбек етуші ғалымдардың көпшілігі ішкі көздерге мән беру туралы айта келе, А. Байтұрсыновқа соқпай өтпейді. Ішкі қор мәселесін сөз еткен орыс ғалымдары А.В.

Суперанская, А. Даниленко, М.Н. Володина ойлау жүйесіне мән берген жөн дей келе, ұғымдық байланыстың термин жасаудың мәні зор екенін айтады [2, 14]. Терминденуші сөз бен ойлау жүйесі арасында белгілі бір өріс пайда болмаған жағдайда олардың лексикалық қабат құруы қиынға соғады. Тексті – мәтін, материяны – затын, кенежойғы – акарицид аудармаларымен қатар жаратылыстану ғылымдарының терминдерінен инфауна, инстинк, кадастр, каллус, инбридинг, ихтиология, комменсализм, криофия, ксерофил, ксилофаг, клон, копрофаг, космополит, парник, адекция, абиотика, автохтон т.б. сөздерді әлі күнге ғылыми әдебиеттерде түпнұсқадағыдай қолданамыз. Бұлардың терминдік табиғатын түсіндіру – сала ғалымдарының жұмысы. Карантин – оқшаулау, каннибализм – адам етін пайдаланушылық, кома – естен айрылу, лавина – қар көшкіні, оползень – жер сырғымасы, эпизоотия – жануар індеті, предродовая – толғақ бөлмесі, абразивный – жемірілген, интродукция – жерсіндіру, бейімделту, координат – мекендеу мүмкіндігі т.б. қолдануға болатын сөздерді тілшілер мағынасына қарай, оның тезаурустық сипатына сай жасады.

Нашатыр – мұсатыр, кислота – қышқыл, торф – шымтезек, окись – тотық, насадка – қондырма, углерод – көміртек, водород – сутек, сплав – құйма, щелочь – сілте, двуокись–қостотық болып ХХ ғасырдың басында Қ.Кемеңгерұлы аударылуы сәтті терминдердің жасалуына көңіл бөлгені белгілі. Ол көп варианттылыққа жол бермеуге тырысқан.

Қорыта айтсақ, латын жазбасының болашағының зор екенін мойындай отырып, түрлі экстралингвистикалық факторлар мен психолингвистикалық үрдістердің термин шығармашылығына тікелей әсер ететінін көруге болады. Ендеше, терминдерді де осы латын жазбасының аясында біріздендіруіміз қажет.

Әдебиеттер

1 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1998. – 250 б.

2 Нұржанова А.С. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2000. – 24 б.

3 Терминология мәселелері / құраст. Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Астана, 2006. – 288 б.

4 Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – Киев, 1987. – С. 19-21.

5 Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в акамедиях наук союзных республик. – М., 1983. – 263 с.

6 Дешериев Ю.Д.. Проблемы универсиализации (интернационализации) терминологии в условиях развития национально-русского двуязычия (применительно к развитию языковой жизни советского общество) // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983. – С. 263.

7 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.

8 Төреқұлұлы Н. Жат сөздер туралы. – Алматы: Өнер, 2005. – 20 б.

9 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 159 б.

10 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 46 б.

УДК 81

Мухамадиев Х.С.
КазНУ им. Аль-Фараби, Hafiz.55mail.ru

ОТ ЯЗЫКА ФОРМУЛ К МЕНТАЛЬНЫМ ФОРМАМ ПИСЬМА

В лингвистике понятие о языке традиционно ограничивается устной и письменной речью. Понимая язык в узком смысле, лингвисты не включают в предмет своего исследования не только язык изобразительного искусства, но и язык жестов, язык формул, что создаёт противоречивую ситуацию. Поскольку язык как объект научного исследования разрастается в своём историческом развитии, то должен расширяться и объём понятия о нём, в связи с чем возникает необходимость рассмотрения ещё и других наглядных форм языка как средства мышления и общения людей.

Наглядные формы, имеющие зрительное сходство с тем, что они обозначают, называют «наглядными формами языка». К таковым относятся географические и топографические карты, служащие для изображения рельефа Земли и социальных объектов; чертежи, рисунки, схемы, графики, диаграммы, произведения изобразительного искусства. При их создании немаловажную роль играет творческое воображение.

В статье предпринята попытка рассмотреть основные направления в развитии письменности, с целью выявления их логической взаимосвязи с современным направлением, которое актуализируется в наши дни под названием технология ментальных карт.

История развития письменности стала историей развития языка как средства мышления и общения людей. Развитие письменности от первобытной пиктографии к современному фонографическому письму – это одно из направлений развития языка человечества. Другое направление - от идеографической письменности к современному языку формул, который достиг высокой степени совершенства в математике, физике, химии. Третье направление в истории развития языка идёт от первобытной пиктографии к современному изобразительному искусству.

О связи истории языков и истории письменности О. Сулейменов пишет следующее: «История языков – эта история письменности. Эти близкородственные явления нельзя уже рассматривать по отдельности. С ранних времён человек приспособился передавать и получать информацию не только устно, но и графически, читая следы на влажной земле, а потом и сам, выцарапывая говорящие знаки» [1, 20].

И если первое направление – это развитие современного буквенно-звукового письма; второе - развитие современного языка формул; третье – развитие изобразительного искусства; то четвёртое направление – это представление любого процесса или события, мысли или идеи в образе, в визуальной форме. В связи с этим рассмотрение этих направлений нас интересует в аспекте ментальной формы письма путём составления ментальных карт взамен громоздких письменных текстов.

Такую форму называют Mind-maps (термин может переводиться как «интеллект карты», «карты ума», «карты мыслей», «карты мышления», «ментальные карты», «карты памяти» или «карты разума») – информация, изображаемая в графическом виде на большом листе бумаги. Она отражает смысловые, причинно-следственные, ассоциативные связи между понятиями, частями и составляющими рассматриваемой проблемы. Считается, что это понятнее, чем привычное изложение мыслей словами в письменном виде, которое порождает массу лишней информации, заставляя мозг работать в несвойственной ему манере. В итоге это приводит к потере времени, интереса, к снижению концентрации и к быстрой утомляемости.

Рассмотрим названные три вектора развития письменности, как подготовившие рождение этого современного направления, чтобы выяснить насколько оно является логическим продолжением его эволюции.

Пиктографическое письмо передаёт содержание текста в виде знаков-рисунков. Североамериканские индейцы, пиктография которых хорошо сохранилась, для обозначения понятия жизнь рисовали змею, понятие успех обозначали изображением черепахи, изображение соединённых сердец передавало понятие любовь [2, 136].

Пиктографическая система письма допускала разное прочтение содержания текста. Позднее пиктограммы стали дополнять диакритическими значками, чтобы таким способом усовершенствовать рисуночное письмо. Постепенное добавление таких значков привело к новой системе письма – идеографической. Переход от пиктографии к идеографии составил одно из направлений письма, которое нас особенно интересует в аспекте конструирования ментальных карт – это трансформация пиктографии к современному изобразительному искусству.

Наиболее ранние идеографические системы (шумерская, критская, египетская, китайская), несмотря на формальные различия, в сущности были однотипными. О. Сулейменов в «Коде слова» по этому поводу рассуждает: «Размышляя над происхождением самых древних иероглифов (шу-

мерских, древнеегипетских, древнекитайских), я увидел связь названия образного (выделено нами) письменного знака с его формой» [1, 6].

Главный признак идеографического письма состоит в том, что каждый иероглиф стал знаком одного слова. В отличие от письма рисуночного, иероглифическое уже не воспроизводит описываемую ситуацию в её наглядной, чувственно-конкретной целостности. Но хотя идеографическая система утрачивает рисуночную форму, она ещё длительное время сохраняет элементы изобразительности, «картинно» воспроизводя смысл слов. Например, египетская письменность долгое время сохраняла черты изобразительности, наглядно изображая описываемые действия. Так, иероглиф, схематически изображавший шагающую фигуру человека, означал смысл слова «идти». Изображение фигуры человека с рукой у рта означало «кушать». Слово «смотреть» передавалось изображением глаза и лука, понятие «злой» - изображением глаза и собаки. Таким образом, в иероглифе мысль о предмете нередко обозначалось изображением его части предмета.

Тайна идеографии требовало специального обучения, а пиктография же оставалась общедоступной в силу необыкновенного сходства её знаков с тем, что они обозначали [2, 137].

Пиктография не членила устную речь на слова. Иероглифы стали знаками отдельных слов, а потом и более мелких единиц мышления. Буквы фонографического письма стали знаками фонем устной речи, знаками знаков.

Существование этих трёх векторов в развитии различных форм знаковых систем до сегодняшнего дня обеспечивало более широкие возможности эффективного общения и мышления.

Так, язык формул стал разновидностью письменной речи. Взяв генетическое начало в идеографической письменности, он приобрёл существенное отличие, как от исходной идеографии, так и от современного фонографического письма. Естественный язык современных монографий и учебников по математике, физике, химии дополняется множеством формул. Такой язык обычно называют искусственным, и развивается он, в отличие естественного языка, не стихийно, а при активном вмешательстве людей.

Предпосылкой возникновения языка формул явилось закономерное стремление письменной речи к сокращениям: к аббревиатурам и формированию сложносокращённых слов. Такая форма записи позволяет увеличивать объём информации на единицу языкового знака. В формулах каждое субстантивное понятие и логические связки обозначаются одной-двумя буквами (знаками), что создаёт краткость текстов математики, физики, химии. Письменная речь, идя по пути экономичных сокращений, оказывает положительное влияние на способности мышления и общения людей. Аббревиатуры типа СМИ, вуз уже воспринимаются как обычные слова.

Замена формы слов естественного национального языка краткими знаками привела к новому качеству – к становлению интернационального языка формул. Краткая форма его создаёт легкую обозримость записи суждений, что способствует в обучении облегчению решения сложных задач и проверки хода решения. Высказывание французского математика Л. Карно о том, что знаки языка формул являются не только записью мысли, но средством её изображения и закрепления, и бывает достаточно просто применить их на бумаге, чтобы безошибочно достигнуть новых истин - позволяют сблизить язык формул с языком ментальных карт.

Н.С. Валгина в монографии «Теория текста» замечает, что в текстах научных, особенно – научно-технических, изобразительный ряд имеет познавательное значение. По мнению исследователя, это такой элемент текста, без которого текст утрачивает свою познавательную сущность. Формулы, символические изображения, графики, таблицы, технические рисунки, геометрические фигуры и другие изобразительные элементы в физико-математических, химических текстах, в текстах, посвященных техническим разработкам, являются смысловыми компонентами текста, передающими основное содержание текста. «Вербальный текст в таких случаях становится лишь связующим и вводящим звеном, составляет своеобразную рамку, «упаковочный материал» [3, 194].

Пока идеографические знаки изредка вводились в текст естественных национальных языков, их влияние на процесс вычислений оказывалось малозаметным. Так, не замечал этого влияния известный математик А. Пуанкаре в начале 20 века, когда язык формул уже сформировался. В полемике с Л. Кутюра он признавал удобство краткой «пазиграфии», но считал, что она не оказывает влияния на решение проблем, потому что зависит оно от многих факторов: уровня развития общественной практики, состояния существующих в науке теорий и методов, многих других социальных, интеллектуальных и нравственных причин. В наше время уже нет надобности убеждать никого в том, что краткий язык формул оказывает плодотворное влияние на теоретическое познание, на процесс обучения.

Это же самое можно сказать и об интеллект картах, которые сегодня составляют преподаватели, ученые, дизайнеры, инженеры, предприниматели, и люди многих других специальностей. И это понятно, ведь создание ментальных карт помогает подойти к решению любой проблемы более осмысленно, разложив ее по полочкам. Тем более что применение интеллект карт возможно в различных сферах нашей жизни. На западе, среди успешных людей, они уже давно получили популярность.

Хотя первые примеры создания интеллект карт можно встретить в научных трудах, созданных еще столетия назад, широкое их применение началось во второй половине двадцатого века благодаря английскому психологу Т. Бьюзену, который систематизировал использование ментальных карт, разработал правила и принципы их конструкции и приложил массу усилий для популяризации и распространения этой технологии. Из 82 книг, написанных Бьюзеном по этой тематике, самой известной является — «Научите себя думать», которая входит в перечень 1000 величайших книг тысячелетия.

Люди, занимающиеся йогой, считают, что сознание человека питается образами, которые формируют наше представление о себе. Они, чтобы выработать в себе дисциплину, привычку не опаздывать, представляют себя, что они встают вместе с солнцем, а кому не хватает радости, смотрят в воду и видят себя с улыбкой на устах. Стоит себе создать образ удачи и спроецировать его на экран своего сознания, как жизнь твоя может измениться чудесным образом. Даже Эйнштейн утверждал, что «воображение идёт впереди знания».

В учебном процессе ментальные карты студентами могут конструироваться подобным образом. Содержание темы или текста, представленные силой ассоциативного воображения в каких-либо образах-картинках, проецируются на бумагу и, в свою очередь, становятся средствами обучения. Так, при изучении темы «Конспект и виды конспектов», студентка 1 курса специальности «Педагогика и психология» четыре типа конспектов ассоциировала в своём воображении с четырьмя временами года. Свободный тип конспекта у неё ассоциируется с ЛЕТОМ, потому что летом у студента больше свободного времени. Четыре картинки, выполненные художественными средствами, визуализировали учебный материал, который усваивается с большим интересом, лучше запоминается и, в свою очередь, генерирует новые смыслы и идеи

Ментальные карты займут достойное место в ряду дидактических средств нацеленных на чувственную модальность. Примером может служить книга Роберта Дилтса «Фокусы языка…», которая рассказывает о магии языка и о паттернах («метамодели»). В этой научно-популярной книге автор приводит 56 схем-картинок, чтобы доступнее объяснить читателю свои теоретические положения [4, 245].

Показательным в этом плане является и учебное пособие отечественных авторов: «Язык современной науки: Языковые портреты. Учимся искусству научной речи». В книге смоделированы в виде схем-рисунков концептуальные поля в научной картине учёных: «предметы», «явления, процессы», «оборудование», «свойства», «методы» [5, 145].

В науке нет строгой классификации средств обучения. Одни учёные подразделяют их на средства, которыми пользуются учащиеся для эффективного достижения целей образования (наглядные пособия, технические средства), и индивидуальные средства обучаемых (школьные учебники, тетради, письменные принадлежности).

Часто в качестве основания для классификации дидактических средств используется чувственная модальность. В этом случае среди всех дидактических средств выделяются и визуальные (зрительные), к которым относятся таблицы, карты, натуральные объекты.

О том, что ментальные карты можно рассматривать как эффективное наглядное средство обучения, находим поддержку в классификации польского учёного В. Оконя, который предлагает группировать средства обучения по нарастанию их возможности автоматизировать (повысить самостоятельность) действия обучающегося и заменять учителя [6, 102].

Таким образом, история развития письменности – это история развития языка не только как средства мышления и общения людей, но и как совершенного средства обучения. И в этом плане искусство конструировать интеллект карты знаменует собой развитие образной письменности, которая соединяет в себе свойства языка формул, и ментальной формы письма, выполняющей функции наглядного средства обучения.

Литература

1. Сулейменов О.О. Код слова. – Алматы, 2013. – 85 с.

2. Видинеев Н.В. Природа интеллектуальных способностей человека. – М., 1989. – 173 с.

3. Валгина Н.С. Теория текста: Учебное пособие. – М.: Логос, 2004. – 280 с.

4. Дилтс Р. Фокусы языка. Изменение убеждений с помощью НЛП. – СПб, 2013. – 256 с.

5. Жаналина Л.К., Килевая Л.Т. Язык современной науки: Языковые портреты. Учимся искусству научной речи / Учебное пособие. – Алматы, 2010. – 344 с.

6. Вайдорф-Сысоева М.Е., Крившенко Л.П. Педагогика: пособие для сдачи экзамена. – М., 2005. – 239 с.

Тілеу Гүлнұр Оралханқызы
Шетел филологиясы (ағылшын тілі) мамандығының магистранты
Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы, Gulnur_01.94@mail.ru

FACTORS OF ORIGIN OF SOME TOPONYMICAL NOMINATIONS IN GREAT BRITAIN

Түйін. *Бұл мақалада Ұлыбританияның кейбір географиялық атауларының шыққан факторларын қарастырылады, және де зерттеушілер тұрғысынан нақты тілдік қызығушылық орын табады. Мақалада олардың шығу тегі негізінде талданатын тілдік бірліктердің мағынасын сипатталынуы ұсынылды. Сондай-ақ, талданатын топонимикалық атаулардың қазақ баламаларын беруге талпыныс жасалды.*

Резюме. *В данной статье рассматриваются факторы происхождения некоторых географических названий в Великобритании, которые имеют специфический лингвистический интерес с точки зрения исследователей. В статье были представлены описания значений проанализированных языковых единиц в пределах их происхождения. Была также предпринята попытка дать аналоги анализируемых топонимических номинаций на Казахском языке.*

Summary. *This article considers factors of origin of some place names in Great Britain that of specific linguistic interest from the viewpoint of researchers. There presented the descriptions of meanings of analyzed language units within their origin. There was also an attempt to give the Kazakh equivalents to analyzed toponymical nominations.*

Each person constantly encounters with geographical names. “It is impossible to imagine the modern life of society without Geographical names, - writes a well-known specialist in the field of toponymy E. M. Murzaev. - They are everywhere and always accompany our thinking from early childhood. Everything on earth has its own address, and this address begins with the birthplace of the person. A native village, the street on which he lives, city, country - everything has its own names”. All geographical names have their meaning. None of nations called a river, a lake or a village as nothing, by an occasional combination of sounds. Sometimes it is difficult to find an explanation for the name of a particular river, village or cities. But what is surprising, due to the names in our days words, which are out of use, forgotten words of the native language, the words of strangers and even disappeared, "dead" languages sounds as alive. There are amazing stories, often legends, and sometimes curiosities behind every word. Let us note that in a separate nation their own convictions of geographic place - names, seas, rivers, mountains, lakes, settlements - are named in their native languages, and possibly in the languages of the tribes that lived once upon a given land. The history of mankind seems to be sealed in geographical names, and they, in turn, become truthful eyewitnesses of the past.

In his studies R. Coates studied the features of place-names Normandy Island, Hampshire and Sussex counties, and in the work "A new Explanation of the name of London " proposed a new etymology the name "London". M. Gelling studied place-names Counties of Berkshire, Oxford and Shropshire. Despite the long history of research and the existence of a huge the number of works devoted to the study of place names, they still have many problems that make interpretation of toponyms, disputable issues related to the definition of toponym sources.

Considering the problem of the influence of different languages in English place names should be noted that the question of identifying the Celtic component of modern place names in England is very complicated, since it is connected with the problems of preservation and settlement of the British after the Anglo-Saxon’s colonization of the island. Celtic roots are preserved only in the names of large settlements. A significant number of place names relate to the topography - to the coast, hills, rivers, forests, trees, rocks, fields and other physical objects. A variety of names relevant to the hills and valleys can be explained due to the fact that the Anglo-Saxons lived in one of the flattest areas in Europe, so they were particularly attentive to the significance of giving even the most gentle slopes and hills. In modern place names the signs of Latin influence are negligible. There are only about two hundred modern English place names of Latin origin.

The signs of Scandinavian influence can be traced in the place-names in England especially in the former Scandinavian holdings. This area is Danelaw, literally "the Danish law" , covers the modern Yorkshire, Norfolk, Leicestershire, Nottin Hampshire, Lankoshir, Cumberland. In general, the Influence of French on English place names is little tangible: French elements do not have any specific regional position and do not reach high concentrations in any public areas. The process of transfer of place names from France, which was observed during the period of the Norman Conquest, did not differ in the intensity, and in most cases accompanied by change in the French sounding names. Thus, the problem of the influence of different languages in English place names depends on how the language was noticeable impact in the relevant time period, and how the signs of this long-lasting

effects. Place names, indicating the specific individual items are extremely localized words and intimately connected with single geographic concepts, which allows to place names have considerable autonomy within the lexical structure of the language.

Toponyms of United Kingdom originate from the five languages. Along with the traditional, Celtic and Old English place names, borrowed place names are allocated, taken from Norman, Latin and Old Norse language. Therefore toponymy of UK is diverse.

Majority of the place names in England originate from Old English. There are many place names, relating to proper names. Perhaps these were the names of land owners at the time of formation of names. In the north and east, many place names have Norse origins, and often including the proper names. Basically, Old English and Norwegian place names possess two types of structures: a proper name + affix denoting the type of settlement, farm or place; kind of farm + affix denoting a farm or settlement. Most of the place names, ending on “wich”, “ton”, “ham”, “by”, “Thorpe”, “stoke” and “stock”, belong to this type.

Examples of British place names with a Celtic origin, are Belfast, Mullaghbane, Dumbarton, Rostrevor, Ardglass. In addition, almost all the names of the rivers have a Celtic origin (eg, Avon, Thames, Severn, Axe, Exe, Usk). Samples of UK geographical names of Latin origin are Manchester, Oxford, Lincoln, Guillford, Thelford, Fossway, Fosbroke, Portsmouth. Grimsby, Ullesthorpe, Denholme, Satterthwaite, Linthwaite, Northwich, Lowick, Ipswich are the examples of names that have Scandinavian origins.

In Cornwall much of the place names, especially in the western territories, come from the Cornish language, such as the resort town of Penzance, whose name stands for "sacred promontory". While in the eastern part of the Cornish place names it is observed a strong influence of old-English language. In Cornwall common Celtic elements are prefixes tre -, pen -, and lan -, in Wales prefix – llan. The county of Cumbria Celtic place names mostly reflect the landscape features of the area, for example, mountains Blencathra and Helvellyn. The Celts also gave the names of many rivers, such as Ehen and Cocker. In the North Scotland elements of names have Gaelic origin, such as loch (lake designation) and glen. Here are some examples of Celtic elements and their values: aber - the mouth of the river, rivers merge (Aberystwyth, Aberdyfi, Aberdeen, Aberuthven); coombe - low Valley (Woolacombe, Doccombe); glen - a narrow valley (Rutherglen, Glenarm, Corby Glen); lan, lhan, llan - church; village where there is a church (Lanteglos, Lhanbryde, Lanercost, Llanbedr Pont Steffan, Llanybydder, Llanwenog, Llannwnen); keth, cheth - forest (Penketh, Culcheth)

In the north of England, especially in the territory of Yorkshire, the majority of place names are of Scandinavian origin. Thus, the names of villages “Howe” and “Greenhow”, located on the north of Yorkshire, formed from the Old Norse word “haugr”, indicating hill or mound.

There are many factors, not the least of which are waves Conquest of England during this time was formed most place names. As a result, the English toponyms came from different languages: British, Latin, Old English, Old Norse (two kinds), Norman and French. Each of these languages contributed to the development of existing place-names.

HISTORICAL FACTOR

Historical and socio-economic nomination of geographical objects of the territory of East England is due to the original settlement of its territory by various ethnic groups, penetration into these lands of Celtic peoples, conquests of Romans, Scandinavians. All these events formed a large group of names reflecting historical

events, socio-economic conditions of people's lives, work processes and skills. Framlingham, is a toponym of Old English origin, in translation into Kazakh ham – ферма and ling - ұрпақтар, адамдар. It gives us to conclude that the territory inhabited by people working for the Farms.

Littleport, is a toponym of Latin and British origin, in translation into Kazakh little – кішкентай, шағын, port – қақпа.The meaning of the toponym: 'кішкентай қақпа'.

LINGUISTIC FACTOR

East England is rich for toponymy, which has in its essence French, Celtic, Norman, French, Latin, Old English and other roots of the languages that formed it at different stages of existence of the state. As a rule, languages undergo changes: some words disappear from everyday life, others appear.

Ilford - the place name comes from Latin, Latin particle “ford” in translation into Kazakh means "өт-кел".

Burwell - the toponym originates from the Old English language. It is a composite toponym of. It consists of two words: “well”, in translation into Kazakh means 'құдық', ‘бастау’, “bur” - 'тұрғын үй'.

Bar Hill - the toponym originates from Old English and British languages. The word “bar” takes its origin in Old English and is translated into Kazakh as, 'қа-бан'. The second part of the toponym hill is translated, as a 'төбе'.

THE ETHNIC FACTOR

The names of English toponyms come from three main groups, one of which is a group of folk toponyms 'folk'. These names were used in the early stages of Anglo-Saxon formations. The number of folk toponyms is lower, but they are an important type of place names. Many names are important in England today. They became geographical names because they were transferred from people, who lived in this territory. Toponyms of this type contain characteristic elements, for example, settlers 'қоныс аударғандар'

and folk 'халық'. Suffolk relates to 'south-people's ". Dorset means 'Дорнды мекендеушілер', in which the Dorn is the form of the English name 'Dorchester'. Cornwall is a toponym of Celtic origin, with the addition of the Old English element walh, meaning 'Британдық'.

Hastings comes from the Old English language. The Old English ending 'ingas' means 'ұрпақ жалғастырушылар'. This name means the people of Haesta. Traditionally, scientists believed, that the names generated by 'ingas' represent the oldest english settlements, but more recent data make doubt this theory. Some endings of 'ingas' were formed in topographic perspective instead of a personal name. In this case, people reflected in their name the landscape around its settlement, and after a while this title became the name of the locality. Avening received its name from 'Эйвон өзенінің жағасында өмір сүретін халық' and Essex from 'ат үстіндегі адамдар'.

Doddington is a toponym of Old English origin. It consists of three parts. Ing, which means 'ұрпақ', ton is translated as 'қоршалған жер'.

NATURAL FACTOR

A group of names reflecting the geographic conditions of East England, is the most numerous of all toponyms, its about 60%. The word hill in English toponymy is the basis of the largest number of titles. This widespread use of it is due to the fact that the territory we study is in the hills. In England there are enough number of hills, which consist of various forms of relief.

Basildon - toponym of Anglo-Saxon origin. It consists of two parts: Basil, which means 'райхан', and 'don', which translates as 'төбешік'.

Bourn - toponym of Old English origin. It comprises one part. Bourn, in Kazakh, means 'су ағыны'. Born -'The settlement where the brook was flowing'.

Ilford is a toponym of Latin origin. It consists of two parts: 'Il' and 'ford', the prefix 'il' has been added with time and makes no sense. But particle 'ford' in translation into Kazakh means 'өткел'. Ilford is a 'settlement where the ferry was carried out'.

NAMES, DISPLAYING ECONOMIC PHENOMENA

Settlements, bearing names, indicate occupation of the population and his production skills, in size, in general, are smaller, but there are also large villages and former settlements. They show the actual spread of old trades.

Banham is a toponym of Old English origin. It composed of two parts: ban and ham. 'Ban' is a prefix that translates into Kazakh as a 'тыйым салу', and ham, is translated as a 'ферма'.

Bildeston is a place of Old English origin. It consists of two parts: bildes and ton. 'Bildess', a prefix that translates into Kazakh as 'құрылыс', and ton, is translated as a 'қоршалған жер'.

Dersingham is a toponym of Old English origin. It consists of two parts dersing and ham. 'Dersing' is a prefix that, over time endured formation: the original name of his own Derse and ham was translated as 'ферма'.

Toponyms are interested not only by linguistics, but by history, geography, culture, therefore toponymy has a long history of research and the presence of a significant number of works devoted to study of place names. Despite this, there are still a lot of problems, difficulties in interpreting toponyms, contentious issues related to definition of sources of toponyms and requiring closer attention not only from linguists, but also from historians.

References:

1. Мурзаев Э. М., Очерки топонимики. М., 1974, с. 28-79.

2. R. Coates. A new Explanation of the name of London. Transactions of the Philological Society, 96\2 (1998), 203 - 29.

3. M. Gelling. The Place – Names of Berkshire, 3 vols., EPNS 49-51(Cambridge, 1973-6) II, 322.

4. A.D. Mills, A Dictionary of British Place Names, Oxford Paperback Reference (2003).

Төлеубаева Ақнұр Мұхитқызы
Шетел филология магистрі, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан, 87014178438, aknur.87@mail.ru

«СОҢҒЫ ПАРЫЗ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ РЕҢКТЕГІ СӨЗДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. *Берілгн мақалада Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» шығармасындағы эмоционалды реңктегі сөздерді аудару мәселелері қарастырылып, ең қолайлы аудару тәсілдері анықталған.*

Резюме. *В данной статье рассмотриваются основные проблемы перевода эмоционально окрашенных слов в произведении А. Нурпеисова «Последний долг», также определяются самые эффективные приемы перевода.*

Summary. *In the given article the main problems of translating emotionally colored words in Abdi-Zhamil Nurpeisov's "Final respects" are considered, and the most effective methods of translation are also determined.*

Көркем аударманың теориясы мен практикасы күрделі және көп қырлы мәселелерді қамтиды. Әдеби шығарманың құрылым жүйесі, образдылығы, мазмұны, стилі, тілі секілді поэтикалық құбылыстармен бірге оның эстетикалық, лингвомәдени, сондай-ақ психологиялық және семиотикалық табиғатын түзетін көркемдік құбылыстарды пайымдау әдеби аударманың табиғатын таразылаудағы басты міндеттерінің қатарына жатады. Оның үстіне, аудармада автор мен аудармашының шығармашылық шеберлігі, даралығы қатар көрініс табады. Әрі түпнұсқа тілі мен аударма тілінің заңдылықтары қатар қызмет атқарады. Осының бәрі аударма мәселелерін зерттеудің саласы, арнасы өте көп, алуан түрлі екендігін көрсетеді.

Кез келген ұлт тарихтың қай кезеңінде дүние жүзілік қоғамдық даму процесінен оқшау өмір сүре алмайды. Қай ұлттың тарихын алсақ та, ол өзгелер халықтардың тарихымен байланысып жатады, басқа ұлттармен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста болады. Ал қарым-қатынастың басты құралы тіл екені баршаға аян. Ұлтаралық қарым-қатынасқа келсек, әр тілде сөйлейтін адамдардың арасында тілдік дәнекер керектігі өзінен-өзі белгілі. Міне, осы тұста аударманың қажеттілігі туады. Осы тұрғыдан келгенде, аударманың бастау көздері тым әрі, тарихтың тым ескі терең қойнауына кетеді [1,35].

Аудару іс-әрекетінің өмір сүруі ұлт тарихының көне қойнауымен астарлас. Аударманың іс-тәжірибесі қазақ ғылымында негізінен әдебиеттану саласының аясында көбірек талданып келгеніне және осы аспектіге бірыңғай лингвистикалық тұрғыдан қарастыру кейінгі жылдары ғана қолға алына бастады. Демек, аударманың лингвистикалық теориясы – қазақ тілтанымы үшін жас ғылым, сондықтан осы ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктерінің даралана қоймағаның себептері де түсінікті.

Ең алдымен аударманың процесс ретінде өтуі үшін де, теориялық түйіндерін жасау үшін де маңызды факторлар – аударудың амал-тәсілдері. Әлемдік аударматануда бұған қатысты тиянақты пікірлер айтылғанымен, бұл тұрғыдан әлі де шешімін таппаған мәселелер баршылық. Бұл көзқарастар роман-герман тілдерінен орыс тіліне (немесе керісінше) аударудың тәжірибесіне сүйеніп жасалған; түркі тілдерін орыс тіліне, оның ішінде қазақ тілінен орыс тіліне тәржімалау тәжірибесіне қорытындылауында аударманың амал-тәсілдерін қолдану үшін жалпы теориялық пікір-көзқарастар негізге алынды. Әлемдік аударматанудағы аударудың жолдарына орай айтылған түйіндердің бірқатары орыс тілінен қазақ тіліне, керісінше, қазақ тілінен орыс тіліне тәржімалаудың теориясы мен тәжірибесіне сәйкес келмей жатады. Бұның себебі түпнұсқа тілі мен аударма тілдің әртүрлі тілдер типологиясына енетіндігіне байланысты.

Аударма барысында аудармашы көптеген қиындықтарға тап болады. Соның бірі эмоционалды ренктегі лексиканы аудару барысында көптеген қиыншылықтар кездесуі мүмкін. Себебі ол арқылы біз адамның белгілі бір затқа қатынасындағы оны бағалау, экспрессия, ұлтшыл ойлау және дүниені түсіну сияқты қиын просцесстерді кіріктіреді.

Эмоционалды ренктегі лексиканы аудару мәселесі күні бүгінге дейін ең өзекті мәселелердің бірі болып қалмақ. Соңғы кездері оны зерттеу барысында стилистика, лингвомәдениет, психолингвистика және басқа да лингвистиканың салаларын қоса қарастырылу негізгі мәслелердің қатарында. Жалпы эмоционалды ренктегі лексиканы аудару мәселесі негізінен үлкен қиын жұмысты қажет етеді және қазіргі таңда өте аз қарастылрылған болып саналады.

О.В.Загоровская сөздің лексикалық мағынасын денотативті, коннотативті және образды компонент негізінде зерттеу керек деп айтады [2,74] . Тілшілер тілдегі лексикалық мағынаның төрт макрокомпоненттерін көрсетіп жүр. Олар: денотаттық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысты мағына бөлшегі [3,71]. Десек те, бұл жердегі денотаттық мағына мен сигнификаттық мағына бір компонент деп қарайтын көзқарастар да бар.

Ғ.Хасанов денотатов немесе (заттық, ситуативтік, синтагматикалық т.б.) сигнификатты,

коннотатты немесе эмотативті, прагматикалық және функционалды-стилистикалық макрокомпоненттер [4,51] деп бөледі.

М.Оразов көрсетіп отырған сигнификаттық мағына денотаттық мағынадан соншалықты қашықтап кетпейді. Олардың арасында жақындық бар. Сигнификат идеалды денотатқа сәйкестенеді. Автор жоғарыда сілтеме жасаған еңбегінде "егер байыптап қарайтын болсақ, сигнификат денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айымашылығы сол - ой субстантив қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда, сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзбей идеал денотатқа сүйенеді" [5,84] деп көрсетеді. Эмоционалды сөздерді талдауда жалпылық пен жалқылық ешқандай да маңыздылық атқармайтындықтан, аталмыш сөздерді компонентке жіктеуде денотат, сигнификат деп жіктемей, оларды бір компонент депссанайтындарды қолдай отырып, біз де бір компонент деп есептейміз.

Жоғарыдағы О.В.Загоровскаяның образдылықты компонент ретінде алуының себебі, біздің түсінуімізше, эмоционалды сөздерге байланысты болса керек. Осы жерде айта кететін бір нәрсе бар, Н.А.Лукянова образдылықты эмоционалдылықтың жеке бір жіктемеліктің белгісі ретінде беріп, оны эмотив пен экспрессив сөздердің коннотативті компоненттердің жеке бір семасы деп қарайды [6,16]. Біздің зерттеуімізше, образдылық жеке компонент бола алмайды. Ол жоғарыда айтып кеткендей денотативті, коннотативті компоненттердің жеке бір семасы ғана болуы мүмкін.

Жоғарыдағы лексикалық мағына компонеттерінің мәселесіне қайтып оралар болсақ, Т.А.Трипольскаяның көрсетуі бойынша тілдегі эмоционалдылықтың (эмоционалды сөздердің) семантикалық ерекшеліктерін анықтау аспектіде жүзеге асуы керек, бірінші-денотативті (заттық) мағына да, екіншісі - коннотативті мағына [7,51]. И.В.Арнольд денотат пен коннотат мағынасы туралы былай дейді: ақпараттың бірінші бөлгі сөздердің денотаттық мағынасымен тең келеді де, ол ұғым деп аталады. Ұғым арқылы денотаттық мағына сыртқыgөмірмен байланысады. Пікір алысудың екінші бөлігі сөйлеушілермен және олардың жағдайлармен байланысты болып, коннотацияға тең келеді. Оған эмоция, экспрессия, бағалау және мағынаның стилистикалық компоненттері жатады [8,109].

Осы мәселелер ағылшын тілді оқырман үшін Кэтрин Фитцпатрик аударған және «Liberty Publishing House» американдық баспасы басып шығарған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» шығармасының төңірегінде қарастырылып отыр. Әрине, табиғатты суреттеу оны шығармада "шертілер қос ішектің" бірі етіп алу – көптеген жазушыларда бар тәсіл, бірақ әңгіме сол табиғат суретін шығарма өзегіне қай жолмен, қай әдіспен жымдастыруында. Қаламгер оны әсем қою бояулармен қылқалам шеберінің полотноға салған картинасындай етіп береді, екіншісі аз сөзбен айтқанда штрих түрінде келтіреді, үшіншісі, Ә.Нұрпейісов табиғатқа "жан береді", жансыз дүниені жандандырады.

Автор табиғат, адам, қоғамды мәдениеттің образы етіп жасаса, ол сол шығармалардың жанры мен тілінің сәйкестігі, қабысуы болып тұр. Демек, бұл – жазушы тіл өрнегінің бір қыры.

«Соңғы парыз» – қоғам байланыстары негізінде туған роман. Осының бәрі егжей-тегжейлі, авторға тән қайталанбас тілмен берілген және орыс тіліне аударуда керемет көрініс тапқан. Романның негізгі мазмұны жинақталған атауларға ерекше мән беріледі: "Сондай да бір күн болған", "Сондай да бір түн болған" ("И был день", "И была ночь").

«Соңғы парыз» романын Ә. Нұрпейісов 25 жыл бойы жазуы, суреткердің қазақ халқының қасіреті, әлемдік алапат – Аралдың қасіретіне философиялық тұрғыдан келуі романның бағасын арттыра түседі. Роман-диологияның бірінші кітабын Г. Бельгер мен А. Ким, ал екінші кітабын – А. Ким аударды.

Өзі көзбен көріп, көкірегіне түйген шындығын саралап, көркем жеткізуге ұмтылыс жасағандардың бірі - Ә. Нұрпейісов. Оның үлкен шығармасы – «Соңғы парыз» - ұлттық әдебиетімізге әлеуметтік-психологиялық тақырыпта жазылған табысы мол туынды болып қосылды.

Жазушы шығармаларындағы авторлық жеке суреттер (бейнелер) ұлттық колориті басым лексикалық бірліктердің маңызды екенін көрсетеді. Жазушы шығармаларында жасалған әлем бейнесі дүниені автордың сезінуін көрсетеді. Ақиқат өмірдің көрінісі – көркем шығарма негізінде жатыр. Онда нақтылы өмірдің ізі, сәулесі, шындығы барынша көрінген.

Шығарманың өзіндік ерекшеліктері мен аудармадағы ерекшеліктерге тоқтала кетер болсақ, ең алдымен, түпнұсқаның 3 жақта, ал аударманың 1-ші жақта жазылғанын байқауға болады. Соның өзінде аударма тілінде жазылған шығарма өзінің адекваттылығын жоғалтқан жоқ. Шығармадағы эмоционалды ренктегі сөздер қоры өте кең. Аудармада кейбір эмоционалды ренктегі лексикалық бірліктер аударылмай, олар тек транскипция әдісі арқылы берілген. Кейбір қазақ халқы мен қазақ тіліне тәне ерекше сөздер мен сөз таптарының аудармасы, ал кейбіріне жоғарыда аталған транскрипция әдісі арқылы беріліп, беттің соңында оларға түсіндірме берілген. Олардың көбіне аудармасы берілген. Кей жерлерде шамалы ауытқу болса, кей жерлерде бұндай сөздер бір емес бірнеше сөздермен, не сөз таптары арқылы түсіндіріліп жазылған. Олар мынадай:

Таң атқанша дырдуға басқан дипломды жігіттер ұйықтап жатқан кісілердің үстіне баса-көктеп кірмеді демесең, сол түні көшені басына көтеріп-ақ бақты. [9,5]

You and your fellow graduates partied all night long in their joy – you sang, shouted, and romped disturbing their neighbors' sleep. [10,14]

Берілген сөйлемдегі лексикалық бірлік қимылды білдіретін эмоционалды сөздер тобына жатады. Ал толық сөйлем аналог әдісі арқылы аударылған. Яғни оның беріп тұрған мағынасы бір, бірақ сөйлемнің құрылымы өзгешеленген және осы сөйлемде түсіріп тастау әдісі қолданылған десек болады. Түпнұсқадағы баса-көктеп эмоционалды ренктегі лексикалық бірліктің нақты аудармасы берілмеген. Сондықтан осы сөйлемді мағыналық жағынан жеткізу, яғни интерпретация әдісіне сайма-сай деп қарастырамыз.

– Атың қалай, балақай? – деді бұған.

"Жолым болар" деп ойлады. Лүпілдеп қатты соғып кеткен жүрек кенет алқымға тығылып, аты ауызға түсем дегенше қобдидай столдың аржағында отырған күж қара қойқаңдап қозғалақтап қалды:

– Атың... Атың қалай?

– Жәдігер.

– Жәді-гер?.. Тоқта! Тоқта, балақай. Ұмытпасам, жас кезімде оқыған бір қиссада Жәдігер деген... Иә, Жәдігер деген біреу болған сияқты еді? Ал бар-ау, дәу де болса соның өзі батыр болатын. Ал, сен... – деп күж қара таңданғаны, әлде таңырқағаны белгісіз, бұның бас-аяғына көз жүгірте түсті де, кенет қуанып кетті.– Балақай, сен де осал емессің, тұлғаң батырға келеді. Бой бар. Ал, анау... Өзіңде анау да біраз болар? Ха-ха-ха!..[9,8]

–So your name is Jadiger?

–Yes, yes Jadiger, you repeated and through joyfully. May be, I'll get lucky! Your heart beat harder.

– 'You know that there was a batyr from the epic tale who was named Jadiger. But you… you…' and either surprised and gladdened by the comparison he had come up with, the far man looked you over from head to toe and chucjled. 'Look here, you look a bit like a batyr. The height is right, and you're long –legged. And thay sprout of yours… ! [10,17]

Жоғарыда берілген үзіндіде бірнеше эмоционалды ренктегі лексикалық бірліктер қолданылған. Берілген лексикалық бірліктер сөйлемің лексикалық контекстін өзгертіп тұр. Яғни аталмыш бірліктердің әсерінен барлық сөйлемнің мағынасы өзгеріп тұр. Жалпы үзінді аналог әдісі арқылы аударылған. Сонымен қатар орын ауыстыру мен генерализация әдісі де қолданылған. Яғни сөйлемдердің орындары ауысқан. Алайда, аударма адекваттылығын жоғалтпады. "Жолым болар" деп ойлады. - . May be, I'll get lucky! Эквивалент әдісі арқылы аударылған. Екі нұсқада да адамның ішкі ойы сипатталған. Адамның физикалық, психикалық немесе көңіл-қалпын білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық тобына жатады. Оның ішінде адамның ішкі көңіл-күйі мен қобалжуын білдіреді. Ал, сен... - ... – деп күж қара таңданғаны, әлде таңырқағаны белгісіз, бұның бас-аяғына көз жүгірте түсті де, кенет қуанып кетті. But you… you…' and either surprised and gladdened by the comparison he had come up with, the far man looked you over from head to toe and chucjled – берілген эмоционалды ренктегі лексикалық бірлікті адамның физикалық, психикалық немесе көңіл-қалпын білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық тобына жатады. Оның ішінде қулану не мазақтау семасына жатқыза аламыз. Балақай, сен де осал емессің, тұлғаң батырға келеді. - 'Look here, you look a bit like a batyr. Ең алдымен Балақай лексикалық бірлігін жеке қарастыратын болсақ ол еркелету мәніндегі лексикалық бірліктер семасына жатқызамыз. Алайда аударма түсіріп тастау әдісі қолданылған. Оны біз шендестіру деп те қарастыра аламыз. Себебі, оның орнына Look here қаратпа сөзі пайдаланылған.

Тоқта... Сонда неге ұқсауы мүмкін? Бәсе, осы сылбырлық емес пе еді он үш жыл бойы Бәкизаттың жүйкесін құртып біткен? Соның аяғы бұл, міне, айдалада, аңыраған ашық теңіз үстінде тұр. [9,3]

Wait a minute…was that not your very life? Was it not same awkwardness that had depressed Bakizat all those thirteen years? And now here was at its ending – and you were lonely, forsaken, exhausted on a barren, icy field. [10,13]

Сөйлемдегі берілген эмоционалды ренктегі лексикалық бірліктерді қалыпты білдіретін эмоционалды сөздер тобына жатқызамыз , оның ішінде тұру семасы. Сипаттау әдісі арқылы аударылған.

Кім еді осы, әкесі ме еді: "аяғы дүниенің ырың-жырың" деген? Ырың-жырың... [9,3]

For good reason its said that a life at its ends is like a torn rag [10,3]

Сөйлемдегі эмоционалды ренктегі лексикалық бірлік Ырың-жырың... - a torn rag сипаттау әдісі арқылы берілген. Себебі қазақ тіліне сай жоғарыда берілген сөз ағылшын тілінде қолданылмайды. Сөйлемде түсіріп тастау әдісі де қолданылған. Кім еді осы, әкесі ме еді: - сөз тіркесі түсіріліп тасталған.

...рас, әкесінің немере інісі – Сары Шая... Бірақ ол қырттың барынан жоғы.. [9,6]

True, there was only your fathers counsin, Sary Shaya… But it was better without that son of a bitch. [10,14]

Аударма толығымен берілген. Сөйлемдегі эмоционалды ренктегі лексикалық бірлік бір жағынан алғанда адамның ішкі психологиялық көңіл-күйін білдірсе, екінші жағынан ол демонология семасына жатады. Оны біз белгілі бір ызалық семасындақарастырамыз, оның қалпы денотатив компонентке экспрессив - бағалауыштық мағынадағы сөзге тән келеді.

... таң атқанша дырдуға басқан дипломды жігіттер ұйықтап жатқан кісілердің үстіне баса-көктеп кірмеді демесең, сол түні көшені басына көтеріп-ақ бақты[9,5].

You and your fellow gdaduates partied all night long

in their joy – you sang, shouted, and romped disturbing their neighbors sleep. [10,14]

Физиологиялық процесті білдіретін эмоционалды сөздер (ішу, жеу, күлу, жылау, сөйлеу, қарау, түкіру семаларының барлығын бірге алып қарастыра аламыз). Сипаттау әдісі арқылы аударылған, сонымен қатар толықтыру әдісі қолданылған. - көшені басына көтеріп-ақ бақты - romped disturbing their neighbors sleep. Көше – neighbor сөзімен алмастырылған. Оны аударма теориясында алмастыру әдісі деп айтамыз. Түсіріп тастау әдісі де қолданылған - жігіттер ұйықтап жатқан кісілердің үстіне – түсіріліп тасталған.

– Қанішер... Көр! Көр, не істегеніңді! [9,27]

–'Hey, you blood-sucker…Look! Well, look at what you've done!' [10,30]

Сөзбе сөз аударылғанымен, мағынасы жоғалмаған, толықтай адекватты аударма болып табылады. Адамның физикалық, психикалық немесе көңіл-қалпын білдіретін эмоционалды сөздердің лексика-семантикалық тобына жатады. Жоғары эмоционалдылықты байқауға болады. Айқайлау не ұрсу семасына жатқызамыз. Қанішер... - blood-sucker… қос тілде де демонология сөзіне жатқандықтан, демонологиялы жмоционалды ренктегі сөздер тобына жатқызамыз.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» шығармасының ағылышын тіліне аударылған нұсқасын талдап, шығармадағы эмоционалды ренктегі лексиканың аударылу ерекшеліктерін анықтап және салыстыру жұмыстары жасау нәтижесінде бірнеше мысалдар таңдалып, ұсынылып отыр. Осыған орай, көркем шығарма мәтіні экспрессивті немесе эмоционалды, эстетикалық ақпарат беретін құрал болғандықтан, оның оқырманға немесе тыңдарманға образды-эмоционалды әсер ететін ерекшелігі бар екені анық мәселе.

.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Алдашева А. М. Аудармадағы баламалық (орыс тілінен қазақ тіліне аударылған нұсқалар негізінде). – Алматы, 2004.

2. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы,1995.

3. Джунисбеков А. Казахский язык без грамматики. Ч III. – Алматы, 2011.

4. Жаманбаева Қ. Түркі тілдеріндегі тілдік ерекшеліктер.– Алматы, 2001 ж.

5. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы,1968.

6. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі (тарихи-этимологиялық байқаулар, материалдар). – Алматы, 1976.

7. Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II бөлім. (лексика). – Алматы, 1955

8. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова). Алматы, 1989.

9. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз - Алматы: Жазушы,1999.

10. Nurpeisov A. Final respects – New York: Liberty Publishing House, 2013.

Сырлыбаева Гульнара Торебековна
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
филол.ғ.к. Талдықорған, gulnara_s.t81@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРСЫ МӘНДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Түйін. *Мақалада қарсы мәнді фразеологизмдердің қалыптасуы мен оның даму тарихы туралы қарастырылған. Қарсы мәнді фразеологизмдердің семантикалық ерекшелігі қамтылып, антонимдік-синонимдік парадигмалары, антоним фразеологизмдердің полисемиямен байланысы анықталған.*

Сондай-ақ, мақалада антонимдердің фразеологиялық бірліктердің мағынасын салыстыру арқылы туындайтындығы туралы айтылды.

Кілт сөздер: *фразеологизм, антоним, парадигма, синоним, полисемия, семантика.*

Резюме. *В статье рассматривается история изучения и способы образования фразеологизмов с противоположными значениями. Анализируется семантическая характеристика фразеологизмов с противоположными значениями, рассматриваются антонимично-синонимические парадигмы, связь фразеологических антонимов с полисемией. А так же в статье сравнивается значение фразеологических единиц.*

Ключевые слова: *фразеологизм, антоним, парадигма, синоним, полисемия, семантика.*

Summary. *The article discusses the history of the study and ways of formation of phraseological units with opposite meanings. It examines the semantic characteristics of phraseological units with opposite meanings, considers antonymous-synonymic paradigm, the connection of phraseological antonyms with polysemy. The article also discusses the importance of phraseological units that it is determined not on the basis of a structural nature, but in comparison of meaning of phraseological units.*

Key words: *phraseology, antonym, paradigm, polysemy, synonym, semantic.*

Жалпы тіл білімінде лексикалық антонимдер жиырмасыншы ғасырдың 50-жылдардан бастап зерттелінсе, фразеологиялық антонимдер 60-жылдарынан бастап зерттеушілер назарына ілікті. Тілдегі фразеологиялық антонимдер мәселесі туралы деректер лексикология мен фразеологияға арналған оқулықтарда, шағын мақалаларда, санаулы зерттеу еңбектерінде көрініс тапқан. Десек те, аталмыш тақырып төңірегіндегі дәйекті ой мен ғылыми тұжырымдар мүлдем жоқ деп те айта алмаймыз. Төмендегі талданатын зерттеу еңбектері осы айтылған ойымыздың дәлелі болары анық.

Тіл білімінде фразеологиялық антонимдердің алғашқы теориялық негізін және осы мәселе жөніндегі идеяны дамытушы зерттеуші – А.И. Алехина. Ғалымның 1968 жылы «Фразеологическая антонимия в современном английском языке» атты оқу құралы жарық көрді /1/.

Жалпы тіл білімінде А.И. Алехина теориясының жалғасы Л.П. Зимина (неміс тілі), Т.А. Тонконогова (француз тілі), Ж.К. Қонақбаева (ағылшын, орыс, қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдерді салыстыра зерттеу) сияқты зерттеушілердің кандидаттық диссертацияларында және Е.Н. Миллердің (орыс және неміс тіліне қатысты) ғылыми-теориялық еңбегінде көрініс тапты.

Түркі тілінде, соның ішінде башқұрт тіліндегі фразеологиялық антонимдерге қатысты ғалым З.Г. Ураксин, түркмен тіліне қатысты Б. Байжанов, қазақ тіл білімінде Ж.Мусиннің еңбектерінде дәйекті пікірлер, ғылыми ой-тұжырымдар айтылады.

Лексикалық антонимдердің теориясын қалыптастырушы Ж. Мусин болашақта қарсы мәнді фразеологиздерді зерттеу керектігін тілге тиек етеді. «Фразеологизмдер көбінесе сапалық-бағалық сипатта болады. Сондықтан көптеген идиомдар мен фразалар бір-біріне қарсы мағынада болып келе береді» – деген тұжырымды да ғалым Ж. Мусин жасаған болатын [2, 20 б.].

Ж. Мусиннен кейін қазақ тіліндегі алғыс-қарғыс мәнді фразеологизмдер мәселесін зерттеуші С. Төлекова оларды антонимдік қасиетіне қарай топтастырады:

1) Фразеологогизмдердің мағыналарының тұтастай қарама-қарсы қойылуы: қуанышың қойыңа сыймасын ↔ кесір кетитіңе жолыққыр, құсіретіңе жолыққыр.

2) Қарсы мәндегі фразеологизмдерде бір сөз қайталанып келеді, мұндай сөздер негізінен фразеологизмдерге тірек сөз болады: жолыңа жуа біткір ↔ жолың даңғыл болсын, жаның жадырағыр ↔ жаның шыққыр.

3) Фразеологизмдердің бір немесе екі компоненті фразадан тыс алғанда қарсы мәнге ие болады: көзіңнің оты жансын ↔ көзіңнің оты өшсін, ұзақ өмір берсін ↔ өлім келгір [3, 99 б.].

Тілдік фактілерден мағына қарама-қарсылығы фразеологизмдерге де тән құбылыс екенін аңғардық. Фразеологизмдердің қарама-қарсы мағынада жұмсалуы лексикалық антонимдерге қарағанда өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік көбінесе фразеологизмдер мен лексикалық бірліктердің жеке қасиеттері негізінде туындайды.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің ең алдымен семантикалық категорияға қатысы тұрғысынан

ерекшеліктерін анықтауға болады.

Фразеологиялық антонимдік-синонимдік парадигмалар. Кез-келген фразеологиялық антонимдер мағына қарама-қарсылығына негізделумен қатар, олардың мағыналарының ұқсастығы мен жақындығына, бірегейлігіне, ортақ мағынаның болуына негізделеді деген тұжырым қалыптасады. Осы тұрғыда қарсы мәнді фразеологизмдер синонимдік фразеологизмдермен байланысты болары анық. Нәтижесінде лексикадағы сияқты фразеологизмдер де антонимдік-синонимдік байланысқа түседі. Бұл мәселе төңірегінде тіл білімінде біраз болса да ғылыми ойдың негізі қаланған. Осы ретте З.Г. Лукина: «Антонимдік жұптардың қалыптасуына синонимдердің тигізер ықпалы өте зор» /4, 105 б./ – деп тұжырымдаса, Б.А. Плотниковтың айтуынша: «Антонимдер мен синонимдерді бір семантикалық шеңбердің ауқымында қарастырған дұрыс». Зерттеуші осы тұрғыда былай деп ой түйеді: «По семантическим свойствам, проявляющимся в синтагматическом плане языка, синонимы и антонимы не различаюшиеся между собой, относятся к одному кругу семантических явлений и могут рассматриваться в рамках одной синтагмо-подсистемы» /5, 68 б./.

Айтылған тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, фразеологиздердің антонимдік-синонимдік парадигмаларының семантикалық-құрылымдық ерекшеліктері негізінде олардың арасындағы байланыстардың төмендегідей түрлерін көрсете аламыз:

1) Фразеологизмдердің бір қатарлы антонимдік-синонимдік топтары. Мұнда бір фразеологизмге синонимдік қатардағы фразеологизмдер түгелдей антоним болып келеді: дені сау фразеологизміне дертті болу → басы ауырып, балтыры сыздау → өкпесін сүйретіп жүру → сары жамбас болу фразеологизмдерінің әр қайсысы антоним ретінде жұмсалу қасиетіне ие.

Кейбір жағдайда бір ғана фразеологизмге қарсы мәнде жұмсалатын синонимдік қатардағы фразеологизмдер саны үшеу, төртеумен шектелмей одан да көп ұшырасады: дүниеге келу фразеологизміне ажал нәубеті жету → ақ кебінге орану → дәм-тұзы таусылу → демі тоқтау → дүние салу → дүниеден көшу (өту) → дүниеден қайту → жаны пида болу → жаны жаһанамға кету → жер қабу → жер жастану → топырақ жамылу → көзі жұмылу → қаза болу → қайтпас сапарға кету → о дүниеге сапар шегу → үзіліп кету → сағаты біту.

2) Фразеологизмдердің екі қатарлы антонимдік-синонимдік топтары. Байланыстың бұл түрінде синонимдік фразеологизмдердің екі қатары алынады да, бір-бірімен антоним болып жұмсалады.



Келтірілген байланыс негізінде мынадай антонимдік фразеологизмдерді жұптастыра аламыз:

өлердей жақсы көру ↔ жаны (қаны) қас
өлердей жақсы көру ↔ иттің етінен жек көру
өлердей жақсы көру ↔ суқаны сүймеу
Немесе:
шығарда жаны бөлек ↔ жаны (қаны) қас
шығарда жаны бөлек ↔ иттің етінен жек көру
шығарда жаны бөлек ↔ суқаны сүймеу

Кей жағдайда бір қатардағы фразеологиялық синонимдер екінші қатарға енген фразеологизмдердің кез келгенімен антоним бола бермейді. Яғни, антонимдік жұп құруда фразеологизмдер синонимдік қатардағы фразеологиялық бірліктермен таңдап, талғап антонимдік байланыс түзеді. Мұнда ең бастысы фразеологизмнің беретін мағынасы басшылыққа алынады.

Мәселен, жанына пышақ жанығандай → қабырғасынан күн көріну → шыр бітпеген → көк бақа → мойнынан жалы кету деген синонимдік қатардағы фразеологизмдер бір ғана «арық» мағынасы сипаттап тұр. Оған қарсы «семіз» мағынасында жұмсалатын синонимдік фразеологизмдер –жардай болып семіру → үрген қарындай → бес биенің сабасындай → басы табақтай, қарны қабақтай. Келтірілген синонимдік қатардағы фразеологизмдер төмендегідей қарсы мәнді иеленеді:

жанына пышақ жанығандай ↔ бес биенің сабасындай
қабырғасынан күн көріну ↔ май басу
шыр бітпеген ↔ үрген қарындай

Бұл фразеологиялық антонимдер адамның түр-тұлғасының арық-семіз сияқты сипатының қарама-қарсы жағын көрсетіп тұр. Ал егер: көк бақа ↔ басы табақтай, қарны қабақтай; мойнынан жалы кету ↔ май басу десек, бұл жұптарға антонимдік қасиет тән емес. Себебі, көк бақа, мойнынан жалы кету фразеологизмдері тек арық малға қатысты айтылады да, бұларға жұп болып тұрған басы табақтай, қарны қабақтай, май басу фразеологизмдері адамның семіздігін білдіріп тұр. Көк бақа, мойнынан жалы кету фразеологизмдері малдың семіздігіне қатысты жұмсалатын жардай семіз фразеологизмімен антонимдік жұп құрай алады.

Мұндай жағдайда фразеологизмдердің нақты антонимін анықтауда оларды контексте беретін мағынасы басшылыққа алынуы тиіс. Мысалы:

Семіз мал бар дейсің бе, қазір бәрінің еті көк бақа («Айқын»).

Жалы кетсе мойнынан,
Арғымақ ат шаба алмас
Ерден туған жампозға
Арыса кіре сала алмас (Шернияз).

Арыстан, қасқыр, түлкі – уақ аң, тышқан аулап күн көреді. Түйе жердің оты мен суына жардай болып семіреді («ҚЕ»).

Бірінші сөйлемде көк бақа фразеологизмі малдың жалт етері жоқ, өте арық екендігін білдіреді. Екінші сөйлемде жалы мойнынан кету фразеологизмінің арық атқа, жылқы малына қатысты қолданылғанын көруге болады. Үшінші мысалда бұл фразеологизмдерге қарсы мәнде жұмсауға болатын жардай болып семіру малдың семіздігіне қатысты мағынаға ие.

Сонымен, фразеологизмдердің антонимдік-синонимдік парадигмалары негізінде түрлі тілдік өзгешеліктер көрініс табады. Мәселен, бір қатарлы синонимдік фразеологизмдердің әрқайсысы бір ғана фразеологизмге антоним болуы мүмкін. Немесе екі қатарлы синонимдік фразеологизмдер өзара бір-біріне қарсы мәнде жұмсалып, антонимдік жұп құру қасиетіне ие. Алайда, тілімізде мәндес мағынада тұрған фразеологизмдер келесі синонимдік қатардағы фразеологиялық бірліктердің барлығымен антонимдік байланысқа түспей, таңдапталған антоним болу қасиетін иеленеді.

Қарсы мәнді фразеологизмдердің полисемия құбылысымен байланысы. Қазақ тіліндегі антонимдердің полисемия құбылысымен байланысы турасында Ж. Мусин былай дейді: «Антонимияның полисемия құбылысымен шектесуі сөздің контекстік мағынасы, ауыс мағынада қолданылуы, оның экспрессивтік-стильдік синонимдік мәні т.б. жайттармен қат-қабат байланысып жатады» [2, 13 б.].

Лексикалық антонимдердің полисемия құбылысына қатысы жөнінде А. Жүсіпов формула арқылы (V=) көп мағыналы сөздердің антонимдік жұпқа түскендегі семантикалық ара салмағын ажырату үлгісін ұсынады.

Автордың пікірінше: «антонимия мен полисемияның ара қатынасын объективті түрде беру үшін полисемияның ауқымы кең екенін ескерген жөн, сондықтан қарама-қарсылық полисемияға байланысты, ал полисемия өз кезегінде антонимияны күрделендіру үшін қажет, әркез сөздердің тура қарама-қарсы қойылуын қиындатады» [6, 16 б.]. Бұл лексикалық антонимдерге қатысты айтылған ой. Фразеологизмдердің көп мағыналарының антонимдік жұбын анықтауда да, әр мағынаға қарама-қарсы қойылатын фразеологизмдерді іздестіреміз.

Тіліміздегі фразеологизмдердің көп мағыналарының саны екеу немесе үшеу ғана, ал лексикалық антонимдердің беретін мағыналары өте көп болып келуі тілдегі бір ерекшелік деп танимыз. Көп мағыналы фразеологизмнің мағыналарының біріне қарсы мәндегі фразеологизмді олардың семантикасына сүйеніп анықтай аламыз.

I. Фразеологизмдер антонимдік жұп құрағанда олардың көп мағыналарының біреуінің ғана антонимдік мәнде көрінуіне төмендегідей мысал келтіруге болады: дедек қағу фразеологизмінің 1) зыр жүгірді, алды артына қарамай зытты; 2) қорқып қалтырады деген көп мағыналары бар. Бұл фразалық тіркес бірінші мағынасында тұрып, табан аудармай отыру деген екінші бір фразеологизммен антоним болады.

Немесе, жанын жалдау тұрақты тіркесінің беретін мағыналары:

1) өтірік айту, алдау;
2) ептеп-септеп күн көру;

Бұл фразеологизм алғашқы мағынасында тұрып ағынан жарылу фразеологизміне қарсы мәнде жұмсала алады.

Тілімізде көп мағынаға ие фразеологизмдердің бірі – аузымен құс тістеу, беретін мағыналары:

1) жүйрік, ұшқыр;
2) сөзге шешен;

Аталған фразеологизм сөзге шешен адамға қатысты мағынаға ие болған жағдайда екі сөздің басын құрай алмау деген фразалық бірлікпен антонимдік жұп ретінде жұмсалады.

II. Көп мағыналы фразеологизмнің әр мағынасының бір мағыналы фразеологизммен антоним болуы. Мысалы: салт басты, сабау қамшылы фразеологизмі:

1) жалғыз басты (кісі);
2) жарлы, кедей, малы жоқ мағыналарын білдіреді.

Осы берілген мағыналардың әрқайсысы мынадай тұрақты тіркестермен антонимдік жұп құрайды: салт басты, сабау қамшылы (1) ↔ үйлі баранды (жанұясы бар), салт басты, сабау қамшылы (2) ↔ төрт түлігі сай (малға байыды).

Дәл осы сияқты бүйірі шығу тұрақты тіркесінің беретін мағыналары:

1) қарны қампиып тойды;
2) жарыды, жетісті. Осындай көп мағынаға ие болу нәтижесінде мынадай антоним жұптар жасалады:

бүйірі шығу (1) ↔ өзегі талу
бүйірі шығу (2) ↔ тақия тамтығы қалмау

Жөніне кету фразеологизмі:

1) дұрыс жолға түсу;
2) жайына отыру, ешнәрсеге араласпау мағыналарын білдіре тұрып, төмендегідей екі антонимдік жұп құрайды:

жөніне кету (1) ↔ жолдан таю
жөніне кету (2) ↔ құйысқанға қыстырылу

Мойнына су кету фразеологизмінің білдіретін мағыналары:

1) жүдеп - жадады;

2) қысылды ұялды, осы мағыналар негізінде мойнына су кету (1) ↔ гүлдей жайнау; мойнына су кету (2) ↔ беті бүлк етпеу фразеологиялық антонимдер жасалып тұр.

Фразеологиялық антонимдердің полисемия құбылысына қатысы негізінде: көп мағыналы фразеологизмнің ұғымдық сипаты негізінде фразеологиялық антонимдер саны да молайып отыратындығын, көп мағыналы фразеологизмдердің антонимдігі синонимия құбылысымен тығыз байланыста келіп, нәтижесінде фразеологиялық антонимдердің қатарының көбеюіне, күрделенуіне себебші болатындығын байқадық.

Әдебиеттер тізімі:

1 Алехина А.И. Фразеологическая антонимия в современном английском языке: Уч. пособие. – Челябинск, 1968. – 43 с.

2 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984. – 176 б.

3 Төлекова С. Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер: Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1974. – 152 б.

4 Лукина З.Г. Синонимы и антонимы в пределах лексико-семантической группы слов // Лексикографический сборник. – Москва, 1963. - Вып. 6. – С. 105-116.

5 Плотников Б.А. Дистрибутивно-статистический анализ лексических значений. – Минск, 1979. – 134 с.

6 Жүсіпов А. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары: Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Астана, 2004. – 154 б.

Сұлтанова Бибігүл Мыңбайқызы
ф.ғ.к.

Ермағамбетова Ләззат Нұрғабылқызы
п.ғ.к., Абылай хан ат. Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Тойғанбекова Майра Шоданқызы
аға оқытушысы

Наралиева Рахила Тұрсынқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, аға оқытушы

ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНЫ ЖӘНЕ ТЕКТІЛІК ФЕНОМЕНІ

Түйін: *Мақалада қазақтың белгілі батыры, шешен, Байбақты руының биі Сырым Датұлы ерлігін суреттеген тарихи роман талданған. Романда Сырым батыр ерлігі, күресі арқылы қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күресі кең ауқымда суреттелген. Автор көркем шығармаға арқау болған тарихи шындықты барынша ұтымды пайдаланған.*

- Элементарлы компоненттерді «құрылыс блоктарын» іздеу көзқарасымен аналитикалық процесті зерттеу. Ал олардан әртүрлі аналитикалық технологиялар құрылады. Бұл кезде талдау процесінің құрылымын зерттеу негізі ретінде күрделіліктің үш деңгейлі концепциясын қабылдау керек, оған сәйкес процестің кез-келгені үш деңгей-саты, процедура, операция элементтерімен сипатталады.

Эвристикалық амалдарды ұйымдастыруда, басқару шешімдерін қабылдау кезінде менеджерлерді нақты және жедел ақпараттармен қамтамасыз етуде, экономикалық қатынастарды нығайту барысында пайдалана алады, сонай-ақ есеп және аудит мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарында пайдалануға болады.

«Экономикалық эвристика» терминін пайдалана отырып дефинитивті деңгейге назар аудару жөн. Ол бұл түсінікке анықтама берген кезде ғылыми әртүрлі түсінбеушілікті болдырмауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні «эвристика» категориясының әртүрлі авторлары көбінесе қарама-қайшы трактовкаларды береді. Осылайша, Н.Г. Чумаченко, М.И. Баканов, А.Д. Шеремет эвристиканы математикалық бастаманың өнімі ретінде қарастырады. И.Г. Венецкий және В.И. Венецкая керісінше «Эвристикалық әдістердің көрінетін математикалық негіздемесі жоқ» деп белгілейді.

Сондықтан экономика және басқарудың әртүрлі саладағы отандық сияқты шетелдік мамандардың бірқатар пікірлері келтірілген. Табиғи субъективизмге қарамастан әрбір ғалымның позициясы экономикалық эвристикалық мәнінің объективті сипатын ашып көрсетуге айтарлықтай көмектеседі.

Кесте 1. Әртүрлі белгілері бар позициялар бойынша оның мазмұнына қарай пікірлері топтастырады.

Кесте 1. Мәліметтері ең белсенді маңызды сипаттамаларға (оған бірінші ранг тағайындалды) эвристикалық процеске адамның оның тәжіребиесінің интуициясының тікелей қатысуы жатқызылғандылығы туралы көрсетіледі. Бұл пікір өте кеңінен көрсетілген.

Кесте 1- Жекелеген мәнді белгілер бойынша эвристика анықтамалары

№	белгілері авторы	іздеу диапазоның қысқарту, шектеу	нәтиженің қанағатты болуы, қабылдауға болатындығы	маманның тәжірибесі, білімі және интуициясы	алгоритмнің жоқтығы, нысансыздық	Нұсқауларды жинау баламалы түрде іздеу
1	Папп Алекс					
2	Антонов А.В.				+	+
3	Баканов.					
	Шеремет		+		+	
4	Брунер Дж.				+	
5	Венделин А.Г.	+	+			+
6	Венецкие М.				+	
7	Джонсон и др	+	+			
8	Кофман А.		+	+		
9	Ларичев О.	+		+	+	
10	Миллер и др.			+	+	
11	Минский М.	+				+
12	Оптнер С.		+	+	+	+
13	Пойа Дж.		+	+	+	
14	Словарь					+
15	Янг С.	+	+			+
16	Янч Э.			+		

Ескерту: Позднякова В. Я. «Анализ и диагностика финансово- хозяйственной деятельности предприятий»

А.Кофман, А.Анри-Лабордер: «Эвристикалық әдістер» бір қатар жағдайларда интуитивтік түрде немесе ақыл-ой негізімен шығарылатын реттеуші ережелер жиынтығы деген.

О.И. Ларичев: эвристикалық әдіс жалпылай және толықтай есеп шығаратын зерттеушіге байланысты. Көбінесе бұл бұрынғы тәжірибиеге негізделген интуитивті тапқырлық әдісі. Бұл туралы, адамның өзі шындығына былай айтады: «Қалай екенің білмеймін, бірақ мен мынаны істей аламын» [3].

Шындығында экономика мәселелерінің көпшілігі сапалы сипатта болады. Осының салдарынан олардың шешілуі тек жартылай ғана нысандандырылуы мүмкін. Ситуациялық және оның мәселесінің бір тұтас бейнесін тек адам миы ғана сезуге қабілетті. Сондықтан эвристикалық ядросы оның негізі болып табылатын шығармашылық ойлаудың психологиясы деп көрсеткен авторлармен толығымен келісуге болады.

Негізгі (басты) мәселені шешуге мүмкіндік беретін мәселені бөліктерге бөлу және сол арқылы шешу логикалық талдау деп аталатын барлық рационалистік процесс (үрдіс) белгілі-бір кемшілікке ие. Қазіргі интуитивизмнің негізін қалаушы Анри Бергсон: «Талдау әрқашан жылжымайтынға сүйеніп жүргізіледі, ал интуиция өзін жылжымалыққа кіргізеді» деп айтқаны дұрыс болады.

Адамның интуитивті ойлауының табиғи заңдарын зерделеу оның мүмкіндіктерінің шегінде жатыр. Бірақ интуитивті талдау нәтижелерінің алу процесін зерттеу мүмкін болады және ол эвристикалық теорияға жүктелген. «Эвристикалық әдістер әртүрлі есептерді шешу кезінде адам қызметіні әртүрлі сатысында жүзеге асырылатын ақпаратты қайта өңдеу қағидаларын оқып үйренуді талап етеді» -деп Е.А. Александров атап өткен. Бірақ адам миының ақпараттық- қайта өңдеушілік қызметінің көптеген сұрақтары ашық түрінде болады. Сондықтан экономикалық талдаудың эвристикалық амалдары эксперт, респондент, кеңесші сияқты адамның ойлау қызметінің өнімдеріне, нәтижелеріне негізделеді. Сондықтан ең бағалы болып тәжірибиенің интеллектуалды банкі және бұрыңғы шешімдер табылады. Дж. Пойа былай деп көрсеткен: Қазіргі эвристика мәселені шешу үрдісіне жетуге ұмтылады, әсіресе бұл үрдіске пайдалы болып келетін ойлау операцияларына. Өзінің мәліметтерін ол әртүрлі көздерден алады, олардың әрбіреуін елеумеуге болмайды және тек теріс ұғымына ерікті тәжірибиені ескерту керек. С.Оптнер зерттеудің маңызды қозғаушы күші ретінде жеке

тәжірибені анықтай отырып «Эвристикалық әдіс бірігіп қолданудың алуан түрлі тәжірибені біріктіруге мүмкіндік береді» деп белгілеген.

Автордың ойынша келтірілген пікірлер эвристиканың іргелі негіздерінің бірі адам ми қызметінің нәтижелерін сол немесе басқа нысанда, оның тәжірибесінің банкісін және интуициясын пайдалану болып табылатындығы туралы көрсетеді.

Барлық эвристикалық әдістер адамның ойлау қызметінің өнімі болып табылатын ақпаратты алуға бағдарланған. Оның жеке тәжірибесі, білімі және интуициясы эталон ретінде қабылданады, себебі адам миы оптималдыққа жуық шешімдерді қабылдау қасиеттерін жалғыз да белгілі жеткізуші болып табылады.

Эвристика әдістерінің жиынтығын реттеу амалдары соңғы уақытта жиі қолданылады. Сөйтіп, Л.А. Панкова, А.М. Петровский, М.В. Шнейдерман жіктеуші белгілер ретінде «екі тәсіл- факторлар» ұсынады:

1) сұрақ қою кезінде эксперттердің іс-әрекеттерінің сипаты;

2) кері байланыстың болуы- сұрақ қою туралы эксперттерге хабарлау.

Эвристиканың ең сыйымды бөлу белгілері Б.И. Майданчиктің, Г.М. Карпуниннің және Н.К. Моисеевтің жұмыстарында ұсынылған.

Мәселелі бағдарлауға байланысты эвристикалық құралдарды шартты түрде үш топқа бөлуге болады: мәселені шешуге дайындайтын, оның шешілуін жүзеге асыратын және нәтижені бақылайтын. Сөйтіп, мысалы, дайындаушы топ көбінесе сұрақ қою әдістерін қосады. Процессуалды амалдар әртүрлі эксперттердің пікірлерін мойындайды және келісімді әдістер тобымен үйлесімді немесе жаңа шешімдерді іздеуді жүзеге асырады және осылайша, экономиканың шығармашылық тобынан қолайлы амалдарды алады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Г.В. Плеханова «Анализ и диагностика финансово- хозяйственной деятельности предприятий» Москва ИНФРА-М 2008г. 611стр.*
2. *Бутакова «Экономическое прогнозирование методы и приемы практических расчетов» Москва 2008 г*
3. *Горшкова Л. А. Анализ организации управления. Аналити¬ческий инструментарий. — М.: Финансы и статистика, 2003.*

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ
TECHNICS

УДК 004.6

Тюлепбердинова Гульнур Алпысқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті,
информатика кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к

Гусманова Фарида Равиловна
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті,
информатика кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к

Адилжанова Салтанат Альмуханбетқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті, информатика кафедрасының
аға оқытушысы

Газиз Гүлнұр Газизқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті,
информатика кафедрасының аға оқытушысы

Найманбай Асан Аманжолұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті, дифференциалдық теңдеулер
және басқару теориясы кафедрасының ассистенті

Алтыбай Аршын
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, механика-математика факультеті, дифференциалдық теңдеулер
және басқару теориясы кафедрасының оқытушысы, a_arshyn@mail.ru

DATA MINING-ТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. *Бұл мақалада деректерді интелектуалды талдаудың негізгі мәселелерің бірі болып табылатын жіктеу агоритмдері мен жіктеу есебін шешіу сұлбасы қарастырылады. Жіктеу есебіндегі шешім ағашын пайдаланатын алгоритмдер жан-жақты көрсетіледі.*

Кілттік сөздер: *DATA MINING. Жіктек. Деректер.Талдау*

Summary. *This article deals with the classification and algorithms using decision trees which are the main tasks of DATA MINING*

Keywords: *DATA MINING, classification. Data. Analysis*

Резюме. *В этом статье рассматриваются классификации и алгоритмы, использующие деревья решений корторые являються основные задачи DATA MINING*

Ключевые слова: *DATA MINING; Классификация; Алгоритм; Данные.Анализ*

Сандық ақпараттарды жинаудың заманауи әдістері мен оны сақтау технологиясының дамуына үлкен ДҚ-ның тез таралуына әкелді. Бұл адамзат қызметінің барлық салаларында, дәстүрлі салалардан (мысалы, кредиттік карточкамен сатып алулар туралы жазбалар, телефон қоңыраулары туралы ақпарат; тұрғындар туралы статистикалық деректері) бастап экзотикалық (мысалы, астрономиялық денелер кескіні, молекулалық ДҚ және медициналық құжаттамалар) салаларға дейін пайда болды. ДҚ-н пайдаланушылар үшін маңызды мәні болуы мүмкін деректерді жүйелендіру мүмкіндіктерін оқуға және одан ақпарат алуға қызығушылығы арта түсті. Осындай зерттеулермен байланысты сала (ағылш. Data Mining – деректерді интелектуалды талдау, DM) атымен белгілі болды.

DM үлкен ДҚ-нан болжамдық ақпараттарды генерациялау және автоматты түрде шығару үрдісін орындауды білдіреді. Ол пайдаланушыларға бір уақытта пайдалы және түсінікті болатын, бұрын белгісіз ара қатынастағы айқын емес деректерді табу мақсатында бақылаулар, деректер жиынын әдістерін талдауды қамтиды. Бұл мақалада біз деректерді интелектуалды талдаудың негізгі мәселелері қарастырылады.

Жіктеу

Деректердің интеллектуалды талдауының ең белгілі әдісі – жіктеу болып табылады. Қосымшалардың көптігімен сипатталады: суреттер мен шаблондарды анықтау, медициналық диагностика, кредиттерді мақұлдау мен бағалау, қылмыстың сұлбаларын анықтау, қаржылық тенденцияларды шығару және т.б. Көптеген зерттеушілердің айтуынша болжау мен бағалауды, жіктеудің түрлері ретінде қарастырса болады. Білім алушыларға формальды анықтаманы бермес бұрын барлық белгілі білімді бағалау шкаласына назар аударайық:

1-кесте. Білімді бағалаудың негізгі шкаласы мен критерийлері

Жинаған баллдың %-ы (100-ден)	Бағаның таңбасы	Дәстүрлі бағалау
95-100	A	Өте жақсы (Excellent)
90-94	A-	
85-89	B+	Жақсы (Good)
80-84	B	
75-79	B-	
70-74	C+	Қанағаттанарлық (Satisfactorily)
65-69	C	
60-64	C-	
55-59	D+	
50-54	D	
0-49	F	Қанағаттандырарлықсыз (Unsatisfactorily)

1-кесте оқытушылардың оқушыларды бағаларына сәйкес қалай жіктейтінін түсіндіреді. Бұл жіктеулерді оқушының жинаған баллына шек қою арқылы алуға болады. Сондықтан, жіктеу өз кезегінде алдын ала анықталған топтар және кластармен шамаларды қою арқылы деректерді бөлетін әдіс пен үрдістен тұрады деп айтуға болады.

1-анықтама. $D = \{t_1, t_2, \dots, t_n\}$ ДҚ мен $C = \{C_1, C_2, \dots, C_m\}$ кластар жиыны берілсін. Жіктеу есебі $f\colon D \to C$ бейнелеуін анықтауды талап етеді, мұндағы қордың әрбір элементі кластардың біріне тиесілі. Әрбір C_j класы тек соған сәйкес кортеждерін ғана қамтиды, яғни:

$$C_j = \{t_i | f(t_i)\},\ 1 \le i \le n,\ t_i \in D.$$

Жіктеу алгоритмдері жіктеу үшін тек деректердің атрибуттарының мәні және жіктеу үрдісі екі фазаға бөлінеді деп жорамалданады:

1. үйретуші деректерді бағалау үшін модельді әзірлеу;
2. зерттелетін ДҚ-нан кортеждер (жолдар) жіктелуі.

Ескерту: Жаттықтыратын деректер кіріс деректері мен оларға сәйкес кластардан тұрады.

1-ші суретте жіктеу үрдісін үйлестіреді: а) сегмент кеңістігін бөлу жолымен алдын ала анықталған кластарды суреттейді, ә) деректердің кіріс жиынын қамтамасыз етеді, б) анықталған кластар негізінде деректердің жіктелуін көрсетеді (яғни, әрбір объект – нүкте белгілі бір класқа тиісті).



1-сурет. Жіктеу есебін шешу сұлбасы

R. L. Kennedy, Yu. Lee, B.V. Roy-дың 1998 жылғы зерттеулеріне сәйкес жіктеу есебін шешу үшін пайдаланылатын үш негізгі тәсіл бар:

Шекараны анықтау жіктеу кіріс ДҚ-н категорияларға бөлу арқылы жүзеге асырылады. Бұл категориялардың әрқайсысы бір класпен байланысқан және өз шекараларымен байланысты.

Ықтималдылықтарды бөлуді қолдану жіктеу үрдісінде әрбір нақты элементтің белгілі бір класқа тиісті ықтималдылығы анықталады. t_i элементінің C_j класына түсу ықтималдылығы $P(t_i|C_j)$ деп ұсынайық. Әрбір элементтің (кортеж) ықтималдылығының бір ғана шамасы болады. Егер класс таңдау ықтималдылығын $P(C_j)$ деп алсақ, онда t_i-дің C_j класында болуының ықтималдылығы $P(C_j) * P(t_i|C_j)$ болып анықталады.

Posterior ықтималдылықтарының қолданылуы (болған оқиғалардың ықтималдылығы) t_i - дің C_j класына тиісті атрибуттар мәндеріне тең ықтималдылығын анықтау керек. Жіктеудің бұл әдісінде әр класс үшін апостериорлы ықтималдылық есептеледі, одан кейін t_i ықтималдылығы ең үлкен болатын класқа орналасады. Апостериорлы ықтималдылық үшін $P(C_j|t_i)$ формула түрінде белгіленеді.

1-кестедегі мысал әдістердің бірінші тобына жататындығы белгілі. Нейрондық желілерді қолдануға негізделген жіктеулер негізінде соңғы топқа тиісті.

Жіктеудің алгоритмдері мен әдістерін келесі топтарға бөлуге болады:

- шешім ағаштарын пайдаланатын алгоритмдер;
- логикалық ереже негізіндегі алгоритмдер;
- қашықтық түсінігін пайдаланатын алгоритмдер;
- статистикалық алгоритмдер;
- нейрондық желілерді пайдаланатын алгоритмдер;
- аралас алгоритмдер.

Бұл мақалада біз шешім ағаштарын пайдаланатын алгоритмдерді толығырақ қарастырамыз.

Шешім ағашын пайдаланатын алгоритмдер

Шешім ағашының (Decision trees, DT) алгоритмдері жіктеу тапсырмаларында пайдасы көбірек болып табылады. Бұл алгоритмдерде жіктеу үрдісін модельдеу үшін ДҚ-ндағы әрбір кортеждерді жіктеуге пайдаланылатын шешім ағашы құрылады.

2-анықтама. Шешім ағашы немесе жіктеу ағашы D-мен ($\{A_1, A_2, \dots, A_n\}$ атрибуттар мен $\{t_1, t_2, \dots, t_n\}$ кортеждерден тұратын ДҚ) байланысқан келесі қасиеттерді қамтитын ағаш тәрізді графты береді:

- әрбір ішкі 0 түйіні (төбе) A_i атрибутымен белгіленген;
- әрбір доға (қабырға) аталық түйінмен байланысқан атрибутқа қолданылуы мүмкін предикатка сәйкес;
- әрбір граф парағының түйіні (ең төменгі деңгейдің төбесі) C_j класымен белгіленген.

DT пайдаланып жіктеудің проблемасын шешу үрдісі екі кезеңнен тұрады:

1. шешім ағашының жаттықтырушы (жіктелінген) деректерді пайдаланып құрастырылуы.
2. D-ға тиісіті әрбір $\{t_1, t_2, \dots, t_n\}$ кортеждерінің жіктелінуі.

Осы айтылғандарды көрнекілеу үшін күрделі емес ағаш шешімінің мысалын қарастырайық.

Ересек адамның (20-25 жастан жоғары) қалыпты дене салмағын анықтайтын белгілі әдіс бар: алдымен $DW = 100 * \left(\frac{W}{(H-100)} - 1\right)$, % параметрін анықтайды, мұндағы W – килограммен өлшенген адам салмағы; H - сантиметрмен өлшенген адам бойының ұзындығы. Бұл атрибуттардың өлшемсіз мәндері DW есептеу үшін пайдаланылады. Одан кейін медициналық бақылаудың статистикалық деректері негізінде құрылған 6.2-кесте пайдаланылады.

2-кесте. Деректер (жынысы (Е-еркек, Ә-әйел) және DW-мен аралығы) салмағын жіктеу

Жыныс	***DW мән аралығы***	***Жіктеу***
E	$DW \leq -20\%$	*U (қалыптан төмен)*
E	$-20\% \leq DW \leq 20\%$	*N (қалыпты салмақ)*
E	$20\% \leq DW$	*O (қалыптан жоғары)*
Ә	$DW \leq -15\%$	*U (қалыптан төмен)*
Ә	$-15\% \leq DW \leq 25\%$-	*N (қалыпты салмақ)*
Ә	$25\% \leq DW$	*O (қалыптан жоғары)*

Жоғарыда айтылған граф құрылымының анықтамасына сәйкес 2-кестедегі жіктеулерді пайдаланып, 2-суретте көрсетілген шешім ағашын құрамыз.



2-сурет. 2-кестедегі жаттықтырушы деректер негізінде жасалған шешім қабылдау сұлбасы.

Енді кез келген адам осы шешім ағашын (мазмұны бойынша 2-кестедегі деректердің графикалық көрсетілімі болып қана табылатын) пайдалана отырып өз салмағын анықтай алады.

Мысал. Ұзындығы 160 см және салмағы 72 кг әйел (параметрі $DW = 100 \cdot (72/(160 - 100) - 1) = 20\%$) жіктеу алгоритмінің деректеріне сәйкес қалыпты салмақта екендігін көрсетеді.

Шешімі. Жіктеуді *Жыныс* төбесінен бастап Ә доғасы арқылы, содан кейін (DW төбесінен кейін) (-15, +25)% доғаны N (қалыпты салмақ) парағына алып келеді.

Осыған ұқсас DT, мысалы, дәрігерге науқастың диагнозы мен емделу түріне қатысты шешімдер қабылдауға көмектесетін медициналық шешім қабылдауды қолдау жүйесінде (*ағылш*. Decision Support System, DSS – шешім қабылдауды қолдау жүйесі) құрылуы әбден мүмкін.

Жіктеу әдісінің ең маңызды бөлігі DT жасау екендігі түсінікті, ал оны жіктеу үшін қолдану стандартты әрекет болып табылады.

DT қатысатын жіктеу тапсырмаларын шешу үшін пайдаланылатын негізгі әдіс «*Шекараларды белгілеу*» (R.L. Kennedy, Y. Lee, B.van Roy, 1998) деп аталады: жіктеу белгілі шекаралы аймақты және әрбір шектелген аймағы белгілі бір класқа (6.5-сурет) сәйкес кортеждерден тұратын потенциалды ДҚ-ның кірісін бөлу жолымен орындалады.

CBS (*ағылш.* Columbia Broadcasting System – Колумбиялық телерадиожелі, ID3 жүйесі – Interactive Dichotomizer, шешімді қабылдау ағашын құру алгоритмдерінің бірі) сияқты карапайым ДҚ мен алгоритмнің мысалын пайдалана отырып мүмкін болатын нұсқалардың бірін суреттейік. Сараптамалық қорытынды нәтижесімен немесе т.б. жолдармен алынған, жіктеумен бірге кейбір объектілердің атрибуттарының (X_1, X_2, ..., X_8) екілік мәндерінен тұратын, дайын ДҚ-ның (3-кесте) нұсқасы берілсін.

3-кесте. Жіктеумен бірге жаттықтырушы деректер.

No.	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	**Класс**
1	**1**	**0**	**1**	**0**	**0**	**0**	**0**	**1**	**I**
2	**0**	**1**	**0**	**0**	**1**	**0**	**0**	**0**	**I**
3	**0**	**0**	**0**	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**I**
4	**1**	**0**	**0**	**0**	**0**	**1**	**0**	**1**	**I**
5	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**II**
6	**0**	**0**	**0**	**0**	**0**	**0**	**1**	**1**	**II**
7	**0**	**1**	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**1**	**II**
8	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**II**

Әрбір қадам сайын CBS алгоритмімен бірге DT құру үшін әртүрлі кластардағы кортеждерді максималды бөлетін (дискриминанттайтын) атрибутты анықтау қажет. Атрибуттарды бөлудің ең жақсысын таңдау тәсілімен ғана ерекшеленетін осы алгоритмнің көптеген зерттеулері мен модификациялары бар екендігін айта кету керек. Алайда бұл жерде оңай жолын пайдаланамыз – белгілі бір класпен тығыз байланыстағы атрибутты анықтау үшін әр бағандағы I класс және II класс кортеждерге таралған '1' айырмашылық санын есептейміз. Шыққан нәтиже 4- кестеде көрсетілген.

4-кесте. Бағандардағы '1' саны.

X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	*Класс*
2	*1*	*1*	*1*	*2*	*2*	*1*	*2*	*I*
2	*2*	*3*	*3*	*1*	*3*	*3*	*2*	*II*

Нәтижесінде X_1, X_4, X_7 – үш атрибуты айырымның бірдей максималды мәніне тең екендігін байқаймыз, $|1-3| = 2$, демек еркін түрде таңдай аламыз. Мысалы, DT доғасының бірінші биіктігі үшін X_4 дискриминатор ретінде таңдаймыз және де бастапқы ДҚ-н (3-кесте) атрибуттардың $X_4 = 1$ және $X_4 = 0$ мәндерімен екі кестеге бөлеміз:

5-кесте. $X_4 = 1$ атрибутының мәнімен кортеждер.

No	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	**Класс**
3	**0**	**0**	**0**	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**I**
5	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**II**
7	**0**	**1**	**1**	**1**	**1**	**1**	**0**	**1**	**II**
8	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**1**	**1**	**0**	**II**

6-кесте. $X_4 = 0$ атрибутының мәнімен кортеждер.

No	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	Класс
1	1	0	1	0	0	0	0	1	I
2	0	1	0	0	1	0	0	0	I
4	1	0	0	0	0	1	0	1	I
6	0	0	0	0	0	0	1	1	II

Нәтижесінде бірінші (жоғары) деңгейдегі DT алдық:



7-сурет. 3-кестедегі ДҚ үшін DT басы

Осылайша X_4: $(X_4 = 1)$ төбесіндегі бірінші доға үшін келесі дискриминаторды анықтайық.

7-кесте. 5-кесте бағандарындағы '1' саны

X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	Класс
0	0	0	X	1	1	1	0	I
2	2	3	X	1	3	2	1	II

X_3 атрибуты әртүрлі кластардағы жолдарды максималды дискриминанттайды және енді ол үшін кестені бөлудің алдыңғы түрін қайталаймыз.

8-кесте. $X_3 = 1$ мәнімен жолдар.

No	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	Класс
5	1	1	1	X	0	1	1	0	II
7	0	1	1	X	1	1	0	1	II
8	1	0	1	X	0	1	1	0	II

8-кестесіндегі барлық жолдар II классқа жатады (яғни, бұл DT парағы).

9-кесте. $X_3 = 0$ мәнімен жолдар.

No	X_1	X_2	X_3	X_4	X_5	X_6	X_7	X_8	Класс
3	0	0	0	X	1	1	1	0	I

9-кестедегі барлық жолдар I класқа жатады (яғни, бұл да DT парағы). 8-, 9-кестелерді есепке ала отырып шешім ағашының нұсқасын толықтырамыз:



3- сурет. Жаттықтырушы ДҚ-на арналған шешім ағашының бөлігі (3-кесте)

3-кестедегі $X_4 = 1$ доғасы үшін 3,5,7,8 жолдарын жіктеу үшін ағаштың бөлігі тұрғызылған. Басқа доға үшін ($X_4 = 0$) ұқсас қадамдарды өз беттеріңізбен қарастыруларыңызды ұсынамыз. Алғашқы қадам нәтижесіне жіктеу әдісінің шешімі жалпы жағдайда жалғыз емес бола алатыны анық. Және де басқа дискриминанттармен шешімді қайталауға болады, мысалы, X_7 дискриминантымен. Осылай DT, DT құрудың соңғы қадамы – DT-ның мүмкін тәсілдерінен оңтайлысын таңдау (мысалы барлық жолдардың тамырынан жапырақтарына дейінгі жалпы ұзындығы).

Логикалық ережелер негізіндегі алгоритмдер. **(**Rule-based algorithms**)**

ДҚ-ндағы кортеждерге арналған жіктеулерді құрастырудың тағы бір тәсілі, әрбір кортежді анықталған кластардың біріне орналастыруға мүмкіндік беретін логикалық ережелердің жиынын ойлап табуға келіп тіреледі. Бұл ережелерді құрудың бізге бірнеше әдістері белгілі.

Шешім ағашын қолдану арқылы ережелерді құру.

Алдыңғы мысалдан түсінгеніміздей, тамырынан жапырағына дейін

IF (1-предикат) ∩ (2-предикат) ∩ .... (N-предикат) THEN B

түрінде сипаттайтын және логикалық предикаттарға негізделген DT формасындағы жіктеу шешімінің нәтижесін алгоритмге түрлендіруге болады.

Алдыңғы нұсқа үшін (6.7, 6.8-суреттердегі ағаштар):

IF ($X_4 = 1$) ∩ ($X_3 = 1$) THEN II - Класс;
IF ($X_4 = 1$) ∩ ($X_3 = 0$) THEN I - Класс.

($X_4 = 0$) доғасынан басталатын жолдар үшін, ұқсас предикаттарды DT-ның қалған бөліктеріне арнап құруға болады.

Жабу алгоритмдері (Covering Algorithms) - DT қолданылмайтын жіктеуге қатысты ережелерді генерациялау алгоритмдерінің басқа типтері «I.H.Witten and E.Frank Data mining

Practical Mashine Learning Tools and Techniques, 2000» кітабында көрсетілген. жаттықтырушы кестесінде көрсетілген барлық кортеждерді мүмкін болатын предикаттарды пайдалана отырып, жіктеуге жол беретін жоғарыдағы тәсілдің идеясы, ережелер жиынын туындатуға негізделеді, содан кейін, оның ішінен логикалық ережелердің оңтайлы (минималды) жиынын таңдайды. Жоғарыда көрсетілген мысалды қарапайым ережеден бастауға болады, мысалы:

If $(X_4 = 1)$ THEN I Класс ; If $(X_4 = 1)$ THEN II Класс ; If $(X_4 = 0)$ THEN I Класс;
If $(X_4 = 0)$ THEN II Класс;

Осыдан кейін, бұл ержелердің 3-кестеге сәйкестігін тексеру керек. Онда қателіктердің көп мөлшерде екені белгілі, яғни кестеде көрсетілген класс ережесі бойынша есептелген нәтижелердің сәйкессіздігі. Мысалы, 1 ереженің нәтижесі ($X_4 = 1$ предикатымен) 5, 7, 8 кортеждеріндегі берілген класпен сай келмейді. Барлық мүмкін болатын 1 предикаты бар (X_1, X_2, ..., X_8 үшін) ережелер тексеріліп болған соң, барлық кортежді дұрыс жіктеуге бұл ережелердің жеткіліксіз екендігі айқындалады. Келесі қадам барлық екі предикатты мүмкін болатын

IF $(X_i = K) \cap (X_j = M)$ THEN N Класс;

ережелерді пайдаланумен байланысты, мұндағы (i, j) барлық мүмкін болатын мәндерді қабылдайды (1, ..., 8, $(i \neq j)$), ал K, M – 0-ге немесе 1-ге тең. Тап осындай тексеруден соң жіктеуді дұрыс орындайтын ережелер қатарын табамыз. Соңғы қадам осындай ережелер жиынынан оңтайлы (минималды) шешімді таңдауға негізделеді. Әрине, бұл сипаттамалар тек Жабу алгоритмі идеясының түсіндірмесі ғана. Сондай-ақ, нейрондық желілерді пайдаланатын логикалық ережелердің генерациялық алгоритмдері де кездеседі.

Қорытынды

Біз бұл мақаладызда деректерді интелектуалды талдаудың негізгі мәселелерің бірі боған жіктеу агоритмдерін нақты мысалдар арқылы сипаттадық және жіктеу есебін шешу сұлбасы графикалық бейнелеу элементтері арқылы толығымен қарастырдық. Жіктеу есебіндегі шешім ағашын пайдаланатын алгоритмдерді, анықтамалары, графикалық бейнелеу элементтері және нақты мысал келтіру арқылы толығымен қарастырдық.

Әдебиеттер тізімі

1. Emerging cubes for trends analysis in OLAP databases / S. Nedjar [et al.] // DaWaK. Lecture Notes in Computer Science. Springer, 2007. Vol. 4654. P. 135–144. DOI: 10.1007/978-3-540-74553-2_13.

2. В.Дюк, А. Самойленко. Data mining- учебный курс., 2001, Ст.Петербург, 367с.

3. Margaret H.Dunham. Data mining. Introductory and Advanced Topics. Pearson Education,Singapore 2003; Taj press, India 2005. , 314pp.

4. Методы и модели анализа данных: OLAP и Data Mining / А. А. Барсегян [и др.]. СПб.: БХВ-Петербург, 2014. 336 с.

5. Миронов В. В., Юсупова Н. И. Концептуальные модели баз данных. Многомерные модели.Уфа: УГАТУ, 2010. 83 с

6. Microsoft SQL Server 2005 Analysis Services. OLAP и многомерный анализ данных / А. Б. Бергер[и др.]. СПб.: БХВ-Петербург, 2011. 928 с.

7. Harinath S., Quinn S. Professional SQL Server Analysis Services 2005 with MDX. N. Y.: Wiley,2007. 848 p.

ӘОЖ 004.273

Бегимбетова Хадиша Абдиманаповна
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы, e-mail: khadisha.begimbetova@ayu.edu.kz

SCADA БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАҒДАРЛАНҒАН-ҚҰРАУШЫ СӘУЛЕТІ

Түйін: *үлестірілген басқару жүйесіне сәйкес келетін диспечерлік басқару мен деректер алудағы бағдарламалық қамтамасыз ету (SCADA) жүйе өңдеушілері үшін үлкен сұраныста, себебі SCADA бағдарламалық қамтамасыз ету пакеттерінің сипаттамалары үлестірілген жүйе талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз. Бағдарланған-құраушы әдістерді күшейту үшін үлестірілген бағдарламалық жүйелерді қанағаттандыру мақсатында осы жұмыс SCADA бағдарламалық қамтамасыз етудің бағдарланған-құраушы сәулетіне негізделеді.*

Кілт сөздер: *бағдарламаның бағдарланған-құраушылары, SCADA, жүйе сәулеті.*

Резюме: распределенная система управления для диспетчерского управления и данные в соответствующей программной системе (SCADA) имеют большой спрос среди разработчиков, поскольку характеристики пакетов программного обеспечения SCADA для удовлетворения требований распределенной системы недостаточны. Сосредоточенные методы формирования для того, чтобы соответствовать распределенным программным системам для улучшения этой работы, основаны на создании программно-ориентированной архитектуры SCADA.

Ключевые слова: *ориентированные компоненты программы, SCADA, системная архитектура.*

Summary: *distributed control system for supervisory control and data in the appropriate software (SCADA) system is a high demand for developers, because the characteristics of the SCADA software packages to meet the requirements of a distributed system is not enough. Focused forming methods in order to meet the distributed software systems to enhance this work is based on the creation of SCADA software-oriented architecture.*

Key words: *focused components of the program, SCADA, system architecture.*

SCADA бұл маниторға құрылғылардан деректерді жинау процессі ретінде белгілі, құрылғыларды басқару үшін компьютерден бұйрық қабылдайды. Осы процесстерді өзіне қосатын SCADA жүйесі компьютер инфрақұрылымына негізделеді және бағдарламалық қамтамасыз ету SCADA компьютерлерге орнатылады. Жұмыс SCADA жүйесінің бағдарланған-құраушы сәулетін (архитектурасын) үлестірілген жүйелермен сәйкестендіруді көрсетеді. Осы сәулетке (архитектураға) жету үшін SCADA жүйелерінің бастапқы сәулетін және оның барлық объектілерін ашып, құраушы сипаттамасы және заманауи дизайн үлгілерінің артықшыларын бағдарламамен қамтамасыздандыру дизайынында және оны сәулеттілікте қалай қолданатыны жайында қарастырамыз.

Бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA бастапқы негізгі объектілері

Бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA-дағы объектінің жалпы өзара әрекеттесуі сурет 1-де көрсетілген.

Сурет 1. Бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA объектілер мен олардың әрекеттесуі

Негізгі бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA төрт негізгі объектілері бар: Кіргізу-шығару механизмі, деректер орталығы, дизайнер, жобалау уақыты және басқа да төрт тармақшалы объектілер: тренд (үрдіс), дабыл, есеп және желілік коннектор.

Кіргізу-шығару механизмі қондырғылардан нақты уақыт деректерін алып, бағдарламамен қамтамасыздандырудағы басқа объектілерге жібереді. Бұл нақты уақыт дерегі SCADA бағдарламамен қамтамасыздандырудың құндылықтарымен көрсетіледі. Деректер орталығы шикізат құндылықтарын сақтайды немесе арнайы тектердің құндылықтарын дерекқорға өңдейді. Деректер орталығында төрт объект бар: тренд (үрдіс), дабыл, есеп және желі қосқышы, тренд.

Тренд (үрдіс) немесе нақты уақыт тренді деректі тікелей кіргізу-шығару механизмі объектісінен пайдаланады немесе деректі кесте арқылы көрсету үшін дерекқорда жиналады. Дабыл объекті кіргізу-шығару механизмі объектісінен нақты уақыт дерегін құндылықтар статустарының артық мөлшерде екенін пайдаланушыларға хабарландыру мен осы статустардың дерекқорда жиналуы мақсаты пайдаланылады.

Хабарлау объектісі дерекқордан жиналған қорды хабарлама парақтарын басып шығару немесе экранға нөмерлер ретінде көрсету үшін пайдаланылады. Трендтің коммуналдық шаруашылықтары, дабыл және хабарлау объектісі тренд көрсеткіші, дабыл көрсеткіші, хабарлама көрсеткіші арқылы конфигурацияланып уақыты орындалады.

Желі қосқышы объектісі SCADA стансасының шығысынан немесе басқа үшінші тарап қолданбалардан дерекқорға дерек жинауға, дерек орталығынан ресурстарды пайдалануға мүмкіндік береді. Дизайнер бұл пайдаланушы интерфейс. Мұнда көптеген мынадай: тапсырмалар, мәтін жәшіктер, дабыл көрсеткіш, хабарлама көрсеткіш, тренд көрсеткіш жобалау құралдары, тег құндылықтарын көрсетуге; батырмалар, қосқыштар сияқты құралдары бар.Бұл дерекқорға тегтер өздерінің құндылықтарын кіргізе алатынын немесе трендте, дабылда, хабарлама объектісінде пайдалыла алатынын көрсете алады.

Дизайнер зауытта манитор мен процестерді бақылау үшін инженерлермен зауыттың суреті жобаланады. Дизайнерде жобаланғаннан кейін, инженерлер жоба файлында өздерінің жұмыстарын сақтауға тиіс. Бұл файл уақыт орындаушы объектісімен оқылады және орындалады.

Орындалу уақыт бұл дидайнермен жасалатын жоба файлының орындаушы объектісі,зауытта монитор мен процесстерді бақылау үшін операторларен пайдаланылады. Дизайнер мен орындалу уақыты 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2. SCADA бағдарламамен қамтамасыздандырудың диаграммасын пайдалану

Бағдарламамен қамтамасыздандыру пакеті бір компьютерге орнатылады, сондықтан оның барлық ресурстары осы компьютерде болады. Егер зауыт клиент-серверлік технологияны SCADA-ға қабылдауды жөн көрсе онда ұқсас SCADA бағдарламамен қамтамасыздандыру пакеттері компьютерге орнатылу үшін сатылып алынуы тиіс, бірақ олар серверлерде ресурстарды пайдаланады, клиенттердегі ресурстардың бәрі пайдаланылмайды.

Бағдарланған-құраушы бағдарламалау

Бағдарланған-құраушы бағдарламалау бұл бағдарламалаудың жаңа технологиясы. Бағдарламамен қамтамасыздандырудан конструкциялануға мүмкіндік береді. Бағдарламамен қамтамасыздандыру құраушы бұл автономды, дұрыс анықталған функционалды өзік жиналмалы компьютер кодынан тұратын құраушы, сонымен қатар бұл код интерфейс арқылы басқа компьютерлер арқылы жинауға болады.

3-ші суретте құраушылармен жасалған бағдарламаны көрсетеді. Бағдарлама шаруашылықтары клиент1 және клиент2 мен қамтамасыздандырылады. Клиент1 сервиске жету үшін құраушы1интерфейс арқылы байланысады; клиент2 сервиске жету үшін интерфейс2_2 арқылы байланысады. Құраушы2 интерфейс2_1 арқылы құраушы1 қамтамасыздандырады. Себебі бағдарламамен қамтамасыздандыру құраушы автономды компьютер кодынан тұрады, бұл сыртқы объектімен интерфейс арқылы қатынасқа түседі. Сондықтан біз құраушыны пайдаланып жатқан кезімізде бізге мұның ішкі жағына қалай операция жасап жатқаны бізге білу керек емес, және де біз құраушының үшінші бөлімнен екенін біле алмаймыз. Бұл оңай пайдалануға мүмкіндік береді, бағдаламамен қамтамасыздандыру құраушысына жоғары қауіпсіздік тудырады. Егер тұтынушылар құраушыға негізделгенбағдарламаны пайдаланса, олар бар құраушыларды жаңа құраушылармен орнын ауыстыру арқылы бағдарламаны жаңарта алады, бірақ бірдей интерфайсте.

Бағдарламамен қамтамасыздандыру құраушы бұл өзі жиналмалы компьютер коды, басқа құраушыларға тәуелсіз орнатылады және орындалады. Сондықтан, басқа объектілерге қызмет көрсетіліп жатқан кезде бұл сервер қызметін атқарады және мұның қызметін пайдаланып жатқан объектілер тұтынушылар болып табылады. Сурет-3теқұраушы1 клиент1-дің сервері, құраушы2-нің тұтынушысы. Құраушы2 клиент2 мен құраушы1-дің сервері. .NET platform көмегімен құраушыларға серверлер ретінде әртүрлі компьютерлерде қызмет атқара алады, олар оңай бір-бірімен алыстан әсерлесе алады.



Сурет 3. Бағдарлануға негізделген бағдарлама

Әр түрлі компьютерлерде жұмыс істейтін бағдарланғаннан тұратын бағдарлама үлестірілген қолданыс деп аталады. Бұл бағдарлама түрі үлестірілген жүйелерге шешім беруүшін пайдаланылады. Бағдарланған-құраушы бағдарламамен қамтамасыздандырудың ашық жүйесіне арналған.

Бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA үшін бағдарланған-құраушы сәулеті

Компьютер торабы контекстіне қолданылаты құраушыға негізделген сәулет үлгісі сурет-4те көрсетілген. Клиент модулі клиент компьютерінде өзінің құраушы шекарасы бар. Бұл көптеген компьютер серверлерінің клиент интерфэйстері арқылы жүзеге асырылады.



Сурет-4. Компьютер торабы контекстіндегі құраушыға негізделген сәулет дизайн үлгісі

Сервер құраушыларының әрқайсысы сервер компьютердің арнайы папкаларында жиналады (мыслы, бұл C:\MySCADA болуы мүмкін). Ізденістің бірінші кезеңінде сервер компьютерінің IP адресін білмейді бірақ сервер компьютеріндегі папканы біледі. Клиент модулі торапта сервер компьютердің IP адресін табу үшін құраушы жүктемені іздейді (C:\MySCADA папкасында арнайы жинайтын сервер компонент) және сервер құраушыларын жүктейді. Репозиторий сервер құраушыларының адрестерін сақтап кейін пайдалану үшін құраушы жүктемесімен пайдаланылады. Мұның мағынасы егер мұнда репозиторий болса құраушы жүктемесі сервер құраушыларының IP адрестерін торапда іздеуді керек етпейді. Север құраушыға жүктеліп жатқан кезде, құраушы жүктемесі менеджмент интерфэйсін сервер атын нақтылау мен сервер құраушысына тәуелді баска құраушылардың есім жазылған тізімдерін білуде пайдаланады. Құраушы жүктемесі сервис құраушысына сервистерді беру үшін осы барлық құраушылардың жүктеуі тиіс. Мұннан шығатыны, клиент модулінің сервер құраушы басқа сервер құраушыларының клиенті болуы мүмкін.

Құраушы жүктемесінің іздеу механизмі 5-ші суретте көрсетілген. Құраушы жүктемесінде талап етілген құраушыны іздеуге арналған екі орны бар: бұл репозиторий және компьютер торабы. Біріншіден, бұр іздеуді репозиторийда бастайды, егер бұл адресті тапса, бұл мұны клиентке қайтарады сосын іздеуді тоқтатады. Егер бұл репозиторийда талап етілген құраушыадресін таппаса онда торапта іздейді. Тораптағы ізденіс клиентпен қамтылатын IP адрес кеңістігін қажет етеді. Құраушы жүктемесі IP-і IP кеңістігіне тізімді табу үшін дыбыстайды, сосын, адрестегі атпен талап етілген құраушыны табу үшін итерацияны бастайды{IP[i]\component folder}, мұнда құраушыпапка қателерді жинаушы папка болып табылады (мысалы, C\MySCADA), бұл IP адрес иеленушісінің құраушысы. Егер бұл талап етілген құраушыны IP[i] адресінде тапса, онда бұл IP репозиторийға қосады, осы адресті клиентке қайтарады және іздеуді аяқтайды. Егер итерация аяқталса бірақ талап етілген құраушы табылмаса, бұл “not found” хатын клиентке береді және іздеуді аяқтайды.

Бұл іздеуіш механизм автоматтандыруда комплексті болып келетін резервтеу технологиясына да шешім бола алады. Резервтеу сервер пакеті тораптің кез келген бір жерінде арнайы папкаға жинақталуы мүмкін.



Сурет-5. Құраушы жүктемесінің іздеу механизміндегі активті диаграммасы

Басты сервер бұл іздеу тәсілін тораптағы резевтік серверді резервтік сервер компьютерінің позициясы қарастырмастан пайдалана алады.

Клиент серверлік өзара байланыс компьютерден компьютерге қатысты болып табылады(4-ші суретте). Сондықтан, бұл қашықтық технология қолданылуға тиісті.NET platform платформасында қашықтық технология жақсы қоланыста болады. NET объектке торап (қолданбалы домендік шекара) арқылы кіруге мүмкіндік береді: көлемімен және бағытымен.

Клиент құнды қажеттіліктерін серверге жаза алмайды объект құндылық арқылы көмекке қол жеткізіп отырған кезде (немесе құны арқылы сұрыпталып жатқан кезде) себебі сервер жағындағы объект клиент жағындағы объектте көшірмесі пайда болады, сондықтан клиент оъектінің көшірмесін алады (бұл екі объектілер айқын). Клиент жағындағы объекттің өзгерулері сервер жақтағы объектіге әсер етпейді. Бұл таңдаукіргізу-шығарудрайвер серверіндегі тег құндылығын клиент өзгертуге тиісті болатын қолданбалы SCADA сәйкес келмейді.

Клиент бағдар арқылы объектіге кол жеткізерде орын басушыны бағдар ретінде компьютер серверінегі объект ретінде пайдаланады. Клиент жағындағы орын басушы бірдей интерфэйсті, жариялау әдістерін, құрамынмен қамтамасыз ететін объект болып табылады және сервер жағындағы нақты объекісінің мүшесі ретінде бірақ бұл нақты объектінің көшірмесі емес, бұл жай сервер жағындағы объектке клиентпен бағдар жасау үшін болған материал. Осы таңдау көмегімен клиент сервер жағына құндылық жаза алады. Бұл қашықтық қолданбалы SCADA сәйкес келеді. Сонымен қатар, сервер белсендірілген бір қонырау немесе бағыт ауыстыру сервер компьютерінің ресурстарын сақтау үшін қолданылуы мүмкін.

Құраушы негіздемесімен іздеуші механизмі, қашықтықта басқару және .NET құраушы мен қашықтыққа жақсы көмегімен осы үлгі физикалық торапта құраушы қашықтығына тәуелсіз компьютерлердің өзара әрекеттесуін толығымен басқара алады. Бұл бізге үлестірілген SCADA жүйесін жасау үшін құраушыларды компьютер торабына таратуға көмек береді.



Сурет-6. SCADA жүйесі үшін бағдарланған-құраушы сәулеті

Сондықтан, біз көптеген процессорлар көмегімен процесс жылдамдығын жоғарылата аламыз. Сәулет үлгілеріне SCADA жүйесінің негізгі объектілерін қабылдануы .NET платформасында (сурет-4), SCADA жүйесі үшін бағдарланған-құраушы сәулеті (сурет-6) көрсетілген.

6-шы сурет дизайнер модуль және орындалу уақыт модулі клиенттер болып табылады. Оларда өздерінің сервистерін табуға көмек беретін жеке жұмыс құраушылары бар. Графикалық зертханалық құраушы орындалу уақыты мен дизайнерде зауыт суреті үшініндикаторлар мен объекттерді бақылауды қамтамасыздандыратын сервис. Тренд, дабыл және есеп беру құраушы да сервис. Олар дизайнер мен орындалу уақытында өздерінің арнайы сервистерімен қамтамасыз етеді. Кіргізу/шығару сервері физикалық қондырғыны нақты уақыт деректеріне байланыстырады, сосын өзінің клиенттерін нақты уақыт деректерімен қамтамасыз етеді (дизайнер, орындалу уақыты, тренд, дабыл, есеп беру). Дерекқор құраушы тег құндылығына трендпен, дабылмен, есеп берумен жете алады.

Дизайнер модулі және мұның құраушы жұмысы пакеттен пакетке орнығады. Орындалу уақыты модулі және құраушы жұмысы бірдей пакет болып табылады. Бұл пакеттер компьютерлерге орнатылады және бұл компьютерлер клиенттер болып табылады. Сервер құраушылары көптеген компьютерлерге жеке-жеке орнатылуы мүмкін. Олар клиенттерді қажетті сервистерімен өздерінің компьютерлеріне тәуелсіз камтамасыз ете алады.

Сурет-6 да бағдарламамен қамтамасыздандыру SCADA сәулеті арқылы біз сервер құраушыларын бағдарламамен қамтамасыздандыру өлшемісіз жаңарта аламыз. Барлық клиенттер мен сервер құраушылары орнатылуы мүмкін, сонымен қатар торапта кез келген компьютерде арақашықтыққа тәуелсіз орындалуы мүмкін. Бұл үлестірілген компьютерлік жүйені құрайды. Егер осы құраушылардың барлығы бірдей компьютерде болса не жағдай болуы мүмкін? Бұл сұрықтың жауабы мынадай: компоненттердің әр қайсысы өзінің адресі үшін компьютер IP пайдалана алады, және бұл сәулеттің жұмыс машинасын қарастырады.

Сурет-6да сәулет тек екі клиентпен ғана қарастырылады: бір дизайнер және бір орындалу уақыты. Үлестіруші бақылау жүйесінде екі клиенттен салыстырғанда көп клиенттер модульдері болса олар зауытқа операторлар үшін мониторинг пен бақылау үлгілеріне пайдаланылуы мүмкін.

SCADA торап жүйесінің үлкен шкаласы төмендегі суретте; сервердің әрқайсысы торапта жекеленген компьютерде болады. Мұнда көптеген дизайнер және клиент компьютерлері болады. Дизайнерлер жобалардың дизайнын жасауға пайдаланылады. Орындалу уақыттары серверлердің сервистерімен болатын осы жобаларды орындайды.

OPC технологиясымен SCADA жүйесі кіргізі/шығару құрылғысының көптеген түрлерімен бірге жұмыс жасауы мүмкін. Бұл бағдарланған-құраушы SCADA жүйесін автоматтандырылған әлемде көрсетеді.

Бағдарланған-құраушы SCADAбағдарламамен қамтамасыздандыру өндірістік сәулет бағдарламамен қамтамасыздандыру арқылы дизайыны жасалады.



Сурет-7. Үлкен шкалалы SCADA торап жүйесі

Сервер компоненттерінің барлығы торапта әр түрлі компьютерлерде орнатылады. PLCs-тің кіріс және шығыс статустері (7-сурет) үш орындалу уақыты компьютерлерінде мониторла көрсетілуі мүмкін және бақылануы мүмкін.

Қорытынды

6-шы суретте SCADA жүйесінінің сәулеті мен оның үлкен шкалалы торап жүйесінде орындалуын және бағдарланған-құраушы 7-шы суретте бағдарланған-құраушы техникадан ашық сипаттамасы мен OPC техникасын жеткізеді. Техника сәулетке орын ауыстырудық оның жолын, жаңартуды, бағдарламамен қамтамасыздандыруды жаңғырту мүмкіндігін береді. Дизайн үлгісі сәулетке қолайлы шкаланы пайдалануды мүмкін етеді. OPC технологиясы бұған кіргізу/шығару қондырғысымен болып келетін оңай интеграцияны қолдануға мүмкіндік береді. Сәулет сонымен қоса үлестірілген компьютер технологиясының қуатты бағытын пайдалана алады. Бұл бағдарланған-құраушы SCADA жүйесін автоматтандырылған әлемсәз қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. «Жобалау мен басқарудың интегралданған жүйесі» А.С. Қоңырбаев, №2, 2014, Вестник КазНТУ.

2. «Development of a Service Oriented SCADA System», Adrian Gligor, Traian Turc. «Elsevier» Vol. 3, 2012, 256-261.

3. «Service-oriented Architecture and Cloud Manufacturing», Tomáš Lojka, Marek Bundzel, Iveta Zolotová, Acta Polytechnica Hungarica, Vol. 13, No. 6, 2016

4. «Преимущества объектно ориентированных архитектур для SCADA и систем диспетчерского управления» Статья опубликована в журнале «ИСУП», № 2(44)_2013,Стивен Д.Гарбрехт

5. «Интегрированные системы проектирования и управления» Санкт-Петербург 2010 г. Авторы: Бойков В.И., Болтунов Г.И., Мансурова О. К.

6. SCADA-системы: взгляд изнутри. / Е.Б. Андреев, Н.А. Кунцевич, О.В. Синенко. – М.: Издательство «РСТ Софт», 2004. – 176 с.

7. Основы построения автоматизированных информационных систем: учебник – М.: Изд-во «ФОРУМ»; ИНФРА-М, 2007.- 320 с.

Жантаев Абдужамиль Абдухаликович
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Инженерия факультеті,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының оқытушысы
abduzhamil.zhantayev@ayu.edu.kz

Назарбек Толқын Сұлтанқызы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Инженерия факультеті,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының оқытушысы, Valna_74@mail.ru

ФИШИНГ ШАБУЫЛЫ

Түйін: *Қазіргі таңда интернет қолданушыларына жасалынып жатқан фишинг шабуылдары, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етуші ұйымдарын әбігерге салуда. Мақалада фишинг шабуылы қалай жасалынатыны және қорғану жолдары көрсетілген.*

Summary: *Currently, Internet users to create phishing attacks, information security provider organizations without panic. Ways to protect against phishing attacks and how being in the article.*

Фишинг сөзі «Password» (Пароль) және «Fishing» (Балық аулау) сөздерінен құралған қазақшаға аударғанымызда жемдеу немесе «сазан аулау» мағынасын беретін шабуыл түрі. Жалпы жауыз ниетті шабуылшылар, қолданушылар жиі кіретін онлайн банк жүйесі, қаржы жүйесі[1], веб сауда жасайтын сайттарды немесе Twitter, Facebook сияқты әлеуметтік желі сайттарын дәл солай ұқсатып жалған веб парақшаларын жасап немесе атақты маркалардың атын пайдаланып қолданушылардың селқостығынан және мұқиятсыздығынан пайдаланып есепшот мәліметтерін, банктік кредит карточка мәліметтерін, пароль, шифр кодтары сияқты жеке мәліметтерін иемдеп алады[2]. Фишинг әлеуметтік инженерлік шабуылының бір түріне жатады, яғни қолданушының білімсіздігін пайдаланады[3].

Соңғы кезде банктің атынан банк операторының нөмеріне ұқсас SMS жолдамалар көбеюде, мәтінде банктің қызмет ұсыныстарының өзгергендігі жайлы немесе жаңа қызмет ұсыныстарының енуіне байланысты тақырыптар қамтып, SMS сілтемелері арқылы жауап беремін деп, шабуылшылардың жалған веб парақшаларына өтіп кеткендігін байқамайды[4]. Бұл шабуыл түсінікті болуы үшін кең таралған шабуыл тәсілін мысал ретінде көрсетейік.

Құрметті банк қолданушысы Абдужамиль мырза ...

Соңғы кезде интернет арқылы болып жатқан алаяқтықтың көбейуінің алдын алу мақсатында сіздер үшін «Қауіпсіз интернет» жүйесін Қазақстанда алғашқы рет қолдануды бастадық. Бұл қауіпсіздік жүйесі толығымен қамтамасыз етілуі мақсатында қазір сіз орындайтын барлық амалдар және мезеттік шифр коды қол телефоныңызға білдіріледі. Бұл жаңа қауіпсіздік жүйесінің жұмысы мына тәрізде: мобильді интернет банкинг жүйесімен кіріс жасағаныңызда қол телефоныңызға сол мезетте SMS хабарлама жеткізіледі... және істеген балық төлемдер, ақша аударымдар, кредит алу процесстері таңдауыңызға қарай қол телефоныңызға білдіріледі... . SMS Активтендіру процессін барлық клиенттеріміздің жасауы сіздердің қауіпсіздіктеріңіз үшін міндетті жағдайға келтірілген. Өтініш мына сілтемені басып, веб сайтымыз арқылы интерактив есеп шотыңызға кіріп, ескертулерімізді жібере алатын қол телефон нөміріңізді және басқа да қажетті мәліметтерді ендіріңіз...

Интернет Банкинг Бөлімшесіне Кіру Үшін Осында Шертіңіз...

Интернет Банкинг Шифрін Алу Үшін Осында Шертіңіз...

Сурет-1.Фишинг шабуылында кеңінен тараған тәсіл, жемделген хабарлама тұзағы.

Төмендегі (сурет-2) ағымдағы мәліметтің жүру үдерісіне назар аударайық: 1-Жеке мәліметтерді ұрлаушылар жазықсыз қолданушыларға почта жемтігін жіберіп қолданушыны өздері жазған жалған сайтқа бағыттайды, 2-4 Шабуылшыдан келген почтаны басып шабуылшының сайтына бағытталады, жазықсыз кісі жалған сайтқа бағытталғаның пайымына бармай шынай веб парақшасында отырмын деп ойлап өзінің жеке мәліметтерін, пароль, шифр кодтарын жазады және растайды. 5-Растаған соң жазықсыз кісінің жеке мәліметтері қармақшының яғни шабуылшының қолында дегенді білдіреді. 6- Шабуылшының ұрлаған жеке мәліметтерімен банк жүйесіне кіруі. 7-Жазықсыз жәбірленуші кісінің банктегі есеп шотының босатылуы[2].



Сурет - 2. Фишинг шабуылында мәлімет ағыны

Жоғарыда қадам қадам мысалдармен көрсеткеніміздей Фишинг (балық аулау) шабуыл тәсілі өте қауіпті екеніне куә болдық.

Қазіргі күнімізде фишингтік шабуылдары бойынша әлеуметтік инженерия тәсілін қолданып жатқан алаяқтарға алданып қалмау үшін банк қызметкерлерінің ескертулеріне куә болудамыз. 01.03.2017 күні Халық Банктің Интернет банкинг жүйесіндегі жаңалықтар бөлімшесінде мынадай ескертулер жарияланды:

Абайлаңыз, алаяқтар!

Интернет-банкинг жүйесін пайдаланған кезде алаяқтық операцияларды болдырмау мақсатында Сіз жүйенің веб-сайтын қосқан кезде мұқият болуыңыз керек https://myhalyk.kz.

Егер Сіз төменде келтірілген бетті көрген болсаңыз, онда Сіздің компьютеріңізге зиян келтіретін бағдарламалық жасақтама жұққан және Сіз алаяқтардың жалған (фишингтік) бетіне жұмсалғансыз.



Мұндай беттерде енгізілген сәйкестендіру деректері (логин және пароль), алаяқтарға беріледі. Қандай жағдайда болмасын, бір реттік SMS-пароль немесе ЛОГИН және ПАРОЛЬДІ фишингтік бетте енгізбеңіз .

толық мәтінді мына сілтемеден оқи аласыз https://halykbank.kz/kz/press-center/news/7016[5].

Шабуылшының дайындап қойған сайтында клиент жеке мәліметтерін толтырып басып жіберген мезетте мәліметтер шабуылшының базасына сақталады және банк клиентіне, активтендіру процесі сәтсіз аяқталғандығын немесе жүйенің қарбаластығына байланысты жауап бере алмағандығына байланысты бір жауап парақшасы шығады және амалдарды біраздан соң қайта жасауыңызды сұрауы мүмкін. Осы сияқты шабуылдардан қорғану амалдарын көпшілігі біле бермейді[6]. Егер фишинг шабуылшысы өз көздегенін амалға асырса онда біздің логин және парольіміз оның қолында дегенді білдіреді. Ал егер компьютеріңізде антивирус бағдарламасы болмай шабуылшыдан келген сілтемелерді басқан болсақ онда компьютерімізде шабуылшының зиянды вирусы орнатылған болуы мүмкін, бұл дегеніміз сіз арқылы банкіге шабуыл жасалса, шабуылшымен бірге сізде жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін[3].

2016 жылдың 2-ші кварталында «Антифишинг» жүйесінің көмегімен «Касперский Зертханасы»-ның өнімдерін пайдаланушыларының фишингтік веб парақшаларына 32363492 рет сілтемені басып өту әрекеттері бөгеттелген.

Шабуыл географиясы

Фишер шабуылынан жәбірленгендер бойынша (20,22%)-пайыз үлесімен Қытай мемлекетінің қолданушылары құрады. 2016 жылдың Сәуір, Мамыр, Маусым айларында бұл елдің тұрғындарына шабуыл үлесі 3,52-пайыз қолданушыға артты.



Сурет-3. 2016 жылдың Сәуір, Мамыр, Маусым айларындағы фишинг шабуылдарының географиясы.

Бразилиядағы интернет қолданушыларна шабуыл үлесі 2,87 пайыз қолданушыға төмендеді және 18,63%-пайызды құрап нәтижеде мемлекет ТОП 10-та 2-ші орынды иеледі. 14,3%-пайызбен Алжир мемлекеті 3-ші орынды иеленді.

Қолданушыларға жасалынған фишинг шабуылы бойынша ТОП 10-қа кірген мемлекеттер.

1 Китай 20,22%
2 Бразилия 18,63%
3 Алжир 14,3%
4 Ұлыбритания 12,95%
5 Австралия 12,77%
6 Вьетнам 11,46%
7 Эквадор 11,14%
8 Чили 11,08%
9 Катар 10,97%
10 Мальдива 10,94%

Төмендегі шеңбер диаграммада фишинг шабуылының нысандары мен үлесі көрсетілген [7].



2016 жылдың Сәуір, Мамыр, Маусым айларындағы жасалынған фишинг шабуылдарының нысандары мен үлестері.

Фишинг шабуылынан қорғану жолдарына келер болсақ, е-почтаңызға келген әр түрлі банктік амалдар қамтылған хаттардағы сілтемелерді баспай, тікелей браузеріңіздің адрес сілтемесіне банк адресін жазып интернет банкинг бөлімшесіне кіруіңіз қауіпсіз болады[2]. Бұған масал ретінде төменде келтірілген ережелерге назар аударайық:

• «Интернет-банкинг» жүйесінің веб-сайтына баннерлік сілтемелер бойынша немесе электрондық поштамен келетін сілтемелер бойынша қосылудан сақтаныңыз. Жеке тұлғаларға арналған Интернет-банкинг жүйесінің ресми сайты- https://myhalyk.kz-пен/ қорғалған SSL-байланыс орнатылғандығын тексеріңіз;



• Банк «Интернет-банкинг» жүйесінің сайтында техникалық ақаулар немесе алдын алу жұмыстарын жүргізу кезінде біржолғы парольді (OTP SMS) енгізуді сұратпайды;

• Банк қандай жағдай болмасын логин, парольді, бір мәртелік парольді (OTP SMS), сілтемелер бойынша көшуді сұрап электронды хаттарды SMS- хабарламаларды, телефон бойынша қоңырау шалуды жүргізбейді, сондай-ақ электронды пошта бағдарламаларды және олардың жаңартуларын жібермейді;

• Қандай жағдайда болмасын өз логиніңіз бен пароліңіздіHalyk Bank қызметкерлерін қоса алғанда, ешкімге ЖАРИЯЛАМАҢЫЗ;

• Сізге тиесілі емес телефон нөмірлерін, Банк сервистеріне қоспаңыз;

• Банк растайтын біржолғы парольмен SMS-хабарламаны жіберетін мобильдік телефоныңызды жоғалтып алған жағдайда, немесе SIM-карта күтпеген жерден жұмысын тоқтатқан жағдайда Сізге жедел өз ұялы байланыс операторыңызға хабарласып SIM-картаны оқшаулау керек болады;

• Конфиденциалды деректеріңізді, картаның деректемелерін, CVV\CVV2 қолданылу мерзімін үшінші тұлғаларға бермеңіз;

• «Интернет-банкинг» жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік нұсқаулығымен танысыңыз [5].

Халық банкінің келтірген бұл қауіпсіздік ережелеріне амал жасасақ, фишинг шабуылынан сақтануымызға көп септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гудкова Д., Вергелис М., Демидова Н., Щербакова Т. Спам и Фишинг во втором квартале 2016. kaspersky lab, 2016. беттер 16-18.

2. Bank, Halyk. Абайлаңыз, алаяқтар! Жаңалықтар. Интернет-банкинг, 01 03 2017 ж. [Дәйексөз келтірілген күні: 01 03 2017 ж.] https://halykbank.kz/kz/press-center/news/7016.

3. Zhantayev, A. xss ve csrf saldırıları ve çözüm önerileri. Gazi Üniversitesi. Ankara. 2014 ж. 38-40 б.

4. Казыханов А. А. және Байрушин Ф. Т. Фишинг, как проблема для специалистов отдела иб. Уфа : Международный Научный Журнал «Символ Науки», 2016. бет 53. Том 2. ISSN 2410-700X.

5. Гирфанова Г. Т., Булатова А. И. Актуальные проблемы, связанные с использованием банковских карт. Уфа : Международный Научный Журнал «Инновационная Наука», 2016, ISSN 2410-6070.

6. Д.В, Лопатин, Е.А, Заплатина және Е.А, Ерёмина. Анализ информационно-коммуникационных угроз для пользователей. Вестник, 2012. беттер 1420-1423. Том 17. ISSN 1810-0198.

7. Symantec. Эффективная защита от угроз интернет-безопасности. Европа, Ближний Восток и Африка : Интернет- Безопасность, 2009. T-Comm спецвыпуск по ИБ.

ӘОК 512.2

Назарбек Толкын Султанқызы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистр -оқытушы

Гайруллаева Рабиға Мырзахметқызы
Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Кентау институтының аға оқытушысы, valna_74@mail.ru.

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУ ӘДІСТЕРІ

Резюме. *В данной статье основываясь на общее решение систем уравнений, показано некоторое решение тригонометрических уравнений.*

Summary. *In this article, based on the total solution of systems of equations shown some solution of trigonometric equations.*

Түйін. *Біз мұнда теңдеулер жүйесін шешудің жалпы ережелеріне сүйене отырып, тригонометриялық теңдеулердің кейбір жиі кездесетін түрлеріне тоқталамыз.*

1. $\begin{cases}\sin x\sin y = a,\\ \cos x\cos y = b;\end{cases}$ $\begin{cases}\sin x\cos y = a,\\ \cos x\sin y = b\end{cases}$

түріндегі жүйелер.

Бұл жүйелерді шешу үшін олардың бір теңдеуіне екіншісін қосып, азайту арқылы

$\begin{cases}\cos(x+y) = b-a,\\ \cos(x-y) = b+a\end{cases}$ және $\begin{cases}\sin(x+y) = a+b,\\ \sin(x-y) = a-b\end{cases}$

Жүйелеріне келтіріп аламыз. Әрине, бұл жүйелердің нақты шешімдері бар болуы үшін $|a+b|\le 1, |a-b|\le 1$ теңсіздіктерінің орындалуы қажетті және жеткілікті. Енді мысалдар қарастырайық.

1-мысал. $\begin{cases}\sin x\cos y = \dfrac{1}{4},\\ \cos x\sin y = \dfrac{3}{4}\end{cases}$

жүйесін шешу қажет.

Шешуі: Жоғарыда айтылғандай бұл жүйені:

$$\begin{cases}\sin(x+y) = 1,\\ \sin(x-y) = -\dfrac{1}{2}\end{cases} \Rightarrow \begin{cases}x+y = \dfrac{\pi}{2}+2\pi k,\ k\in Z,\\ x-y = (-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{6}+\pi n,\ n\in Z\end{cases}$$

Екі жүйені қосу, азайту арқылы x және y -тің мәнін анықтаймыз.

$$\begin{cases}2x = \dfrac{\pi}{2}+(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{6}+2\pi k+\pi n,\ n,k\in Z,\\ 2y = \dfrac{\pi}{2}-(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{6}+2\pi k-\pi n,\ n,k\in Z;\end{cases} \Rightarrow \begin{cases}x = \dfrac{\pi}{4}+(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{12}+\pi k+\dfrac{\pi n}{2}, n,k\in Z,\\ y = \dfrac{\pi}{4}-(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{12}+\pi k-\dfrac{\pi n}{2},\ n,k\in Z.\end{cases}$$

Жауабы: $\left\{\dfrac{\pi}{4}+(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{12}+\pi k+\dfrac{\pi n}{2}, \dfrac{\pi}{4}-(-1)^{k+1}\dfrac{\pi}{12}+\pi k-\dfrac{\pi n}{2}\right\}(n,k\in Z).$

$\begin{cases}\sin x\sin y = a,\\ tgxtgy = b;\ a\cdot b\ne 0;\end{cases}$ $\begin{cases}\sin x\cdot\sin y = a,\\ ctgx\cdot ctgy = b;\ a\cdot b\ne 0;\end{cases}$ $\begin{cases}\sin x\cdot\cos y = a,\\ tgx\cdot ctgy = b;\ a\cdot b\ne 0;\end{cases}$ түріндегі жүйелер (1) түрге келеді.

2-мысал. $\begin{cases}\sin x\cdot\sin y = \dfrac{3}{4},\\ tgx\cdot tgy = 3;\end{cases}$

жүйесін шешу қажет.

Шешуі: $\begin{cases} \sin x \cdot \sin y = \dfrac{3}{4}, \\ \dfrac{\sin x \cdot \sin y}{\cos x \cdot \cos y} = 3; \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \sin x \cdot \sin y = \dfrac{3}{4}, \\ 3\cos x \cdot \cos y = \dfrac{3}{4}; \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \sin x \cdot \sin y = \dfrac{3}{4}, \\ \cos x \cdot \cos y = \dfrac{1}{4}; \end{cases}$

Жүйеміз бірінші түрге келді, олай болса екі теңдеуді бір-біріне қосу және азайту арқылы келесі жүйені аламыз:

$$\begin{cases} \cos(x+y) = -\dfrac{1}{2}, \\ \cos(x-y) = 1, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x - y = 2\pi k, k \in Z, \\ x + y = \pm\dfrac{2\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z \end{cases}$$

Екі жүйені қосу азайту арқылы x және y -тің мәнін анықтаймыз.

$$\begin{cases} 2x = \pm\dfrac{2\pi}{3} + 2\pi k + 2\pi n,\ n,k \in Z, \\ 2y = \pm\dfrac{2\pi}{3} - 2\pi k + 2\pi n,\ n,k \in Z; \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \pm\dfrac{\pi}{3} + \pi k + \pi n,\ n,k \in Z, \\ y = \pm\dfrac{\pi}{3} - \pi k + \pi n,\ n,k \in Z. \end{cases}$$

Жауабы: $\left\{\dfrac{\pi}{3} + \pi k + \pi n, \dfrac{\pi}{3} - \pi k + \pi n\right\}; \left\{-\dfrac{\pi}{3} + \pi k + \pi n, -\dfrac{\pi}{3} - \pi k + \pi n\right\}, (n,k \in Z).$

1. $\begin{cases} \sin x \cdot \cos y = a, \\ \cos x \cdot \cos y = b, b \neq 0 \end{cases}$ түріндегі жүйелерді шешу үшін оның бірінші теңдеуін екіншісіне бөліп, $tgx = \dfrac{a}{b}$ теңдеуін аламыз. Осыдан x -тің мәндерін анықтап, y -ті берілген жүйенің біреуінен табуға болады.

3-мысал. $\begin{cases} \sin x \cdot \cos y = \dfrac{1}{4}, \\ \cos x \cdot \cos y = \dfrac{\sqrt{3}}{4} \end{cases}$

Жүйесін шешу қажет.

Шешуі. Бірінші теңдеуді екіншісіне бөлу арқылы

$$tgx = \frac{1}{\sqrt{3}} \Rightarrow x = \frac{\pi}{6} + \pi k,\ k \in Z$$

Болатынын көреміз. Онда $\sin x = \sin\left(\dfrac{\pi}{6} + \pi k\right) = (-1)^k \dfrac{1}{2}$. Сондықтан жүйенің бірінші теңдеуінен $(-1)^k \dfrac{1}{2}\cos y = \dfrac{1}{4} \Rightarrow \cos y = (-1)^k \dfrac{1}{2}$ болатыны шығады. Осыдан

$y = \pm\arccos\left((-1)^k \dfrac{1}{2}\right) + 2\pi n,\ n,k \in Z$.

Осы жерде $k = 2m, m \in Z$, онда $y = \pm\frac{\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z$, егер $k = 2m+1, m \in Z$, $y = \pm\frac{2\pi}{3} + 2\pi n, n \in Z$.

Жауабы: $\left\{\frac{\pi}{6} + \pi k; \pm\frac{\pi}{6} + 2\pi n\right\}, \left\{\frac{\pi}{6} + \pi k; \pm\frac{2\pi}{3} + 2\pi n\right\}, k, n \in Z$.

1. $\begin{cases} \sin x + \sin y = a, \\ \sin^2 x + \sin^2 y = b \end{cases}$

түріндегі жүйелер.

Оларды $u = \sin x, v = \sin y$ белгілеулер арқылы

$$\begin{cases} u + v = a, \\ u^2 + v^2 = b, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} u + v = a, \\ uv = \frac{a^2 - b}{2} \end{cases}$$

алгебралық жүйелерге келтіріп шешеміз.

$$\begin{cases} \sin x + \sin y = a, \\ \cos^2 x + \cos^2 y = b; \end{cases} \quad \begin{cases} \cos x + \cos y = a, \\ \cos^2 x + \cos^2 y = b; \end{cases} \quad \begin{cases} \cos x + \cos y = a, \\ \sin^2 x + \sin^2 y = b; \end{cases}$$

түріндегі жүйелер де осы сияқты шешіледі.

$\begin{cases} \sin x + \sin y = a, \\ \sin^2 x - \sin^2 y = b \end{cases}$ жүйесі $\begin{cases} \sin x + \sin y = a, \\ \sin x - \sin y = \frac{b}{a} \end{cases}$

жүйесіне мәндес болатынын көрсету қиын емес. Ал

$$\begin{cases} a_1 tgx + b_1 tgy = c_1, \\ a_2 ctgx + b_2 ctgy = c_2 \end{cases}$$

жүйесі $u = tgx, v = tgy$ белгілеулер арқылы

$$\begin{cases} a_1 u + b_1 v = c_1, \\ \frac{a_2}{u} + \frac{b_2}{v} = c_2, \end{cases}$$

алгебралық жүйесіне келеді.

4-мысал. $\begin{cases} \cos x + \cos y = \frac{1}{2}, \\ \sin^2 x + \sin^2 y = \frac{7}{4} \end{cases}$

жүйесін шешу қажет.

Шешуі. $\sin^2 x = 1 - \cos^2 x$ формуласын қолданып, бұл жүйені:

$$\begin{cases} \cos x + \cos y = \dfrac{1}{2}, \\ \cos^2 x + \cos^2 y = \dfrac{1}{4} \end{cases}$$

түріне келтіріп, $u = \cos x$, $v = \cos y$ белгілеулері арқылы

$$\begin{cases} u + v = \dfrac{1}{2}, \\ u^2 + v^2 = \dfrac{1}{4}, \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} u + v = \dfrac{1}{2}, \\ uv = 0 \end{cases}$$

түріне келтіреміз.

Осыдан $u_1 = 0, v_1 = \dfrac{1}{2}, u_2 = \dfrac{1}{2}, v_2 = 0$. Яғни

$$\begin{cases} \cos x = 0, \\ \cos y = \dfrac{1}{2} \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \dfrac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z, \\ y = \pm\dfrac{\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z; \end{cases}$$

және

$$\begin{cases} \cos x = \dfrac{1}{2}, \\ \cos y = 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \pm\dfrac{\pi}{6} + 2\pi n, n \in Z, \\ y = \dfrac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z. \end{cases}$$

Жауабы: $\left\{\dfrac{\pi}{2} + \pi k; \pm\dfrac{\pi}{6} + 2\pi n\right\}, \left\{\pm\dfrac{\pi}{6} + 2\pi n; \dfrac{\pi}{2} + \pi k\right\}, k, n \in Z$.

Әдебиеттер:

1. Ә.Н. Шыныбеков. «Алгебра және анализ бастамалары», Алматы «Атамұра» 2006.

2. В.К. Егерев, В.В. Зайцев, Б.А. Кордемский, Т.Н. Маслова. «Сборник конкурсных задач по математике для поступающих во вузы», Москва «высшая школа» 1980.

3. Э.Н.Балаян. «Репетитор по математике для старшеклассников и поступающих в вузы», Ростов-на-Дону «Феникс» 2010.

4. И.П.Рустюмова, С.Т.Рустюмова. «Тренажер по математике для подготовки к единому национальному тестированию», алматы 2011.

5. *М.И.Сканави. «Сборник задач по математике», Москва «ИздательствоОникс» 2008.*

МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМЫ
МЕДИЦИНСКАЯ НАУКА
MEDICAL SCIENCE

УДК: 616.61-053.2

Нугманова Айгуль Маратовна
доктор медицинских наук, заведующая кафедрой педиатрических дисциплин
Казахстанско-Российского медицинского университета
e-mail: aigulmaratovna@mail.ru

- врач-интерн **Ашимова М. Г.**
- врач-интерн **Базилова А.А.** vse_budet_ofigenno@mail.ru
- врач-интерн **Джахудаева А.Н.** aiko...nurlanovna@mail.ru
- врач-интерн **Ниязбаева А.С.** anel_ns@mail.ru
- врач-интерн **Джахудаева А.Н.**
- врач-интерн **Розиева С.К.** saneka91ur@mail.ru

Казахстанско-российский медицинский университет, кафедра Общей врачебной практики

ОСТРОЕ ПОЧЕЧНОЕ ПОВРЕЖДЕНИЕ У ДЕТЕЙ

Резюме. *В данной статье идет речь о новом понятии острой почечной недостаточности – острое повреждение почек ОПП, разработанное и внедренное в практику в 2000 году. Представлены возрастно-половая характеристика, система стратификации тяжести ОПП (RIFLE-критерии), причины возникновения данного состояния.*

Түйін. *Бұл мақалада әңгіме жедел бүйрек жетіспеушіліктің жаңа ұғымы– 2000 жылы әзірлеп енгізілген Жедел Бүйрек Зақымдануы(ЖБЗ) жайлы журеді. Мақалада жас-жыныстық сипаттамасы, жедел бүйрек зақымдануының ауырлық жүйесі (RIFLE-критерий), осы жагдайдың пайда болу себептері ұсынылған.*

Summary. *This article refers to the new concept of acute renal failure - acute kidney injury (AKI), developed and implemented in practice in 2000. It presents the age-sex pattern, AKI severity stratification system (RIFLE-criteria) and causes of this condition*

Актуальность проблемы. Одной из актуальных проблем педиатрической нефрологии является острое повреждение почек (ОПП). Многообразие причин развития, тяжесть ОПП с высоким риском исхода в хроническую болезнь почек (ХБП) обуславливает актуальность проблемы ОПП у детей [1–4]. В 2000 году рабочей группой Acute Dialysis Quality Initiative (ADQI) введено понятие «острое повреждение почек», разработана классификация, которая получила название RIFLE, образованная первыми буквами каждой из последовательно выделенных стадий: риск (Risk), повреждение (Injury), недостаточность (Failure), потеря (Loss), терминальная почечная недостаточность (End stage renal disease) [5]. Для оценки тяжести ОПП у детей в классификации RIFLE используются расчетная скорость клубочковой фильтрации (СКФ) по формуле Schwartz (1976), учет диуреза за 8 и 16 ч. [1]. Общепринято выделять причины ОПП: преренальные, ренальные и постренальные. К преренальным относится, прежде всего, снижение истинного внутрисосудистого объема, к ренальным – острый канальцевый некроз, к постренальным – обструкция на уровне мочеточников или уретры [2].

Материалы и методы. В исследование были включены 100 пациентов (51 мальчик, 49 девочек), госпитализированных в центр нефрологии и экстракорпоральной детоксикации «УК Аксай» с 2013 г. по 2015 г. Критериями отбора служило снижение темпов диуреза и/или скорости клубочковой фильтрации. Степень ОПП определялась по предложенной A. Akcan Arikan с соавторами модифицированной педиатрической шкале pRIFLE [1]. При этом олигурией считалось снижение темпа диуреза менее 1,0 мл/кг в час у новорожденных и 0,5 мл/кг в час у детей старшего возраста, резистентной к объемной нагрузке и/или фуросемиду, а анурией – прекращение мочеотделения в течение 24 часов. ОПП было разделено на первичное, связанное с нефро- и уропатиями, и вторичное, развивающееся вследствие течения основного заболевания. Статистическая обработка данных проводилась на базе вариационной статистики с вычислением средней арифметической величины (M), медианы (Me), среднего квадратического отклонения (C), ошибки средней арифметической (m). Для оценки достоверности сравниваемых величин использовались критерии Стьюдента, статистически значимым считали при $p < 0,05$.

Результаты исследования. Из 100 обследованных пациентов: дети в возрасте от 0 до 1 года составили 31% (n = 31), от 1 года до 3-х лет – 42% (n = 42), старше 3-х лет – 27% (n = 27). Таким образом, у детей раннего возраста повреждение почек развивалось в 2,5 раза чаще. На момент поступления в центр у 91 % пациентов (91/100) уже было диагностировано ОПП. В 57% случаев ОПП было преренальным (65/100), в 26 % – ренальным (26/100), в 9% – постренальным (9/100) ($p < 0,001$) (табл. 1)..

Таблица 1. Причины развития ОПП

Причины ОПП	Возраст			Всего
	0-1 года	1-3 лет	Ø 3 лет	
Преренальная	20 (35,1%)	28(49,1%)	9 (15,8%)	57
Ренальная	8(23,5%)	12(35,3 %)	14(41,2%)	34
Постренальная	3(33,3%)	2(22,3 %)	4 (44,4%)	9
Всего:	31	42	27	100

Во все возрастные периоды преобладало преренальное ОПП. Так, у детей от 0 до 3 лет в 65,8 % случаев регистрировалось ОПП преренального генеза, при этом оно было связано с развитием септического состояния на фоне острой кишечной инфекции. В данном возрасте у 5 больных было документировано постренальное ОПП, которое стало следствием обструкции с двух сторон пиелоуретрального сегмента и высокого пузырномочеточникового рефлюкса с обеих сторон. У детей старше 3-х лет преренальное ОПП развилось в 33,3 % случаев (9/27) на фоне инфекций, сепсиса, лейкоза, ВПС, шока, а в 66,7% (18/27) ОПП было связано с НПВС ассоциированной нефропатией, гломерулопатиями. Согласно классификационным признакам шкалы pRIFLE, в целом по группе обследованных в 3% у больных был выявлено повреждение (I), у 94 % пациентов была документирована почечная недостаточность (F), и в 3% случаев выявлена IV стадия (L- утрата почечных функций) (табл. 2). Таким образом, во всех возрастных группах достоверно часто была диагностирована III стадия (F-почечная недостаточность), ($p < 0,05$).

Таблица 2. Зависимость развития стадии острого почечного повреждения от возраста и пола

Причины ОПП	Возраст			Пол	
	0-1 г.	1-3 г.	-- 3 л.	М	Д
I (R) -риск					
II (I)- повреждение	1	1	1	2	1
III (F)-недостаточность	28	40	26	47	47
IV (L)-утрата почечных функций	2	1		2	1
ВСЕГО:	31 (31%)	42 (42%)	27 (27%)	51 (51%)	49 (49%)

При проведении обследования в группе больных значительную связь с развитием ОПП продемонстрировала острая кишечная инфекция (ОКИ-65/100). Ранними клиническими проявлениями были: повышение температуры, диспепсические явления, нарушение стула (табл.3).

Таблица 3. Клинические проявления ОКИ с развитием ОПП

Клинические проявления	всего	возраст		
		0-1 года	1-3 лет	-- 3 лет
Повышение температуры	16 (24,6%)	2 (10,5%)	8 (21,6%)	6 (66,7%)
Диспепсические явления	18 (27,7%)	7 (36,9%)	9 (24,3%)	2 (22,2%)
Нарушение стул	31 (47,7%)	10 (52,6%)	20 (54,1%)	1(11,1%)
Всего :	65(100%)	19 (29,2%)	37 (57%)	9 (13,8%)

Таким образом, в 47,7 % случаев выявлено нарушение стула (31/65), в 27,7% случаев - диспепсические явления (18/65), и в 24,6% случаев имело место повышение температуры. Нарушение стула наиболее часто регистрируется у детей в возрастной группе от 0 до 3-х лет - 46,2%.

Важное значение для прогноза исхода ОПП у детей отводится терапии основного заболевания [6-8]. В соответствии с рекомендациями KDIGO (2012), у пациентов на любой стадии ОПП показано обеспечение калорийности диеты на уровне 20–30 ккал/сут [9]. Оценка состояния внутрисосудистого объема важна для диагностики обратимости ОПП с помощью введения жидкости. Поддержание состояния внутрисо-

судистого объема может предотвратить трансформацию преренальной ОПП в острый тубулярный некроз [6,7]. Показаниями для проведения заместительной почечной терапии при ОПП у детей являются гиперкалиемия, некомпенсированный метаболический ацидоз и перегрузка жидкостью, высокие уровни мочевины и креатинина в крови. Заместительная почечная терапия (ЗПТ) при обследовании у пациентов потребовалась 94, из них в 36 случаях проводился гемодиализ, в 58 – острый перитонеальный диализ. Гемодиализ, в связи с техническими сложностями, проводился пациентам старше года. Летальность больных с ОПП в нашем исследовании составила 8% (8/100), и во всех возрастных группах больных примерно одинаковая, в целом зависимости исхода ОПП от возрастной группы нами получено не было.

Заключение. ОПП с полиэтиологичной структурой у детей и взрослых может завершаться полным выздоровлением, выздоровлением с дефектом или трансформироваться в терминальную почечную недостаточность. Степень выраженности и продолжительность ОПП у детей являются определяющими факторами прогрессирования в хроническую болезнь почек [3, 10, 11]. В соответствии с рекомендациями KDIGO (2012), пациенты с перенесенным ОПП должны наблюдаться в течение 3 мес. на предмет оценки степени восстановления функции почек, повторного эпизода ОПП или ухудшения течения уже имеющейся ХБП [9].

Список литературы

1. Akcan-Arikan A, Zappitelli M, Loftis LL, Washburn KK, Jefferson LS, Goldstein SL. Modified RIFLE criteria in critically ill children with Acute Kidney Injury. Kidney Int 2007; 71 (10): 1028-1035 p.

2. Andreoli SP. Clinical Evaluation of Acute Kidney Injury in Children. In: Avner ED, Harmon WE, Niaudet P, Yoshikawa N, eds. Pediatric Nephrology, sixth ed. Springer Verlag, 2009; 2; 1603-1618 p.

3. Goldstein SL, Devarajan P. Acute kidney injury in childhood: should we be worried about progression to CKD? Pediatr Nephrol 2011; 26 (1): 29-40 p.

4. Bresolin N, Blanchini AP, Haas CA. Pediatric Acute Kidney Injury assessed by pRIFLE as a prognostic factor in the intensive care unit. Pediatr Nephrol 2013; 28 (3): 485-492 p.

5. Bellomo R, Ronco C, Kellum JA, Mehta RL, Palevsky P. (ADQI workgroup). Acute renal failure – definition, outcome measures, animal models, fluid therapy and information technology needs: the Second International Consensus Conference of the Acute Dialysis Quality Initiative (ADQI) Group. Crit Care 2004; 8 (4): 204-212 p.

6. Zappitlli M, Goldstein S. Management of Acute Kidney Failure. In: Avner ED, Harmon WE, Niaudet P, Yoshikawa N, eds. Pediatric Nephrology, sixth ed. Springer Verlag, 2009; Vol 2:1618-1628 p.

7. Кемпер М. (Kemper M.) Острая почечная недостаточность (острое повреждение почек). В: Детская нефрология, практическое руководство, ред. Э. Лойманна, А.Н. Цыгина, А.А. Саркисяна. Литера, М., 2010; 338-345 р.

8. Picca S. Management of acute kidney injury. Abstracts. 44th Annual Scientific Meeting of the European Society for Pediatric Nephrology, 14-17 September 2011, Dubrovnik, Croatia. Pediatr Nephrol 2011; 26 (4): 1742p.

9. Kidney Disease: Improving Global Outcomes (KDIGO) Acute Kidney Injury Work Group. KDIGO Clinical Practice Guideline for Acute Kidney Injury. Kidney Inter Suppl 2012; (2) Issue 1:1-126 p.

10. Смирнов АВ, Каюков ИГ, Добронравов ВА, Кучер АГ. Острое повреждение почек – новое понятие в нефрологии. Клин нефрология 2009; 1: 11-15 стр.

11. Смирнов АВ, Каюков ИГ, Дегтерева ОА и др. Проблемы диагностики и стратификации тяжести острого повреждения почек. Нефрология 2009; 13 [3]: 9-18 стр.

ӘӨЖ 618.63

Тулепбергенова Б.
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университеті, e-mail: bagi_1958@mail.ru

Анарбаева А.У
№ 15 «Төрткүл-төбе жалпы орта мектебі», Кентау қаласы, e-mail: saramil.sarang@mail.ru

АНА СҮТІНІҢ ЖАҢА ТУЫЛҒАН СӘБИДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. *Берілген мақалада медициналық ғылыми баспаларға негізделе отырып, сәбиді дұрыс тамақтандырудың маңыздылығы қарастырылған. Сәбидың дені сау болуы үшін оның тамақтануына аса мән беру қажет. Қазіргі жағдайда балалардың денсаулық жағдайының тұтас себептер нәтижесінен, тамақтану құрылымының бұзылуы және оның сапасының жанұяда да, сонымен бірге ұйымдасқан балалар ұжымдарында да төмендеуіне байланысты, тамақтанудың рөлі айтарлықтай жоғарылады. Дұрыс тамақтану сіздің балаңыздың дамуында баланың өсуіне, оның ақыл-ойы және дене дамуында бірінші дәрежелі рөл атқаратын, түрлі дәрумендер мен микроэлементтерді алуына қарай бастапқы маңызды рөл атқарады.*

Резюме. *В данной статье, основываясь на медицинские источники, мы описали важность правильного питания новорожденных детей. Чтобы ребенок рос здаровым, мы должны уделят больше времени и внимания на их питание. В некоторых обстоятельствах из за общих причин разрушается качество питания и это сказывается и в семье, и в детских учереждениях.*

Summary. *In order to grow up a child healthy, we must give more attention to their nutrition. In some circumstances, due to general reasons the quality of food is destroyed and this affects the family and children's institutions.*

Жаңа туылған балалар үшін ең жақсы тағам ана сүті болып табылады, ол баланың барлық негізгі тағамдық заттар мен энергияға қажеттілігін қанағаттандырады, қорғаныс факторына ие, бала ағзасындағы барлық өмірлік процесстерді реттейтін көптеген гормондар мен ферменттерден тұрады.

Бірақ бұл тұжырым ананың денсаулығы жақсы, дұрыс өмір сүрсе және толық құнды тамақтанса ғана дұрыс.

Ана сүтімен тамақтандыруға ананың кейбір ауыр аурулармен ауырғанда (белсенді туберкулезде, қатерлі ісік ауруларында, қан ауруының ауыр формасында, бүйрек жеткіліксіздігінде, психикалық ауруларда) тиым салынады. Көптеген жағдайда ана ауруға қарамастан баланы ана сүтімен тамақтандырады (эпидемияға қарсы қажетті шараларды сақтағанда), ал егер ана сүтінің құрамы нашарласа, онда дәрігер рационды түзетеді.

Баланың өмір сүруінің ең жауапты кезеңі – жаңа туылған кезеңі: ол туылған күннен 29 күнге дейін созылады. Бұл кезеңде бала ағзасы елеулі өзгереді – бала жатырда ананың қаны арқылы қажетті тағамдық заттарды алатын, ал туылғаннан кейін өздігімен тамақтануға бейімделеді. Балада өкпемен тыныс алу пайда болады, қан өздігінен айналады, қан құрамы едәуір өзгереді, зат алмасу жоғарылайды, ас қорыту процесстері қалыптаса бастайды. Бұл уақытта бала әртүрлі жағымсыз әсерге бейім болады, себебі оның ағзасының барлық функциялары тұрақсыз тепе-теңдікте болады. Сондықтан жаңа туылған сәбиді ана сүтімен тамақтандыру өте маңызды. Ана сүтінен алғашқы 2-3 күнде уыз бөлінеді, онда ақуыз бен минералды заттардың мөлшері жоғары болады (сүтпен салыстырғанда уыз сүтінде ақуыздың мөлшері 4-5 есеге артық), ол баланың барлық сұранысын толық қамтамасыз етеді, себебі бала алғашқы күні тек сүттің ең аз мөлшерін қабылдай алады (10-20 мл). сонымен қатар уыздағы тағамдық ингредиенттер өзінің химиялық құрамы бойынша жаңа туылған нәрестенің ұлпасына жақын және ол баланың ағзасына оңай сіңеді. Ана сүтінің ерекшелігі ол баланың сүтті стерилді және жылы түрінде қабылдауы, осы факторда тағамдық заттардың жеңіл сіңуіне әсер етеді.

Ана сүтінің құрамы біртіндеп өзгере бастайды: емізудің 5 күнінен бастап сүттегі ақуыздың мөлшері төмендейді, ал май мен көмірсудың мөлшері артады. 2-3 жетіден бастап сүт тұрақты құрамға ие болады. ана сүтінің орташа химиялық құрамы: ақуыз 1,2%, май 3,5%, көмірсу 6,5%. Бұл кезеңде баланың сүтті қабылдауы артады. Егер бала қалыпты дамыса, баланың салмағы артса, жақсы ұйықтаса, сергек болса, онда ананың сүті жеткілікті. Егер әрбір емізуден кейін бала мазасызданса, келесі тамақтандыруға дейін шыдамсыздық көрсетсе, онда сүт жеткіліксіз. Бұл жағдайда балалар емханасына барып, дәрігерге қаралуы қажет. Дәрігер баланың салмағын өлшеп (баланың емгенге дейінгі және емгеннен кейінгі салмағы өлшенеді), дене салмағының айырмашылығы бойынша емген сүттің мөлшерін анықтайды және баланың тәулікте алатын сүтінің мөлшері есептелінеді. Егер балаға ана сүті жеткіліксіз болса, онда бейімделген сүт қоспалары немесе донор сүті тағайындалады. Бұл жағдайда бала жас болған сайын, қосымша қорек ретінде донорлық ана сүтін пайдаланған дұрыс.

2-3 айдан бастап бейімделген қоспаларға көшкен дұрыс.

Жаңа туылған бала ана сүтімен қатар алғаш туылған кезде суды қажет етеді. Әсіресе ол жылдың ыстық кезеңдерінде және бөлме температурасы жоғары болғанда сезіледі. Суды емізу арасында 1-2 шай қасықпен береді (тәулігіне небәрі 50 мл дейін, ал ыстық кезеңде 100 мл). суды қайнаған түрінде немесе әлсз шай ретінде береді. 3 апталық балаға суды, шиповник тұнбасы (С дәруменіне бай) түрінде берген дұрыс.

Ана сүтімен қоректендіруге қарамастан, балалар алғашқы туылған күнінен бастап дәрумендерден, минералдық тұздардан, органикалық қышқылдардан және басқада тағамдық заттардан тұратын тағамдық қоспаларды қажет етеді. Бұл әсіресе рахит, анемия ауруларының алдын алуда маңызды. Осындай қоспалар донор сүтін қабылдайтын балалар үгін өте қажет.

3 апталық балаға берілетін алғашқы қоспа жеміс-көкөніс тұнбасы. Оны су орнына береді. Тәулігіне 30-50 мл дейін беріледі. Бір айлық балаға дәруменге бай жеміс немесе көкөніс шырындарын беруге болады. Тұнбада минералды заттардың мөлшері төмен, сондықтан тұнбаны беруді тоқтатпайды. Ең бірінші алма шырынын бірнеше тамшыдан бастап, 40-50 мл дейін береді. шырынды емізу кезінде немесе емізіп болғаннан кейін береді. тамақтану алдында шырын бермейді, себебі баланың тәбеті төмендейді.

Сәбиді ана сүтімен тамақтандыру (емшекпен емізу немесе сүзілген сүтпен) ана мен бала денсаулығы үшін ең таңдамалы жол. . Ананың сүті - нәрестенің дамуы үшін қажетті мөлшерде нәрлі заттары бар ең пайдалы тағам. Сәби 6 айға дейін тек қана ана сүтімен тамақтануы керек. Осыған дейін ол әр түрлі қоспаларды қажет етпейді. Сәбиді дүниеге келгеннен кейін бірден ананың сүтімен еміздіру керек. Ананың сүтімен тамақтанған кезде ана мен бала арасында пайда болатын қарым – қатынас сәбиге қорғаныс пен мейірбандық түйсігін береді. Емшек емізу ананың денсаулығына да жағымды әсер етеді: босанғаннан кейін қан кетуі, сүт безінің, аналық безі мен жатырдың қатерлі ісігінің пайда болу қатері азаяды. Емшек емізу әйелдің осы кезеңде бала көтеруінен сақтандыратын маңызды факторы болып таблады. Уызды сүт кезеңі 1-3 күн өтеді. Бұл кезде өкпе қабыну, ішек және құлақ ауруларына қарсы жоғары имуннобиологиялық тұрақтылығы бар пассивті иммунизация пайда болады. Ана сүтінде өскен нәрестелер жасанды қоспаларда өскен нәрестелерге қарағанда, тыныс алу жолдары мен диарея ауруларына кем шалдығады, тез өсіп дамиды. Баланы керек уақытынан кеш емізу - сәби мен ана ағзасының физиологиялық тұрғысының бұзылуына әкеледі. Сонымен қатар бұл ана сүтінің азаюы мен жоғалуына ықтимал.

Аралас және қолдан тамақтандыру

Аралас және қолдан тағам беруді дәрігер белгілейді (ана сүтіне қоса қолдан жасалған тағам береді). Баланы осылай тамақтандырғанда тағамның мөлшері мен тамақтандыру уақытының жиілігін ғана ескеріп қойма, сонымен бірге тағамның баланың жасына сай келуін, витаминдердің болуын ескерген жөн. Баланы тізеге отырғызып, басын тік ұстап тамақтандыру қажет; ал төсекте тамақтандырғанда, оны қырынан жатқызады. Тамақтандырып болғаннан кейін тамағы сіңгенше 2—3 минут ұстап отырады. 5—6 айлық баланы тамақты қасықпен жеуге, ал 7—8 айлығында кесенің ернеуінен ішуге үйрету керек. Қолдан беретін тағамның әр түрлі болуын ескерген жөн; бірақ әр түрлі тарамды көп беріп, баланы жаман үйретуге де болмайды. Бір апталық және бір айлық балаға ана сүтімен бірге қолдан тағам бергенде, жетпеген емшек сүтінің орнып жұғымды қоспалармен толықтырады, қоспаларды емшек емізгеннен кейін беріп отырады; бірақ емшек емізу мөлшерін азайтпайды. Мұның айрықша маңызы бар, өйткені біріншіден ему емшек сүтінің мол шығуына ықпал жасайды, екіншіден емшек сүті қолдан берген тағамдардың бойға жұғымды заттарын жақсы қорытады. 3—4 айдан кейін бірде емшек емізіл, бірде қолдан тағам беріп отыруға болады.

Емізу анаға да пайдалы.Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2004 жылдың 1-7 Тамызында өткізген емшекпен емізудің артықшылығын насихаттайтын халықаралық апталығын «Емшекпен емізу – алтын стандарт» деп атады. Емізу жөнінен Халықаралық кеңесшілер ассоциациясы «Күн сайын балаңыздың иммунитетін арттырыңыз! Балаңызды өзіңіз емізіңіз!» деген кеңес беруде. Өйткені, баланы көкірегімен емізу ана денсаулығына да пайдалы. Ол сүт безінің қатерлі ісікке (рак) шалдықпау қаупін 10, жатырдың қатерлі ісікке шалдықпауын 2 есе төмендетеді. Психологтардың айтуынша, емізу кезінде шешесінің бар жан-тәнімен сәбиді көкірегіне қысуы, аймалауы, өбектеуі, сөйлеуі, еміренуі, мейірленуі, маңдайынан иіскеуі, сылап-сипап, ерекелетуі арқылы бала мен ана арасындағы ұзақ жылдарға жалғасатын өзара сүйіспеншілік, махаббат, қимастық сезімдері қалыптасады, баланың физикалық, әлеуметтік, психологиялық, рухани жан дүниесі толысады. Ал, сүт қоспаларымен қоректендіруде бұндай жылы сезімдердің болмасы анық. Ана сүтін емген балалар тез тіл табысқыш, адамға жұғымды болып өседі. Ал, ана сүтін ембей өскен балаларда жасөспірім шақта қатігездік, қылмысқа бейімдік көп байқалған. Емізу баланы да, ананы да жайлы сезімге бөлейді. Сәбидің тәтті ұйқыға кетуі сүт құрамындағы белок арқылы жүзеге асады. Баланың борпылдатып емуі ананың денесін жұмсартып, еміренуін арттырады, шаршағанын басады. Баламен қатар ананың жүйке жүйесіне де емізудің пайдасы зор.

Ана сүтінің құрамы. Ана сүті – өмірге жаңа келген сәби үшін бірден-бір таптырмайтын қорек. Оны ешбір сүт қоспасы алмастыра алмайды. Мамандардың айтуынша, сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі қоректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Мысалы, сиыр сүтіне қарағанда емшек сүтінде балаға ең керекті А, Е, Д витаминдері көп. Ана сүтінің құрамына мыналар кіреді: белок, май, түрлі витаминдер, гормондар, темір, көмірсутектер, климатқа қарамастан үнемі жеткілікті су, минералды тұздар, кальций, фосфат, өмірге керекті микроэлементтер (селен, мыс, мырыш, молибден, магний, марганец), сүттің негізгі ингредиенттерін ыдырататын липаза, лактаза секілді т.б. арнайы ферменттер, патогенді бактерияларды жоятын, ішектің қалыпты микрофлорын дамытатын әрі өсіретін бифидус заттары, ауру тудыратын микрофлораларды көбейтпейтін әрі керекті темірді сүттен бала қанына тасымалдайтын лактоферрин белогы, ми ұлпалары мен көз жасушаларының түзілуінде аса керекті таурин заттары; өсу үстіндегі ағзаның ұлпалары мен жасушаларындағы май метаболизмін жандандыратын карнитин заттары, бактерияларды өлтіретін қандағы тірі жасушалар (нейтрофил, моноцит, лимфоциттер), көп тараған жұқпалы ауруларға қарсы иммуноглобулиндер және т.б.

Алдымен бір сүт безі босатылады, кейін - екіншісі. Сүт қаншалықты көп шығырылса, келесі емізу кезінде соншалықты көп мөлшерде шығады. Сәби сүтті қаншалықты ұзақ ішсе, соншалықты ұзақ емшек рецепторлары қоздырылады. Сүт өнімі ынталандырылады. Сәбиді ұзақ уақыт емізгенде, ол сүттің алғашқы (алдыңғы) бөлігі мен соңғы (артқы сүт пайдалы заттарға қою болады) бөлігін алады. Егер де ана емізу кезінде баланы сүттің соңғы (артқы) бөлігінен ажыратса, баланың салмағы өз нормасына сай болмайды. Емізу кезінде сәби емшек жанында ұзақ болған жағдайда, ол емшекке ешбір зиянын келтірмей, тыныш, біркелкі өзінің сору рефлексін қанағаттандырады. Сәбиіңіз тыныш, мүмкін, ұйықтап жатқан кезде, сүт бездеріңіз жұмсақ болған жағдайда, сүтпен тамақтандыруды тоқтатуыңызға болады. Егер де сіз белгілі бір жағдайлармен емізуді тоқтатуыңыз керек болса, нәрестенің ауыз бұрышына саусағыңызды салаңыз. Баланы тамақтандырғаннан кейін емшегіңізді сүтпен майлап, ауада біраз ұстаңыз. Кеудеше төсеніштері құрғақ болуын мұқият қадағалаңыз. Емізу ережесі баланың табиғи биоритміне тұспа – тұс болу керек. Түнгі уақыттағы емізу міндетті. Өйткені, бұл кезде қан құрамында пролактин көп болатындықтан, сүт көп мөлшерде шығарылады. Емізу алдында, баланы ішіне қарай жатқызған жөн. Кіндігінің айналасында жеңіл шертпелі массаж жасауыңызға болады. Жылы алақанмен сағаттың тілімен ішін сипап немесе резиналық шарға жатқызып, аздап уқалаңыз. Кейде балалар сүт емізу кезінде ауаны жұтып, құсады. Сүт емізгеннен кейін сәбиіңізге аздап босаңсып демалуға көмектесіңіз : ішімен өзіңізге қарай бауырыңызға алып, оның асқазаны сіздің иығыңызбен бірдей күйде тұратындай вертикаль күйде ұстаңыз. Сонымен қатар, арқасынан жай ғана қаққылауыңызға болады. Төменнен жоғары қарай жайлап бастаңыз. Егер де сәбиіңіз ауадан босатылған жағдайда, түнде құсып қояды деп, қорықпауыңызға да болады. Келген уақытынан бұрын әр түрлі қоспаларды бермегеніңіз жөн: бұл асқазан аурулары мен жұқпалы ауруларға, аллергиялық реакцияларға әкелуі мүмкін. Сәбиіңізді емізгіге де үйретпегеніңіз жөн. Қажет уақытта емшек сүтінен басқа, қасық немесе шыныаяқты беріңіз.

Ана сүтінің артықшылығы : Ана сүті мынадай тиімділігімен ерекшеленеді: ол қашанда қасыңызда, ылғи да тұтынуға дайын, арнайы әзірлеуді қажет етпейді; бірнеше күн анасы емізбесе де көкіректе не ашып, не бұзылып кетпейді; оны еш жерден сатып алмайсыз; ол тек сіздің балаңызға ғана арналған. Мамандардың айтуынша, сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі қоректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Мысалы, сиыр сүтіне қарағанда емшек сүтінде балаға ең керекті А, Е, Д дәрумендері (витаминдер) көп. Ана сүтінің құрамына мыналар кіреді: белок, май, түрлі витаминдер, гормондар, темір, көмірсутектер, үнемі жеткілікті су, минералды тұздар, кальций, фосфат, өмірге керекті микроэлементтер (селен, мыс, мырыш, молибден, магний, марганец). Емшек сүтінде арнайы ферменттердің және оның қалыптасқан құрамының болуы, баланың тамақтануы кезінде ас қорытудың ешқандай бұзылуын туғызбайды. Ол баланың ішектерінде патогенді бактериялардың таралуына кедергі қойып, пайдалы микроорганизмдердің қоныстануына жағдай жасайды. Ана сүті ми тканьдарының дамуын камтамасыз ететін және қалыпты интеллект қалыптастыратын май қышқылдарына қанықпаған таурингe (аминоқышқыл) бай келеді.

Бала емізіп жүрген ананың ас мәзірінен барлық аллергенді тамақтарды алып тастау ұсынылады. Олардың қатарына қызыл және қызғылт сары жемістер мен көкөністер кіреді. Сіздер сәбіз, қызыл алма, апельсин, мандарин және басқаларын пайдалануға болмайтындығын естіген боларсыздар. Сондай-ақ көкөністердің бірнеше түрін қолдануға болмайды. Бала емізіп жүрген ананың ас мәзірінде ақ қырыққабатқа, қиярға, қызанаққа орын жоқ. Себебі қырыққабат ішті кептіреді, ал қияр баланың дәретін бұзады. Тіпті ол баланың ас мәзіріне емес ананың үлесіне түсседе әсер етеді. Егер әр азық-түліктің сапасын зерделей бастасақ, біздің күнделікті үлесіміздегі тағамның көп бөлігі бала емізіп жүрген ана үшін даусыз тыйымды екендігін көреміз. Бірақ, біз азық-түліктен қажетті дәрумендерді, минералдарды және қоректі заттарды аламыз ғой. Өзіңіздің ағзаңыз бен балаңыздың

ағзасын «құрылыс материалдарынан» айыруға бола ма? Бала емізіп жүрген ананың жеткіліксіз және мардымсыз тамақтануынан тек қана ананың ағзасы ғана емес, сонымен қатар балсының ағзасына әсер етеді. Бұл жөнінде ұмытпаған жөн.

Бала емізіп жүрген ана тамақтануының негізгі ережелері

1. Бала емізіп жүрген ананың тамақтануы калориялды болуы тиіс.

Лактация кезінде әйел тек өзінің денсаулығы үшін ғана емес, сәбиінің денсаулығы үшін де жауапты болатындығы барлығына мәлім. Бұл жауапкершілік баланы тамақтандырумен байланысты, яғни ана сүтімен. Ана сүтінің мөлшері мен сапасы көптеген факторларға байланысты, әсіресен негізгі фактор ол ананың тамақтануы. Бала емізіп жүрген ана тағамының калориялығы күнделікті тағамнан 500-700 ккал жоғары болуы тиіс. Сондықтан, бала емізу кезеңінде диеталар ұстау кеңес етілмейді. Неге бала емізіп жүрген ананың тамақтануы қоректі болуы тиіс? Себебі анасы тек өзінің ағзасын ғана қоректік заттармен қорландырмайды, сонымен қатар баласының ағзасына қажетті пайдалы заттарды береді. Міне, осыған байланыстыбала емізіп жүрген ананың тағамы калориялды болуы тиіс.

2. Бала емізіп жүрген ананың тамақтану режимі.

Анасы күніне бірнеше рет аз-аздан тамақтануы тиіс. Артық жеудің қажеті жоқ. Баланы емізер алдында бірдене жеп алған дұрыс. Бұл анасы үшін де жақсы әсер етеді, себебі бұл ретте анасы асықпай, бала ұйықтап жатқанда жақсы тамақтанады. Әсіресе бұл ұсыныс жарты жыл толмаған балалары бар әйелдер үшін өте пайдалы.

3. Бала емізетін ананың тамақтануы түрлі болуы тиіс.

Егер анасының тамақтануында тағамның бір түрі болмаса ол өзінің және бала ағзасының авитаминозына алып келуі мүмкін. Сондықтан бала емізіп жүрген ананың тамақтануы біркелкі болмауы тиіс. Сондай-ақ бала сүттен бас тартуы мүмкін, осыдан келіп жасанды қоспаларға көшу керек болады, ал ол асқазан-ішек ауруларына алып келуі мүмкін. Бала емізіп жүрген ананың тамақтануы баланың өмірінде үлкен рөлі бар. Ананың ең басты ұстанымы тамақтану үлесіне біртіндеп пайдалы әрі бала қиын үйренетін тағам түрлерін енгізу. Бұл әсіресе 3-4 айдан кішкентай балалары бар аналарға қатысты.

4. Бала емізіп жүрген ананың тамақтануындағы сұйықтықтың орны.

Бала емізіп жүрген ананың дұрыс тамақтануы туралы айтқанда, сұйықтықтың алатын орны туралы айтпай өту қателік. Босану кезінде әйел өте көп сұйықтық жоғалтады. Сондай-ақ, пайдаланылатын сұйықтыққа сүттің мөлшері тікелей байланысты. Адам күніне ең аз дегенде тәулігіне 1-1,5 литр пайдалануы тиіс, ал жазғы уақытта одан да көп. Ал бала емізіп жүрген әйел екі есе көп ішуі тиіс.

Балалардың денсаулығын олардың үйлесімді өсуі, дене және жүйкелік-психикалық дамуын, ішкі ортаның жұқпалары мен басқа жағымсыз факторларының әрекеттеріне тұрақтылықта қажетті болатын, тиімді тамақтанусыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Сонымен бірге, дұрыс ұйымдастырылған тамақтану балалаларда мәдени-гигеналық дағдыларды, пайдалы әдеттерді, тиімді тағамдық тәртіп деп аталатын, мәдени тамақтану негізін қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мать и дитя (энцикклопедия Любовь Орлова Минск 2007

2. Здоровье и счастья ребенка Н. М. Амосов М.:Знание,1990ж

3. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы Қ Дүйсембин -Алматы:,2003ж

4. Как любить ребенка Я. Корчак М.:Политиздат,1990ж

Журналға “Қазпочта” бөлімшелері арқылы жазылу индексі 74191